

Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет,
Р. Тұрысбек, Қ. Байтанасова, С. Айтуғанова

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқулық

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5 қаз)

Қ 22

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **А. М. Қартаева**;
филология ғылымдарының докторы, доцент **А. Әлтай**;
педагогика ғылымдарының докторы **Ш. Қ. Құрманбаева**;
филология ғылымдарының кандидаты **А. Е. Абдрахманова**.

Авторлары:

**Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет, Р. Тұрысбек, Қ. Байтанасова,
С. Айтуғанова.**

**Қ 22 Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқулық. / Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет,
Р. Тұрысбек т.б. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 216 б.**

ISBN 978–601–217–333–8

Оқулықта тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби үдеріс, осы уақытта жазылған әдеби-көркем туындылардың тақырыптық, көркемдік-эстетикалық сипаты, дәстүр мен жаңа ізденістер мәселесі қамтылған.

Оқулықтың «Кіріспе», «Әдеби байланыстар», «Қазақ сатирасы», «Әдеби байланыс» бөлімін профессор Р. Тұрысбек, «Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи романдар», «Қазақ драматургиясы», «Шетелдегі қазақ әдебиеті» бөлімдерін доцент Қ. Байтанасова, «Қазіргі қазақ поэмалары» бөлімін профессор Б. Ердембеков, доцент Ж. Аймұхамбет, «Қазіргі проза» бөлімін доцент С. Айтуғанова әзірледі.

Оқулық жоғары оқу орнының «Қазақ тілі мен әдебиеті, «Қазақ филологиясы» мамандықтарының студенттеріне арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5 қаз)

© Ердембеков Б. және т.б., 2012

© Қазақстан Республикасы Жоғары

оқу орындарының қауымдастығы, 2012

ISBN 978–601–217–333–8

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік – тарихы терең, тағылымы мол қасиетті де қас-терлі ұғым.

Тәуелсіздік – әлеуметтік сипаты айқын, тарихи маңызы зор, мәдени-рухани құндылықтарға толы, терең мәнді, кең өрісті айшықты әлем.

Тәуелсіздік – азат елдің еркіндігін, тарих пен танымның то-ғысын, әр түрлі байланыс пен дамудың қайнар көзін алуан арнада, кең көлемде көрсететін қымбат қазыналар қатарына жатады.

Тәуелсіздік – ұлт мұраты, елдік мүдденің қайнар көзі, халықтың арман-аңсарларының шежірелі сыры, дәстүр өнегелері мен ұрпақтар жалғастығының үлгілі үрдісі, қысқасы кешеден-бүгінге жеткен қазыналы биік!

Бағаналы орда, бақ мекен!

Ұлт мұраты, тарихы мен тағылымы тым тереңге тартады. Алуан дерек көздері мен мол материалдар арқауынан сыр суыртпаласақ, ілкі кезеңдердің өзінде-ақ ел болудың, халық ретінде ұйысудың, азаттыққа құштарлықтың алғышарттары қаланғаны анық. Тарих тағылымы, уақыт бедері осыған мегзейді.

Арыдағы арналардан жеткен шындыққа суарылған шынайы сырлар да бар: «Бұл дүниеде ұмытуға болмайтын бір нәрсе бар. Егер сен басқаның бәрін ұмытып, бірақ осыны ұмытпасаң, аландауға себеп те болмас еді. Алайда, өзге істің бәрін жадында ұстап әрі жүзеге асырған болсаң, бірақ ең бастысын ұмытып кетсең, бұл түк бітірмегенмен барабар. Сен бұл өмірге мақсатты тірліктерді тындыруға келдің және алдағы міндетің де сол. Егер осыны орындамасаң, онда ештеме істемегенің» //Жалал ад-дин Руми//.

Немесе: «Шынайы бақытқа жеткізетін істерде тұрғандары өзара көмектесу мақсатын алға қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал азаматтары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне отыратын қоғам - қайырымды қоғам» //Әбу Насыр әл-Фараби//.

Жоғарыда келтірілген үзінділер мен үзік ойлардан – адамзаттың арман-аңсарлары, мақсат-мұраттары танылады, әрі

игілікті іс, ізгілікті қадамдар хақында кемел де келелі жайттар арқау етіледі. Ақиқатты ту ету, соған батыл бетбұрыс бар. Өмір мұраты мен шындығы осыған саяды.

Ал, мұның өзі түптеп келгенде ұлт тәуелсіздігінің 20 жылдығынан, осы кемел кезеңге қатысты ҚР Декларациясынан кеңінен көрініс тапты. Атап айтқанда, онда: «...Қазақстан демократиялық саяси-құқықтық жүйесі бар, экономикасы тұрақты, халқының әл-ауқаты жоғары, ұдайы даму үстіндегі мемлекет ретінде қалыптасты.

Этносаралық, конфессиаралық келісім мен төзімділікті қамтамасыз етудің өзіндік үлгісін іске асыру нәтижесінде және халқымыздың ұлтжандылығының арқасында елдің ішкі саяси тұрақтылығы мен қалыпты әлеуметтік-экономикалық өсуіне қол жеткізілді.

Халықаралық ынтымақтастықтың жалпыға ортақ қағидаттарына адалдық, жаппай қырып-жоятын қарудан бас тарту, ықпалдастық байланыстарды тереңдету қадамдары еліміздің әлемдік қоғамдастықта жоғары беделге ие болуына септігін тигізді», - деп атап көрсетілді. Басым бағыттарға назар аударылды (мысалы, Ата Заңның қабылдануы, «Қазақстан-2030 даму стратегиясы, азаматтық қоғам институттары, ішкі-сыртқы саяси тұрақтылық қоғамдағы отаншылдық идеологиясы, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға қадам жасау, ел экономикасының серпінді дамуы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықаралық ұйымдарға төрағалық ету (ЕҚЫҰ, НЫҰ), ядролық қаруға қарсы жаһандық қозғалыстың көшбасшыларының қатарына ену т.с.с.). – ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігінің 20 жылдық Декларациясы. – «Егемен Қазақстан», 2011, 12 желтоқсан.

Кемел ой, орнықты пікірді ұлт мақтанышы, профессор М. Жолдасбеков былай білдіреді: «Қиядан ұшса қияғы күйетін, құлан жортса тұяғы тозатын шетсіз-шексіз байтақ өлкемізге тәуелсіздік өздігінен келген жоқ. Біздің халықтың әулеті асып, дәулеті тасыған дәурені де бар, басынан бағы тайып, тар заманға тап болған қиялы кезеңі де көп. Сол сияқты «мың өліп, мың тірілген» халқымызға армандаған азаттық таңы талықсытып барып жетті, бұл жолда талай қан төгіліп, жас боздақтар қыршынынан қиылып, шейіт кетті.

...Қазақ мәдениетінің тамыры терең ғой. Әуелі соны аршып алуды ойладық. Ақ алмастай асылдарымыздың әзіз есімін әспеттеп, қадір-қасиетін өзіміз тану, өзгеге таныту, оларды ардақтау, қастерлеу – біздің елдік әрі перзенттік парызымыз деп білдік. Сосын көздің жұмып, білек сыбанып, «бісміллә» деп, істі қазақ мәдениетінің жабулы жатқан Шәкәрім Құдайбердиев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды арыстарын, жарық жұлдыздарын халықтың өзіне қайтарудан бастадық. Осыған орай, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы 1988 жылдың 28 желтоқсанында А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтер жөніндегі тарихи шындықты қалпына келтіру керек деген шешім шығарды. Көп ұзамай өзге алаш қайраткерлері туралы да осындай ұйғарымға келдік. Осылайша, халықтың арқасында қазақ мәдени аспанының жұлдыздары түгенделіп, бұрынғыдан да жайнай түсті.

Тәуелсіздік алар тұста атқарылған істердің үлкен бір парасы ретінде тарихи сахнадағы сілікіністі, рухани өзгерісті атар едім. Бодандық қамытын киір, отаршыл саясаттың салдарынан езіліп қалған елдің еңсесін тіктеу үшін оның сансыраған санасын, қалғып бара жатқан рухын ояту мақсатында бабаларға арнап ас берілді. Батыр Бауыржанның, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың тойлары өтті дүркіреп. Одан кейін ілешала республика деңгейінде Бөгенбай, Қабанбай, Сыпатай батырлардың тойларын атап өттік. Осы орайда атап кетерлік жайт, біздің қазақ – өзінің жеріндей кең әрі байтақ, көнбіс әрі кешірімшіл халық. Біз кейде өз жерімізді елі үшін жанын қиған батырлардың атымен емес, жауласқан елдің батырларының атымен атайды екенбіз. Жер қайысқан қол бастаған азаттық үшін басын бәйгеге тіккен батырлардың есімін ұлықтап, бүгінгі ұрпаққа үлгі ету үшін бұл тойлардың маңызы зор болды...

Әрине, мұның бәрін бірдей сары майдан қыл тартқандай қылаусыз атқардық деуден аулақпын. Жолсыз шоқалақпен жүрдік деуге келеді. Жариялылық, демократия, жаңғыру деген айкайды пайдаланып, әр түрлі партиялар әр жаққа тартып, бұдан тіршілігімізде жоқ митингілер, аштық жариялаулар болып жат-

қанда елді ұйыстырып, оны жаңа белеске көтеру, әрине онайға түскен жоқ. Әсіресе, еліміз тәуелсіздік алып, қаз-қаз тұрған нәрсетей бойын енді тіктеп жатқан тұста көп тер төгуге, қыруар жұмыс істеуге тура келді. Ел болып, етек жауып, ірге біріктіріп, ұлт ретінде ұйысудың жолын қарастырды» //Жолдасбеков М. Сөзді ұғатын кез келді. – Астана: Күлтегін, 2007. – 119, 120, 122 беттер//.

Азаттық аңсаған еркін елдің алғашқы қадамы, кемел келешекке бағытталған іргелі істердің ұлт мұраты мен руханият жүзіндегі мыңнан бір дәлел, дерегі осы еді.

Тәуелсіздік – кең ұғым. Қуанышты да салтанатты, сырлы сезімге толы айшықты әлем. Көп қатпарлы, сан арналы да күрделі құбылыс.

Ал, әлеуметтік мәні, қоғамдық маңызы, халықтық сипаты тұрғысынан қарасак:

– бағзы замандардағы ру-тайпалардың қарым-қатынасы, ішкі-сыртқы жаулардан қорғануы, азаттық-бостандық жолындағы еркіндікке ұмтылыстары кеңінен көрінс береді;

– тұтас ұлт пен ұлыстың, халықтардың арман-аңсарлары, өмір-тұрмыстары, тарихы мен тағдыр-талайлары терең танылады.

– ілкі дәуірлерде өмір сүрген батыр бабаларымыз бен би-шешендеріміздің болмыс-бітімі бөлек тұғырлы тұлғалары, ақын-жыраулар мен сал-серілердің өрнекті өмір, орамды ойлары кең орын алады;

– арғы арналардағы сырлы шежірелер, тарих қойнауларындағы әдеби-мәдени жәдігерлер, килы кезеңдердегі қуғын-сүргін, алапат аштық, зобалаң зардаптары, т.с.с. жан-жақты байқалады.

Асылы, ұлт мұраты, тарихы мен тағылымы, азаттық пен бостандыққа құштарлық, ел-жерге сағыныш пен сүйіспеншілік, адам өмірі ыәм еңбегіне құрмет пен тағзым, руханият ісінің басқа да маңызды мәселелері әп кезде-ақ қазақ зиялыларының басты назарында болған-ды//мысалы, Әл-Фараби, Қ. А. Ясауи, Бұқар, Махамбет, Дулат, Шоқан, Ыбырай, Абай, М. Шоқай, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов. М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев, Е. Бекмаханов, Қ. Мұхамедханов, М. Қозыбаев, З. Ахметов, Р. Бердібай, М. Базарбаев, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Ш. Мұртаза, М. Жол-

дасбеков, Ә. Кекілбаев, А. Айталы, С. Әбдірахманов, Х. Әбжанов, Ғ. Есім, О. Сүлейменов, А. Смайыл, М. Шаханов, т.б.//.

Қысқа шегініс жасасақ, қазақ руханиятының бағзы замандардағы бедерлі белгілері, ұлттық дәстүр үлгілерінің өрнекті, үлгілі үрдістері, даму бағыт-бағдарлары да өзіндік өзгешеліктерімен назар аудартады. Оның өзі, ғалым С. Қасқабасов айтқандай, барынша бедерлі, аса мәнді болып табылады: «Адам баласы ес біліп, қауым құрып, саналы ғұмыр кеше бастағаннан бері тек күнкөріс үшін ғана қорек іздеп, тамақ табумен шектелмеген. Ол өзінің жұпыны тіршілігін рухани жағынан да көріктендіру мақсатын көздеген, сөйтіп өз түсінік-пайымына сәйкес өнер, әдебиет жасаған, алуан түрлі ғұрыптар мен наным-сенімдер туғызып, тұрмыста қолданған. Ежелгі замандағы тасқа салынған суреттер мен қашалып жазылған мәтіндер, қилы-қилы мифтер мен әпсаналар, қыш пен қолжазба түріндегі кітаптар, т.б. – бұлардың бәрі адамзат тарихының әр дәуірлеріндегі руханият екені белгілі. Өмірде қандай өзгерістер, небір төңкерістер, қырғын соғыстар, сұрапыл апаттар болса да мұндай жәдігерліктер ұшты-күйлі жоғалып кеткен емес. Оларды бірінен кейін бірі ауысып отырған ұрпақ та, қоғам да, мемлекет те жинап-теріп, зерделеп, өз қажетіне жаратып отырған. Осындай істерді біздің арғы бабаларымыз да, түркі заманындағы, одан кейінгі аталарымыз да назардан тыс қалдырмай, шама-шарқынша атқара білген. Бұған біз әдебиет пен өнер тарихын зерттеу арқылы көз жеткізе аламыз.

Кеңес өкіметі тұсында қазақ халқының жазуы, әдебиеті болмаған, тек Октябрь революциясынан кейін туып, дамыған, сол себепті қазақ әдебиеті «младописьменная литература» деп бағаланып келгені баршаға аян. «Жоқ, олай емес, бізде ежелден әдебиет, мәдениет болған» деп қазақ фольклорын, әдебиет тарихын, өнерін зерттеген оқымыстылар қуғын-сүргінге ұшырағаны да елге мәлім. Осындай жағдайдан кейін «младописьменная литература» деген анықтамаға намыстанып жүрсек те, іштен тынып, «жуасыған» күй кешкеніміз де жасырын емес. Құдай жарылқап, ата-бабаларымыздың, бәріміздің тілегіміз қабыл болып, аңсаған Тәуелсіздікке қол жетті» //Заман және руханият. – «Егемен Қазақстан», 2009, 21 қазан//.

Тәуелсіздік тұсында – білім-ғылым жүйесі жан-жақты да-

мыды. Жаңа бағыттар айқындалды. Сапалық өзгерістер де байқалды. Бұған қатысты профессор Ж.Түймебаевтың көзқарас, түйіндерінің негізі бар: «Қоғамтанушылардың, саясаттанушылардың зерттеулеріне қарағанда, ХХІ ғасырдың білім беру саласы төмендегідей негізгі үш ерекшелікке ие болады: біріншіден, адамдар өмір бойы алған білімдерін жаңғыртып, дамытып отырады; екіншіден, оқушының ерекшелігіне орай білім беріледі; үшіншіден, білім беру халықаралық деңгейде іске асырылады. Бір сөзбен айтқанда, білім табанды бәсекеге сәйкес лайықты жұмыс істеуге бейімделеді...

Халықаралық деңгейдегі білімнің басты бір ерекшелігі – күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау ісі болса керек. Ал бәсекеге қабілетті болудың алғышарты оның ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз. Бұл тақырыптағы мәселенің мәнісі осы жайтқа байланысты күрделене түседі.

Бүгінгі таңда отандық білім берудің ұлттық моделін құруға байланысты қыруар шаруалар атқарылу үстінде. Ал бұл мәселе төңірегінде іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізіліп жатқанына он шақты жыл болып қалды. Бүгінде осыған орай республикамызда заңнамалық және нормативтік-құқықтық база қайтадан құрылды. Нақтылай түссек, Елбасының тапсырмасына орай халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген қазақстандық білім беру жүйесіндегі реформалар жұмыс істей бастады.

Мысалы, білім беру мазмұны мен құрылымын жаңартудан басқа, жоғары білімді мамандарды дайындаудың үш сатылы моделін – бакалавриат – магистратура – докторантура PhD – қабылдау мен білім беру жүйесін жаңаша басқару үрдісі қалыптасты...

Халықаралық және қазақстандық білім беру бағдарламаларына кіріктірілген осы күнгі оқу үш деңгейде жүргізіледі: бастауыш мектеп – негізгі орта мектеп – жоғарғы мектеп. Бұл үштұғырлы білім жүйесі бірін-бірі толықтырып отыруға тиіс. Онсыз білім де, тәрбие де өз нәтижесін береді дегенге сену қиын...

Елдің интеллектуалдық капиталы тек қана білім арқылы ғана көрінетіні белгілі. Ал білімде серпіліс болмаса – инновациялық дамуда серпіліс болмайтыны бесенеден белгілі. Сондықтан қазақстандық университеттер «білім экономикасы мен әлеуетінің»

ұйтқысы, елдің инновациялық дамуының катализаторы болуға тиіс. Мұндағы айтпағымыз, әлемдегі жалпы білім мен ғылымның, мәдениеттің ең соңғы тоғысатын жері – жоғары білім. Баршаға мәлім, бізді қоршаған әлем үнемі өзгеріс үстінде дамып отырады. Ол қаншалықты күрделенген сайын әрқашан оны шешетін жаңа мүмкіндіктерге өріс ашылып отырады. Бұл жағдай, сөз жоқ, студенттерден дүниежүзілік деңгейде мойындалатын сапа белгісінің болуын талап етеді. Біздің «халықаралық стандарт» деп жүрген өлшемдер – осы сапаның түрлі жағдайдағы көрсеткіші мен белгісі іспетті» //Елбасы және Қазақстан білімі. – «Айқын», 2010, 22 маусым//.

Тәуелсіздік тұсында – елдік мұраттарға, тарих тағылымына, руханият ісіне көп көңіл бөлінді. Алаш мұраты, ұлттық мүде жолындағы қайраткер-қаламгерлер мұрасы, елдік сыр-сипаттары жоғары қымбат қазына, құндылықтарымызды жинап-жүйелеу, зерттеп-зерделеу жұмыстары жаңа бағыт, көзқарастарға негізделіп, соны серпінмен қолға алынды. Еліміздің біліми-ғылыми әлеуеті, оқу-зерттеу орталықтары жаңа уақыт тынысын, талап-тілектерін жоғары жауапкершілікпен сезініп, ортақ мұрат, игілікті іске белсенді араласты. Айталық, ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы т.б. өмір мен шығармашылығын жеке кітап, көптомдықтар үлгісінде жарыққа шығарды. Бұдан басқа, атап айтқанда, «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1997), «40-50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті» (1998) сынды жаңаша бажайлау бағытындағы еңбектер жарық көрді. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша – «Бабалар сөзі», «Әдеби жәдігерлер», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Музыка антологиясы», «Қазақ өнерінің тарихы» т.т. іргелі ізденіс пен жаңа көзқарастарға, зерттеу мен зерделеулерге негізделген кітаптар қалың көпке жол тартты.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тарихы мен тағылымы – «Ел-тұтқа», «Елорда», «Алаш қозғалысы», «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары», «Азаттықтың өшпес рухы», «Елібай», «Ежелгі Үйсін елі», «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ мәдениеті» //энциклопедиялық анықтамалық//, «Отырар кітапханасы» сериясы (100 кітап) т.т. ұжымдық

еңбектерде, оқулық пен оқу құралдарында кең орын алды. Елдік мүдде, ұлттық құндылықтар, әдеби-мәдени байланыс арналары жаңа көзқарас тұрғысынан байыпты бағаланып, арғы-бергі кезеңдер шындығы, азаттық-еркіндіктің мән-маңызы, тарихтың тағылымды тұстары, тағдырлар талқысы мен тоғысы, тұлғалар табиғаты мен тағылымы т.т. жүйелі жеткізіледі.

Бұдан басқа бірсыпыра еңбектерде (мысалы, С. Әбдірахмановтың «Қашаған құрықтаған Қазақстан», Х. Әбжановтың «Қазақстан: тарих, тіл, ұлт», Ә. Ахметовтың «Түбі түркі өркениет», А. Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы», Ж. Бейсенбайұлының «Шоқан», А. Ісімакованың «Алаш әдебиеттануы», т.т.) ұлт мұраты, тарих пен таным, руханият ісінің түйінді тұстары, келелі мәселелері кеңінен қозғалады. Демек, бұдан байқалатыны: «Әдебиет күдіреттілігі – көркем сөздің, оның иесінің жаны мен қаны ұлт рухынан жаратылғанында. Не заман тусын, айтқан сөзі халық сұранысына, халық тілегіне сәйкеседі. Сәйкесіп қана қоймайды. Тәуелсіздік тілегінің қай проблемасы дер кезінде шешілмей жатса, жауапкерін тауып айқасады да» //Елеуқенов Ш. Тәуелсіздік тауқыметі. – «Ақиқат», 2010, №8. – 46 бет//.

Ұлт тәуелсіздігі – руханият әлеміне кең өріс ашты. Ел мақтаншытары – Абай, Жамбыл, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Сәтбаев, Ғ. Мүсірепов, т.б. есімі мен еңбектері – ЮНЕСКО шеңберінде төрткүл дүниеге танылды. XX ғасыр басында Алаш ардақтыларының қуғын-сүргін, зобалаң-зардапқа тап болуы, 1931-1933 жылдардағы алапат аштық, зұлымдық-зомбылықтар, Арал-Балқаш тағдыры, Желтоқсан оқиғасы т.с.с. қоғамдық өмірде, руханият ісінде өзіндік өрнегін, ұнамды сипаттарын тапты.

Ел тәуелсіздігінің әлем картасынан орын алуы (1991, 16 желтоқсан), Астананың Ақмолаға көшірілуі (1997, 10 желтоқсан), «Қазақстан 2030» Даму стратегиясының жүйелі жүзеге асуы, «Қазақ елі» монументінің асқақ бой көтеруі – егемендіктің ерекше белгі-бедерлері болып табылады. Жарқын жобалар – «Мәдени мұра», «100 мектеп, 100 аурухана», «Болашақ» бағдарламалары, «Астананың жаңа университеті», «20 интеллектуалды мектеп», т.т. болашақ бағдарын айқындады. Кемел келешекке қарышты қадам болды.

Қазақстанның Азия мен ТМД мемлекеттерінің арасында

алғаш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі (2010), Астанада ЕҚЫҰ-ның саммитінің өтуі (2010, 1-2 желтоқсан) әлемдік маңызы зор айрықша факторлардың бірі.

Ақиқатында: «Қазақстанның тәуелсіз, егемен ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке жетугіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді...

Әдебиет – сөз өнері. Оны терең ұғынбай, әдеби шығармаға баға беру қиын. Жаңа зерттеуде бұл қатты ескерілуге тиіс. Әдебиеттің өзіндік заңдылықтары мен өмір сүруі, көркемдік ерекшеліктері басты назарда болуы керек. Әдебиет адам баласына ой саларлық, көркем ғибрат берерлік мектеп болса, өз міндетін орындағаны. Кеңес тұсында да осы міндетті атқаруға тиіс еді, бірақ белгілі ықпалдың күшімен таза идеологияға көбірек бой алдырды. Көркемдікпен ұғылатын дүниелер тікелей үгітпен жасалды. Әдебиет шығармаларын талдау үстінде мұны да ойға ұстаған абзал» //Қирабаев с. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 5, 7 беттер//.

Бұдан, сөз жоқ, ұлттық әдебиет дамуының өткен кезеңдерімен қатар, келешек бағыт-бағдарлары, зерттеу мен зерделеу ісі де айқын аңғарылады.

Ал, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көптомдық еңбектің – «Тәуелсіздік кезеңі» (1991-2001 ж.ж.) қарастырылатын 10-томының бастапқы бөлігінде әдеби дамудың белгі-ерекшеліктері, қалыптасу заңдылықтары мен зерттеу бағыттары төмендегіше айқындалады: (10 том, 11-12 бет)

Осы ретте келгенде, «Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңі» атты оқу құралының басты мақсаты мен міндеттеріне төмендегі жайттарды жатқызамыз:

- тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы кеше ғәм бүгін байланысы арқылы жүйелі жеткізіледі;

– ұлт тарихында, ел мүддесі жолында жасалып жатқан

жасампаздық істер, ізгілікті қадамдар елдік мүдде мен руханият аясында, қазіргі кезеңнің шындықтары тұрғысында сөз етіледі;

– ұлттық сөз өнерінің жетекші жанрлары (поэзия, проза, драматургия т.т.) ондағы тақырыптық-стильдік ізденістер, көркемдік-эстетикалық құндылықтар, поэтикалық арналар, тілдік мүмкіндіктер, т.с.с. тәуелсіздік пен руханият үндестігі, дәстүр мен сабақтастық бағытында кең өріс алып, бүгінгі күн талаптарына, әдеби үдеріс сипаттарына байыпты бағалау мен түйінді тұжырымдар жасалады;

– аударма мұратының мән-маңызы айқындалып, түпнұсқа табиғатына, қолжазба мен қолтаңба мәнеріне, жазушы еңбегі мен шығармашылық қырларына, көркемдік құпиясына көп көңіл бөлінеді;

– әдебиеттану мен сын саласы әдеби үдерістің бағыт-бағдарын басшылыққа алып, қазіргі кезеңдегі зерттеу жүйесін, басты тақырып пен өзекті мәселелерді арқау еткен туындыларды, ондағы жанр мен жауапкершілік жүгін, көркемдік құпиясына қатысты таным арналарын, тілдік-стильдік айшықтарды байыпты айқындайды;

– сатира сипатынан әлеуметтік-қоғамдық құбылыстар, ақиқат пен әділдік арналары, жаңа салт, үздік дәстүрлер рухы, игілікті істер мен ізгілік жолы, адам мұраты мен еңбегі, өмір-тұрмыстың әр қилы қырлары, тәлім-тәрбие сырлары сабақтастық сипатта өріс алады.

– фантастика парасатынан жанр жүйесі, әр алуан ғылымдар байланысы, адам мұраты, қиял көкжүйегі, әлем кеңістігі, жанды-жансыз кейіпкерлер әрекеті, адамзат жетістіктері, ғылым мен техниканың мүмкіндіктері, фольклор мен ондағы мотивтер, қазіргі кезең мен кемел келешектің көріністері ақиқатты арқау етеді. Адам еңбегі, өмір-тұрмысы, ақыл-парасаты шынайы шындыққа, мүмкін жайттарға негізделіп, ғалам ғажайыптарының қыр-сыры жан-жақты ашылады.

– «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2004 жылдың ақпанында бекітілген) арғы-бергі кезеңдердегі қоғамдық-тарихи, әдеби-мәдени мұраларды жинап-жүйелеп, жариялау ісін қамтамасыз етеді. Осының негізінде ұлттық тарих пен мәдениет мәселелеріне, әдеби-мәдени ыәм сәулет ескерткіштеріне, архео-

логиялық зерттеулерге, елдік мұрат пен руханият ісіне көп көңіл бөлінеді. Ежелгі ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары, археологиялық зерттеулер, ұлттық ыәм әлемдік ақыл-ой алыптарының еңбек-мұралары, гуманитарлық білім қорын жасау бағытындағы игілікті істер басты назарда болады. Нәтижесі белгілі, ұлт тарихының тағылымды тұстары, әдеби мұры мен оны зерттеу ісі, мәдени жәдігерлерді жинап-жүйелеу, археологиялық ыәм сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, қысқасы, елдік мұрат-мүддеге негізделген руханияттың үздік үлгі-өрнектерін қазіргі заманға сай келісті сипатта зейінді зерделеу болып табылады.

Бұл еңбекте – тәуелсіздік кезең әдебиетінің басты бағыттары мен тақырыптық ерекшеліктері, көркемдік-жанрлық жүйесі жан-жақты сөз болады. Осы жазушылардың ізденіс іздері мен көркемдік кеңістігі, кейіпкер жасау жылдары мен өзіндік өрнектері, көзқарасы мен қолтаңбасы, тілдік-стильдік сипаттары кең көлемде орын алады.

Тұтастай алғанда, «Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік кезеңі» атты оқу құралының егемен ел болғалы бергі кезеңдердегі ұлттық мұрат-мүдде бағытындағы сөз өнерінің басты кезеңдерін, әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі елеулі жетістіктерді, мәдени-әдеби әлемдегі рухани құндылықтарды дәстүр мен сабақтастық сырларын, ақын-жазушылар шығармашылығындағы негізгі тақырыптар мен өзекті мәселелерді, әдеби байланыс пен даму бағыттарын, автор мен қолтаңба мәнерін, танымал тұлғалар мен тағдырлар талқысын, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерді, тілдік-стильдік сипаттарды кең көлемде қарастырады.

І т а р а у

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ТАРИХИ РОМАНДАР

Тарихи роман. Тақырыптық-идеялық, стильдік-құрылымдық ерекшеліктері. Тарихи шығармадағы кейіпкерлер жүйесі. Тарихи шындық пен көркемдік шешім. Тарихи романдардағы ұлттық мұрат.

Тарих адамзат санасында екі жағдайда есте қалады. Алғашқысы тарихшылар міндетіндегі басты мәселе болып табылатын шежіретізбек (хронология) болса, екіншісі тарихи оқиғаларға байланысты ой топшылау, пікір орнықтыру. Осыдан келіп тарих пен уақытқа қатысты кезеңдеу (периодизация) пайда болады. Кезеңдеу дегеніміз – тұтас құбылыстың үзіктілігін, бөліктерін беру әрі олардың арасындағы сабақтастықты айқындау. Осы тарихи кезеңдерді сұрыптаған кезде олардың ең маңыздысы алғаш еске оралады.

Тарихилық – қандай да бір тарихи дәуір келбетін жанды суреттер, нақты адам тағдырлары мен мінез-сипаттары арқылы танытатын көркем әдебиеттің басты белгілерінің бірі. Тарихилық кең мағынасында өз заманын немесе ерте дәуірді суреттеген барша көркем шығармаларға тән. Мұны шығармада бейнеленген кезеңнің түрлі ерекшеліктерінің сақталуы әрі бұл әр дәуірдің көркем туындыларына ортақ деп түсінеміз. Қазіргі әдебиетте тарихи тұлғаны таныту, оның өмір кезеңдерін, қоршаған ортасын, жеке мінез-болмысын суреттеуге деген қызығушылық өсті. Оның басты себебі тәуелсіздік алғаннан кейін еңсемізді тіктеп, тарихқа қайта үңіліп, бар-жоғымызды түгендедік. Ақтаңдақтар ақиқаты ашылып, көмескі мәселелер айқындалды. Әдебиеттің түрлі жанрларында шынайы адам болмысын жасау өрістеп, бұл әсіресе, тарихи романдарда, мемуарлық-өмірбаяндық, публицистикалық салада белең алды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихи тақырыпқа арналған романдар жарық көрді. Кеңес дәуірі кезінде шынайы айтылмай, бұра тартылған тақырып арнасы бұл кезеңде тереңдей ашыла түсті. Сондай туындылардың қатарында Рамазан Тоқтаровтың

“Абайдың жұмбағы”, Қалмұқан Исабаевтың “Серт”, “Шоң би”, Кәдірбек Сегізбаевтың “Беласқан”, Қабдеш Жұмаділовтың “Дарабоз”, Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” (өлеңмен жазылған роман), Ұзақпай Доспанбетовтың “Қызыл жолбарыс”, Хасен Әдібаевтың “Отырар ойраны”, Әнес Сарайдың “Еділ-Жайық”, Тұрсынхан Зәкенұлының “Көк бөрілердің көз жасы”, Жанат Ахмадидің “Шырғалаң” тағы басқа романдарын атауға болады.

Жазушы Рамазан Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” романы 1999 жылы жарық көрді. Ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында жазушы ақын өмірінің барлығын қамтып, туғаннан бастап дүниеден өткен шағына дейін уақыт кеңістігінде, тұтас бір дәуір панорамасын толық көрсетуді мақсат еткен. Қазақ елінің екіталай тағдырын, сол кездегі толғақты мәселелердің өмірге Абай сияқты данышпанды әкелуі заңды құбылыс деген түйін жасаған жазушы ақын өлеңдерінің өн бойында қазақ өмірінің шындығы мен мұны жатқандығын көрсетеді. Бұл мәселелер төңірегінде тек Абай ғана емес оның тұтастары да болғанын қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов, оның орыс досы Федор Достоевскийдің Семей қаласында бас қосып, заманының келелі мәселелері туралы кеңескендігін көркем тілмен бейнелейді.

Романда жасалған әр түрлі характерлер, олардың әрқайсының өзіне ғана тән көзқарастары, айналаға қарым-қатынасы, дүниетанымы автордың негізгі идеясына қызмет жасап қана қоймаған, сол заманның шынайы суретін, бейнесін жасауға септігін тигізген.

Р. Тоқтаровтың роман-хамсасындағы кейіпкерлер ұдайы қозғалыста, іс-әрекет үстінде, ішкі-сыртқы қайшылықта, қақтығыс үстінде көрсетіледі және әр қаһарманның ішкі әлемі психологиялық тұрғыда бейнеленеді. Бұл орайда шығармадағы Абай, Шоқан, Достоевский т.б. өнер, шығармашылық адамдарының болмыс-бітімі, рухани жағынан ширатылып, драмалық тұрғыда суреттеліп, талайлы тағдырлары талқыға түскен замандағы болмыс-бітіміне көбірек назар аударылады.

Жазушының М. Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа бару себептері де жоқ емес. Біріншіден, романның прологіндегі «*Итифат хат*» деп аталатын тұсында ұлы М. Әуезовтен кейін бұл тақырыпқа баруын былай түсіндірген: «*Мұхтар Әуезов “Абай*

жолы” эпопеясында ақын өмір сүрген дәуір мен оның айналасына күн көзіндей күшті жарық түсірді. Бірақ “елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” деген сөз бар, енді қайтып айналып келмейтін Абайдың қатпары мол дәуірі санада ол роман бойынша өзгермей сақталғанымен, Абайдың өзі заман озған сайын сан түрге еніп, әр жайда құбыла көрініп, көп сөздеріне уақыт ыңғайымен басқа түсініктер енеді. М. Әуезов Абайдың әрі салса дәуірін, бері салса бір қабат өмірін көркемдікпен шебер бейнелеп берді. Бірақ Абай поэтикасының қуатты көзі, өзінің жұмбақтығы “толық ашылды, шешілді” деп ешкім де тұжырып айта алмас. Мен Абайды жазуға мүлде басқа қырынан келемін». Екіншіден, шығармашылық иесі Абай ақынның ішкі жан дүниесін мейлінше ашуға, сол арқылы бүкіл адамзаттың бойындағы қасиеттерді көрсетуге күш салған. Үшіншіден, әр адам Абайды өз танымының елегінен өткізіп барып, бейнелейді.

Бірқатар қаламгерлеріміздің «Әуезовтен кейін Абайға барудың не қажеті бар. Идеялық-көркемдік дәрежесі биік реалистік романда ішкі кеңістік әдеби бейнелердің типтік қасиеттеріне, терең психологизміне, компоненттерінің композициялық, стильдік бірлігіне қарай жасалады. Туындыда Абайдың ұлылығын – бүкіл адамзаттық биік дәрежеге көтеріле алғандығын дәлелдеген автор ақынның зор тұлғасын шебер беруге талпыныс жасаған. Әсіресе, Абайдың адамгершілік туралы ұғымын жаңа биік сатыға көтеруге, адамзат қауымына үнемі жаңа идеялар ұсынып отырғандығын бүкпесіз жазады. Жазушы Абайдың дәуір озған сайын жұмбағы тереңдей беретін тұлғасына, өмірден не нәрселерден көбірек қуат алды, айналасында кімдер болды соларды өзгеше қабылдаумен беруге ұмтылды. Автордың бұл роман-хамсасы бірнеше бөлімнен тұрады, алғашқы кітап “Толғақ”, екінші кітап “Жұлдыз құрбандық”, үшінші кітап “Қызғаныш”, төртінші кітап «Хақиқат мекені», бесінші кітап «Нұрсипат» деп аталып, Абайдың балалық, жасөспірім шағынан өмірінің соңғы кезеңдеріне дейін толық бейнеленеді. Осы тарау аттарының өзі романның тұтастығын сақтай отырып, дербес қабылдауға жетелейді. Абай жас шағында-ақ ірі істерге қатысарлық сана-парасаты жетілген, жас жігіттің кемелденгенге дейінгі өмір оқиғалары, естіген, көргендері, өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі, елеулі болмыс-бітімі іріктеліп, шығарма желісіне өрілген.

Жазушы романда Абайдың балалық шағы мен жастық дәуренін алғашқы кітаптарда топтап, есейіп, ес жиған өмір кезеңдерін де нақтылап, сенімді күрес, тартыс арқылы шебер суреттеген. Бұл романда адам өмірі шығармашылықпен жүзеге асырыла отырып, замана қаһарманын, оның рухани жан-дүниесін, мақсат-мүддесін, ой-сезімін шыншылдықпен өрнектеп, Абай характерін ашуды биік мұрат тұтқан. Абай өмірдегі өз қалпын сақтап, шынайы сөзін айта алғандай әсер етеді.

Роман-хамсадағы кейіпкерлерге ден қойғанда байқағанымыз - жазушы бейне сомдауға шебер. Жазушының шығармасындағы Құнанбай, Қодар, Кенесары, Абай, Ербол, Зере, Шоқан, Тәттімбет, Алшынбай, Ұлжан, Тоғжан, т.б. - өмірде болған адамдар. Автор олардың әрқайсысының жекелеген кейіптерін келтіре отырып, сол кезде өмір сүрген адамдардың типтік бейнесін жасауды мақсат тұтады.

Р. Тоқтаров туындысындағы жан-жақты ашылған, тұтас сомдалған типтік бейнелердің бірі – Қодар. Бұл бейнені автор: *«Енді, міне, жуан торы атының үстінде оңкиіп, қанын ішіне тарта сұрланып өзі келе жатыр. Бергі қабақтағы қалың қауды қабырғалап өте бере іш киімінен басқасын шешіп тастап, қолындағы жарқ-жұрқ еткен бірдемесін ерсілі-қарсылы құлаштай сермен жүрген еңгезердей зор денелі туысқанын көрді. Қодар – осы. Ол-дағы өзіне қарай тура салып келе жатқан Құнанбайды қиядан шалып, қолындағысын анадай жерге лақтырып тастай беріп, белін жазып тұра қалды. Бұл күндері елуді иектеп қалса да әлі жас жігіттей, өн-бойының бұлшық еттері жылтырай тырсия сыртқа теуіп тұр»,* - деп бейнелеуіндегі Қодар Құнанбайдың қандасы, әрі елдің бетке ұстар азаматының тұлғасы.

Р. Тоқтаровтың “Абайдың жұмбағы” роман-хамсасындағы бейне жасау тәсілдері, көркемдік құралдар мен суреттеу, сөз қоры, сөйлем құраудағы амал-тәсілдер, ой өрнектілігі, көркемдеу құралдарын қолданудағы үйлесімдер, алдағы уақыттағы өсер, өркен жаяр дәстүрлер кеңінен қамтылды. Жазушының өмірді көркем нақышпен бейнелеуі, образдылық, портрет жасаудағы шеберлігі Абайды арқау ете отырып, қазақтың басқа да халық сыйлаған қадірлі азаматтарын тарих саханасына шығарып қана

қоймай, келешек ұрпақ санасында осы ұлылардың бейнесін қалдыруға ұмтылуына қуануымыз абзал.

Қаламгер Абайды, осы тарихи адам өмірінің реалды шындығын өз ортасынан оқшаулау адам екенін танытар қаһармандық қасиеттерімен әрлейді. Ол қиын-қыстау кезде де, қуанышты сәттерде де, алғырлығымен, тапқырлығымен, байсалды мінезімен көрінеді. Адам бойындағы ақылдылық, сабырлылық деген ұғымның шекарасы, ақиқат мәні қандай деген сауалға осы бейне орнықты жауап бере алатындай. Автор Абайға мінездеме беріп жатпай, басқа бейнені сөйлету, ойланту арқылы оқиғаларды ұтымды дамытады. Халық арасында білім мен парасат таратушы Мұса Шормановтың Абайға деген көзқарасы роман-хамсада былай беріледі: *«Мұса Абайдың сөйлеген сөзінен гөрі, айналасына нұр жаудыра қарайтын қарашықтары өткір, марғасқа жүзіне қарап іштей сүйсініп, шексіз риза болып отырды. Орта жүздің ғана емес, бар қазақтың төбесінен шалқып тұтанғалы тұрған шамшырағы секілді, тағдыр оны осы кесанат халге дүниеге атын шығару үшін әдейі душар етіп қойғандай екен.*

Абайды ол алғаш жиырмадан жаңа асқан балаң жігіт кезінде көріп еді, ондағы түрінен өзгермегені - әсем қиылған қызғылт еріндері мен төңірегіне нұр шаша қарайтын жарқырауық үлкен көздер. Одан бергідегі өзгерісі – шықшыт сүйектері, мойныбасы етейіп, мұрнының дөңі ұлғая, сақал-мұрты ұзара қалыңдай түсіпті. Бұл көргенде, жасында ол қараторылау сықылды еді, қазір толысқандыкі ме, екі бетінің ұшына иман үйіріліп, кең маңдайы қақтаған күмістей теп-тегіс жазылып, дүйім ажары сыртына біте ақшыл-күрең тартыпты», - деп екінші біреуге әңгіме айтқызу арқылы кейіпкердің қиыншылықтарды жеңу жолындағы істерін суреттейді. Бұл орайда жазушы тек қана Абай бейнесін ғана емес Михаэлис, Шәкәрім, Шоқан, т.б. болмыс-бітімін, рухани жан-дүниесін, тағдырлары өзгеріске ұшыраған тар кезеңдеріне көбірек назар аударған тұстары кездеседі. Жазушы кейіпкерлерінің осы тұстағы психикалық құбылыстарын тірі қозғалысымен, сыртқы портретінің кейбір деталь-штрихтерімен қоса-қабат алып суреттейді. Абайдың Әбіш қайтыс болғанда оның алыс бір қияда көз жұмғанын, ең қуатты тамыры үзіліп кеткенін жазушы шебер суреттеген. Осы

мезгілсіз хабарды естігендегі Абайдың ішкі жан құбылысы былай берілген: «Абайдың оны естігенде жылаған да, артық күйінген де жоқ. Құлама жар жиегіне келіп қалғанын жаңа байқаған жандай, алдына үңіле қарап тұрып қалыпты. Әлдебіреулердің сабырлық тілеп көңіл айтып жатқандары жар астындағы бас айналар сол терең шатқал табанынан талмаусырап жетіп тұр», - деп жылаулы жұрттың жұбатуын да, көңіл айтуын да тілемеген Абайдың үмітінің ең қараңғы түбіне жаққан жалғыз шырағының сөнуі осылай бейнеленеді.

Тарихи шығармаларға тән сипат өткенге үңілумен қатар, көне дәстүр салттың сұлбасын, ескіліктің әнгімесін жаңғыртып отыру. Яғни, тарихи роман қашан да замана ділгірлігінен, оның қалай дамып бара жатқанын ойлау тұңғышынан туындайды.

Қаламгер Шерхан Мұртазаны кең құлашты эпик жазушы ретінде танытқан шығармасы – “Қызыл жебе” (екі кітап), «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» атты бес кітаптан тұратын хамса-романы. Жазушы мемлекет әрі қоғам қайраткері, тарихи тұлға Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін, XX ғасыр басындағы өтпелі кезеңнің қасіретті де тартысты шындығын осы романдарына арқау етті.

“Қызыл жебе” романында Дауылбай сияқты жергілікті өктем күштердің озбырлығына төзе алмай, сонау Түлкібастан, Ақсу – Жабағалы жерінен Жетісуға қоныс аударып, Талғар маңына көшіп келген аз үйлі кедей ауыл Сәлік – Шілмембет – Шымырдың, сол ауылдың бас көтерер азаматы Рысқұлдың тағдыры айтылады. Бөтен руға кірме болған аз, кедей атаның еті тірі азаматтарының қолы есеге тимейтіні, әрдайым күштілердің мазағына ұшырайтыны ежелден белгілі. Рысқұл жаңа қонысқа келісімен Саймасай болыстың жұмсауымен өзі қаламаған ұрлық істерге араласады. Ақыры Саймасай болысты өлтіріп, өзі он жылға жер аударылады. Тұрардың әкесі Рысқұл тағдыры М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіне арқау болғаны белгілі. Мұндағы Бактығұлдың прототипі Рысқұл Жылқыайдаров. Ұлы суреткер қалам тартқан тақырыпқа оралу жазушыға оңай түспесі белгілі. Ш. Мұртаза бұл тақырыпқа батыл келіп, сыннан мүдірмей өтті.

Ш. Мұртазаның “Жұлдыз көпір” романы “Қызыл жебенің” заңды жалғасы. Мұндағы орталық кейіпкер - күрескер Тұрар

Рысқұлов. Шығармада Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасының 1917-1920 жылдарындағы оқиғалар, Тұрардың жеке өмірі, әлеуметтік майдандағы қайраткерлігі көрсетілген. Халқының азаттығы жолындағы күрескер Тұрардың адамгершілік қасиеті үнемі іс үстінде көрінеді.

Қоғамдық өмірде тұлғалы да белсенді Тұрар жеке тіршілігінде өте қарапайым. Оның әрдайым әкесін еске алып, оның істері мен сөздерін қадір тұтып отыратыны, бауырлары мен жақындарын назарынан тыс қалдырмайтыны, үлкен қызметте отырса да, мансапқұмарлық мінезінің жоқтығын танытады. Түркістан Республикасының болашағы шешілетін кезеңде билікте болған Тұрардың беріктігі, өз жеке басының мансабын халық мүддесін жоғары қоятыны “Жұлдыз көпір” романында шебер баяндалған. Шын мәнінде де бір халықтың ғана емес, тағдыры, тілі, тарихы жақын бірталай туыс елдердің ортақ мүдделерін ойлаған Тұрардың қабілетінің өз тұсындағы лауазым иеленгендердің көбінен озық екендігі анық көрінеді.

Роман-хамсаның төртінші кітабы – «Қыл көпір» романында Тұрар Рысқұлов өмірінің қиын кезеңге кез болған сәттері суреттеледі. Түркістан Республикасы атқару комитетінің төрағасы болып жүрген шағындағы саяси қақтығыстар, РСФСР ұлт істері комиссариатының қызметкері, Түркістан Республикасының Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы, Коминтерннің Шығыс бөлімі бастығының орынбасары, т.б. мемлекеттік жауапты басшылық қызметте жүрген кезінде қазақ даласындағы аштық пен апатты болдырмауға көмек көрсетпекке ұмтылған әрекеттері Тұрардың ұлтжандылығын, білімділігін, өжеттігін, бірбеткейлігін, қайраткерлік тұлғасын жан жақты ашқан.

«Тамұқ» деп аталатын бесінші кітапта сталиндік жаппай қудалау кезені, күллі қазақ зиялыларының басындағы трагедиялық хал бейнеленген. Тұрар бұл кітапта көбіне отбасы ортасында болады. Сол бейбіт, мамыражай тіршіліктің өзін көп көргендей, демалыста жүрген Тұрар тұтқындалып кете барады. Аяғы ауыр жары Әзиза көп бейнет шегіп, үйге жеткен кезде, үйі құлыптаулы әрі күзетулі болып шығады. Ал, Тұрарды пойызға отырғызып, ала жөнеледі. *«Пойыз дөңгелегі сарнайды. Таусылмайтын неткен ұзақ жол. Мезгіл күндіз бе, түн бе белгісіз?»*

Тұтқын мен түнтүнек некелескендей. Ендігі жарың сайқал түн. Қараңғы қапасқа да түртінектен үйренерсің». (593-б). Жазушы бас қаһарманының жан дүниесіндегі нәзік сырын, ішкі болмысын ашуға мән берген. Алдағы болғалы тұрған оқиғадан хабар беретін детальдар мен сюжеттер, түс көру оқиғалары зобалаңы көп заман тынысын барынша танытып, авторлық мақсатты айқындаған. Осы арқылы романның лирикалық-философиялық болмысы тереңдей түскен. Тұрардан жауап алған Глебов сөзінің әсерін қоюлатқысы келіп оның ең жанды жеріне тиіседі: «... Өкіметте өте ірі тұлға болғаның рас. Сол іріліктен мына халге бірден құлағаның, әрине, өте қиын. Ал, ірі болып үйреніп қалған адамға бишаралық халге түсу оңай емес. Намысың жібермейді. Қазір мәселе бір-ақ нәрсеге тіреліп тұр: не өмір, не өлім. Өлім болғанда да қорлық өлім. Мәңгі-бақи қара таңбалы өлім. Үрім-бұтағыңа, ұрпақтарыңа қара таңба» (625-б). Тұрардың өмірде жасаған әрекеті, туған-туысы, күресі көз алдынан өтіп жатады. Ол іштей бұл дүниемен қоштасып, тазарып кеткісі келеді. Өлімге айдалып бара жатқан Тұрарды әкесі шақырғандай болады. Сірә, мына өмірдің әділетсіздігінен, тозағынан құтқарғысы келген шығар. Романның соңғы түйінінде автор «Мен торыққан кезде, сіздің рухыңыз әл-қуат берді, Тұрар көке. Мен сізді түсімде көретін болдым. Қолымнан жетектеп алып, тасжарғанның бұтағынан ұстап өрге қарай тартқылағаныңыз естен кетпейді. «Жүр» дейсіз. Теңбіл Торғайды көрсетемін. Шолпан Кебісті көрсетемін, дейсіз. О, ол бір гажайып дүние еді: найза шыңдары көз жетпес көкке тірелген таулар, айнала жаңғақ ағаштары, зау теректер, зипа шынар, бұтақтарында жыбырлаған құс ұялары. Құдайдың жұмақ жаратқан дүниесі. Жолбарысы мен елігі бірге жайылған жадыра әлем. Шатқалда мен бұрын көріп, естімеген гажайып құстар сайрап, дүние-әлемді керемет әуенге бөледі. Сіздің кенет қайда кетіп қалғаныңызды байқамаптын. Сіз де жоқсыз, Шолпан Кебіс те жоқ, Теңбіл Торғай да жоқ» (757-758 б). Сөйтіп, автор Тұрар Рысқұлов арқылы ұлтына өмірін арнаған күрескер бейненің халық ұғымында тұрақталған бейнесін ашады. Олар елі мен жерінің бостандығы үшін жан пида етті. Олар тамұкка кетсе де халқының жұмақтай жерде өмір сүруі үшін күресті. «Тамұк» романындағы алма-кезек

ауысқан лирикалық суреттеулер, арпалысқан әрекеттер мен тізбекті оқиғалар, монолог туындының көркемдік табиғатын ерекшелей түседі.

90-жылдары қазақ елі ежелгі арманы тәуелсіздікке қол артқанда, тарихи роман тың серпін танытып, мұның алдындағы туындыларда жеріне жеткізе қазылмаған, аршылмаған көп жаңалық, ақиқаттарды бүкпелемей, сыздықтатпай, бар дауыспен ашық айтып берді. Бұл ретте алдымен ауызға алынатын шығарма жазушы Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-диологиясы», деп бағаланған (Ш. Елеуенов) “Дарабоз» романындағы ежелден еркіндік аңсаған қазақ халқының болмысы шынайы суреттеледі де, халық тарихында қалған батыр тұлғаларымен байланыстырылады. Ел басына күн туғанда етігімен су кешетін ер Қабанбай батырлық пен қаһармандықтың бейнесіндей. Ол қолына қару ұстаған батыр, кеудесінде ұлтын сүйген жүрегі атқақтай соққан ер. Автордың мақсаты «ұзақ жылдар архивтің шаңын қаға отырып, тарих жасаушылардың бұрмалаған фактілерін орынорнына қойып, белгілі бір жүйемен баяндау». Туынды тарихи оқиғаны эпикалық сипатта кеңінен қозғай отырып, көркем тілмен сенімді баяндайды. *“Ата-анасының бесікке саларда азан шақырып қойған аты Қабанбай да, Дарабоз да емес, Ерасыл болатын. Өзіне керемет ұнайтын. Ойлап отырса, уайымқайғының не екенін білмейтін, ең алаңсыз, бақытты шағы да сол Ерасыл боп жүрген кезі екен»*. Енді Қабанбай болғалы өзінің атына зар болып қалады. Еліне Қабанбай атанған ердің ішкі ойы, мұңы да жетерлік: *«Адамдар бақуат, бейбіт өмірге әбден зарығып, шөлдеп қалған екен-ау. Осы соғыс деген пәленің қайғызар, азап-сордан өзге адамзатқа берері бар ма? Бірақ, амалың қайсы, әлімжеттік, зорлық бар жерде соғыс жалғаса береді... Ел намысы, ата кегі зой шыдатпайтын»* (79-б).

Романда жазушы қай кейіпкерін де бірнеше қасиеттерімен тоғыстыра көрсетеді. Батыры да, ел басқарған биі де тереңнен толғап, жүйелі де жеріне жеткізе сөйлейтін шешен әрі көреген. Мәселен, Төле би: *«Мен кәрі сүйегімді сүйретіп, жат қолында қалған сонау Ташкенттен келгенде, жүрегімді жарған екі үлкен арман болатын. Оның бірі - кешегі Әз-Тәукенің алтын тағын, ту тіккен ордасын көріп, көңілімді бір демдеу еді, ол арманым*

орындалды. Бұдан кейін хан кеңесіне келіп, ағайынның алтын жүзін көремін бе жоқ па, ол жағы Алланың ісі.. Екіншісі - ата жұрттың жау қолынан ада-күде тазарып, азат-еркін ел болғанын көріп өлсем деуші едім. Арман шіркін алтайы түлкідей бұлаңдап, жеткізбейтін сиқы бар ма, қалай?! - деп ентігін басып сәл отырды. Өмірі басына нөқта кимеген, көзіне қамшы тимеген азат-асау ел едік. Тегінде қасиетті халқымыздың қазақ деген есімі - азат деген сөзбен төркіндес. Азаттықтан айырылғаны қазақтың құрып біткені... Міне, Ұлы жүз ұрпағының жоңғарға қарап қалғанына алдына елу жыл, артына отыз жылдай уақыт өтті. Халықты артық қан төгістен, үркін-босқыннан аман сақтап қалу үшін, амал жоқ, Халдан ханмен тіл табысуға тырыстық. Маңдайыңа құлдық таңбасы бір басылса, ол оңайшылықпен өшпейді. Қалмақтан қағажу көргеніміз аздай, енді отбасы отаныңды орысқа билетпексіңдер ме? Бодан-бодан дейсіңдер. Боданнан - құл туады, құлдан - жетесіз, жасық ұл туады... Сонда болашақ ұрпақтың жайы не болмақ?!» (15-бет). Осы сөзінде абыз би ел қорғаны батырларға иек арта сөйлеп, жөнсіз қару сілтеп, ел іргесін сөгулерін де, басқа елдің қақпанына түсіп, пенде болмауларын да қаламайтынын ұқтырады. Ендеше жеті рет өлшеп, бір рет кесетін заман келді. Соны ойлайық, сақ болайық дегенді баса айтады. Романда елдің сол кездегі хал-жайы, қонысы мен көршілес отырған елдермен қарым-қатынасы, ойын-той, салт-жоралғы да өз кезегінде сәтiмен өрiлiп отырады. Ер Қабанбай осы ел iшiндегi жайттарды да көз алдында ұстап, жөн айтып, кеңес берiп, игiлiктi iстiң бастаушысы болып суреттеледi. Әрине, ел iшiндегi алаңдаудың бастысы - төтеннен келген жаудың тырнағына iлiгiп кетпеу. Үнемі ат пен қару-жарактың әзiрлiгi батырлардың сергектiгi қажет-ақ. Осы тұста ел басшылары да өздерiнiң кесiмдi байлауларын айтып, елдiң тiзгiнiн босатпауды көздейдi.

Абылай: «Ақырғы айқастың ауыр жүгі, Орта жүз, тағы да өздеріңе түскелі тұр. Бұл «киіз кімдікі болса – білек соныкі» дегендігім емес, биылғы жағдайдың өзі осыған әкеліп отыр. Арқаның қатал қысынан жiлiк майы үзiлiп, жүдеп шыққан жұрттың мынау. Жаудың қолы жағасынан ажырап, тынысы сәл кеңiген күнi құдайын ұмытып, өзгеде iсi болмайтын етек-басты елiңнiң түрi анау... Өзiңнен басқа кiмге сенiп, кiмдi аужал

тұтарсың. Сондықтан осындағы хан мен сұлтан, батыр мен би, жыршы мен жырау ертеңнен бастап атқа қонып, ер-азаматты ту түбіне жинайтын болайық!» (347-бет).

Автор роман оқиғасын тартыс пен шиеленіске құра отырып, негізгі идеяны кең түрде ашады. Қазақ халқы ең алдымен іргесінің берік, ұрпағының аман болуын ойлаған. Сол үшін ерлігін де, ақылы мен парасатын да қатар қару еткен. Сайын даласының еркіндігін ойлап, елге пана болар азаматын ардақтаған. Соның аясында елдік пен ерлік, салт пен дәстүр, ағайыншылық пен адамгершілік секілді туыстас ұғымдар қатар жұмсалған. Елдің ерсіз болмайтыны секілді қазақтың әрбір соқталы кезеңі шоғыр тұлғаларды тудырып отырған. Қабанбай да сондай ерлердің бірі. Ол елінің рухын жоғары көтерген батыр. Автор сол рух пен елдіктің, ерліктің киесін әспеттей бейнелеген.

Жаңа ғасырдың басы қоғамға үлкен өзгерістер әкелді. Терең өзгеріс, адам болмысының рухани түлеуі, эстетикалық-дүниетанымдық көзқарастың құбылуы тұтас мәдени өмірге үлкен леп әкелді. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы өзінің лирика-эпикалық сипатын, ұлттық өрнегін, бейнелілік пен символдық нақышын, постреалистік болмысын тереңдетті. Оның үстіне жаһандық проблемалар адамзат қоғамымен тұтастандырыла суреттелді. Осыған байланысты қазақ романдарында адам өркениетінің көне бастаулары, мифтік таным, неомифологизм, полифониялық суреттеулер орын алды. Қазақ қаламгерлері прозаның дәстүрін берік сақтай отырып, жаңа сипат үстеді. Жаңа қазақ прозасы реализм, модернизм, постмодернизм тәсілдерін қабыстыра отырып, терең философиялық, онтологиялық, дүниетанымдық проблемаларды кең тұрғыда көтерді. Осы арқылы авторлар жалпыадамзат мәселесін қозғады. Жазушы Эрнест Төрехановтың «Ескендір мен Роксана» романынан осындай сипаттарды танимыз.

Көркем бейнелерді салыстыра талдау оның ұлттық ерекшелігін аша түспек. Көне әдебиетте батыр, қаһарман, алып ер тұлғаларымен қатар, әйел бейнелерін тудыруға да көңіл бөлінді. «Рамаянадағы» Сита, шумер-вавилон эпосындағы Иштар мен Шамхат, Гомердің «Одиссеясындағы» Цирцея, Пенелопа, Навзикая, Еврипидтің «Медеясындағы» Медея, Софоклдің

Антигонасы - ірі бейнелер. Әрине, әйел бейнесі әлеуметтік-қоғамдық ортаның құрбаны болып та жатады. Өз бастарына түскен тағдыр ауыртпалығын ақылы мен парасаты арқылы жеңіп үстемдікке қол да жеткізеді. Жалпы христиан дінінде әйел туралы «зұлым», «күнәһар», «өтірікші», «кекшіл», т.б. деген сияқты өте төмен көзқарас қалыптасқан. Ал ислам дінінде әйелге, әсіресе, әйел-анаға деген көзқарас бұдан өзгеше. Бұған «Жұмақ ананың табанының астында», «Алдымен анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла», «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббат пен сүйіспеншілікпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау - Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі», т.с.с. ислам қағидалары дәлел.

Кез келген қоғамның маңызды институттарының бірі - отбасы. Ал отбасындағы әйел жағдайы - отбасы мен неке тарихындағы келелі мәселелердің бірі. Көптеген тарихи және тілдік деректер қазақ әйелінің отбасылық мәселелерді шешуге белсенді қатысқанын, ерлеріне шаруашылыққа қатысты істерде көп көмектескенін дәлелдейді. Ал күйеуі жоқ кезде оның орнын жоқтатпай, барлық тіршілікке қатысты мәселелерді өзі шешіп, тіпті қазақы салт-дәстүрге сай қонақ күтіп, оны жөн-жоралғысымен шығарып салуға, күйеуін жаманатқа қалдырмауға міндетті болған. Сондықтан Айғаным, Бопай, Ұлпан, Зере сияқты әйелдерді халқымыз жоғары бағалаған. Қазақ әйелдері туралы сөз болғанда, әсіресе олардың сырты мен іші үйлескен сұлулығы, мінез байлығы, ақыл-парасаты жөнінде әңгімелегенде, ең алдымен батырлар жырындағы әйел кейіпкерлердің көз алдыңызға келері сөзсіз. Құртқа - қазақ әйеліне тән ақыл-парасат пен көрегенділіктің, Жібек - сұлулық пен сымбаттың, Айман мен Ақжүніс әйел үшін таптырмайтын қасиет - қулық пен айлакерлік, тапқырлықтың, ал Баян - сұлулықпен бірге махаббатқа адалдықтың, сезімге тұрақтылықтың символы. Қазақта қыз баланың, жалпы әйел затының бойынан төменшектік, именшектік, ұялшақтықтан гөрі өжеттік, еркіндік, ақыл, парасат сияқты қасиеттерді жоғары бағалайды.

Өзінің жалғызділікті тағдырына мойынұсынбай күрескен бейнені ағарту дәуірінде ағылшын жазушысы Дефо «Роксана»

романында көтерді. Дефоның кейіпкері Еуропаны кезіп, әр түрлі қоғамдық ортада жүретін арандатушы, куртизанка. Ол Людовик төртіншінің дәуірінде Лондон салондарында шалқып жүреді. Өзінің өткен өмірінің күмәнді тұстарын әбден жойып болдым-ау деген кезде, ол оқшауланып, жан тыныштығына берілуді ойлайды. Сонда күтпеген жерден өзі тастап кеткен туған қызына жолығады. Бұл жағдайды күтпеген шешесі мен қызының арасында өшпенділік орнайды. Бұдан құтылуды ойлаған шешесі қызының көзін жоюды ұйымдастырады.

Қазіргі өнердегі концептуалдық бағыт макропоэтика, полифония, нақты, танымдық және көркем қабылдау тәсілдерін алға шығарды. Осының бәрі көркем мәтіннің бойына жинақталғанда, өзара гармония құрайды. Себебі, бұл көпсалалы проблемалардың барлығы - Адам проблемасын шешуге бағытталған. Романтизм мен реализмнен бастау алған постмодернизм мен барокко тәсілдерінің диапазоны кең. Бұл қазіргі қазақ прозасындағы көпсалалы идеядан, сюжет құраудан және кейіпкер бейнесінің жасалуынан байқалады. *«Мен көкпарға тастаған лақ емеспін. Мен Роксанамын. Байтақ патшаның еркін өскен қызымын. Александр мені өзінің теңі деп білді. Мен оны да бағаладым. Ұлы Александрмен теңмін деп шалықтамаспын. Бірақ падишаға Ұлы Даланың еркін өскен қызына шақ теңдігімді кемітпеспін. Соңымда бейбіт өмірге жеткен елім қалып барады деп өзімді жұбатармын, жаратқан ием осылай жат жұрттық етіп дүниеге әкелді екен - ендігі тілеуім Александрдың амандығы болады»*. Қазақ қыздарына қайсарлық, өжеттік, тәкаппарлық, көрегенділік пен даналық сияқты қасиеттері ғасырлар бойы ел аузындағы аңыз әңгімелерге, батырлар жырына, ән-жырға арқау болған Тұмар, Зарина, Роксана, Домалақ ене, Айша бибі, Құртқа, Гүлбаршындардан келгені анық.

Роксанаға қатысты мәліметтердің бірінде: «...Осы қыздардың біреуін Роксана деп атаған. Ол бойжеткен қыз болған еді, сонда жорыққа қатысушылар, бұл бикешті Азияда көргендер сұлулардың арасында, жалғыз Дараявауш әйелін тең санамағанда, бір ару деп, қайта-қайта айтқан. Ескендір алғаш көргенінен оған ғашық болған, бірақ, тұтқынындағы қыз қолында болса да, өз құштарлығына күшпен қанағат болмай, өзін жайдақтатып

занды неке қию рәсімін өткізген еді». Бұл мәліметке қарағанда тарихшылар сол кездегі Раушанның жасы 14-16 шамасында болыпты дейді. Куртиус жазады, Раушанды әкесі басқа 30 игі қыздар арасында салтанатты тойда патшаның көңілін көтеру үшін әкелгенде Ескендір байқап қалған. Бұның айтуынша патша нөкерлері азсынушылығын перделеген: «...Азия мен Еуропаның патшасы тойда көңілін көтеру үшін әкелінген қыздан жеңіскерлерге ұлық тудыру үшін әйелі етті».

Э. Төрехановтың «Ескендір мен Роксана» романының басты кейіпкерлері ел билеген патшалар, ақылы кемел ғұламалар, әскери қолбасшылар. Шығармада толассыз шапқыншылық, айтыс-тартыс, кек алу, өшпенділік, қанды қырғын суреттеледі. Алайда, әлемге есімі жайылған Александр Македонский, Ұлы Дала патшалары Қаңлы Байтақ, Үйсін Күнбегі көрегендер өздерінің билік, үстемдігін көрсететін әміршілер емес, баһадүрлігін, ақыл-парасатын жоғары ұстаған қайырымды, ойлы тұрғыда бейнеленеді. Б.д.д. IV ғасырда жасаған өзінің батырлығымен, қолбасшылығымен ерекшеленген Александр Македонский әлемдік мемлекет құрып, Шығыс пен Батысты тоғыстырғысы келді. Ол әскерімен әлемді шарлады. Александрдың өмірі мен қызметі әр елдің де қызығушылығын тудырды. Македония патшасы қайтыс болғаннан кейін Клитарх пен Онесекрит жазған қолбасшының шынайы тұлғасы бірте-бірте аңызға орын бере бастады. Осыдан келіп Александр туралы алғашқы романның нұсқалары пайда бола бастады. Вифинияда, Кіші Азияда дүниеге келген жазушы Квинт Эппий Флавий Аррианның Александр туралы жете баяндайтын көне заманда туған шығармасы «Александр жорығы» деп аталған. Шығарма жеті кітапқа бөлінген шығарманың кіріспесінде автор: «Егер кімде-кім неге Александр туралы жазған, ол туралы көп жазылған десе, алдымен ол туралы жазылғандарды оқып, менің жазғаныммен салыстырып, таң қалсын» деген. Мұның өзі Александрға қатысты көп және қайшылықты жазылғанын дәлелдейді. Одан әрі автор: «Менің ойымша Александрдың есімін естімеген бірде-бір халық, қала, адам болмаған. Сондықтан да менің ойымша, ол ешкім тең келмейтін құдай қалауымен дүниеге келген адам. Бұған Александрдың өліміне қатысты сәуегейлік те, әр түрлі көріністер де, әр адам көрген түстер де қазірдің

өзінде адамдардың құрмет көрсетуі де куә. Менің өзім де бұл жұмыста Александрдың қателіктеріне көріпкелдік танытып, кешірімшілдікпен қарадым дегеніммен де, мен Александрды құрметтейтінімнен ұялмаймын да». Мұның өзі көнеден Александрға қатысты әр тарапты бағалауға ие болған еңбектердің мол болғандығын дәлелдейді.

Зерттеуші Е. Э. Бертельс Сасанидтер билігінің соңына қарай Александрды мінсіз билеуші етіп көрсетуге басымдық берілгенін, ол туралы нақты деректердің болмауы авторларға қолбасшының болмысын түрлендіре суреттеуіне негіз болғанын, бұл сол кездегі әр ғылым саласынан алынған мәліметтерді тоғыстыра жинақтайтын энциклопедия іспеттес «Александрия» ғылымының орнығуына дәлел болғанын айтады.

«Ескендір мен Роксана» романы тарихқа аты әйгілі тұлғалардың бейнесін көркемдікпен әрлей суреттейді. Әдетте, тарихи роман желісі қоғамдық-саяси ахуалдың барысын қуалап, ірі оқиғалардың тізбегін кең түрде беруден тұрса, бұл шығармада жекелеген кейіпкерлердің ой, парасаты, тағылымды көзқарастары аңғарылып жатады. Әдетте, билік иелері біршама тұрақталған қасиеттерге телінсе, мұндағы патша мен бағадүрлер әрбір әрекеттеріне баға беріп, сын айтып, қорытынды шығарып отырады. Содан да болар Александр «таспен ұрғанды аспен ұрған тұңғыш патша», «тәңір жалғыз, патша да жалғыз, оның бал жұтқан күнінен у жұтқан күні көп», «патша - осы елдің бас абызы» деген бұрын онша үйлесе қолдана қоймаған пікірлер роман сюжетімен танысқан оқырманды сендіре аларлықтай. Оның себебі, ұланғайыр жорық жасап, елді бағындырып келген Александрдың өзі кейде осы тірлігіне қанағаттана қоймай, іштей ойға беріледі. Патшаның мазасын алған Роксана болады. Ол «бес найза бейнелі көк байрағының астындағы тоғыз жүз алпыс мың түтінге билігі жүріп тұрған Байтақ патшаның өктемдігі жүре қоймайтын қызы». Роксанаға көңілі қатты құлаған Александр ойға беріледі: *«Мен өзімді Роксанаға сыйласам қалай болады?»*.

Жоғарыда аталған Аррианның «Александр жорығы» шығармасында мынадай үзінді бар: *«... Тұтқынға көптеген әйелдер мен балалар түсті. Солардың ішінде Оксиарттың әйелі мен балалары болды. Оксиарттың бой жеткен Роксана есімді қызы*

болған. Александрдың әскері Дарийдің әйелінен кейінгі Азиядағы әдемі әйелді көріп тұрғаны осы деп айтады. Александр оны көріп ғашық болып қалады. Ол оны тұтқын етіп қорлағысы келмей, әйелі етіп алады. Оксиарт балаларының тұтқынға алынғанын, Александрдың Роксананы ұнатқанын естіп, көңілі көтеріліп, Александрға келеді. Оны сыйымен кездесуге лайық қарсы алады».

«Ескендір мен Роксана» романында тарихи есімдер, тарихи оқиғалар, аңыз бен шындықтың қабат өрілуі көркем берілген. Әдеби портрет тікелей адамға бағыттала отырып, сөз арқылы автордың идеясын, ұстанымын ашады. Көркем шығармада портрет кейіпкер бейнесін жете тануға бастайды, сондықтан ол біржақты тәсіл болудан аулақтап, кейіпкерді әлеуметтік-өмірбаяндық және психологиялық жағынан толықтырады. Қазіргі мәдени ахуалда гуманизм идеяларының терең күйреуі, адами болмыстың күрделі дағдарысқа ұшырауы байқалды. Қазіргі таңда тек жекелеген дәстүр, танымдар ғана емес, тұтас қоғамдық дәстүрлі қабылдаулар, гуманистік дәстүрлер өзгеріске ұшырауда. Батыс мәдениетінің интеллектуалдық тарихы өткен дәуірлерден бастап, бұрынғы идеялардың, құрылымдардың өзгеріп, қарама-қайшылықты ішкі, сыртқы байланыстардың тереңдегенін көрсетуде. Сөйтіп, тұтас менталды стихия байқалып, санасыз, аралас, дүбара түйсік орнықты. Осының өзі философияның пәндік өрісін өзгертті. Бұрын классикалық философия мәдени дәстүрлердің сабақтастығына бағытталса, қазіргі интеллектуализм мәдениет пен адамның эмпирикалық негізіне бой ұрды. Қазіргі қызығушылық өзара үйлесу субъектісінің жоғалуына ерекше көңіл бөлінуде. Адамның “мені” неде? Ол өзінің сыртқы проблемалары мен өз жанының ахуалын қалай көрсетеді? Осы сауалдарға бүгінгі заманның философиясы жауап іздейді. Әрине, бағалы затын жоғалтқан адам өткеніне, бұрын басып өткен жолына қайта оралады. Роксана - көркіне парасаты сай бейне. Падиша айналасына шуақ шашатындай жылылық, әдемілік орнатқысы келеді. Роксананың ойы терең, парасаты кемел. Жазушы шығарма соңын былайша түйіндейді: *«Роксана адасқақ ойлардан шыға алмай, қиылып алдына келген көп сауалға жауап іздеді. Енді патша болды. Қайсысы жеңер екен? Үстемдік әзәзілі ме, өнер киесі ме? Роксана терең күрсініп алды.*

«Таразысы тең түсіп, бір басында ынсап, екінші басында ақыл тұрса екен!». Қаламгер әйел затына тән терең мейірім мен биік парасатты ұлттық таным тұрғысынан тағы бір қорыта кетеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде жарық көрген тарихи романдардың басты идеялық-көркемдік ерекшелігі, тарихи шындық пен тарихи тұлғаны бейнелеудегі жаңашылдық

2. Ұлт тарихының көркемдік шындық кеңістігінде суреттелу сипаты, тарихи туындылардағы ортақ сюжеттік желілер мен кейіпкерлер жүйесіне шолу

3. Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романының көркемдік-құрылымдық (сюжет желісі, кейіпкерлер бейнесі, көркемдік-бейнелеу тәсілдері) ерекшелігі

4. Тұрар Рысқұлов өміріне арналған ғұмырнамалық эпопея. Роман - хамсадағы оқиға өрбіту (ұластыру), тұлға жасау ерекшелігі

5. Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» романындағы тарихи тұлғалар жүйесі, Қабанбай батыр бейнесі және ұлттық рухтың көрінуі

6. «Ескендір мен Роксана» романындағы тарихи оқиғалар мен кейіпкерлер жүйесінің берілуі, аңыз бен шындықтың үндесуі.

Көркем шығармалар:

1. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы. А., 1999.
2. Мұртаза Ш. Тамұқ. Роман
3. Жұмаділов Қ. Дарабоз. Роман
4. Төреханов Э. Ескендір мен Роксана. Роман.

Әдебиеттер:

1. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. Астана: Күлтегін, 2005.
2. Он ғасыр жырлайды. Алматы: Дәуір, 2006.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Қазақпарат, 2005.
4. Қазақтың 100 романы. Астана: Фолиант, 2004.
5. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана, 2002.
6. Жұртбаев Т. Дулыға. Алматы, 1994.
7. Нұрғали А. Қазақтың ілкі тектерінің дәстүрлі мәдениеті. Алматы, 2000.
8. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011.

И т а р а у

ҚАЗІРГІ ПРОЗАНЫҢ ДАМУ АРНАЛАРЫ

Проза жанрының жаңа бағыттары және көркемдік ізденістер. Прозаның ішкі жанрларының дамуы. Мемуарлық шығармалар. Лирикалық проза. Сипаты, зерттелуі, жанрлық ерекшеліктері. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның даму ерекшеліктері. Сюжет пен композиция. Лирикалық прозадағы психологизм.

Егемен ел аталып, тәуелсіздік туын желбіреткен тұста рухани мұраны, әсіресе қоғамның болмыс-бітімі мен кескін-келбетін бағамдайтын әдебиетті жаңаша саралау – өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ прозасы әдебиетіміздің өзге жанрларына қарағанда өзінің кең құлаштығымен де, көркемдік-эстетикалық қуатымен де халқымыздың рухани өмірінде ерекше орын алады. Замана ағымының қилы кезеңдерінде ширап-шыныққан сөз өнерінің тақырыптық тұрпаты үздіксіз жаңғырып, жаңаланып, дамып отырады. Ел басына түскен қиындықтар ұлттың сана-сезімінің, ұлттық идеяның дамуына түрткі болды.

Бүгінгі таңда, елдің егемендігі, ұлттың тәуелсіздігі төл туындыларымыздағы заман шындығы мен халық тағдырының көрініс беруі, ұлттық идеяны насихаттау, оны көркемдік тұрғыда жинақтау мен пайдалануда қазақ қаламгерлерінің қол жеткізген жетістіктерін жан-жақты талдау қажеттігін тудыруда.

Қазіргі қазақ прозасы бүгінгі заман тіршіліне шындап бет бұрды. Тақырып аясы кеңіді. Образдар жүйесі жаңа бейнелермен толықты. Өмірге қилы мінезді, алуан келбетті кейіпкерлер келді. Образ жасаудың тәсілдері жаңаша сипаттарға ие болды. Бүгінгі күн тақырыбын көтерген жазушылар замандастарымыздың ішкі жан әлеміне оның моральдық, этикалық сипаттарына тереңірек үңіле отырып, сан алуан қасиетке ие бейнелер жүйесін жасады.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетімізде алдыңғы буын дәстүрі кең көлемде тың ізденістермен молығып, жалғасын тапты. Көп жыл бойғы көркем әдебиетке күштеп таңылған социалистік реализм әдісінен қол үзген жаңа буын әдебиеті жаңа өріс іздей бастады. Сол ізденістер нәтижесінде тың сипатты туындылар дүниеге келді.

Осындай шығармалардың қатарына ұлттық прозамызда аңдар мен құстар, жан жануарлар әлеміне тереңдей еніп, сол негізде қоғамдық әлеуметтік, адамгершілік мәселелерді көтерген туындыларды жатқызуға болады. Солардың барлығына бірдей тізбектемей, кейінгі тәуелсіздік жылдары осы дәстүр қалай жалғасын тапты деген мәселеге тоқталып көрелік.

Жан-жануарлар әлемі арқылы гуманистік идеяны көтеру қазіргі прозаның өзекті мәселелерінің біріне айналғаны анық. Адам мен табиғат бірлігі мен қарама-қайшылығы бірқатар шығармаларға арқау болып, өзекті мәселеге айналды.

Қазіргі прозада өзіндік ізденісімен танылып жүрген жазушы Асқар Алтайдың «Алтайдың алқызыл модағайы» роман-мифінің кейіпкерлері Ұлар атты аңшы жігіт пен Бұлабике атты ару және Айқоңыр ныспылы аю. Оқиға осы үшуінің айналасында өрбиді. Романның символикалық астары терең. Оқиға Бұлабикені әкетпек болған Айқоңырдан қызды Ұлар аңшының арашалап қалуынан басталады.

Роман соңында трагедиялы оқиғамен аяқталады. Бұлабике де, Ұлар аңшы да, Айқоңыр аю да мерт болады. Жазушының аюы аюша ойлап, аюша әрекет еткені. Хайуандық инстинкпен адамдар өміріне араласпақ болған Алтай аюының әрекетінен гөрі адамдардың әрекеті қатыгездік сипатымен ерекшеленген. Адамға қасірет әкелетін негізінен адамдардың өздері. Бұлабикені сұмдық қазаға қиған өз тумаластары. Бейітіне келіп, қыз мәйітін қорлаған Айқоңыр аюдан Ұлар екінші рет, соңғы рет сүйіктісін арашалайды. Аю да, өзі де осы бейіт маңында мерт болады. Бұлабике арудың тағдырын автор қаншалықты нәзік иірімдермен бейнелесе, Ұлар аңшы характері де осы бағытта мүсінделген. Ал, алтайдың аюы Айқоңыр бейнесін беруде аң психологиясы мен адам түйсінетін ұғым-сезімдерді қабаттастыра отырып, тың тәсілге барған.

«Алтай элегиясы» туындысын автор повесть-притча деп атайды. Повестің негізгі оқиғасы бала қиялындағы қызыл бөлтірікке бағытталған. Бастан аяқ символдық бейнелеулермен баяндалған оқиға желісінен табиғат пен адамзат арасындағы үндестік пен қайшылық сияқты аса күрделі философиялық пайым аңғарылып отырады.

Қазіргі прозада жан жануарлар бейнесін нысан етудегі елеулі

бір жаңалық – жартылай адам, жартылай хайуан бейнелердің туындауы. Ежелгі мифтердегі Сфинкс, Кентавр сияқты зооантропоморфтік бейнелер көркемдік-идеялық мақсатта қазіргі көркем прозаға кейіпкер болуда. Мысалға Асқар Алтайдың «Кентавр», Айгүл Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімелерін айтуға болады.

Асқар Алтайдың кейіпкері жартылай адам, жартылай ат болып дүниеге келген бала. Есейе келе үйге симайды. Ашық аспан астында түнеуге мәжбүр. Балаларының бұл халі ата-анаға үлкен қасірет. Автор Кентавр арқылы көне мен жаңаның тартысын, табиғат пен адамның бір-бірінен алшақтауын тұспалдайды.

А. Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесіндегі кейіпкер де тосын. Тағдырдың жазуымен некесіз сәбиді өмірге әкелмек Қаршыға атты өнерлі қыз тағдыры күтпеген арнаға бет бұрады. Үлкен сахна жайлы арманын естен шығарып, тауда жалғызқой бағып отырған аға жеңгесінің қасына келеді. Тауға келген ол құс жұмыртқаларына ерекше құмартады. «Көлдерге жаяу жалғыз кетіп қалатын Қаршығаның жабайы құс жұмыртқаларына өлердей құмартып, аяғы ауырлығына қарамай, жүзіп іздеп, жыл құстары толтырып тастаған ұяларды үптеп, жұмыртқа ұрлап жеп жүргені қойшы мен әйелінің үш ұйықтаса түстеріне кірмес еді». Өмірге келген қыз баланың арқасындағы болар болмас шеміршек төрт жасқа толғанда күлтеленген қанатқа айналады. Хорлан атын иемденген, нағашысы Қоңырқаз деп атаған қыз бала тағдыры тым ерекше болады. Ол да құстарды ерекше жақсы көріп, саз балшықтан олардың мүсінін жасайды. Жыл құстары келіп жатқан жазғытұрым ол тауға рұқсатсыз қашып кетеді. Өйткені бар аңсары құстарға ауған. Бір күні зәбір көрген баланы қорғамақ болып ұмтылғанда арқасындағы қос қанат жайылып, баланы биікке алып ұшады. Әлсіреп, суға жығылған қыз енді адами түйсіктен мүлде ажырап, құстар дүниесіне еніп кетеді. Қоңырқазды бірнеше аққу көтеріп алып, ұшып кетеді.

Әңгіме астарында рухани еркіндікке, рухани бастауға деген сағыныш пен аңсар жатқаны айқын. Құс пен адам тағдырын бір бойына сыйдыра туған Хорлан қыз жазушы қиялы тудырған символдық бейне. Кеңістікке құмар құс сипатты рухтың тұспалды символдық бейнесі болып Қоңырқаз – Хорлан алынған.

Қазақ прозасындағы көркемдік ізденіс көкжиегін кеңейткен

Кентавр мен Қоңырқаз – жаңа тұрпатты символикалық бейнелер. Көне аңыздар мен мифтердің мазмұнын құрайтын адам мен табиғаттың бірлігі, тепе-теңдігі көркемдік ойлау жүйесінде түрлі символдық мәнге ие поэтикалық бейнелердің туындауына әкелгеніне бұл әңгімелер мысал бола алады.

Қазақ әдебиетінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан жанр – хикаят болып табылады. Бүгінгі таңда оқырман жүрегінен өзіндік орын алып жүрген осы жанрдағы туындылар қатарына Т. Әбдіктің “Парасат майданы”, А. Алтайдың “Туажат”, К. Сегізбаевтың “Арасан”, Н. Қамидың “Шал”, Д. Батырдың “Тілеп алған қасірет” т.б. көптеген хикаяттарды жатқызуға болады.

Төлен Әбдіктің “Парасат майданы” повесінде тұлғасы кереғар “екі адамға” бөлінетін кейіпкер бейнеленеді. Ол бірде “Күнделік иесі”, бірде “Бейтаныс құрбы” деп аталады. Жазушы бір адам бойындағы қайшылық арқылы барша адамзаттың қайшылығын көрсеткісі келеді. Бейтаныс құрбы мен Күнделік иесінің арасындағы текетірес - зұлымдық пен ізгілік арасындағы мәңгі майдан. Бұл хикаятта адамзаттың келешектегі тағдыры қалай болмақ деген сұрақтың жауабы айқындалады.

Кейіпкер Күнделік иесі араға үш-төрт күн салып, басқа бір адамға, яғни Бейтаныс құрбы болып оянып жүреді. Осы “екі адам” бір-бірімен хат жазысып таласып-тартысады. Күнделік иесі Бейтаныс құрбысын, яғни өзінің өзгерген кейпін “өте зымиян адам” деуге дейін барады.

Адамдар арасындағы шым-шытырық қарым-қатынастан туындайтын оқиғаларды автор шебер бейнелеген. Күнделік иесі жасырып ұстайтын дәптерін кімнің оқып, пікір жазып жүргенін білмей дал болады. Осы оқиға қашан аяқталғанша шығарма соңына дейін оқырман сюжет желісін қадағалап, қызығып отырады, құпия хаттың иесін білуге асығады. Тек шығарманың аяғында ғана бейтаныс құрбының Күнделік иесі екенін біледі. Күнделік иесі оны жүйкесі ауырып келген кезде дәрігердің мына сөздерінен біледі: *“Мен адам бойындағы қостұлғалықты бекер айтып отырған жоқпын. Сізбен бір айға жуық хат жазысқан бейтаныс адам ешқайдан келген жоқ, ол өзіңіздің ішіңізде”*.

Күнделік иесі: *“Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін жек көретін өлермен өзімілдік, мақтаншақтық,*

қатыгездік, мейірімсіздік пен іштарлық патология (ессіздік, бейсаналылық) емес пе?» - деп жазады. Мұның бәрі қоғамдағы босаңсудан пайда болған түпсанадағы ессіздік, кеселдік дерті. Жаңа нарықтық демократияшыл қоғамның күреспей, тиісті моральдық қалқан жасамай жауыздықты беталды жіберіп алудың салдары. Күнделік иесі Мағжанша: *«Сұм өмір абақты зой саналыға»*, – деп толғанады.

Күнделік иесі жындыханаға түседі. Алайда сырқатының түрі есі ауысқандыққа жатпайды. Ол туралы дәрігер өз ойын: *«Шынайы тазалық бұл өмірде құлағалы тұрғандай көрінеді. Бәлкім, оны құлатпай ұстап тұрған сіз секілді санаулы адамдар шығар...»* деп білдіреді.

Күнделік иесінің қасіретті дерті – қай күні таңертең басқа адам болып оянатындығында. Оның екіншіжартысы бұған қарама-қарсы пиғылдағы жан. Біріншісі ізгілікке сенсе, екіншісі зұлымдыққа жақтас болады. Оның пікірінше: *«Ізгілікке де, зұлымдыққа да сену керек. Зұлымдықтың да пайдасы бар. Зұлымдықтың бір өкілі - ажал. Егер ажал болмаса, жер бетінде қандай тіршілік болар еді? Ауру өлмесе, кәрі өлмесе, қарақшы өлмесе не болар еді? Тозақ қана болар еді. Бойымызда кісі өлтіре алатын қатыгездік болмаса, қанішерлерден өзімізді қалай қорғар едік?»* - дейді. Күнделік иесі дәрігердің «таңертең басқа адам болып оянасыз» дегенінен шошынады. *«Жоқ, ешқашанда!»* деп өзіне ант бергендей болады. Шығарманың көркемдік идеясы «өз өмірінді құрбан етсең де, жамандыққа жол берме» деген ойға алып келеді. Кейіпкердің болмысына, ой саптауына қарап отырып, біз оның негізінен жүрегі ізгі жан екенін байқаймыз. Жақсы адам бола тұра, бір басында қайшылығы, ой-сезім арпалысы мол жан. Екінші тұлғасы - Бейтаныс құрбы - оның жан жарасы. Повесть Сократ, Ницше, Фрейд, Абай сияқты ірі ойшылдарға сүйене отырып, *«бостандық адамның өзінің ішінде, санасында, қоқыстан арыламын десең, өзіңді өзің жеңу керек»*, – деген қорытындыға келеді. «Парасат майданы» шығармасы адамзат тарихында қол жеткізген рухани құндылықтарды сақтауға үндейді.

Ал К. Сегізбаевтің “Арасан” хикаятының сюжеті негізінен екі желіде дамиды. Бірі - нарықтық тәртіптің қоғам экономикасын құлдыратқан, ел ішін ойрандаған, жұрт пиғылын бұзған қарқы-

нын суреттесе, екіншісі – жеке меншікке үйренген сайын ауыл адамдарының жаңа жағдайға икемделіп, бойкүйездіктен арылып, қарымды іске көшкен, еңселерін тіктеген тұрмысы суреттеледі. Шығарманың бас кейіпкері – Оспанқұл қарт. Ол бұрынғы Кеңес үкіметінің кезінде озат шопан болған, көптеген марапаттар алған. Сол кезеңдегі Оспанқұлдай адамдардың көбінің совхоз таратылғанда тиесілі болған азын-аулақ малды ермек қылып отыра беретіні белгілі. Ал шығарманың кейіпкері бұлай жасамайды, қоғамдағы болып жатқан жағдайларға ол қатты алаңдайды. Оның үстіне кенже баласы Сәрсенқұл қалаға оқуға барған жерінен әлдебір бұзықтарға ілесіп, істі болады. Ол жақтан мүлде өзгеріп, бұзылып оралады. Кезінде өзіне көмекші болып, содан шаруасын түзеп алған Молданбайдың сараңдығы да Оспанқұл қартты одан ары қайрай түседі. Қоғамдағы өзгерістер тек Оспанқұлды ғана емес, шығарманың өзге де кейіпкерлерін өзгертіп, жаңа заманның ыңына жыңылып, жаңаша өмір сүруге үйретеді. Мысал ретінде Оспанқұлдың көршісі Асанды айтуға болады. Оның бір баласы мал ұрлап, сотталып кетеді. Басына түскен қиындықтарға мойымай, алға ұмтылады, мынадай заманда тек тынбай адал еңбектенген адам ғана мұратына жететінін түсінеді. Ол: *“Бұл тіршілігімде жалқау да, жаман да, ұры да атандым. “Білекке сенер жастық өтті, білікке сенер кәрілік жеткенде” мені де жүрегімнің қинаған жайы бар, ағайын! Тоқтадым! Құран ұста десең құран ұстадым, мінеки! Мен бірдеңе ұқсам, бұл заман жалқау мен жалдапты аямас заман екен. Бүгін қайта туғандай әр тірлікке тастүйін әрекет еткен жайым бар. Тек, ес жинап, қатарыңа қосылғанша, көзге түртпесең екен...”*, - дейді. Дер кезінде ақылға келіп, заманына қарай әрекет еткен Асанның шаруасы да оңалды. Яғни, шығарма кейіпкерлері - өз заманына икемделіп өмір сүре білген, нарықтық кезең адамдары. Жазушы осындай кейіпкерлері арқылы адам бойындағы өзгерісті жан-жақты аша отырып көрсете білген.

Нұрлан Қамидың «Шал» атты хикаятының оқиғасы аты аталмайтын кейіпкер Шалдың өмірін суреттеуге құрылған. Ол соғыс кезінде немістердің қолына тұтқынға түсіп қалады да, туған Отанына келгеннен соң Сібірге жер аударылады. Көптеген қиындықтарды басынан өткізеді. Ақыры ауру-сырқаулы болып

еліне оралады. Еліне келгеннен кейін оны ешкім елемейді, атаусыз қалады. Сол атаусыз күйі өмірден өтеді.

Кейінгі жылдары көбірек қозғалып жүрген тақырыптардың бірі – табиғат пен адам арасындағы тайталас. Д. Батырдың «Тілеп алған қасірет», А. Алтайдың «Туажат» хикаяттары да осы мәселені көтеруге арналған.

Мемуарлық шығармалар. Мемуар француз тілінен аударғанда «естелік» деген мағына береді. Бірақ мемуарлық шығармалар жай ғана естелік немесе күнделік емес. Деректі шығарма мемуар деңгейіне көтерілуі үшін оның авторы өз заманында қоғамдық-саяси өмірдің бел ортасында жүруі және туындысында белгілі бір өңірдің, кейде тұтас мемлекеттің тарихы үшін маңызды оқиғалар мен құбылыстар жайлы баяндауы, әрі соларға қатысты өз ұстанымы мен бағасын жазуы керек.

Соңғы бір ғасырда жазылған қазақ мемуарлық романдарының саны әжептәуір. Солардың арасында Кеңес үкіметінің қалыптасу кезеңінде жазылған мемуарлардың шоқтығы биік деуге болады. Оларға С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мұстафинның «Көз көрген», С. Көбеевтің «Орындалған арман» сияқты туындыларын жатқызуға болады. Бұл мемуарлардың оқиғалары тарихи-қоғамдық күрделі өзгерістер, аласапырандар кезіне сай келген-ді. Сондықтан олар ірі, кесек мәселелерді қозғады, сюжетті желілері мен шиеленістері де күрделі болды. Ал, кеңестік идеология күшіне әбден енген тұста жазылған мемуарларда осындай ірілік, кесектік байқалмады. Олардың авторлары өзі ғұмыр кешкен ортадағы қоғамдық-саяси оқиғалардың шынайы көрінісін бейнелей алмады. Дегенмен, олар сол кездегі тарихи оқиғаларды баяндауымен маңызды.

Қандай да болсын көркем шығарманың идеялық негізі көркемдік іргетасы шынайы өмір болып табылса, мемуарлық туындының қайнар көзі сол реалистік шындықтың өзі деп тұжырымдауға болады. Себебі, оның ең алдымен арқа сүйейтіні - деректілік. Және мемуарлық шығарманың қайсысы болмасын сол шындықтың ең маңызды, өзекті жақтарын көрсетеді.

Мемуарлық роман жазу қай қаламгерден де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әсіресе, мемлекеттік, халықтың тарихына қатысты оқиғалар туралы қалам тербеуде ең алдымен шын-

шылдық керек. Демек, біріншіден, мемуар жазу – өзіңе, қала берді халыққа есеп беру. Өйткені, мемуар ғұмырнамалық деректі шығарма болғандықтан онда қоғамдық-саяси оқиғалар автордың өз өмірімен байланыстыра отырып баяндалады. Демек, автордың қоғамға, мемлекетке, ұлтқа қаншалық еңбек сіңіргені мен сіңіре алмағаны өзінен-өзі екшеледі. Екіншіден, мемуар жазу – ардың ісі. Тарихи шындық пен мемуарда баяндалған шындықтың арасы алшақ кетпеуі үшін автордың ары таза болуы керек. Әйтпесе, өзінің қатесі мен күнәсін бүркемелеу үшін ақиқаттан алыстап кетуі бек мүмкін. Үшіншіден, мемуар жазу – ұлттың, ұрпақтың тағдырына қатысты іс. Автор өзі өмір сүрген кезеңнің тарихын келер ұрпақ осы туындысы арқылы танитынын түсінуі, мойнында сондай жауапкершілік тұрғанын түйсінуі тиіс.

Қазіргі қазақ прозасындағы табиғаты жағынан алып қарағанда таза мемуарлық шығармалар мен мемуарға жақын болып келетін естелік туындылардың мазмұндық, идеялық-көркемдік ерекшеліктерін ажырата білу қажет. Естелік очерк, күнделік, ой-тоғаныстар, хат және эпистолярлық, ақпараттық-деректік сипатта жазылған шығармалар қазіргі таңда өте көп. Олардың бәрінің де ортақтастығы - өмір дерегіне, нақты фактіге құрылуы. Қатардағы деректі туындыдан мемуар несімен ерекшеленеді дегенге келетін болсақ, алдымен олардың ұқсас жақтары бар ма, бар болса, қандай деген сұраққа жауап іздеген дұрыс.

Еліміз тәуелсіздік алған соң да мемуарлар аз жазылған жоқ. Айталық, Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» деген дилогиялық мемуары, Х. Әдібаевтың «Өмірдария», Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» дилогиясы, Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» және М. Мағауиннің «Мен» деген романдары қазіргі қазақ мемуарларының арасында ерекше орын алады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жазылып, оқырман назарына ұсынылған көрнекті қаламгер Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-эссесі жанрлық тұрғыдан мемуарлық шығармалар қатарына жатқызылады.

Шығармада оқиғалар желісі шағын тақырыптарға бөлініп баяндалады. Бұл оқиғалардың барлығы жинақтала келіп тұтастай бір заманның бейнесін танытады. Роман « – Сен қайдан келдің? –

дегенде бір данышпан: – Мен балалық елінен келдім, – деген екен», – деген сөздермен басталады. Автор сол балалық еліне сапар шегіп, қасіретті мен қақтығысы көп кезеңге тап келген балалық шағын сөз етеді. Әкесі Мұртазаны «халық жауы» деген жаламен ұстап әкеткенде Барсхан бес жаста ғана еді. Міне, сол кезден бастап үлкен өмірмен бетпе-бет келу, басқа түскен қиындықтар; жетімектерін жетелеп, жарының қайғысын азалаған Айша ананың қасіреті мен қайраты романның өзегіне алынған. Соғыс уақытындағы тыл өмірінде еңбек еткен әйелдер бейнесі Айша образы арқылы бейнеленсе, тура осындай еңбек өтінде жүрген жас балалардың халі, жайы шығарманың бас кейіпкері Барсхан арқылы көрінеді. Айша таңсәріден тұрып, егіс даласында күні бойы еңбек етіп, қас қарайғанда үйіне шаршап-шалдығып оралса, ұлының да мойнындағы жүк те өз жасына қарағанда әлдеқайда ауыр.

Жала жабылып айдалып кеткен әкесінің сол қалпы қайтып оралмауы, шиеттей үш баламен тірідей жесір қалған шешесі Айшаның ауыр тағдыры, отағасынан айрылған отбасының бірінен соң бірі таусылмас озбырлыққа ұшырауы, қаншама қайғы-қасірет тартса да, мойымай, алға ұмтылып, күрессе де жеңіліске ұшырай берген ұзақ жылдар – адамды барлық жағынан шаршатып жіберетін жағдайлар. Шығарма кейіпкерлері Айша да, жас бала Барсхан да ел қатарлы қиындықтарды, зорлықты көре жүріп, күндерін көреді. Бұл жолда олардың жеңістерінен гөрі жеңілістері көп. Жетім, жесір деп есіркемей, керісінше, үстемдіктерін көрсетіп, өмірлерін қиындата түсетіндер қай кезеңде де табылатыны белгілі. Мұндай өктемдік жасаушы адамдардың романдағы өкілдері – Тасбет бригадир, Жуанқұл бастық, Олар Айша мен Барсханға әуелден теріс көзбен қарап, қырына ала береді. Ана мен бала таңның атысынан күннің батысына дейін далада колхоз жұмысында аянбай еңбек етсе де, бригадирдің көңілінен бір шықпайды. Осындай әділетсіз қиянаттың бірінде Барсхан оған айыр ала жүгіреді. Осы оқиғадан кейін зорлықшылардың жазасынан қорқып, Айша жалғыз ұлын нағашыларына жібереді. Ауыл жуандарының қорлығы әбден батқан соң, өзі де балаларын жетектеп, ұрланып көшуге мәжбүр болады. Алайда Тасбет оларды жай жібермей, арбаға жеккен

өгіздерін тартып алып, өздерін далаға қаңғыртып тастап кетеді. Бұл олардың жағдайын одан сайын ауырлата түседі.

Барған ауылдарында да ұзақ тұра алмай, Әулиеата қаласына келеді. Ол жерде әйтеуір өлместің күнін көріп, соғыс біткеннен кейін ғана еліне қарай қайта бет алады.

Кейіпкердің бастан кешкен оқиғаларының қамтитын уақыты – он шақты жылдың көлемі ғана. Осынау қысқа кезеңде оның алдынан сан қилы тағдыр иелері, әртүрлі мінезді адамдар жолығады. Олардың ішінде өмірлері трагедиялық жағдаймен аяқталатындары да бар. Мәселен, өзі қатарлас Сүлеймен – құрт ауру. Құрдасына жаны ашыған Барсхан «шіркін, қымыз болса, жазылып кетер еді» деп армандайды. Осы ойдан арыла алмаған оның емдік қасиеті бар сусынды іздеп сандалуы логикалық тұрғыдан дәлелді. Жуанқұлдың әйелінен әрең сұрап алған қымызды жолда кезіккен Жуанқұлдың камшымен тартып қалып, ақтарып тастауы – осы сюжеттің шарықтау шегі.

Барсханның нағашы апасы Зибаның да тағдыры Сүлеймендікіне ұқсас. Күйеуі ел қатарлы соғысқа кетіп, соңында амансау оралғанымен, оның басты трагедиясы – ауыр науқасқа душар болуында. Дерті айықпас емес, дұрыстап емделер болса, жазылып кетуге болатынын бала да болса Барсхан да түсінеді. Бәріне кінәлі – қолдың қысқалығы. Өмірге құштар әйелді құтқарып қала алмау бұл желідегі оқиғаның салмағын ауырлата түскен. Зибаның аузы аққа тисе ауыруынан сауығып кетер деген үмітпен, туысқандарына қосып қойған сиырын алып келуге Барсханды жұмсайды. Алайда аузына келгенін айтып оны қуып жіберуі – оқиғаның түйінді тұсы. Бұл оқиғалардан туындайтын әлеуметтік қорытынды – қысылтаң кезеңде адамдардың пиғылының осылайша тарылып кететіндігі.

Романның бас кейіпкері жазушының өзі екенін байқау қиын емес. Шығармаға да өзі басынан өткерген шынайы оқиғалар арқау болған. Шығарманы оқып шыққаннан соң оқырманның ең алдымен түйетін ойы – жазушының балалық шағындағы оқиғалардың қоюлығы, бастан кешкен жайларының, өмір соқпағында ұшырасқан адамдарының алуан түрлігі мен молдығы. Өмір кеңістігіне енді ғана қадам басқан жас баланың алдынан ұшырасып, тағдырына араласқан әрбір адам өз алдына дара бір сюжеттің туындауына, бұрынғы айтылып келе жатқандарға

ұқсамайтын жаңаша ойдың түйінделуіне себепші. Мәселен, мектепке барғысы келген Барсханды «халық жауының» баласы деп мектепке алмай қояды. Бұған намыстанып үйіне жылап қайтып келе жатқанда алдынан шыққан комсомол қызметінде жүрген Ноха есімді жігіт көмектесіп, мектепке алдырады. Бұл білім алуға құштар жас бала үшін ұмтылмастай әсер қалдырған оқиға болады. 1941 жылдың күзінде соғысқа кеткен Ноха содан қайтып оралмайды. «Осы күні қолымда бел ортасынан жыртылған суреті бар... *Мен алтыстан асып, егде тарттым. Ол жап-жас, уыз жас. Үйленген де жоқ. Ұрпағы да жоқ*», - деп жазады автор осы кейіпкерінің трагедиялық тағдыры туралы.

Бір кейіпкердің тағдыры арқылы соғысқа аттанып, қайта оралмаған, соңында ізі қалмаған қыршындар өмірінен де хабар береді. Бас көтерер азаматтың бәрі соғысқа аттанған ауылдың да халі жақсы болған жоқ. Ауылдағы бар жұмыс бала-шаға мен әйелдерге қарап қалды. Олар өздері аш жүрсе де, тапқандарының бәрін майданға жіберіп отырды. Осындай ауылдағы ауыр жағдайды шығармадағы мына бір үзіндіден көруге болады: *«Шәй ішіп отырмыз. Дастархан жүдеу. Жарты таба нан. Айша көзінің қарашығындай сандыққа салып сақтап жүретін кішкентай қозы қарын майдан бір қасық қана алып мейманның алдына қойды. Оны менің көзім тесіп барады. Таба нанға май жағып жеу деген – арман. Қарындасым мен інім де жетісіп отырған жоқ. Бірақ шыдайсың. Айшаның айбарынан қорқамыз. Иә, бұлар нан жемегелі қашан. Үнемі қызылша пісіріп жейді. Айша кейде қос уыс бидай қуырып, үш баласына теңдей бөліп береді. Сол дәнді бұлар ауыздарына бір-ақ салмай, бір-бір талдап қытырлатып, негұрлым ұзағырақ таусуға тырысатын. Қайтеді, жағдай солай»*. Осылайша шағын ауылдағы қарапайым бір отбасының тіршілігі арқылы сол кездегі кез келген қазақ аулындағы өмір шындықтарымен танысамыз.

«Ай мен Айша» - өмірбаяндық романның жаңа үлгісін танытатын, адамның қалыптасуы мен қоғамның дамуын сабақтастыра суреттеген шығарма. Мұндағы адам тағдырлары сұрқай заман шындығы ойлантпай, толғантпай қоймайды. Автор адам жандүниесін көркемдік тұрғыдан зерттей отырып, кейіпкер мінезін ашу арқылы оның адам ретіндегі болмысын жан жақты ашуға тырысады.

Мемуарлық роман дегенде оқырманның есінде тұратыны – автордың бәрінің де әңгімені өзінің балалық шағынан бастап, оқиғаларды өмір белестерімен ары қарай өрбітетіндігі. Олар алдамен өздері өмірге келген ортаны, ата-тегін, одан кейін ата-анасы туралы мағлұматтарды келтіре отырып, өзінің балалық шағына барлау жасап алады. Сонан кейін жетілдіре отырып әңгімелеп кететіні – ес біліп, етек жапқан кездерінде бастан кешкен оқиғалары. Бас кейіпкердің автордың санасы ашылып, түсінік-танымы, өресі кеңейе түскен сайын жүрген ортасымен, қоршаған қоғамымен қарым-қатынасы да арта береді, өзімен қоғам арасындағы қайшылықты жағдайлар молая түседі.

Жалрпы мемуар жазудың мұндай қалыптасқан қалпын өзгертіп, тыңнан тосын үлгі ұсыну қиындау. Өйткені адам өмірінің өзі бұлжымайтын, ешқандай да өзгертуге көнбейтін дәл осындай қалыпты белестерден тұрады. Мысалы, нәрестелік кезең, сәбилік шақтан бұрын жеткіншектік кезеңнің болуы мүмкін емес екендігін сезіне білгендіктен, оқырман мемуарлық туындының осындай қалпына наразылық білдірместен, бой ұсынып, көркемдік қабылдауға дайын тұрады.

Дегенмен, әр жазушы шығармасын жазу барысында өз басынан өткізген оқиғаларды тізбектеп бере салмай, оларды көркемдеп, оқырманға қызықты етіп жеткізе білуге тырысады. Бұл тұрғыдан келгенде, «Ай мен Айша» романының да көркемдік табыстары аз емес. III. Мұртазаның өзіне тән шығармашылық ерекшелігі қысқа жаза отырып, салмақты ой айтатындығы. Автор бірыңғай баяндау, шылқымай суреттеу, орынсыз тәптіштеуге орығн алдырмайды. Осы ретте романның қысқа-қысқа әңгімелерге бөлініп берілуі де сюжеттік желінің жинақы шығуын, композициялық бітімнің жинақылығын ойластырудан табылған көркемдік тәсіл деуге болады. Автор қаламына тән лирикалық әуен бұл туындысында барынша тереңдеген. Өзімен тұстас жазылған басқа да мемуарлық шығармалармен салыстырғанда лирикалық реңкі ерекше бұл роман-дилогиянының орталық кейіпкері – Барысхан. Сондай-ақ осы Барысханмен үнемі қосарлана, егізделе, тұтаса суреттелетін Айша, сағынышқа айналған Мұртаза, жұмбақ сырлы Ай шығарма оқиғасына нәзік сыршылдықты үстеген. Мұндағы Ай, кәдімгі қара түнді жарық қылып, әлемге нұрын шашқан Ай үлкен

символдық мәнге ие. Шығарманың басынан аяғына дейін Ай Айшамен бірге қатарласып суреттеліп отырады. Сол кезеңдегі қытымыр заманның ызғарын сәл де болса жылытып, адамның жабырқау тартқан жанына жылу себетін осы Ай сияқты. Тағдыр тауқыметін тартып, көп қиыншылық көрген Айшаның да көңіліне желеу болар жалғыз жарық, жалғыз шуақ, жалғыз үміт те осы - Ай. Шығарманың басында Мұртаза ұсталатын түнгі ай суретіне назар аударайық: «Айша аспандағы топ-толық айға қарап:

- *«О, Жаратқан, басқа-басқа мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді.*

Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды.

Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлт ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы түні жан жақтан қаптап келе жатты». Ай суретін жазушы кейіпкерлерінің басындағы ауыр жағдайды шынайы жеткізуде ұтымды пайдаланған. Айшаның отбасына аяқ асты келген қиындық секілді жаңа ғана жарқырап тұрған Ай да қараңғылыққа сүңгіп жоқ болып кетті. Шығарма басынан осылайша көрінетін Ай аяғына дейін Айшамен қатарласа беріліп отырады. Мұртаза бар кездегі толық Ай, ол ұсталып кетіп, отбасы ауыр жағдайда болғанда жарты Ай болып беріледі. Ол әрдайым бұлт арасынан сығалап, олардың тіршілігін бақылап тұратындай.

Айша да үнемі Айға қарап, бір жақсылық күтетіндей. Шығармада беріліп отыратын Ай суреттеріне назар аударып көрелік:

«Боран басылып, аспан ашылайын деді ме, терезеден ауру көздей Ай көрінді».

«Батыстан Жабағылы тұсында қан қызыл Күн ұясына батып бара жатқанда Шығыстан құп-қу болып, өңі қашып тұрған Ай көрінді».

«Үйге кеш оралдық. Түнгі аспан ашық, жұлдыздар самсап, Ай толықсып тұрды. Мыңбұлақтан бүгін бұлт арылды».

«Батысқа көшкен жартыкеш Ай тым-тым бозарып кетіпті. Қылаңытып әрең көрінеді».

Қарап отырсақ, Ай бейнесі де кейіпкерлер өміріндегі оқиғаларға сәйкес өзгеріп отырады, солардың көңіл-күйін меңзейтіндей. Шығарма соңында Айшалар туған ауылына оралып келе жатқандағы Ай көрінісі тіпті бөлек: «Қарашы, Барсхан, туған жердің Айы да бөлекше... Дұрыстап қара, мына жарықтық

Ай бізге мейірін төгіп тұр ғой», - дейді Айша нұрын төккен Айға қарап.

Иә, Айша ғана байқайды оны. Ай мейірленсе, қату заманның да жұмсара бастағаны».

Мәне, мұның бәрі шығармада суреттеліп отырған уақыт, заман шындығын танытумен қатар Айшаның да жан толқынысын, күйінішін, сүйінішін тереңдете түсуге қызмет етіп тұр. Сонымен бірге романдағы негізгі оқиға мен адам тағдырына деген оқырман ықыласын да күшейте түсетін эмоциялық жүк арқалап тұрғанын айтуымыз керек. Бұл орталық кейіпкерлер бейнесінің сәтті шығуы шығарма концепциясын тереңдете түсу жолындағы жазушы ізденісінен туған көркемдік әдіс, көркемдік табыс деуге болады.

Романда ұлттық мінез бен болмысқа да ерекше мән берілген. Халқымызға тән ұлттық ерекшеліктер, ғасырлар бойы қалыптасқан салт пен ғұрыптын, ырым мен тиымның қастерленуі роман кейіпкерлерінің сөздері мен істерінен анық көрінеді.

Ш. Мұртазаның “Ай мен Айша” роман-эссесі – жазушының балалық шағы, басынан кешірген тағдыры туралы. Оны өмірбаяндық роман деуге де болады. Бірақ, бұл роман ондағы басты кейіпкер Барсханның ғана өмірі емес, Барсхан сияқты мыңдаған адамның өмірі. Барсхан – жазушының әдеби бейнесі. Ш. Мұртазаның бұл туындысы оқырмандар арасынан өзінің бағасын алып, 1997 жылы “үздік роман” деген атаққа ие болды.

Лирикалық проза. Сипаты, зерттелуі, жанрлық ерекшеліктері. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның даму ерекшеліктері. Сюжет пен композиция. Лирикалық прозадағы психологизм.

Қазақ әдебиетінде лирикалық проза туралы зерттеулер алғаш рет ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. Бұған қарап лирикалық сарында жазылған шығармалар ұлттық әдебиетімізде осы кезеңге дейін болмады десек, қателескен болар едік. Сонау ауыз әдебиеті үлгілеріндегі, Шоқан, Ыбырай, Абай туындыларындағы баяндау дәстүрін еске түсірсек, лиризм айшықтарының ертеден жеткілікті түрде көрініс тапқанын байқаймыз. Негізінен бұл құбылыс «лирикалық проза» деп аталатын терминге қарағанда әлдеқайда ертерек басталды. Термин пайда болған алғашқы күндерден бастап қазіргі таңға дейін

прозаның осы түрі туралы талас-тартыстар толастар емес. Көптеген сыншылар лирикалық проза өз алдына өмірлік құбылыстарды бейнелей алмайды деп көрсетеді. Бізге шындықты кең көлемде қамти алатын прозаның, сол сияқты адамның толғаныстары мен тебіреністерін жеткізетін лирика бар екені белгілі. Олай болса, осы екі түрлі құбылыстарды араластырудың қажеті бар ма деген сұрақ туындайды. Лиризм кез келген эпикалық шығарманың құрылымына қатыса алады (лирикалық шегіністер, хаттар, т.б.). Осы жерде лирикалық проза лирикалық поэзияға қарағанда ерекше екенін атап өту керек. Эпикалық образда лирикалық тебіреністерді көрсете білу ерекше түрге тән. Мұнда сезімге негізделген өз алдына жеке образ болуы шарт. Ал оны әр қаламгер өзінше бейнелейді, әрқайсысының прозада поэтикалық образ тудыруда өзіндік әдіс-тәсілдері болады. Мәселен, бірінші жақтан баяндау мәнері, балалық шаққа шегініс жасау, қарапайым адами сезімдерге, табиғатқа қаратпа ретінде беру, т.б. жатады. Жанрдың өзгеруі, жанрлар мен түрлердің өзара кірігуі дәстүрлі емес, әлі де қажетті дәрежеде зерттелмеген жаңа түрлердің тууына алып келеді. Эпос пен лириканың бірігуі нәтижесінде пайда болған лирикалық проза да осындай құбылыстардың қатарына жатады.

Лирикалық прозада көптеген мәселелер өзіндік тұрғыдан ашылады. Мәселен, мұндай шығармаларда автор тұлғасы ерекше көрінеді. Кей шығармаларда автор өзі басынан өткізген, сезінген, ойлаған жағдайларға баса назар аударады. Мұнда автор тұлғасы авторлық «менінің», яғни ғұмырбаяндық әңгімелеушінің аясында қалыптасады. Дегенмен көркем шығарманың сипатын бірінші жақтан баяндау арқылы айқындауға болады деген ой тұмауы керек. Әрине кезінде прозаның осы түріне қатысты көзқарастардың ішінде бірінші жақтан жазылған шығармалардың бәрін лирикалық стильдік ағымнан туған деп есептегендер де болды. Бірақ мұнымен әрдайым келісе беруге болмайды. Мәселен, С. Мұқановтың «Өмір мектебіндегі» «мені» мен С. Мұратбековтің «Жусан исіндегі» «менін» алып қарайық. Біреуінде тарихи реттілікке бағындырылған оқиғалар желісі жазушының «мені» арқылы баяндалып, оның дүниеге көзқарасы, ойлау, таным белсенділігі арқылы қорытылып, эпикалық сипат алса, екіншісіндегі «мен» өзгеше сыр шертеді, лирикалық кейіп-

керлердің арман-сағынышы, жан толғанысы сезім арқылы бір арнаға үйлестіріліп, шындықпен өрілген толыққанды көркем бейнелер туғызады. Сондықтан лирикалық прозаның стильдік объектісін жазушы «мені» екен, солай болғанда кейіпкердің арман-тілегі айқындалып, жан әлемі, сезімі жарқырап көрінеді деген ойдан аулақ болу керек.

Зерттеушілердің айтуы бойынша лирикалық прозаның эпикалық шығармадан басты айырмашылығы – ойдың талқылауға көнбейтіндігі. Мұнда бірінші орында семантикалық мән емес, сөздің әуені тұрады. Мұнда сюжет айтарлықтай рөл атқармайды, лирикалық жазушының шеберлігі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым оның әңгімелерінде сюжет белгісіз болады. Лирикалық прозада бастан-аяқ үзілмей дамып отыратын сюжет көп кездеспейді. Алайда кейіпкерлердің бүкіл бастан кешкен көңіл-күй әсерімен белгілі бір желі пайда болып отырады. Оны шартты түрде лирикалық желі деп атауға болады. Лирикалық прозаның қаһарманы эпостық шығармалардағы секілді күрделі, желілі оқиғаларға, іс-әрекеттерге негізделмейді, қайта ойламаған жерден күтпеген жағдайды, өзгерістерді бастан өткеріп отырады.

Лирикалық жазушыны да өзекті мәселелер толғандырмай қоймайды, ол да қайғырады, мұңаяды, қуанады. Онсыз ол мұндай шығарма тудыра алмас еді.

Сонымен, поэзиядағы сияқты лирикалық прозаның да бейнелеу құралы жазушының сезімі мен ой толғамы. Дегенмен поэзияға қарағанда лирикалық проза қаламгердің жан әлемін ашуда лирикалық қана емес, әңгімелеудің барлық эпикалық тәсілдерін емін-еркін пайдалана алады.

Қазіргі әдебиеттануда «лиризм» ұғымы лириканың синонимі ретінде де қолданыла береді. Мұндай шығарманың композициялық құбылысы лирикалық кейіпкерге, соның тебіреніс-толғаныстарына сәйкес қалыптасады. Өмір көріністері лирикалық кейіпкердің көзімен қаралып суреттеледі.

Лирикалық прозаның даму өрісін талдағанда, оның бүкіл композициясынан, түр мен мазмұн бірлігінен, стильдер ерекшелігінен, сезім күші мен жарқындығынан, ішкі драма қуатынан, сөздердің пәрменділігі мен өткірлігінен, реалистік шындығынан толып жатқан көркемдік қасиеттер табамыз.

Лирикалық прозаның мүмкіндіктерін асыра бағаламау және оны көркемдік бейнелеудің басқа формаларына қарсы қоймау жағын қатаң қадағалай отырып, лиризм қаламгердің өмір құбылыстарын кеңірек, молырақ бейнелеуіне бөгет болады, кедергі келтіреді деген пікірдің шындыққа сәйкес еместігін де ескеру керек. Себебі лиризмнің қамтитын аясының қаншалықты кең екені бірталай факторларға тығыз байланысты. Мәселен, ол жазушының жеке басына да, өмірдің қай жағын суреттейтіндігіне де, оның мақсат-мұратына, ой-сезіміне де, яғни дүниетанымына тығыз байланысты.

Жалпы, прозалық шығармалардың міндеттерінің бастысы - кейіпкер мінезін ашу, характер жасау. Бұл тұрғыда лирикалық шығармаларда бір немесе бірнеше типтендірілген характерлердің сәтті сомдала түсетінен айтуға болады. Шығармалардың ортақ бір сюжетке немесе бірнеше сюжеттерге құрылатындығы лирикалық шығармалардың дүниеге келуі үшін аса қолайлы алғы шарттар болып есептеледі. Сондықтан да бұл шығармалардың өзіндік ерекшелігі оның көлемінде ғана емес, мазмұн тереңінде жатыр.

Кез келген эмоциональды шығарманы лирикалық деп қарастыра беруге болмайды. Керісінше, баяндаушылық интонацияның болуы, оның эпикалық жанрдағы шығарма екенін көрсетеді. Кей кезде лириканың прозаға ауқымды түрде кірігуі романтикалық стиль деп жатады. Бірақ шын мәнінде лирика мен романтика бір-біріне сай келе бермейтін түсініктер.

Бірінші жақтан баяндалған шығармалар көбіне эпикалық сипатта болады да, керісінше көңіл-күйдің, сезімнің, толғаныстың кейіпкерлердің өздерінің білдіруі арқылы берілген баяндаулар лирикалық болып табылады.

Автордың оқиғаның дамуына қатысуының өзі де әртүрлі болатынын ұмытпау қажет. Шығармадағы барлық авторлық шегіністер, талқылаулар, ойлар әрдайым лирикалық сипатта бола бермейді.

Прозадағы лиризм туралы сөз болғанда, ең алдымен ондағы сезімталдық, қобалжу, әуенділік, белгілі бір көңіл-күйдің болуы, т.б. айтылады. Бірақ бұлар лирикалық түрдің ерекшеліктерімен байланысты. Сондықтан да олар лирикалық стильге тән міндетті белгілер болып табылмайды.

Лирикалық және эпикалық проза туралы айту - өмірдің белгілі бір кезеңі туралы айту, жазушының өмірлік деректерге «субъективтік» немесе «объективтік» тұрғыдан келуі.

Эпикалық, яғни «объективтік» прозада автордың қатысы тікелей емес, кейіпкерлерді топтастыру жолымен, олардың қарым-қатынастары мен байланыстарын бейнелеу арқылы көрінеді. Мұның мазмұнының негізінде адамдар мен топтардың қарым-қатынасы, характерлердің дамуы, олардың қақтығысы мен күресі жатады. Сондықтан мұнда екпін мен мәнер эпикалық сипатта болады. Мысалы, пейзаж қалыпты түрде, оқиғалар өтетін шынайы ая ретінде беріледі, немесе басқа да стильдік белгілер туралы да осыны айтуға болады.

Ал «субъективтік», лирикалық прозада әңгімелеушінің тұлғасы бірінші орында тұрады. Оның ішкі жан дүниесі бейнелеудің басты құралы болып табылады. Егер эпикалық проза өмірдің өзін және ондағы түрлі қарама-қайшылықтар мен байланыстарды суреттесе, лирикалық проза әңгімелеушінің өмірге қатысына, ол туралы ойларына, оның сезімі мен тебіреністеріне баса көңіл аударады.

Қаламгердің дамылсыз еңбегі мен ізденуінің нәтижесінде оның өзіндік ерекшелігін, даралығын айқындайтын, ешкімге ұқсамайтын, өзіне ғана тән стилі қалыптасады. Яғни, стиль жазушының шеберлігінің жемісі. Әр жазушының стилінде оның дүниетанымы, көзқарасы, ұстанымы, мақсат-мүддесі жатады. Сонымен қатар тақырып таңдау, сюжет құру, кейіпкер бейнесін ашу шеберлігі, тіл ерекшелігі – бәрі де қаламгердің стиліне байланысты. Сондықтан да кез келген жазушының шығармашылығы туралы айтқанда, ең алдымен оның стиліне тоқталамыз.

Қазіргі таңдағы осы бағытта қалам ұстаған жазушылардың қатарына Ш. Бейсенова, Р. Мұқанова, Т. Ахметжан, Н. Ораз сияқты қаламгерлерді жатқызуға болады. Олар да өз туындыларында лирикалық прозаға тән ерекшеліктерді сақтай отырып, өзіндік даралықтарын таныта білген жазушылар. Т. Ахметжанның «Сұлу мен суретші» деп аталатын жинағына енген шығармаларынан лирикалық портреттің шебер үлгілерін көре алсақ, Н. Ораз да «Биіктегі сұлулық» деген жинақтағы терең лиризмге құрылған шығармалары арқылы танылған қаламгер.

Жазушылардың қай-қайсысы болмасын өздерінің айтайын

дегенін жай баяндап қана қоймай, ыммен, ишарамен, астарлап, айтумен, сөз өрнегімен суреттеуімен бере отырып, өзіндік стилімен дараланады. Олар не туралы жазса да, үлкен тебіреніспен адамгершілік пен ізгілікті дәріптей отырып жазады. Олардың әрқайсысының баяндау стилі оқырманды бейтарап қалдырмайды, тақырыптары әртүрлі болып келсе де, негізінен ауыл адамдарының психологиясын, заманға байланысты өзгерістерді, ауыл адамдарының бойындағы ізгілік қасиеттерді шынайы да тартымды етіп бейнелейді, сол арқылы оқырманын баурап алады, тәтті сезімге бөлейді, ойландырады. Жазушы кейіпкерінің сыртқы келбетіне, ішкі жан дүниесіне, сөйлеу мәнеріне, қимыл-қозғалысына, шығармада қолданылып отырған кішкене бір детальдарға баса назар аудара отырып, өз туындысының сыршылдығын арттыра түседі.

Портрет – кейіпкердің тек сырт пішін тұлғасы сияқты боп көрінгенмен, ол мінез-құлықты, іс-әрекетті, характерді де қамтиды. Кейіпкердің жүріс-тұрысынан, әдетінен, бет-пішінінің құбылысынан да адамның ішкі сарайы, жан - күйі сезіліп тұрады. Яғни, портрет қатып қалған тас сурет емес, адам пішінінің, тұлғасының, мінез-құлқының жанды көрінісі.

Осындай ерекшелікті Талаптан Ахматжанның «Сұлу мен суретші» шығармасынан көргендей боламыз. Суретшінің «Жұмбақ келіншек» деп атаған туындысы үлкен жұлдеге ие болып, жоғары бағаланады. *«...Осылай бүкіл жан дүниесі, санасындағы миллиардтаған түйіршіктерге дейін сұлуды аңсап, өртті сағынышқа күйгенде барып айқай дүниеге «Жұмбақ келіншек» келгенін шал кімге жария етсін! Қажеті қанша оның; шал соның бәрін сұлуға деген отты махаббаттың алауына оранып отырып жасаған, ендеше «Жұмбақ келіншектің» бүкіл болмысынан қараған жұрт сартап сағыныштың табын сезінсе болды емес пе; иә-иә, бар болғаны сол гана... басқаның бәрі бос далбаса... Жо-жоқ дүниеге «Жұмбақ келіншек» келген жоқ, шал қателесіп отыр, суретшінің жан-дүниесі қорғасындай балқып, алтындай буланып қылқаламның құдіреті арқасында сол картинаның өзіне, «Жұмбақ келіншекке» айналып кетті емес пе; енді шал суретші боп емес, «Жұмбақ келіншек» боп өмір сүреді... олай болса картинаға қожайынның сырттай*

иемденгенінен не өзгермек? Оның жалған атақ-даңқы сурет бетіндегі суретшінің жанын, жүрек лүпілін ысырып тастай алмайды зой...». Осылайша шығарманың басынан аяғына дейін беріліп отыратын кейіпкердің толғаныстары мен тебіреністері оның шексіз сезімін білдіріп қана қоймай, басқа кейіпкерлердің бейнесін де ашуға көмегін тигізеді. Оқырманды да өзімен бірге ерекше бір сұлулық әлеміне жетелейді. Суретшінің лирикалық шегінісі арқылы берілетін келіншектің бейнесі мен туындыдағы келіншектің портреті бір-бірін толықтырып тұр. Келіншектің аты аталмай, «сұлу» деген аттың қойылуының өзі кейіпкердің портретін беруде ерекше қызмет атқарып тұр.

Байқағанымыздай, портреттің кейіпкер бейнесін берудегі қызметі үлкен. Жалпы портрет жасаудағы жазушының амал-тәсілі де әр түрлі болады. Кейіпкер портреті авторлық баяндауда да, кейіпкер тілінде де ұшырасады. Кейде бір адамның портреті екінші бір қаһарманның көзімен де беріліп жатады. Жазушы шеберлігі портрет арқылы адамның сыртқы сұлулығын жай баяндай салмайды, сол арқылы оның ішкі жан дүниесіне де үңілуінде жатыр. Адамның сырт келбетін, кейіпкердің кейбір ерекше белгілерін суреттеу арқылы қаһарманның мінез кырларын ашу да жазушылар қолданысындағы ұтымды тәсіл. Портрет әр адамның өзіндік сыр-сипатын, өзара бітімін танытуға да қызмет етеді. Сонымен қатар, портрет адам мінезінің негізгі өзгешелігін де білдіріп отыратын шығармадағы көркемдік компонент. Яғни, портрет кейіпкер жан дүниесіне талдау жасаудың, кейіпкердің мінез-құлқын ашудың бірден-бір негізгі құралы.

Лирикалық прозада уақыт пен кеңістік те ерекше рөл атқарады. Қазақ әдебиеттану ғылымында көркем туындыны зерттеудің бір түрі уақыт және кеңістік мәселесі болып табылады. Бұл мәселе туралы ертедегі Аристотельдің еңбегінен бастап ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы бір топ зерттеушілердің еңбектері бар екені белгілі. Бұл мәселеге негізінен ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап ден қойыла бастады. Тұтастай жүйе бола қоймағанына қарамастан бұл кезеңдегі М. Бахтин, Л. Выготский, С. Эйзенштейн сияқты ғалымдардың еңбектері уақыт және кеңістік мәселесінің қалыптасуына негіз болды деуге болады. Әсіресе, 60-жылдардан бастап осы мәселеге көбірек назар аударыла бастады. Осы тұста

зерттеушілер арасында екі түрлі көзқарас пайда болды. Олардың бір тобы уақыт категориясына, енді бірі кеңістік категориясына ерекше мән берді. Осы орайда бұл екі категорияны біртұтас қарастыру қажет екенін атап көрсеткен М. Бахтиннің пікіріне ерекше тоқталуға болады. Ол уақыт пен кеңістікті бірлікте қарастыра отырып, оны «хронотоп» деп атады. Кейінгі көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде осы тұжырымды басшылыққа алып келе жатыр деуге де болады.

Ішкі монолог көркем шығармадағы кез келген деталь сияқты хронотопты болып келеді. Хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік ұғымдарының бірлігі. Уақыт кеңістікте ашылса, кеңістік уақытпен өлшенетіні белгілі. Ішкі монологтың хронотопында уақыт жетекші рөл атқарады. Бұл жағдайда көбіне уақыттың көрсетілуі ықпал етеді. Ішкі монологтарда көбіне: «ертеде», «бұл сол кезде болып еді», ал қазір», «ешқашан», «содан бері», есімде», «қазір», «сонда», «сол сәтте», «енді», «осы уақытта», «бірде», т.б. сөздер көп қолданылады. Бұлардың бәрі уақытты білдіретіні сөзсіз. Осылайша хронотоп сюжеттік те, бейнелеуіштік те қызмет атқарады. Мұнда сюжет нақтыланып, толыға түседі.

Уақыт және кеңістік сияқты философиялық ұғымдардың көркем әдебиеттегі көрінісі туралы айтқанда, басты назарды әр жазушының өз шығармасында жасаған образдар жүйесі, нақтырақ айтсақ, автордың адам концепциясына деген қарым-қатынасы.

Лирикалық прозада сюжет мен автордың тебіреністері суреттеліп отырған оқиғалардың бір бөлігі болып табылатындықтан оқиғалар мен автордың оларға қатысы арасындағы тартысқа қатысты болады.

Лирикалық прозаның негізінде әрқашанда автордың өзі тұрады. Мұнда көбіне сезімге, сағынышқа мән берілетін болғандықтан, кейіпкердің осындай тәтті сезімдеріне қатысты тебіреністері еске алу түрінде баяндалып отыратыны белгілі. Ол туған жерге, Отанға деген сағыныш па, өзінің сүйген адамына деген нәзік сезімі ме, болмаса өз өмірінің қымбат, ұмтылмастай қимас сәттері ме - бұлардың бәрі әр сәтте кейіпкердің есінде, қимастықпен ойына алып отыратын құбылыстар. Сондықтан да лирикалық прозада көбіне уақытқа шекқойылмайды. Кейіпкер кез келген сәтте осы оқиғаларды еске түсіріп, қазіргі кезеңмен салыстырып

отыруы мүмкін. Шығарманың сюжеті мен композициясы да осы кейіпкердің көңіл-күйіне, сезіміне сәйкес құрылып отыратынын байқауға болады.

Мысалы, «Сұлу мен суретші» шығармасында суретші өзінің өмірінің ең тәтті де күйзелісті сәттерінің себепшісі болған оқиғаны бірнеше жыл уақыт өткен соң өзінің туындысына арқау етеді. Бүгінгідей өміріне себепкер болған қимас махаббат сезіміне өз уақытында қапаланып, өкінгенімен, жүрегіне мәңгілік жара салған сұлуға деген нәзік сезімінің нәтижесінде дүниеге керемет туынды келеді. Адамның, оның өмірінің уақытқа тәуелді екенін жазушы да өз шығармасында білдіргісі келетіндей. Мәселен, шығармадағы кейіпкердің: *«Әйел жүзіндегі сезім толқынысының картинада тылсым күйінде сақталып қалуы суретшінің ең ұлы жеңісі еді; өз қолымен өмірге әкелген осынау гажайып дүниені екінші қайтара сол қалпында қайтадан тудыру мүмкін емес екеніне суретшінің көңілі иланғалы қашан; суретші осы еңбегіне кіріскен кезі мен тәмамдап шыққан уақыт аралығын не сәл кешеуілдетіп, не сәл ертерек бастап жібергенде дәл «Жұмбақ келіншектей» кереметтің дүниеге келмеуі мүмкін екен ғой; сәл ерте немесе сәл кеш болғанда сол өлшеулі уақыт аралығында дүниеге келуге тиісті өнер туындысы қауызын жарар еді; ол бәлкім «Жұмбақ келіншектен» артық болар, мүмкін шаңына да ілесе алмас, бірақ бәрібір «Жұмбақ келіншек» емес! Сұлудың тіл жетпес көркі, яки тұрлаусыз сұлулығы ақ кенеп бетіне көшіп, өлмес, өшпес сұлулыққа айналуына ақ бас Алатаудың апай төсін аймалаған алқызыл арайдың да, тау басында ноқат боп нұрланып, терезенің әйнегіне шейін жақындап келетін Елес-Сұлудың да шапағаты тиді; ендеше осынау өлшеулі уақыт аралығында суретші тыныстаған ауадан бастап бояуға дейінгі барша қоршаған ортаның картинаның тууына ықпалы болғаны ғой; осы өлшеулі уақыт аралығында суретшінің жаны тамшыдай еріп; қылқаламнан туған бояу боп ақ кенептің бетіне сіңе беріпті; иә-иә, суретшінің жаны өзі салған суретке ауысты... шалдың құр сұлдері жүргендей ештеңеге зауқы соқпайтыны да сондықтан болар. Ақиқатқа тереңнен үңілсе «Жұмбақ келіншекті» дүниеге әкелген тіпті де суретші емес екен, ол бар болғаны өзінің жанын суретке гана берумен шектеліпті; ал*

осының бәрін бір жүйеге түсіріп, кереметті тудырып тұрған ұлы уақыт екен! «Жұмбақ келіншек» алғашқы нүктесі мен соңғы нүктесі қойылғанға дейінгі өлшеулі уақыттың перзенті; яғни тілмен айтқанда жиырмасыншы ғасырдың соңында дүниеге келген өнер туындысы!», - деген тебіренісінен автордың да өмір, уақыт туралы ойы анық сезіледі.

Қандай шығарма болса да ондағы кейіпкерлердің болмысы қаншалықты дәрежеде бейнеленетіні көп жайды аңғартады. Кейіпкер шығармадағы басты тұлға екені даусыз. Сондықтан да оның бейнесін ашуда көптеген көркемдік тәсілдермен қатар уақыт пен кеңістік ұғымдары да айтарлықтай қызмет етеді. Яғни, жазушы кейіпкердің басынан кешегі өтіп кеткен жайларға бүгінгі күн тұрғысынан баға бергізе отырып, оның ойынан, санасынан хабардар етеді. Ал бұл көбіне өткенге шегініс жасау, кешегіні еске түсіру түрінде келетіндіктен, шығарманың да лирикалық сипатын арттыра түсетіні белгілі. Шығармаларды талдай отырып, лирикалық прозада уақыт пен кеңістік аясының шексіз болатынын, оның ешқандай заңдылыққа бағынбайтынын, шығарма сюжетінің де осыған сәйкес құрылатынын байқадық. Көркем уақыт пен кеңістіктің маңызды атрибуты сюжеттік-композициялық құрылым ерекшеліктері сараланып, қаламгердің көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі, стильдік даралығы оның сюжет құру, композицияны ұтымды қолдану саласынан да ерекше байқалатыны анықталды.

Сол сияқты поэтикалық синтаксис, яғни риторикалық сұраулар, көпшілікке арналған қаратпа сөздер, философиялық тұжырымдар, сол сияқты анафора, қайталаулар, аллитерация, логикалық үзіліст, инверсия сияқты лирика жанрына тән құралдардың қолданылуы пейзаждың мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Қайталау – поэтикалық тілдің элементі. Ол мәтінге ырғақ, ерекше эициональды бояу дарытады. Қаламгерде лексикалық қайталаулар анағұрлым күрделі тәсіл синтаксистік қайталаудың бір компоненті түрінде көрінеді. Жиі қайталанып, тұрақты түрде кездесетін сөздер шығарманың негізгі ойын ашуға, кейіпкердің көңіл-күйін білдіруге көмектеседі. Лирикалық стиль табиғатынан туындайтын ырғақ, поэтикалық инверсиялар мен қайталаулар жазушы шығармаларына айрықша реңк беріп,

әсерлілігін күшейткен. Оның стиліндегі лирикалық, экспрессивті бастау автордың интонациясын, стилистикалық тәсілдерін де анықтайды. Бұл жазушының шығармаларына «лиро-эпикалық толғау жанрының саздылығын, әуезділігін» дарытады.

Т. Ахметжанның шығармасында белгілі бір сөздер, сөйлемдер ғана емес, тұтастай бір ойлар қайталанып беріледі. Мысалы, шығармада: *«Көз алдына ақ шағи көрпесін қымтана бүркеніп, бұйығып жатқан Алтайдың қыземшек жоталары елестеді. Үкідей үлгілдеген ақ ұлта қардың үстінде соңына түскен қуғыншыдан құтылмаққа жан дәрмен күш салып, бар айла тәсілін сарп еткен алтайы қыр сұлуы құйғыта ұшып барады. Бірде оңға, бірде солға бұлт етіп, одан қалды жалт бұрылып кері қашқанымен де жарғау ат мінген қуғыншы қыр соңынан қалмай әбден діңкелетіп, өкпесін өшіріп барып тұра қара тұмсықтан ала темірдей қатты сойылмен сілтеп өткенде тұз тағысы екі бүктетіліп барып омақаса құлады. Қара тұмсықтан қып-қызыл қан дірдектеді. Әппақ қарға қып-қызыл қан тамды. Қып-қызыл қан...»* деген ой бірнеше рет қайталанып беріледі. Лирикалық прозадағы мұндай кейіпкердің жанына поэтикалық қуат, шабыт берген туған жер табиғаты патетикалық лептегі қаратпа сөз, риторикалық сұрақ, лепті сөйлемдер арқылы, қайталаулар арқылы, автор сөзінің асқақтығы оның тебіреніс, толқу сезімін күшейтіп көрсету мақсатында қолданылған.

Кез келген жазушы өз шығармасында қандай деңгейде болса да өзі сомдаған кейіпкерінің ішкі әлеміне бойлап, адам атты болмыстың жан әлемін танытуға ұмтылады. Лирикалық прозада да кейіпкер әлеміне терең бойлау, оның жан дүниесіндегі сезім иірімдерін қапысыз аңғарту басты міндет болғандықтан, суреткер түрлі көркемдік тәсілдер арқылы сан қилы бейнелеулер жүйесін тоғыстырады. Бұл ретте ол терең психологиялық талдауға барып шығарманың тұтас композициялық құрылымын кейіпкерінің санасы арқылы өріп, оқиғаны оның ішкі жан-дүниесінің өзгерістерімен дамытып отырады. Жазушының кейіпкердің ішкі әлеміне бойлай еніп, оның жан-дүниесінің сәл өзгерісіне, жүрегінің әрбір діріліне дейін тиянақтай жазып, әрбір қиналысына назар аударуы психологиялық талдаулар арқылы беріледі. Шығармашылықтағы психологизм Батыс еуропалық

әдебиетте ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында пайда болғаны зерттеу еңбектерде тұжырымдалған. ХХ ғасырдың басында З. Фрейдтің және К. Юнгтың еңбектеріндегі адам жанының терең зерделенуі, әдеби шығармашылыққа, соның ішінде көптеген ірі қаламгерлерге өз ықпалын тигізді.

Психологиялық талдау қазақ көркем прозасында жиырмасыншы ғасырдың басында көрініс беріп, ары қарай тереңдей дамыды. Бұдан кейінгі аралықта көркем прозадағы кейіпкерлердің сомдалу үлгісінде психологизмнің алатын орыны айрықша байқалды.

Қазіргі лирикалық прозада психологиялық талдаудың жарқын үлгісін көрсеткен шығармалардың бірі – белгілі жазушы Шәрбану Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері» атты тарихи тұлға тағдырын арқау еткен хикаяты. Ш. Бейсенова туындыларының кейіпкерлері негізінен әйел адамдар. «Мизамшуақ», «Бір махаббат баяны» повестері мен әр қилы тақырыптағы әңгімелері жазушының лирикалық проза бағытында жазылған мәнді дүниелері болып саналады. Әдебиет әлеміне ХХ ғасырдың 70-жылдары келген толқынның өкілі Ш. Бейсенова қаламына тән лирикалық әуен мен психологиялық желінің шебер үйлесуі осы ғасырдың 90-жылдары прозашы ретінде танылған тағы бір қаламгер Роза Мұқанова қаламында жаңаша қырымен көрінді. Р. Мұқанованың тарихи тұлға тағдырын арқау еткен «Дүние кезек», «Құдырет-кие», т.б. бірсыпыра шығармаларында лиризм мен психологизмнің үндесуі кейіпкер тұлғасын даралап, оның болмысын танытуда шешуші рөл атқарған. «Дүние кезек» әңгімесі орыстың ұлы ақыны Пушкин өмірінің ақтық сәтін арқау етсе, «Құдырет - кие» әңгімесі әлем билеушісі Шыңғыс хан өмірінің бір кезеңін қамтыған. Анығында орталық қаһарман Шыңғысты дүниеге әкелуші ана – Өлең-шеше. Бұл аталған әңгімелердің лирикалық бітімі кейіпкер сезімінің нәзік қылын шертуімен айқындалса, сол сезім әлемінің қиналыстары мен күйзеліске түсуін жазушы психологиялық талдаулар арқылы бейнелеп жеткізеді.

Ш. Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері» повесі – тарихи тақырыптағы туынды. Бұл шығармада лиризм мен психологизм Сібір жұртын билеген Көшім ханның кіші әйелі Сүзге ханымның сезімі мен ойының, сана ағымының арнасында өрбиді. Шығарманың тұтастай құрылымы да Сүзгенің ішкі жан әлемінің

ағымына сәйкес өрілген. Психологиялық талдау лирикалық леппен қатарласып, шығарманың күллі желісі бойы жиналып келеді де, шығарма шешімі сол негізде жүзеге асады. Сүзге не үшін өз басын құрбандыққа берді, неге ол осы жолды таңдап алды? Оны бұл шешімге қандай күш итермеледі? Сүзгенің жан-дүниесінде, жалпы тағдырында орын алатын арпалыстар мен құбылыстарды, сезім ахуалындағы өзгерістер мен дамуларды көрсете отырып, жазушы шығарманың трагедиялық шешіміне алып келеді. Ал оған ең оңтайлы тәсіл лирикалық сазбен қатар психологиялық талдау болмақ. Осыдан келіп, «Сүзгенің соңғы күндерін» терең лирика-психологиялық хикаят деп атауға болады.

Шығарма басталған сәттен-ақ автор кейіпкерінің ой жүйесі арқылы лирикалық шегініске жол береді. Сөйтіп Сүзгенің сібір жұртына келін болып түсуін, хан ордасының салтанаты мен ерекшелігін, Сүзгін атты қамал-қаланың салынуын баяндап өтеді. Яғни шығарманың композициялық құрылымы еркін түрде шарықтау шегі, экспозициясы, дамуы, шиеленісуі және қайтадан шарықтау шегі, одан соң шешімі болып құрылады. Шығарма құрылымының бұлайша болып түзілуін қаламгердің өзіндік тәсілі деуге болады. Өйткені шығармашылықтағы психологиялық талдау тәсілі оқиғаның қалай және қандай сипатта болса да дамуына жол ашып береді.

«Тұла бойын зіл басқандай еңсесін жанышқан азапты күйден ұзақты күнге еш серпіле алмай қойған» [184, 4]. Сүзге ханымның жағдайы оқырманды да елең еткізіп, оқиға тереңіне тарта түседі. Шығарманың жазылу барысында авторлық баяндау мен Сүзгенің ішкі монологы, сана ағымы, сезім күйлері психологиялық талдаулар көрініп отырады.

Мына үзінділер Сүзге ханымның ішкі жан-дүниесінде өтіп жатқан арпалысты, уайымды, алаңдауды береді:

«Бұның қабағына кірбің ілінгелі бері нөкерлері де, қызметшілері де тайсақтап, бетіне тіке қарамай, жанарларын алып қаша береді. Ойын-сауық сап тиылған. Кейінгі күндері тіпті кіруді қойды. Есіктің сыртында ары-бері жүрген кезі олардың көлбеңдеген ұзын етек жібек көйлектерінің сусылы құлаққа анық шалынушы еді. Ол да естілмейді. Түгесі қайда кетті екен? Бәрі де бұдан бір сыр бүгетін тәрізді...». Бұл авторлық

баяндау арқылы жазушы Сүзгенің басындағы қайғылы халдің және айналасындағы қиындықтың күшейе түскенін көрсетеді. Авторлық баяндау ары қарай Сүзгенің ішкі ойына ұласып кетеді. Бұл тұста шығарманың лирикалық әуені арта түседі. Келтірілген үзіндіде жазушының кейіпкер санасына байыппен енуі лирикалық тұрғыда көрініс берсе, сол үзіндінің келесі сөйлемінде бұл әуен кейіпкердің өз ойына айналады, одан әрі қарай қайтадан авторлық баяндауға ұласады.

Хикаятты оқығанда Сүзгемен оқырман ой бөлісіп отырғандай болады. Авторлық баяндаулар мен кейіпкердің сана ағымы арқылы өрбіген ойлардың ара-жігінің тұтасып кетуі оқырманға осындай әсер қалдырады. Сана ағымы мен ішкі монологтың ара жігін жазушы тыныс белгілер арқылы ажырата отырып, кейіпкер психологиясына барынша тереңдейді:

«Япыр-ай, осы уақытқа дейін хан иемнен бір дерек болса керек еді. Үн-түнсіз ұзақ кеткені қалай? Әлде қосындарын ертіп, жер шетінде, қидаласқан майдан шебінде жүр ме екен? Солай шығар... Алтын басы аман болса игі еді?!». Повесть оқиғасы ақырын-ақырын жылжығанымен өзінің жылдамдығын арттыра түскендей. Ары қарай жазушы Сүзгенің басындағы хал-күйді сыртынан бақылаушы ретінде оның жағдайын тікелей баяндауға көшеді: *«...Айдалада күллі әлемнен бөлініп-жарылып қалғандай жалғызсырады»* деген бір сөйлеммен Сүзгенің көңіл күйін жеткізе отырып, ары қарай сана ағымы арқылы кейіпкер халін нақтылай түседі:

«... Е-е-е, бәсе! Енді тапты. Көңілінің осыншама құлазып, жігерінің құм болып отырғаны жалғыздығынан екен-ау», - деген жолдарда автор мен Сүзге өзара сырласып кеткендей болады. Сондай-ақ автор құлазыған жалғыздық пен меңіреу тыныштықты қатарластырып, кейіпкердің жан күйзелісін тереңдете түседі. Бұл кейіпкер жанының ағысына – сана ағымының кедергісіз өрістеуіне әсер ететін жағдай. Жазушы жалпы дыбыстық ерекшеліктерге де ерекше көңіл бөліп, Сүзгеге қатысты әрбір персонажға жіті назар аударады. Жас ханымның аспазшысының да жүрісі ерекше: *«сыбдырсыз кіріп, лытып шығып»* кетеді. Бұл ретте автор Сүзгенің жанын жалғыздықпен құлазытып, тыныштықпен көмкеріп тастаған. Осы бір мезет алда суреттелер лирикалық шегініске

жасалған алдын-ала дайындық сияқты. Сүзге іштей толғанып, оқырманына мұңын шаққандай болады:

«Бұл, сірә да, маған келген жаза ма екен? Жеке шаһарда, алтынды сарайда көрген түстей өткізген аз уақыт ханымдық дәуреннің өтеуін қайтарар мезгілдің осылайша тым тез жеткені ме? Шамасы солай шығар...». Осы үзіндіден бастап, Сүзге шығарма шешіміне қарай батыл жақындағандай болады. Ол енді өз-өзін кінәлауға көшеді. Тығырыққа тіреліп, тағдырына мойынсұнған сәтте бар кінәні өзінен іздеп, мұңаяды. Бұндай сәт шарасыздыққа тап болған кез келген адамның бойында орын алады.

Кейіпкердің ішкі монологы толастаған кезде көзінен жас домалайды Міне, осы сәттен – оның жылаған тұсынан бастап лирикалық шегініске жол беріледі. Бұл хал тіпті психологиялық тұрғыдан әбден орынды. Себебі адам жылаған сәтте оның бойына жиналып, жүйкелерінің барлығын жиырып тұрған эмоционалдық ширығыс тарап жүре береді. Жазушы кейіпкер бойының жылаған соң жеңілдеп, сергіп қалғанын Сүзгенің айна алдына барып, сәл де болса бой түзеуі арқылы аңғартады.

Ары қарайғы оқиға дамуында жазушы психологиялық талдаудың бәсеңсітіп, лирикалық бейнелеуге қарай ойысады. Бұл Сүзгенің портреттік сипаты, сыртқы кескін-келбеті арқылы көрсетіледі және бұл суреттеу шығарма барысындағы қайғылы, күйзелісті халмен астасып жатады:

«Аптақ жүзі қан-сөлсіз бозғылт, құп-қу. Қиығы түзу, жәудірей қараған аялы үлкен қара көзінің тұңғиығына шүңілдеп мұң тұна қалғандай тұнжыр, көз ады көгілжім тартқан».

Көріп отырғанымыздай, жазушы Сүзгенің сұлу қалпын суреттеген кездің өзінде де сол сәттегі қайғы мен күмәннің, қорқыныш пен күдіктің шарпысуы аясында көрсетеді. Ары қарай оқиғаның дамуы лирикалық шегініс арқылы өткенге күнге қарай шеру тартады. Тектілік пен парасатты жас та болса өз бойына жинай білген Сүзгенің адал жар, сенімді дос ретіндегі тұлғасы нанымды. Жас аруды биліктің тәтті, күндестіктің ащы дәмі қатты ширықтырған. Ордаға келін болып түскен күнінен бастап, күндестік пен пен арам ниеттілерді көргенде: *«О, Тәңірім, мені абыройсыздықтан, бетіме шіркеу болар әлдебір өрескелдіктен, әмсе, хан иемнің атына келтірер жаманаттан өзін сақтағайсың»,*

- деп жар ретіндегі өзінің адал да таза ниетін танытса, автор осы бір сөйлемдер арқылы шығарма шешімінің бір шетін алдын ала аңғартып қояды. Сүзге осы уақыттан бастап, өзін сол трагедиялық шешімге қарай бастап алып кетеді. Себебі оның жалпы өмірлік ұстанымы да сенім мен адалдықты сақтау ғана болмақ. Екінші жағынан алғанда Сүзге ордадағы үлкен ханымдардың, басқа да сынаушылардың барлығымен «саяси күрес» жүргізе отырып, шынығып, жетіліп алатынын да автор баяндап өтеді.

Жас ханым Сүзгенің үлкен өмірге бет алған сәті – хан иесінен өзіне Ертіс бойынан жеке қорған салуға рұқсат алуы. Оның осы сәттегі сезім халі мен толғанысы жазушы шеберлігімен кейіпкердің өзіне тән адалдығын, сезімталдығы мен байқампаздығын сақтай отырып жеткізілген:

«...Ертіс бойлап жүрген күні көкірегіне түйіп қайтқан ойын орайлы сәтінде хан иесіне білдірмекке көп толғанды. Қалай айтпақ? Хан иесі қалай қабылдар екен? Ордадағылар айқай-шу көтерері хақ. Оны тіпті ойламасқа бекінді. Хан оң қабақ танытып жатса оны көрер. Қабыл алмаса, не шара?! Көңілге алғанын қалайда айтуға бекінді. Даланың еркін өскен аруы түз маралы секілді еркіндікті аңсайтынын сезінбесе, оның несі хан?.. Ханда қырық кісінің ақылы болады дегені қайда?..». Сүзгенің күллі жан толқынысы сана ағымын беріліп, кейіпкер ойы үзіліп, бірде анда, бірде мында тартқылайды. Күндес ханымдардың өзін баққан көздері, күңкіл сөздері, ханның қаһары, өзінің болар не болмас деген күмәні – барлығы да оның жанындағы арпалыс пен қобалжуды байқатады .

Хикаят барысында Көшім хан оқиғаға көп араласпайды, оның аузынан шыққаны да Сүзгеге қала салуға рұқсат бергенде айтылатын: *«Қалауың болсын!»*. Алайда біздер Көшімнің ханға лайық алып тұлғасын, азаматтық кескін-келбетін, сұңғыла парасатын шығарманы оқу барысында танимыз. Жазушы Көшім туралы бір-ақ ауыз хабарлама беріп өткен:

«Көшім хан дініне берік тақуа еді. Хан ордасы орныққан Ескер қаласына Самарқан, Бұхарадан шеберлер алдырып мешіт салдырып, мүфти шақыртыпты».

Осы екі сөйлем оқырманына мол ақпарат жеткізіп,, ханның халық игілігіне еңбек еткенінен, оның рухани дүниесі бай,

парасатты тұлға екенін айғақтап тұр. Көшімнің бейнесін қаламгер оның көзқарасымен және даусымен беріп өтеді. Және оның барлығы да Сүзге ханымның ойы мен қабылдауы арқылы бейнеленеді:

Көшім хан бейнесі оқырманға мынадай үзінділер арқылы танытылған: *«Мерейлене көз тастар қос жанары», «Мейірлене қарайтын шақтары», «Жанарында...қастерлі қимас сезім жататындай», «Қырағы көзі көрмей қалған жоқ», «Жып-жылы үнмен», «Қатал жанның сұсты жүзінен ...мерейлі шуақ пен жұп-жұмсақ нұр төгіліп...».*

Бұл келтірілген жолдардың барлығы Көшімнің биік тұлғасын тіптен дараландыра түседі. Көшімнің Сүзге туралы ойын да жазушы былайша баяндап өтеді:

«Хан иесі Сүзгенің бар қалауын орындауында өзіндік құпиялау сыр да жоқ емес-ті. Ол Сүзгенің бойынан ажар-көріктен басқа нәзік қайрат барын да таныған. Намыс отын аңғарған. Намысшыл жанда оға бар».

Көшім хан ойымен берілетін бұл мінездеу шығарманың қайғылы шешіміне қарай жақындай түскен Сүзге ханымның болмысын тереңірек танытады. Хан көзімен берілер Сүзге образының бізге таныс қыры – адалдығы, адамгершілігі мен тектілігі ашылып, ойымыздың орнығуына себепші болады.

Жазушы ашықтан ашық айтпағанмен Сүзгенің санасында бұл дүниенің қызығы бір таусылар деген бақилық сапарға дайындықтың бір көріністері де аңғарылып қалады. Бұл психологиялық дайындық Сүзгенің Жаратушы алдында кешірім сұрауы түрінде көрініс береді:

«Астағфиралла, астағфиралла, астағфиралла! Астамшылығым болса, күнәар пендеңді, Тәңірі, өзің кеше гөр! Өз ұлылығыңа сыйындым».

Келесі сәтте жазушы өз кейіпкерінің қорғушы-періштесіне айналып, Сүзге ісінің пенделіктен ада, күнәдан таза екенін оқырманына жеткізеді.

«Әуелде, елден ерек сән-салтанатымды асырайын, үлкен ханымдармен бақ таластырайын демеп еді гой. Бұл түскен күннен-ақ оның жастығын, ханның бұған ықыласы ауғанын, ажар-көркін қызғанғандардың басқан ізін аңдыған тіміскі

көздері мен сыпсың қаққан қаңқу сөздерінен шалғай отырсам деген ниеттен ғана туып еді зой».

Бұдан кейінгі оқиғаның даму барысында Сүзгенің рухани толысуының, фәнилік дүниелердің барлығының алдамшы екендігін түсінгендігі жеткілікті дәлелдемелермен көрсетіледі. Жас ханым пенделіктен арылып, адамдық қасиеттің келесі бір биігіне қадам басқандай қалыпта көрінеді. Бұл биіктеу кейіпкердің ақтық шешімге барынша жақындай түсуінің бірегей көрінісі.

«...Құбылаға қарап тізерлей отыра қалып, жаратқанға жалбарынуын бастады. ...Үлкен ханымдардың өзіне жасаған озбырлықтары көз жасымен жуылып-шайылып кеткендей көңілінде қазір ешбір зәбір жоқ. Жасаған иеден оларға рахымшылық сұрады. Өз көкірегіндегі күндестіктің отын өшіріп, тұңғыш рет ханның барша жамағат-жұрағаттарының, балашағасының тілеуін тіледі. Кімнің ісі ақ, кімнің ісі қара, оның ақ-қарасын жасаған ие өзі ажырата жатар. Тәңірінің әркімге лайық бұйырған үкімі бар шығар».

Бұл біздің санамызға сонау бағзы күндерден күдіреті күшті Алланың өзі сіңірген ислам дінінің сопылық ілімімен сабақтас көрініс. Осы сәттен бастап-ақ Сүзгенің жаны қарапайым өмірдің күпірліктерін артқа тастап адами арылуға аяқ басқанын көреміз.

Фәрид-ед-дин Эттардың «Әулиелер шежіресі» атты еңбегінде мұсылман дүниесіндегі белгілі сопылардың бірі Ибраһим Әдһам Әбу Ысқақтың өзін қамшымен ұрған адамның: «- *Сені мен қамшымен ұрған кезде не үшін маған дұға еттің?*» - деген сұрағына: «- *Сенен көрген қорлығыма пейіштен орын берілетін болды. Сенің зұлымдығыңнан менің несібеме пейіш болатынынан саған жаһаннамның бұйырғанын лайық деп есептедім. Сол себепті саған дұға етіп кешірім өтіндім*», - деп жауап бергені туралы айтылады. Яғни, мұсылмандық, соның ішінде тазалыққа, адалдыққа барынша жақын сопылық ағым өзіңе жаманшылық жасаған адамға кешіріммен қарай білуді пендеге мұрат етеді. Мұндай дәрежеге жеткен адамның бойына сабыр, жүрегіне иман тұнып, жаны нұрлана түспек.

Қаламгер өзінің кейіпкерін мына тірліктің барлық кедергілері мен кемшіліктерінен аулақ әкете алмайды. Хан ордасындағы үлкен ханымдар күндестік жасады, ондай сәтте алданыш етіп,

бауырын жылытар баласы да болмады. Дегенмен де Сүзге ханым қапысыз барар жері бақиға қарай иманға толы түзу жолмен бастап алып жүреді.

Сүзге ханымның ахуалын психологиялық талдау арқылы барынша терең танытқан жазушы оның күйзелістерін дәлелді түрде көрсете алады. Кейіпкердің жан-дүниесінің диалектикасын таныта түсу мақсатында психологиялық талдаудың тағы бір тәсілін іске қосады. Повесть оқиғасының барысында, Сүзгенің бойын күдік жайлаған кезде, жазушы енді түс көру желісін шығарма құрылымына енгізеді. Кейіпкердің көрген түсінің өзі соншалықты жұмбақ, астарлы, соншалықты ауыр:

«Ай астында ағараңдап аппақ арлан ұшырасады. ...Сол екі арада қайдан тап болғаны белгісіз, қап-қара көкжал бөрі бұған тура ұмтылғаны. Сонда арлан атылып келіп, әлгі тажалмен тістесе кеткені. ... ақ пен қара айқасқан алапат шайқас басталды. ...Әбден ...қансыраған шақта жандәрменнен ақ арланның азуы көкжалдың алқымына қадалып, сілкігенде созалаңдай барып, оның өлі денесі сылқ құлайды. Қаны судай аққан ақ арлан да шойнаңдай басып көзден ғайып болады. ...Сүзгенің үстіне сұп-суық әлдене құлап түскендей. Тажалдың жансыз денесі басып қалған екен деп ...шошып оянганда ... Сипалап еді хан иесінің бас жағында ілулі тұрған алтын сапты алмас қанжары төсінде жатыр».

Әдеби шығармадағы жиі қолданылатын психологиялық тәсілдердің бір түрі – түс көру желісі. Біздің ауыз әдебиетімізде, дастан-жырларымызда, ертегілерімізде түстің сан алуан түрлері беріліп, прозамызда да өзіне сай ерекшелікпен көрініп келетініне бірсыпыра мысалдар да келтіріп өткенбіз. Жоғарыда келтірілген түс шығармадағы оқиға дамуын шиеленістіріп отыр. Алда болар оқиға Сүзгеге өзі ғана түйсігімен тұспалданып берілді. Ханым сондықтан да түсін ол қызметші әйелдерінің біріне де жорытпаған. Түсінде көрген ақ арлан мүмкін хан иесі болар. Жазушы олай деп айтпайды, біз оны *«Көзі тура адамның көзіндей. Бұрын бір жерден көрген елес сияқты. Сүзге қорқудың орнына жақындағысы келеді»* деген сөйлемнен аңғарғандай боламыз. Қап-қара көкжал хан иесін қуғынға ұшыратқан Жармақ яки атаман Гроза шығар. Қалай болғанда да бұл екі көкжалдың біреуі Сүзгенің қорғаушысы мен қолдаушысы болса, екіншісі – қас

дұшпаны, қара ниетті біреу. Бұл түстің нақты қалай жорыларын ешкім де, тіпті Сүзгеге түс «көргізген» автордың өзі де білмеуі тиіс. Алайда осы түс арқылы кейіпкер санасының түбінде Сүзгенің өзіне де байқала бермес, әлдебір қайраттың, әлдебір оқыс шешімнің пайда болғанын түйсінгендей боларымыз сөзсіз. Түсінен шошып оянғанда төсіне құлап түскен алмас қанжардың да тұспалдық мәні бар. Ол қанжардың неге құлап түскенінің өзі сауал туындатады. Психологиялық тұрғыда қанжардың құлауы кейіпкерді бір шешімге меңзегендей болады. Себебі оның өзінің әдеби шығарма үшін символикалық мәні бар. Мүмкін хан иесі сол қанжардың құлауы арқылы қылыш үстінде серт жүрмейтінін, өз басын басын қорғау керектігін айтпақ болған шығар. Сүзге ханымның төсіне құлаған қанжар әйтеуір қажетке жарауы керек: не жауға, не қорғануға.

Жас ханым бұл түсті үлкен ордадан хабар алатын күні көрген. Оқиға желісі үзілместен сабақталып, түс көру арқылы кейіпкер алдағы қадамын қалай жасау керектігін шешеді.

Үлкен ордадан жайсыз хабар келген. Бұл хабардың жайсыз тигені соншалықты, Сүзге ханымның жанында тағы бір күмәнді ойдың бас көтеруіне себепші болған. Бұл күмәнді ой Сүзгені бағытынан тайдыруға әрекет жасағандай болады:

«Көкірегіндегі сөне бастаған күндестік оты қайта тұтанып, майсыз табаға салып қуырғандай жанын шыжғыра бастады. Ханды қарайлатпаған үлкен ханымдардың ісі ме екен деп тотшылайды».

Күмән туындатқан эзәзіл ой мен кіршіксіз періште ниет арасындағы тайталас басталып, Сүзге санасын шырмаған түрлі ойдан біресе эзәзілді, біресе періштені қолдағандай болады. Күдікке толы ойға бір сәт бой алдырып алған кейіпкердің ішкі монологу да психологиялық ширығуға толы:

«Астафиралла! Мен нені ойлап кеттім. Хан иемнің өзінен бір дәйекті жасау болмай, мұнша неге түңілемін? ...Ханның құтты орданы орнынан қозғағанына қарағанда келген жасудың қаһары осал болмағаны зой. Елге жасау шауып, хандығына қауіп төнген қысылтаяң шақта осылай ойлауға қалай дәті барады».

Сүзге ханым екі ойдың ортасында арпалысып отырған сәтте үлкен орданың хабарын алып, қамал-қалаға Көшім ханның інісі

Мұхаметқұл ханзада келеді. Өнерлі де қайратты, ажарлы осы бір ханзаданың өнеріне тәнті болған Сүзгені Мұхаметқұлға қосқан сыпсың өсектің тарағаны повестің басында айтылған. Повестің лирикалық желісі тікелей осы Сүзге сұлудың Мұхаметқұл ханзадаға деген жүрек түкпіріндегі кіршіксіз пәк сезіміне байланысты өрбіген. Ешқашан айтылмайтын, ешкім сезуге де тиіс емес періште сезім сол жүрек түкпірінде тұншығып қала бергені бұл хикаятты лирикалық дүние деп тануға себеп бірден бір себеп еді. Сүзгенің қиын да ауыр сынға түсер тұсы орын алады. Жазушы қаламгерлік қырағылықпен әйел адамның психологиясын өте сәтті бейнелеп жеткізеді. Мұхаметқұл ханзаданың келуіне еркіне тыс елең ете қалған Сүзгенің қимыл-әрекетінде еш жасандылық жоқ, бәрі де шынайы жеткізілген. Кейіпкер толғанысын, жүрек лүпілін танытар лирикалық иірімдер, арпалысқа түскен жан толқынысын жеткізер психологиялық толғамдар шығарма шырайын аша түседі. Жас ханым не істерге білмей қиналады. Сүзге жүрегін шымырлатар жылы сезімнің жетегінде кетерін де, қиындыққа бас тігіп, ар жолын атамай қаларын да білмей дағдарады. Шығарма финалына жетер тұс осы жерде анық шешім табуы керек.

Жас ханымның бойын билеген кереғар сезімдер енді анық көріне бастағандай болады. Мұндай сәтте қол созар көмекшісі, құтқарар періштесі баяғы өзі алғаш хан ордасына түскен күннен бері қасында болған кейуана болады. Бұл кейуана жас ханымның жанын түсінер жақын жан.

Жазушы психологиялық талдаулар арқылы кейіпкерінің жан арпалысын бейнелей отырып, оның әрбір қимылын, іс-әрекетін назардан тыс қалдырмайды. Ойымен арпалысқан ханым енді бірде жолды Жаратқанға жалбарына отырып іздеуге көшкендей болады:

«Сүзге ханым отыра қалып бір дұғаны ұзақ оқыды. Жаратқанға жалбарынып мінәжат етті. Әзәзіл елес зым-зия жоғалды».

Пенделік ой кімді болса да бір сәтке арбары анық. Ханым бойында әйелдік бір сезім қылаң берген сәтте әзәзіл қайтадан бас көтереді. Қорғаушы періштесіндей болған күтуші кейуана да өзінің міндетін адал атқаруға тырысып, Сүзгемен тікелей әңгімеге көшкен:

« - Тәңірінің ерекше жаратқан құлы болады, ханым. Оның

маңдайын елден ерек тағдыр жазылмақ. Сен сондай ерекше бітімде жаралған жансың. Саған сын да көп. Оны хан иең баяғыда-ақ білген. Сені әспеттеп бөлек ұстауы содан. Сол қадірді біл! Қазір алыста жүрсе, ол тағдыр ісі. Өз тағдыр талайыңды қарсы алуға дайындал...».

Ерекше тағдыр иесі болып жаралған Сүзгенің дара бітімінің биіктей түсуі осы тұста айрықша көрінеді. Әзәзілді ойды санасына аулақ қуған ханым Мұхаметқұлға ермей қалып қояды. Осы тұста шығарманың лирикалық қуаты артып, кейіпкердің нәзік те кіршіксіз сезімі алдыңғы орынға шығады. Осы сәт сыршыл әсерге толы *«көкірегінде бейкүнә арман, тәтті қиял жылап қалды...»*, - деген сөйлеммен жеткізіледі. Бұл «бейкүнә арман мен тәтті қиялдың» соншалық қымбаттығы мен тым тереңге тұнған құпиялығы да оқырманға қапысыз аңғарылады. Тағдырын өзінен әлдеқайда егде ханға байлап беріп, соның ары мен абыройы үшін басын құрбандыққа тіккен жас сұлудың жылаған арманы мен махаббаты кім-кімді де селт еткізбей қоймайды.

Бейкүнә арман, пәк сезімімен мәңгілікке қош айтысқан ханым енді кіммен әрекетке көшеді. Сол сәттен енді баяндау арқылы күллі оқиға көз алдымыздан өтеді. Сүзге ханым батылданады, күшқайратын бойына жияды. Мұхаметқұлмен бірге нәзік те мұңлы жанын аттандырып жібергендей болады. Ел бастар көсемдей болып, жарлық беріп, нақтылы шешімдер қадам басады. Қаланы қоршауға алған атаман Грозаға елші жіберіп, келісімге шақырады. Ашыққан қала тұрғындарына тұрғындарға қазынада бар мүлікті таратады. Көз жасы тиылып, қатал қалыпқа көшеді. Осы күнге дейін үміт отын сөндірмей жүрген Сүзгені қорғанға келіп түскен сұр жебе қатты тіксіндіреді. Шығарманың соңындағы қанжардың жарқ еткен жүзі, жүрекке қадалуы айтылмайды. Оның орнына қанжар енді көтерілген шақта қайдан пайда болғаны белгісіз сұр жебе назарға алынады. Бұл деталь шығарманың эстетикалық әсерін барынша артыра түскен эпизод.

Ой жіберіп қарасақ, Сүзгенің жаны қанжар қадалардан бұрын, яғни сұр жебе қорғанға хат алып түскен күні үзілген екен:

«...Ханның қосыны жаудың қолымен айқаста жеңіліп, үлкен күйзеліске түсті. Хан қалған жасақтарымен Обадарияға қарай шегінуге мәжбүр болды. Мұхаметқұл ханзада ауыр жараланып,

жат қолында тұтқында қалды...» - делінген жебемен бірге келген хатта. Сүзгенің үмітінің күл болуына себеп Көшім ханның жеңілуі ғана емес, Мұхаметқұлмен бірге атанып кеткен бейкүнә сезімінің шарасыз қалыпта, тұтқында қалуы да екен осы бір хаттағы сөздермен дәделдене түседі.

Жас ханым Сүзге өзінің әйелдік ар-намысы мен тазалығын, тағдыр қосқан хан иесіне деген құрметін биіктете отырып, ажал құшты. Алып самырсын түбінде жүрегіне қанжар қадалған күйі бүк түсіп отырған Сүзге арқылы жазушы көп жайды аңғартып өтеді.

Эпилог орнына берілген шағын бөлімде тұтқынға түскен Көшім хан әулетінің әлдеқайда, өздері білмейтін белгісіз бағытқа кетіп бара жатқан сәті көрсетілген. Үлкен ордадағы үлкен бәйбішенің жастай ажал құшқан Сүзге рухымен бақұлдасады, одан кешірім сұрайды, Жаратушы иеге жалбарынып, Сүзгеге дұға тілейді. Кезінде Сүзге бауырына басып алмақ болған Алтынайдың жас ханымды көргендей болуы, Сүзге рухының құс болып күймені айнала ұшып жүруі үлкен ханымның ой иірімі арқылы берілген. Әдебиетте адам жанының құсқа, жануарға, жәндікке айналғаны туралы көркемдік шешімдер жеткілікті. Сүзге жанының құсқа айналуы авторлық жаңалық демейміз, шығарманың идеялық және эстетикалық мұратынан туындаған көркемдік шешім. Сондай-ақ осы туындының психологиялық астармен өрілген лирикалық бітімін айқындай түсер мысал.

Жазушы Шәрбану Бейсенованың негізгі ұстанымы әдебиеттің тәрбиелік мәніне, эстетикалық әсеріне және этикалық талаптарына келіп саяды.

Қаламгер кейіпкерінің Сібірдің атақты ханы Көшімнің жары ретінде тарихта болған тұлға екенін естен шығармай, кейіпкерінің жан дүниесіне тереңдей бойлап, жүрек лүпілі мен жан дірілін, нәзік сезім иірімдерін қапысыз аңғартып, қазақ көркем прозасындағы әйелдер бейнесі қатарына өткен тарих тереңінен Сүзгедей хас аруды әкеліп қосты. Оқырманының сезіміне әсер етер сыршыл сазбен лирикалық прозаның талаптарына толық жауап бере алатын әдемі туындыны дүниеге әкелді. Бұл шығарма қазіргі қазақ лирикалық прозасының кеңейген өрісін таныта аларлық шығарма болуымен бірге лириканың психологизмге шебер үндесуінің бірегей мысалы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі прозадағы көркемдік ізденістер. Ішкі жанрларының дамуы.
2. Мемуарлық шығармалардағы замана шындығының берілу ерекшеліктері және көркемдік.
3. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман-дилогиясында замана шындығының бейнеленуі. Көркемдік ізденістер.
4. Лирикалық прозаның жанрлық сипаты, даму арналары.
5. Хикаят жанрының тақырыптық аясы.
6. «Сұлу мен суретші» повесінің сюжеттік-композициялық құрылымы.
7. Ш. Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері» хикаятындағы лиризм мен психологизм.

Көркем шығармалар:

1. *Мұртаза Ш.* Ай мен Айша. Роман. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2002.
2. *Алтай А.* Алтай новелласы. Алматы: Өлке, 2001. – 292 б.
3. *Әбдік Т.* Парасат майданы. Алматы, 2001 .
4. *Сегізбаев К.* Арасан. Алматы, 2002
5. *Кемелбаева А.* Тобылғысай.
6. *Ахметжан Т.* Шығармалар жинағы. Екі томдық. I том. Алматы: Жалын, 2006. – 288 б.
7. Бейсенова Ш. Сүзгенің соңғы күндері. Т.1. Алматы: Ан Арыс, 2008. -240 б.

Әдебиеттер:

1. *Әбдезұлы Қ.* Жазушы және заман шындығы: Мақалалар, зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2003. -185 б.
2. *Пірәлиева Г.* Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш, 2003. - 328 б.
3. *Хализев В.* Теория литературы. Учеб. 2-е изд. Москва, 2000. - 398с.
4. *Мақпырұлы С.* Адамтану өнері. Алматы: Арыс, 2009. – 214 б.
5. *Кәрібаева Б.* Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Сын-зерттеу. Астана: Елорда, 2001. – 312 б.
6. *Жарылғанов Ж. Ж.* Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. Монография. Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.
7. *Дәдебаев Ж.* Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 2003.- 284 б.

III т а р а у

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫ

Қазіргі қазақ поэмаларының тақырыптық сипаты және көркемдік-философиялық мәні. Қазіргі поэмалардағы өткен мен бүгіннің байланысы. Поэтикалық бейнелеулердің жаңғыруы.

Тәуелсіздік жылдары әдебиетінде поэма жанрының дамуы қарқынды болды. Қазақ ақындары бұ кезде кешегі кеңестік кезеңде айтылмаған шындыққа көбірек көңіл бөлді. Ұлт тарихының ақтаңдақ беттері поэма тақырыбына арқау болып, өткеніміздің ащы шындығы бейнеленді. Поэмаларда тарихи тақырыптар молынан қамтылып, тарихи тұлғалар бейнесі жаңа қырымен тұлғаланды. Сондай-ақ ХХ ғасырдың айтулы оқиғалары да поэманың өзегіне айналды. Қазақ халқының басынан кешірген күллі тарихи кезеңдерінің көркем шежіресі түрлі тақырыптағы поэмаларда тұтастай қамтылды.

Осы кезеңдегі бірсыпыра поэмалар қазақ эпикалық жанрына тың мазмұн, жаңа көркемдік өрнектер қосты. Ақын Қадыр Мырза Әлі «Заман-ай» поэмасында (1997) Қазақстанның Кеңес өкіметі жылдарындағы тарихына бүгінгі күндегі жаңаша көзқараспен барлау жасайды. Осы кеңестік идеология қыспағындағы 70 жыл ішінде қазақ халқының басынан кешкен небір қиындықтарды көркем ойлармен жинақтап береді. Поэманың «Бұқара мен партократия» деген тарауында ұзақ жылдар бойы «жетекші күш» болған коммунистік партияның саясатынан халықтың зардап шеккенін тебірене жыр етеді:

*Уландырды сәбидей саналарды,
Тыңдамадық көреген даналарды.
Енді, міне,
Ұятын Партияның
Адал жандар арқалат қала барды!*

Қ. Мырза Әлінің 1997 жылы жазылған «Бес жыл өткен соң» поэмасы нарықтық экономикаға көшу кезіндегі қазақ халқының

аянышты тұрмысын арқау ектен. Ақын жалғанды жалпағынан басып жүрген кейбір алаяқ пенделерді әшкерелей отырып, қарапайым халықтың күйзелген халін толғайды. Поэмада сапырылысқан шетелдік көлікке толған Алматы қаласының бейнесі де, қазақ ауылының сұрғылт тірлігі де шынайы суреттелген. «Заман-ай» және «Бес жыл өткен соң» поэмалары – қазақ халқының ХХ ғасырдағы басынан кешкен тарихын көркем бейнелеген эпикалық туындылар.

«Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» марапатын иеленген ақын М. Шахановтың «Жаңғырық немесе Ақсақ Темір қалай басталды», «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы немесе Шыңғысханның пенделік құпиясы» поэмалары тарихи оқиғалардың мәніне философиялық тұрғыда үңілуімен маңызды болды.

«Өркениеттің адасуы» (1999) поэмасымен ақын осы жанрдың көркемдік өрісін кеңейтіп, қазақ эпикалық поэзиясының мүмкіндігін танытты. Поэма мазмұны, оғанарқау болған идеяның жалпы адамзаттық мүддемен қабысуы, ұлттық шеңберден шығып, бүкіл әлемдік проблеманы қозғауы поэманың мәнін тереңдетті.. Ақын бұл поэмада өткен ғасырларға барлау жасаумен бірге бүгінгі өзекті мәселені тебірене толғайды. Күллі халыққа қайғы-қасірет әкелген Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Гитлер, Сталиндердің алапат жауыздықтарын әшкерелей отырып, ізгілік жолында талмай күресіп, адамзат баласына адамгершілік пен кемеңгерліктің ой қазынасын мұра еткен Аристотель, Конфуций, Әл-Фараби, Фирдоуси, Шекспир, Гете, Достоевский, Бетховен, Моцарт сияқты тұлғаларды шабытпен жырға қосады.

Қазіргі адамзат санасын жаулап алған бұқаралық мәдениеттің рухани қасиеттерді әлсіретіп бара жатқан ұнамсыз жағы поэмада айқын көрініс тапқан. Гуманизмді ту етіп көтерген поэманың маңызы жоғары. М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» поэмасы – адамзаттық ұлы мұраттарды ту еткен, жамандық, зұлымдық атаулыны барынша әшкерелеген көркем шежіре.

Тәуелсіздік жылдары эпикалық жанрда кең құлаш сермеген ақындар М. Шаханов, Иран-ғайып (И. Оразбаев), Н. Айтұлы, Ж. Бөдеш, Е. Раушанов, т.б. болды.

Тәуелсіздік кезеңінде қаламынан көптеген поэмалар туған

ақын Несіпбек Айтұлының «Тоғыз тарау» деген атпен жарық көрген поэмалар кітабына тоғыз поэмасы топтастырылды. «Сардар», Бердіқожа батыр», «Шақантай, «Көкала үйрек», «Түс – елес», «Кәмей ұшқан», «Ерлік пен тектілік», т.б. поэмаларында ақын ұлт тарихындағы айтулы тұлғалар болмысын танытуға ұмтылған. Ақын Жәркен Бөдешұлы «Аңырақай бекетіндегі ой», «Генерал Жохар Дудаев», «Жақия», «Қаныштың картасы», «Жолаушы», «Шер», «Қарауыл төбе хикаясы» поэмаларына қазақ тарихының кезеңдерін, сондай-ақ уақыт тынысын арқау еткен.

Фольклорлық үлгілердегі киссалар үрдісін, сондай-ақ дастан сарынын жаңаша қалыпта түрленткен Е. Раушановтың «Ғайша-бибі» поэмасы құрылымы, көркемдік-эстетикалық құндылығы мен өзек еткен оқиғасы тұрғысынан алғанда өз алдына ерекше көркем дүние. Қазіргі қазақ поэмасының даму деңгейі, көркемдік-эстетикалық сапасы, поэма жанрының зор поэтикалық мүмкіндігі, тың ізденіс пен жаңашылдық төңірегінде ой өрбітсек, алдымен ойға оралып, назар аудартары – осы «Ғайша-бибі» поэмасы. Мазмұндық, пішіндік, стильдік тұрғыдан алғанда поэма жанрында көш бастарлықтай салмағы бар бұл туынды ақын Есенғали Раушановтың талантын жаңа қырынан танытқанын, оны таланты тегеурінді ұлт ақыны ретінде мойындатқанын айта кеткен абзал. Ең әуелі бұл поэманың романтикалық туынды екенін айтқан жөн. Романтизмге тән басты белгі ретінде ерекше жағдайда ерекше әрекет, мінездерімен танылатын ерекше қаһармандар екенін ескерсек, аталмыш поэмаға осы сипат тән. Сондай-ақ әдебиеттанушы Е. Тілешев «романтизм әдебиеті ...лиро-эпикалық поэмалардың өркендеуіне алып келді» - деп атап көрсеткендей, әдістік тұрғыдан романтикалық туынды болып саналатын «Ғайша-бибі» ұлттық әдебиетіміздегі поэма жанрының лиро-эпика деп аталатын саласының дүниесі. Ұлы ойшылдардың бірі Гегельдің романтикалық көркемөнердің негізгі стихиялық белгісі – лиризм деген тұжырымына сүйенсек, ойымызды дәйектей түсеміз.

Поэманың мазмұндық-құрылымдық сипаты өте күрделі болғандықтан, талдауды жекелеген бөлімдерге ретпен жүргізгенді жөн көрдік.

«Ділім – қанағат, дінім – табиғат» деген түркі мақалын эпиграф

еткен поэманың «Тізгін қағарында» алда айтылар оқиғаға барлау жасалып, түркілер тарихынан сыр тартылады. Таласты таласа емген екі елдің - түркілер мен түркі еместердің тұрмысы мен салты, атағы мен даңқы, салтанаты жырланады.

Сонымен, ең әуелгі сөз поэманың «Тізгін қағары» туралы. Ауыз әдебиетіндегі жыршылық мәнерді жазба әдебиеттегі көркем сурет, айшықты тіл, бейнелілікпен ұштастыра жырлаған ақынның сөз кіріспесінің өзі оқырманды елең еткізерлік:

*Ғалайқум-ассалаума бас қонаққа,
Сонан соң үлкен-кіші жас талапқа,
Ниетімді жырға бұрдым, жүзімді – елге,
Хиссасын Ғайша биби бастамаққа.*

Фольклорлық үлгілерде көбіне тындарманға әсер ету басты назарға алынатынын ескерсек, ақынның бұлайша сөз бастауының өзі - шығарма мазмұнына оқырманның назарын аударту мақсаты. Ауыз әдебиетіндегі қисса жанрының қызғылықты да шымшытырық оқиғасы болатыны белгілі. Оқиға желісіне өзек болған халық жадындағы аңыз ақын қолданысында мүлде жаңа қырымен танылып, басқаша бағытта тарқатылады.

*Бұл өзі жаңам емес, ескім еді,
Алыстан жаңғырығып естіледі.
Мақал бар:
«Түлігім – жылқы, түбім – түркі»,
Ал, тарттық сол түркіден көшті бері –*

деген жолдардан ақынның қай тараптан, тарихтың қай тереңінен сөз қозғары байқалады. Түркілердің түп тарихын жыр тілімен өрнектей келіп, Көк Тәңіріне сыйынған сенімін, көшіп-қонып тірлік кешкенін тілге тиек ете отырып:

*Бір елдің өткені хақ көшіп-қонып,
Көк селдір, көркем дала бесік болып.
Әлі ешкім алдымызға жайған емес
Сол көштің бума-теңін шешіп беріп, -*

деп, сол тарихтың ашылмай жатқан сырлары мен қырлары барын айтып өтеді. Ақынның поэмаға арқау етіп отырғаны – сол айтылмай, ашылмай келген түркі тарихының бір қыры. Ақынның тарихты терең білетіні әр шумақта бір ойдың қазығына айналған елдің салты мен ғұрпын, көне дәуірлерде салтанатты сап құрған қалаларды жырлау мәнерінен көрінген.

*Түркілердің төрт тарапқа кеткен даңқы:
Бас ұрып түргеш-басмыл бұл табынды,
Саудаға Самарқаннан жұрт ағылды.
Ыңыранып, керуен тартып Ұрым, Тибет,
Елпілдеп елші салды Тұрпан, Үнді, -*

делініп жырланады. Түркілер тарихын шерте отырып, Таластың арғы бетін мекен еткен «кіл батырға билік берген» елді ақын шартты түрде «түркі еместер» деп алады. Бұл ел де осал емес:

*Ері көп, көп майталман алғыры да,
Аз емес арғымағы, заңды бұ да.
Көк тіреп сол қағанат тұрса керек,
Ортақ боп талай жұрттың тағдырына.
Екі жұртты бір-бірімен аңдысқан, шарпысқан халі
Біз айттық, екі жұрт та барыс дедік,
Барыстар бір-біріне шалыс келіп,
Аңдысып, айбат шегіп тұрмаушы ма ед,
Тайқуды, шегінуді намыс көріп.*

*Біз айттық, екі жұрт та арыстан деп,
Айқаспай арыстандар қалысқан ба ед?
Әзірге жұлқыласпай бірақ олар
Бір-бірін аңди тұрсын алыстан кеп –*

деп беріледі. Ақынның айтпақ ойы, ұстанымы – адамдар арасындағы татулық пен адамдық ниет, ізгілік мәселесі екені осы тарауда айқын аңғартылған. Поэманың әлқиссасында аңғартылған ой кейінгі тарауларда барынша терең тарқатылады.

«Жыландар жыры» тарауында Талас жерін мекендеген ордалы жылан тағдыры сөз болады. Адамдардың қара ниетінен отқа өртенген жыландар мен адамдар әлемі қатарластыра алынып, үлкен адамзаттық мәселе философиялық тұрғыдан көркем туынды заңдылығына сай зерделенеді. «Жыландар жыры» - адамдардың табиғатқа, сол арқылы өздеріне әкелген зауалын жыланның монолог-зары арқылы жеріне жеткізе айтып берген көркемдік тәсіл. Фольклорлық дәстүрдегі жыр үлгісін, ауызша және жазба әдебиеттегі ерекше әсер туғызған соңғы қайталау (эпифора) тәсілін пайдалана отырып, ақын жыланның зары арқылы күллі жаратылыстағы қайшылық пен қиянатты ақтарады. Ел жадындағы аңызда Айша қызды жылан шағып өлтіреді. Есенғали поэмасында осы желі болғанымен, Ғайшаның өлімі, жыланның

шағуы мүлде басқаша жағдайда өрбіген. Адамдар тағдырымен жыландар әлемін қатарластыра берудің өзінде көне танымды негізге алу бар. «Бұл мақұлық күні бүгінге дейін қазақ сенімінде маңызды орынға ие болып отыр. Жыланға қазақ құпия таным, тылсымдық сипат берумен қатар, көмекшілік қасиет те берген. Басқаша айтқанда, жылан культі – арғықазақ мифологиясының басты сипаттарының бірі» – деп жазады мифтанушы С. Қондыбай. Жыландар – адам мен табиғат арасын байланыстырушы тылсым сыр иелері болып та ұғынылады. Жыланды культ санаудың ауыз әдебиетінде, тұрмыстық салт-ғұрыпта көптеген мысалдары бар. Әруақты қастерлейтін қазақ сол әруақтардың жылан кейпінде көрінуіне сенеді. Бұл сенімнің бірнеше мысалын Е. Раушановтың өлеңдерінен-ақ табуға болады. Ақын жыландар әлемін белгілі бір маңызды себептермен оқиға желісіне енгізген. Зерттеу еңбектерге, мифтанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, дербес өмір сүретін рух жылан кейпіне ие болады, яғни адам дүниеден өткенде оның жаны жылан кейпіне айналады. Сондай-ақ өзіміздің қазақы түсінікте жер астына жасырылған қазынаның иесі де жылан болады деп есептелген. Поэмада Талас жерін мекендеген ордалы жыланды қағанат халқы «жылан бауырына алтын басып ұйықтайды» деп, ордаларын ойрандап, өртейді. Тотемдік қағиданы бұзған, киеге қарсы қол көтерген адамды қарғыс ұрады деген көне сенім тарихты, танымды қастерлеу мақсатында да өзіндік рөл атқарады. «Жыландар жыры» тарауындағы қасірет шеккен лирикалық кейіпкер дәрежесінде көрінген жыланның ішкі монологы – адамзат баласының адамшылық атаулыдан алыстап, табиғаттан алшақтауының түбі үлкен қасірет боларын аңғартқандай. Өрт ішінде аласұрған алтын бауыр ана-жыланның

*Кереге бойым жиырылып,
Келте де болды-ау, ой заман.
Қызыл көз қоңыз шүйіліп
Желкеме қонды-ау, ой, заман, –*

деп басталатын зары:

*Үйімнің алды беткей-ді,
Беткейден түскен өрт дейді.
Осының бәрін жасаған
Адамзат қалай көктейді –*

деген жолдармен жалғасып, заман жылжыған сайын табиғаттан алшақтап, бұзылып бара жатқан адам баласының ниет-пиғылын паш етеді. Адамдардың табиғатқа әкелген зобалаңын зармен толғаған ана-жылан ұрпағын сақтап қалу үшін өрт ішінде арпалысып, екі жыланды аулаққа лақтырады. Жыландар қасіретін толғаған ақын оқиғаны ширықтыра отырып, келесі кезекте «қағанаттағы жылан даусын еститін жалғыз адам» Ғайшаны таныстырады. Бұл тұста халықтық дастан-жырлардағы өлеңмен қара сөзді қиыстыра толғайтын тәсілді ұстана отырып, ақын Ғайша қыздың қандай жан екенін баяндайды.

Ғайша – бұрынғы-соңды қазақ поэмаларында кездеспеген тың бейне. Өйткені оның дүниетанымы, адамдар, өмір жайлы ойы мүлде басқаша. Ешқандай дінді мойындамаса да, ол Құдайды мойындайтын. Бірақ Құдай – Адамның өзі деп есептейтін. Оның алдыға қойған басты мақсаты – «Төрт кітаптан шыққан бір кітап» атты еңбегін тез арада аяқтап, тарату болатын. Өзінің бұл еңбектерінің негізгі баптарында әлемді, адамзат қоғамын құтқарудың жолдарын іздестіріп, белгілейді. Ғайшаның ойынша, пайғамбарлардың соны – Мұхаммед соққан ғаламат сарай (бұл жерде сенім), іргесінде Әбілхаят бұлағы, тыныш, жайлы тұрағы болғанымен, іргетасы әу баста дұрыс қаланбаған:

*Кешпейді мұт-мұсылман мүмкін мені,
Кеңкелес шатып жүр деп шіркін нені.
Бұзбасақ қисық үйді бүгін бірақ
Үстіңе құлауы хақ бір күндері.*

Осылайша ислам дінінің қағидаларына қарсылық білдірген Ғайша түркілер мен түркіеместердің халіне қатты алаңдайды. Ертеңін ойламай, қанағатсыздыққа ұрынып жүрген халықтың пиғылынан шошынған ол Мұхаммед жасаған діннен қайран кетті, өйткені ол қателік жіберді деп ұғады да, сол қателікті мойындап, жөндеу керек деп шешеді:

*Бір саны артық кейде жүзден делік,
Қатесін сұрасаңыз сіздер келіп:
Алланы өз қолымен жасады да ол,
Алысқа алып кетті бізден бөліп.*

Мұхаммедше Алланы адамдардан бөлек ұстау жөн емес деген тоқтамға келген Ғайша:

Адамдар, сендер, сендер – Құдайсыңдар,

*Кез жетті енді осылай түсіндірер...
Ғарыштың керегі жоқ, жырақтың да,
Көкте емес, Тәңір үшін тұрақ – мұнда.
Біз айтсақ, адам қанша –
Құдай сонша,*

Себебі, Адам – Құдай бір-ақ тұлға –

деп, Адам баласы өзін құдай деп танығанда ғана бәріне өзі жауапты екенін сезінер еді деген қорытындыға келеді.

*Құласа да, бір Құдайдан көреді,
Жыласа да, бір құдайдан көреді
(Неткен сорлы ел еді?)
Құдаймын деп сезінсе егер ол өзін,
Құдайға ұқсап сыйлар еді өзін де
...Адам – Құдай себебі.*

Еңбегіне тоқсан оғыз тұжырым тапқанымен, жүзінші – ең басты тұжырымды таба алмай қиналған Ғайша бейнесі барынша күрделі.

Поэмада оқиғаны баяндап беруші ретінде көрініп отыратын автор орайлы тұста кейіпкер туралы қосымша түсініктемелер береді. «Ғайша кім еді?» деген сауалға автордың хабарлау түріндегі мәліметтері толық жауап береді де, ақын осы тұстан қайтадан ана-жыланның зарынан үзілген оқиғаға тыңдарман назарын аударуды жөн көреді. Ана-жыланның зарын жүрегімен естіген Ғайша қыздың толғанысы терең мәнді астарлы сипатымен көрінеді:

*Қайда бастап барады қабарған күн,
Кімді сөгіп, кімді енді жамандармын.
Түмен жылан өлген жоқ, өртенген жоқ,
Түсіп кетті ішіне адамдардың.*

*Орда жылан, от қойсаң мекеніне,
Өліп жатып, тіріліп кетеді де,
Ой-пейіліне көшеді өлтіргеннің
Бір де бірі қалмастан көтеріле.*

*Болмады зой болмаспен белдескенің,
Жылан көшті жұртынан, сен көшпедің.
Сыртың – адам болғанда ішің – жылан,
Не болады ертеңің, жерлестерім?*

Қауымдастарының жан түршігерлік пиғылы мен қылығына налыған Ғайша бұл да Адамның өзін Құдай деп есептемегендігінен туындап отырған жай деп ойлады. Адамзатқа

деген нала-кекпен өртенген жыландар енді сол адамның өз ішіне көшкенде адамзаттың ертеңі не болмақ деген үрей қызды мазасыздандырады. Осындай ой құшағында отырған сәтінде інісі Алмастың қағанның айтыс өткізбек хабарын жеткізгені Ғайшаға ерекше әсер етеді. Оның мақсаты – жеңіп, тіккен бәйгені алу емес, көкейінде жүрген ойды жеткізу. Автор, осы жерде өзінің болған оқиғаны баяндаушы, айтушы ретіндегі міндетін естен шығармай, айтысқа сипаттама береді. «Жапон халқы үшін Фудзияма тауының маңызы қандай болса, о баста түркілер үшін айтыс сондай еді. Ел кейін «айтыс ұсақтап кетті» деп жүрді. Ұсақтап кеткен айтыс па, жоқ ақындар ма?», - деп, бұл ұлттық өнердің мәдениет тарихында өте салмақты орны бар екенін аңғартып өтеді. Поэма оқиғасына араласқан Қағанмен оқырман осы кезде танысады. Ол да айтыстың әуел бастағы мәнін жоғалтқанына күйінген жан екен. Ол да шындықты білмек болғанмен, біле алмай дал болады. Өзі саудагердің кейпіне түсіп, сан мәрте айтысқа шығып, сөзді Қағанға бұрып әкеліп тірегенмен, ақын біткен мадақтаудан, мақтаудан ұзай алмайды. Ғайшамен айтыспаққа өзі шыққан Қаған тағы да сол шындықты білмек. Бұрынғы-соңды қазақ поэмаларында кездеспеген авторлық стильдің ерекшелігі сонда – жоғарыда өзіміз айтып өткендей, тек болған оқиғаны айтып жеткізуші міндетін арқалап отырған ол «өкінішке орай, айтыстың толық нұсқасы сақталмаған» дей келе, қыз бен жігіт айтысының кейбір тұстарын «сол айтыстың үзінділері деп ойлаймыз» деп ұсынады. Қыз бен жігіт болып сөз қағыстырған Ғайша мен Қағанның сөз саптаулары, айтқан ой-толғамдары, уәждері тамаша ұлттық поэтикалық тіркестерді, олардың зор көркемдік мүмкіндіктерін таныта алған. Бұл жерде, әрине, біздің айтпағымыз Есенғалидың нағыз ұлт ақыны ретіндегі тегеурінді таланты мен танымы. Ақын Ғайша қыз болып:

*Керме, керме, керме өлең,
Керіп тартшы көлденең,
Тұяқ біткен сүрінсін,
Тізе біткен бүгілсін...
...Қайқы қылыш – қара өлең,
Анаған да сермедік,
Мынаған да сермедік –*

деп төгілтсе, енді бірде Қаған болып:

*Ал, айт десең айтайын,
Қаратаудың басынан*

*Қайырайын өлеңді.
Алатаудың тасынан
Айырайын өлеңді –*

деп термелетеді. Ақын айтысқа тән стильді толық сақтай отырып, екі айтысушының аузына замана, Қағанат жайлы күрделі мәселелерді салады. Ғайша тарапынан айтылатын Қағанның бойындағы келіссіз іс-әрекеттер шымыр тіркес, шынайы суретті сөздермен беріледі.

*Таққа Қаған мінген соң,
Айласы бар мекерлік,
Ақылы бар жетерлік
Кеңге салды қамалды,
Қырық шаһарды қаратып,
Жиырма төрт елді тағзы алды.
Қырды қырып, ойды орып,
Бәрінен күшті болсам деп,
Аш бөрідей жаланды –*

деп Қағанды сынап отырып, сақтандыра сөйлейді:

*Әр Мұсаға бірақ та
Бір перғауын табылар.
Арғы бетті жалмаған
Түркіеместің ханы бар.
Сүңгі найза біз болсақ,
Қырлы найза ол болар,
Екі бүркіт шайқасса,
Қара халық – қарға-дүр,
Қар үстінде жорғалар.*

Ақын қолданысындағы ауыстырулар сол замандағы халықтың ұғымына жақын, айтылар ойдың мәнін, астарын ұқтырарлықтай бейнелеулер. Ғайшаны өз заманының өресі биік ақыны, ерекше санаға ие жан ретінде танытқан ақын оның әрбір сөзіне, іс-әрекетіне сай ерекше поэтикалық тіркестерді қолданады:

*Солай деп орынынан тұрады қыз,
Шудағы нар қамыстың шұбары қыз...*

Қаған мен Ғайша қыз кешкен психологиялық ахуалдарды да ақын қапы жібермейді. Айтысқан жігіттің көздерінен бір гәпті аңдап қалған қырағы қыздың сезімталдығын, қыз бойындағы ерекше талантты, бөлекше болмысты таныған Қағанның ішкі халін ақын төмендегі жолдармен береді:

*Бір гәпті қырағы қыз аңдап қалды,
Сол гәпте зіл-батпандай салмақ бар-ды.*

*Толқын-жұрт сазан-қызды алып кетті,
Қаба алмай, «қап, әттең» деп қармақ қалды.*

Айтылар, баяндалар ойды бейнелеумен аңғартатын ақын осы шумақта біраз жайтты жеткізе алған. Ең әуелі қыздың қырағылығы мен сезімталдығы, қаумалаған көпшіліктің қызға деген қошеметі, сонан соң Қаған жүрегінде бас көтерген тылсым сезім халі осындай тың көркемдік тәсілдермен беріледі. «Толқын-жұрт», «сазан-қыз» бейнелеулері оқиға ауқымына орайлас көркемдеу тәсілі болса, қаба алмай, қапыда қалған қармақ – Қағанның сезім-ықыласы. Ақынның көркемдеу тәсілінің өзі бір-бірін аша түсетін, бір-біріне желі болып тартылатын, мағынасы тығыз үйлесімдікті сақтайтын сөздерден түзілген. Толқын, сазан, қармақ – бір-біріне қатысты детальдар болса, осы детальдар тұтасып, белгілі бір оқиға мезетін бейнелеген. Шумақтар арасында кездесетін тұтастай жолды қайталау поэманың саздылығын, ырғақ үйлесімділігін әрлендіре түседі. Қаған сезімін аңғартатын «Қаба алмай «қап, әттең» деп қармақ қалды» деген жолды ақын екі мәрте еспе қайталау түрінде қолданады. Айтысты тамашалап отырған тыңдармандардың қалпы да бір-бір жолға сыйдырылған:

*«Бибілеп» аңқау кемпір аруақтанды,
«Бала ойын, бақсы зікір неме керек», -
Соны айтып сақ сауысқан шал баптанды.*

Кемпірдің аруақтануы, шалдың сақтықты ескертуі, бәйгені талапайға салған көпшіліктің hareketін жырлай келе ақын:

*Сөздің де мойтабы бар, өткірі бар,
Оқушым, мұнда мағына көп-ті ұғынар.
Өлеңді мән деп емес, сән деп білу
Болған ба ол кезде де деп күліп ал, -*

деп, тағы бір ойды аңғартып өтеді. Өлең мен ақынға деген көзқарас, өлеңнің мәні мен мағынасына деген құрмет басқаша болу керектігі, алайда, мақтаншыл, айғайшыл түркілердің оны ұғына қоймаған дарақылығы ақын тарапынан сыналып өтеді. «Дәл өзіміздей» түркі халқының тағы бір қалпы Ғайшаның Алмас атты інісінің дорба толы алтынды бұлғақтатып, майханаға қарай тартып бара жатқандығы, сол майханадан «жерде – түркі, көкте – күн» деп ән салған мас дауыстардың шығуымен суреттеледі. Бұл шағын, сәттік суреттер – түркі Қағанатындағы халықтың тұрмыс қалпынан хабар береді. Ғайшамен айтысқа жігіт болып шыққан

Қаған бейнесі әрі қарай тереңдей ашылады. Ғайша-қызға деген алмағайып сезімді басынан кешірген Қағанның психологиялық ахуалы оның ауру ханшасымен қатысты беріледі. Тағы да түркі халқы өртеген ордалы жылан ауызға алынады. Ханыша өзі сезінген жайды түсіне кірген жыланмен байланыстырады. Қағанның ханышасының бөлмесіне шапаны мен мәсісін шешпей кіруінің өзінен сезімтал әйел біраз жайды аңғарған. Ханшасына дау айтқанмен, Қаған ойға қалады. Қағанның ойын білдіретін ішкі монологқа құрылған шумақтар арқылы ақын үлкен заманауи мәселелерді, сондай-ақ кейіпкердің жан дүниесіндегі қайшылықтар мен толқуларды бейнелеген. Әуелі:

*Мәлике-Маран дейді жылан пірі,
Мен дағы жылан болып шығам түбі.
Жылжыдым бауырым төсеп от үстімен,
Жұрт етем деумен өңің бұралқыны –*

деп, халық қамын жеген билеуші ретіндегі мақсатын толғаса, келесі шумақта ханшамен арадағы байланыс айтылады:

*Аллам-ай, сүймеймін зой, сүймеймін зой,
Бұл байғұс соны бүгін білгені ме?*

Түркі халқының жақсы атағы шықсын деп қам жеген Қаған:

*Ел болам, емен-жарқын еркін күлген,
Сол болды өзіме айтқан сертім бірден.
Түркі үшін тұншықтырдым қаниша ойымды,
Қанишама сезімімді өлтірдім мен, -*

деп толғана келе, есіне Ғайша қызды алады. Өзін сынаған Ғайшаның сөздері есіне оралғанда, билеушіге тән өктемдікпен іштей кек тұтады. Дегенмен жан дүниесіндегі екінші бір сезім еріксіз аян болады:

*Көзінен өткізсем бе керегенің,
Тұрса зой дар алдына көрер едім.
Бұл пәле бірде алыстап, бірде таяп,
Кетпейді көз алдымнан неге менің.*

Қағанның өз-өзімен сөйлескен халін аңдаған ханыша Қағанның өзі түсінбей дал болған ойын бекіте түседі:

*Ұмытып қалыпсың зой сүюді де,
Ғашықсың, ғашықсың сен, пірім, - деді.*

Ақын осындай психологиялық мезеттерді іліп алып, кейіпкер бейнесін таныта түседі. Әйелінің дәл айтқан дәлеліне қарсылық

білдірмек болған Қағанның көз алдында ханыша жыланға айналып сала береді. Бұл – дүниедегі соңғы үміті үзілген, ең ақырында Қағанның өзіне деген ешқандай сүйіспеншілік сезімі қалмағанын түсінген сәттегі баз кешу қалпының суреттелгені. Фәниден бақиға өткен адам баласының рухы екінші бір тіршілік иесіне, яғни мақұлыққа, жәндікке ауысатыны туралы мифтік сенімді ақын көркемдік мақсатта қолданады. Мифтік құбылушылық желісінің қазіргі поэзиядағы көркемдік тұрғыда қолданылуының бірден бір мысалы ретінде осы тұсты атауға болады.

Поэманың «Майхана» деп аталатын тарауында дарақы думанның қалпы суреттеледі. Майханаға қарай ағылған жұртқа ілескен Қаған ондағы аласапыран думанды, айқай-шуды көреді.

*Айғырды ақталаса – азбан болар,
Жігітті құмар алса – азған болар.
Азбан да, азған да бар осы топта,
Бұл топта өзіне көр қазған да бар.*

*...Бұлаңы лаң сынды түлкі қыздың,
Осы ма келешегі жұртымыздың.
«Көкте – күн, жерде – түркі»... қайдам...қайдам,
Сықпыты мынау болса түркіміздің.*

Майханадағы дырдуды көрген Қағанның осындағы дарақы топтан таяқ жегені, олардың мұны түркіеместің тыңшысы деп, тепкінің астына алғаны, даурыққан жандардың ойсыз іс-әрекеті Қағаның һәм оқырманның жанын ауыртады. Қағанның тұлғасын таныта түсетін тағы бір оқиға – оның Күлтегінмен жауаптасуы. Поэмада автор айтпақ болған негізгі идея Қаған мен Күлтегіннің, Ғайша қыз бен Мұхаммед Пайғамбардың тілдесетін тұстарынан айқын көрінеді. Автордың бұл тәсілі поэманың мазмұнын тереңдете түскен.

Қағанның Қағанат қамын ойлап, жаны күйзелгені оның Күлтегіннен медет сұрауынан көрінеді:

*Қағанаттан мият кетті,
Қара орманнан ұят кетті,
Қағаныңнан қайрат кетті,
Ақ ордадан айбат кетті,
Уа, Күлтегін баба,
Медет бер!*

Қаған аузынан айтылатын кешегі күндей күркіреген түркі Қағанатының бүгінгі халі тарихтағы Қағанаттың әлсіреген кезеңі-

нен хабар бергендей. «Қырық шаһарды қаратып, жиырма төрт елді түгел алған» Қағанның қасіреті не? Неге Қаған:

*Мен үйірлеп жинадым,
Түркі қара бақ болды,
Басқа жаманат қонды, -
деп, немесе:
Мен іргені кеңейттім,
Тынысым тарылды бірақ.

Сен отырған елді көшірдің,
Оңдырдың.
Мен көшіп жүрген елді қондырдым,
Қор қылдым, -*

деп налиды. Бұл сауалдардың жауабын ақын Күлтегіннің аузына салады. Түркі Қағанаты үшін «түн ұйықтамаған, күндіз отырмаған» даңқты батыр Қағанның қателіктерін санамалайды. Жан-жақтағы елді түркіге қосқанмен, ділі қосылмағанын, іргені кеңейткенімен, қорыққандар мен үріккендер амалсыздан дос болғанын айтып келіп:

*Жүректерді жаулайтын жол бар деп ем,
Сен іргені кеңейттің қорғанменен.
Жалған тарих әдем шынжыр сынды
Тез үзілер, әдемі болғанменен.

Неге бердің бұлдасаң көмегіңді,
Тек төр жаққа сүйрейсің неге еліңді?
«Қор болма» деп жазғанмын тасқа өсиет,
«Зор болу» деп оқытсың сен онымды, -*

деп, Қағанның басты қателігін көрсетеді. Күш, зорлық, әділетсіздік өктемдік еткен кезде дұрыс жолдан адасу болатынын Күлтегін шегелей айтады. Ең алдымен керегі – рух еркіндігі дегенге меззейді.

*...Көшкен елді қондырдың – мұның да шын,
Өзі қонуы керек-ті бірақ оның.

Түркі үшін төсектен безіндің де,
Ақылға ердің, ұмтылды сезім мүлде.
Сен қорладың өзгенің бәрін, бәрін,
Сорлағаның сол, балам, өзіңнің де.*

Қағанатты нығайтам деп жүріп, өрескел қателіктер жіберіп алған Қағанға Күлтегін осылай тіл қатады. Түркі жұрты үшін таусылып жүрмін деген Қағанға Күлтегін енді бір мезет былай дейді:

*Іргеңді көрдім – жарадың,
Ішіңе қарай келейін.
Түркінің жеті белгісін
Түгендеп берші, Қағаным.*

Күлтегіннің бұл сауалына Қаған жауап бере алмайды. Енді осы белгілерді Күлтегіннің өзі санамалап, таратып түсіндіреді. Күлтегін айтқан түркінің бірінші белгісі – үш тілі: ана тілі, дос тілі, дұшпан тілі. Дұшпан тілі – жау келіп қысқан күні керек, күштімен күшті арқылы тіл табасың; жауын сыйлай білмеген досын да сыйлай алмайды, сондықтан дос тілін қадірле; ана тілі - өзің, сен ешкімнен зор да емессің, қор да емессің дейді. Екінші белгісі – үш серігі: қылышы, қобызы, шақпағы. Ақын бұл үшеуін сипаттағанда :

*Қайсысы артық?
Қылышы болар, бәлкім,
Ата жауға білінер содан нарқың.
Бірақ, қылыш сөз алса, отың сөніп,
Қобыз болып боздайды бодан халқың.*

*Қобыз болар жақыны күміс үнді,
Күміс үнмен ұйытқан ұлысыңды.
Жетім зой ол бірақ та, кімге керек
Отың сөніп, тот басса қылышыңды..*

*...Мына қапас жалғанда ең жарығы,
Ең сыйлысы шақпағы шығар мүмкін –*

дейді. Түркінің бұл үш серігі ақын тілінде «Артық та емес, кем де емес, үш қоңырым» деп мадақталады. Күлтегін айтатын үшінші белгісі – үш түймесі: тамағында, жүрегінде, кіндігінде. Тамағындағы түйменің серті:

*«Көк Тәңірі, қолдай гөр, жебе мені,
Ас арамы болады, сөз арамы,
Тамағым берікпін» дегені еді.
Жүрегіндегі түйменің серті:
«Көк Тәңірі, қолдай гөр, жебе мені,
Тамағымнан өтсе де серт түймем бар,
Жүрегіме жетпейді» дегені еді.
Кіндігіндегі түйменің серті:
«Көк Тәңірі, қолдай гөр, жебе мені,
Жүрегімнен өтсе де, серт түймем бар,
Ұрпағым кетпейді» дегені еді.*

Түркі халқының бірлігі мен берекесін сақтау үшін айтылған бұл белгілердің қай-қайсысы да ұлттық рухани құндылықтар. Бұдан әрі айтылатын белгілер де солай. Ақын ұлттық таным мен салт-ғұрыптарға тереңдей үңіле отырып, оның тарихын жаңа сипаттармен танытуға ұмтылады. Қағанға Күлтегін айтатын белгілердің барлығы да осы мақсатта туындаған. Халық өзінің шыққан тегін, танымының бастауларын тәрк етсе, бақытсыздыққа ұрынбақ. Осы ойды қазық ете отырып, Күлтегін төртінші белгіні сипаттайды. Ажалдың бары ақиқат, ертең өлген күні кеудеңнен ұшқан рух жәндікке немесе аңға қонбақ. Мифтік танымдардан бастау алып, кейіннен діни түсініктерге негіз болған рухтың мәңгіліктігі туралы сенім поэтикалық тұрғыда ұлттық рухтың жасампаздығын ишаралайды.

*Тәрк етіп қара моланы,
Ұшады рухың самғай бір.
Самғай бір барып қонады
Жәндікке, аңға қандай-дүр.*

*Ол, бәлкім, жылан, қарға-ды,
Жоқ, жсыртқыш тіпті арам ол.
Біреуін таңдап ал дағы,
Үйіңде бағып-қаға гөр.*

Рухты қастерлеу идеясының астарында өткенге құрмет, тарихқа тағзым жатқанын аңдау қиын емес. Рухың зәрлі ме, әлде нұрлы ма – бәрібір балаңа, яғни ұрпағына қалар мұра. Осы ойды толғай келе Күлтегін:

*«Қош» деген сәтте өмірге,
Рухың солай көшеді.
Төтинші белгі: төрінде
Қандай аң жатыр? –
Осы еді –*

деп, төртінші белгіні түстеп көрсетеді. Осы ойды жалғастыра отырып, тегі – бөрі болып, бөрілі байрақ көтерген түркілердің сол бөріні қастер тұтып, тегін ұмытпауы керектігін ескертеді. Бесінші белгі – осы бөрі, рухы көшкен аңмен бірге бөріге төрден орын берсе, екі аң тату боп өссе дейді.

*Даланың еркін өр елі
Бөрідей жауды қоршаған.
Түркінің түбі бөрі еді,
Бөрілі байрақ - ол содан.*

*...Тегін ұмытар болса адам
Несі артық оның жәндіктен, -*

деген жолдар арқылы ақын түп тамырдан қол үзбеуді насихат етеді. Алтыншы белгі:

*Түркіде тағы салт бар-ды
Ұстанар түгел дос-туыс.
Ес білген кезде баптар-ды
Екі әбзел, екі ат, қос қылыш.*

*«Анда үшін!» дейтін біреуін,
Тигізбей тегі басқаға.
Айтатын сосын тілеуін:
«Андамды жауға тастама!»*

Андасының қамын өзінен артық ойлар азаматтық – түркі жұртына тән хас белгілердің бірі болып бағаланады. Түркіге лайық көшелі белгілерді санамалап, түсіндірген Күлтегін – елдікті, ұлттық болмысты сақтау жолындағы үлгі боларлық тұлға. Рухқа тағзым еткен түркілер үшін ол – архетиптік бейне дәрежесіне көтерілген. Күлтегінді поэма оқиғасына араластыра отырып, ақын оның осы сипатын басты назарда ұстайды. Халқының майханаға жиналып, масаң күй кешкен қалпына налыған кездегі Қағанның медет тілеп, жүгінері де осы Күлтегін болады. Түркінің алты белгісін санамалап берген даңқты батыр жетінші белгіге келгенде жұмбақтауға салады:

*Адам боп тауып-өстің бе?
Осы бір шыңға жет, ерім.
Жетінші белгі...ешкім де
Айтпайды оның не екенін.*

Осы жетінші белгіні табам деп, талайлар тарлауыт асқан екен. Бір кезде жетімек болып күн кешкен Тәңірі де осы жетінші белгіні аласұрып іздеген. Сол белгіні дөп тауып, тәңірі болып көкке ұшып кеткен екен. Яғни, жетінші белгіні тапқан адам бірден Тәңіріге айналмақ. Бірақ, адам ол жетінші белгіні таппақ түгіл әлі өзін танып болған жоқ. Күлтегінмен тілдескен Қаған:

*Көз емес, көзім көр болды,
Көкірегіме шер қонды.
Іздемей келдім неге мен
Көмулі жатқан көмбемді?!
Жеті белгіні түгелдей
Сақтаңдар деймін елге енді, -*

деген тоқтамға келеді. Күлтегін оны түгел сақтау мүмкін емес, өйткені ол түркі мен бұл түркі бір емес, олардың заманы басқа, өткенге қызықпа, келер күнге құлақ сал дегенді айтады. Жетпейтін бір нәрсе бар. Ол не? Күлтегін

*Уай, не дейін саған, балам?
Оны мен де таба алмағам
Оны мен де таба алмағам, -*

десе, осы ой Ғайша мен Мұхаммед Пайғамбар жауаптасуында да қайталанады. Адасып жүрген адамзатқа жұмбақ бір тұжырым бар. Ғайша қыз өзіне жүзінші етіп белгілеген бұл тұжырым ешкімге де мәлім емес. Адам – Құдай ұстанымын шырақ еткен Ғайшаға Мұхаммед Пайғамбар:

*Соқтыңыз-ау тұсымнан кеп
Қаңтардағы боранша.
Дінде менің ісім бар ма ед,
Адам Құдай бола алса.
Қинағанда сор ғасыр кеп,
Жалаң аяқ тастақпен,
Адам хайуан болмасын деп,
Алланы алып қаппап па ем.

...Кім ойлаған шабады деп,
Адам азса Құдайға, -*

деп, мұң шағады. Ғайшаның уәжіне жауап қайтара отырып, Мұхаммед Пайғамбар үлкен философиялық ой толғайды. Ислам жолы – ақиқат, Алла – шындық деген ойын айта келе Ғайшаға:

*Шабьт дейді мұндай халді,
Беу, ақынның жүрегі!
Ал, Ислам шынға айналды,
Ол себебі дін еді.

Алла есімін аяладым,
Қайталадым жатарда.
Өзімді өзім аямадым
Сол бір ұлы сапарда.
Соттап та алдым, ақтап та алдым,
Ашылсын деп ел бағы.
Тоқсан тоғыз ат тапқанмын
Бір Аллаға мен дағы.
Илансаңыз, міне шыным,
Таба алмадым іздеп түк.*

*Кем боп қалды бір есімі,
Бірі кем дүние, біз кеттік.*

*Жүзінші аты болды қиын,
Жасырайын мен несін.
Соңғы соқпақ, соңғы түйін.
Ол не түйін? Ол не есім?*

*Уа, не дейін, саған балам,
Оны мен де таба алмағам,
Оны ешкім де таба алмаған...
Сіз сол діннен көп арыға,
Көп арыға сермейсіз,
Адам Құдай боларына
Өзіңіз де сенбейсіз –*

дейді. Күлтегіннің жетінші белгіні жұмбақтағаны тәрізді Ғайша да өзіне жетпей тұрған бір тұжырымды Мұхаммед Пайғамбардан сұрайды. Мұсылман діні туралы аңыз-хикаяттарды Алланың жүз бір есімі болатындығы, адам баласына оның тоқсан тоғызы ғана аян болғандығы айтылады. Осы желі Мұхаммед Пайғамбардың айтуымен поэмада былайша баяндалады:

Яғни, адамның құдай болмағы бос әуре. Бірі кем дүние – жұмбақты ақырына дейін шешу, дүниенің күллі құпиясын ұғыну мүмкін емес. Ақын поэтикалық орамдармен баяндаған жетінші белгінің жұмбақ болуы, жүзінші тұжырымның табылмауы – бәрі де соның дәлелі. Бұл дәлелді пайғамбарлардың әуелі де ақыры да болған Мұхаммед те бекіте түседі.

Бас қаһарман Ғайша енді еңбегіне «Жалқы мен жалпы» атты трактат қосуды жоспарлайды. Жалқы дегені – Әлем, жалпы дегені – Адамдар. Осы тұста Ғайша өзінің көзқарасын мүлде өзгертіп, ата-анасы сыйынған исламға бас ұрады. Адам-Құдай туралы өз ойынан шошынады. Аллаға құлшылық еткен Ғайшаның халін ақын сәтті детальдық оқиғалармен берген (парсы жақтан келген дәруіштің базарда жыланмен ойнап отырып, қайталай беретін «бір кітаптың аяғы – бір кітаптың басы-дүр» деген өлені).

Поэмада екінші рет қайталанатын «Жыландар жыры» (дұрысында тарау аты ғана қайталанатын) оқырманды қайтадан бастапқы оқиғаның жалғасына жетелейді. Алтын бауыр ана жылан өрттен алып, алысқа лақтырған екі жылан шаһарға оралып, жылан тілін түсінетін жалғыз жан (түн ішінде жарығы

жанып тұрған жалғыз үйдің иесі) – Ғайшаға келіп жылайды. Бұл екі жыланның жылағаны фольклорлық поэтикаға сай, жыр тілімен берілген. Жыландар тілімен төгілген зар, адамзаттың табиғатқа әкелген зұматы осы тұста айтылады. Түркілер еліне қашып, түркіеместер жеріне барған екі жылан мұнда да Мәлике-Маран әулетіне адамдар тарапынан қырғын келгенін көрген екен. Екі жыланның зарын ақын әсерлі тілмен бейнелеп жеткізген.

*...Екі бұрқымың болайық, ана,
Екі де бірдей шерменде.*

*...Екі сырға ғып тағып ал, ана,
Нан берші бірақ бір үзім.*

*...Екі білезік салып ал, ана,
Екі қолыңа мүбәрәк!*

Ғайшаға осылайша зарланып, ішке кірмек болғанда інісі Алмас құйрықтарынан ұстап, сыртқа қарай лақтырып жібереді. Поэма оқиғасында сирек көрінгенімен, өзінің бүкіл іс-әрекеті, сөзімен халықтың бұзылып бара жатқан пиғылын танытқан бұл кейіпкердің де бар мақсаты – түркіеместерді қырып салу. Туған інісіне де сөзі өтпей, амалы құрыған Ғайша Қағанға келіп, ақыл салмаққа бекінген. Келсе, Қағанның да тірлігі – осы. Түркіеместердің тыңшысы деп, бір жігіттің аяқ-қолын байлап қойған. Жиналған көпшіліктен оған кесілетін жазаны сұрап отыр. Ғайша енді сол тұтқын жігітті сауғаға сұрайды. Ниеті – аман алып қалу:

*Лұқпан Хакім – ақылдым,
Еңсегей бойлы ер Қаған,
Алдыңда тұрған пақырдың
Құл басын қиып бер маған.*

Осы жерде оқиға оқыс өзгереді – тұтқын жігіт жыланға айналып сала береді. Жыланға айналған жігіттің монологы да жыр түрімен өріліп, оның көзіне керісінше, қаумалаған көпшілік те, өзіне ара түсіп тұрған қыз да жылан болып көрінеді. Осы тұста автор тарапынан берілетін түсініктеме де маңызды орын алады. Автор Қаған мен Ғайшаның кездеспегендігін, ол кезде ел билеушілер мен ақындардың таным-түсінігі, тұрмыс-тіршілігі екі басқа болғанын хисса айтады деп баяндайды. Ғылыми дәйектеме деп келтіретін қисыны да тың әрі оңтайлы тәсіл.

Қаған мен Ғайша әңгімесін екі бөлек айтуды жөн санаған

автор әуелі Қағанның психологиялық толғанысына орын береді. Ішкі монолог немесе сана ағымы тәсіліне жақын бұл толғаныс кейіпкердің күллі болмысын танытады. Өзінің нәзіктігін каталдықпен бүркемелемек болып, оңашада боз бұлау болып жылайтын Қағанның кәдімгі қарапайым адам ретіндегі халі, өзінің жалғыздығын сезініп, досының жоқ екенін түсінгендігі, сөйте тұрып, кіші халықтарға айбат көрсетіп, ұлы Қағанат ретінде түркі жұртын артық санауы Қағанның өзінің ішкі үнімен берілген. Жалғыздық мұңын шаға отырып, Ғайша туралы да ойлады. Өзінің қыз алдындағы дәрменсіздігіне дал болады. Қызбен сөйлеспекке бекінсе де Қағандық менмендігі ұстап, ол қадамға бармауды шешеді. Не істерге білмей басы қатып, енді бірде зұлымдыққа өзін де, өзгені де жақындатып жүргенін мойындайды. Әр түрлі ойға салған бұл толғаныстардың барлығы да – Қағанның ішкі ойы ғана. Бұл тұстарда поэманың психологизмі тереңдей түскен. Ақынның эстетикалық талғамының биіктігі, таным кеңдігі осындай ішкі толғаныстарды бейнелеуде де аңғарылып отырады. Романтикалық сарындағы лиро-эпикалық туындыға психологиялық талдау тәсілі мен сана ағымын сәтті үйлестіруі – Есенғалидың үлкен жаңалығы, суреткерлігінің бірегей бір қыры. Бұл тұста модернистік әдебиетке тән сана ағымы арқылы кейіпкер психологиясын, оның ерекше болмысын таныту тәсілі бұл поэмаға да жат емес екенін айтқымыз келеді. Д. Затонский айтқандай, кеңестік дәуір әдебиетіне де тән болған модернизм, ғалым Б. Майтановтың ойынша «әрбір әдеби дамуда болуы тиіс постмодернизм романтизммен терең тамырласып, жаңа көркемдік ізденіске жол ашқан.

Артық дарақылық, жат пиғыл адамдарды үлкен зобалаңға әкелгені «Жыландар жыры немесе қара нәпсі» тарауында баяндалады. Баяғы екі жылан айналып қайта Ғайшаның үйіне келіп, одан пана табады. Жыландар жырында түркіеместердегі қаралы жай, «қара нәпсі» індетінің тарағаны, адамдардың басы денелерінен алмадай бөлініп түсіп, сұмдық қазаға ұшырап жатқаны айтылады. Бұл хабарды естіген Ғайшаның есіне «Төрт кітаптан шыққан бір кітап» түседі. Көз алдына елестеген Қаған «кітабыңның жүзінші тұжырымын таптың» дегендей болады. Жыландарды ақ матаға орап, сандығының түбіне сала жүріп, адам

мен заман туралы өзінің зарын төгеді. Түркіеместер мен түркілерді жаппай қырған «қара нәпсі» індетінің қайрын сұрап, аспанға жалбарынады. Індеттің құрбаны болған халқын жоқтайды:

*Арыстан елім, ер елім,
Етіңе құзғын тойды ғой.
Құдай бола ма деп едім,
Құл бауың түспей қойды ғой.*

*Қырылармысың, сұмдық-ау,
«Қара нәпсінің» өтінде,
Қолыңда емес, қыл бұрау,
Қыл бұрау сенің ниетінде.*

Ғайшаның көз алдында базардан алтын арқалап шыққан Мәстекбайдың да басы денесінен бөлініп, ұшып түседі. Үй тола тышқандарды көрген соң сандық түбіндегі екі жыланды алып, жылай отырып, жырлаған Ғайша оларды тышқандарды қууға жұмсайды:

*Тарасын менің денеме,
Сұр болып кеткен уың бар.
Шықты ғой тышқан төбеге,
Қуыңдар, кәне, қуыңдар.*

*Ініне қайта тығыңдар,
Қаумалап жүрген жыртықты.
Бәрін ал, тіпті жырымды ал! –
...Соны айтып Ғайша сылқ түсті.*

*Сылқ түсті, бітіп қалды дем,
Ақырет сәті келді оның.
Оянған жылан алдымен
Шағады көзі көргенін.*

Поэма финалында халықты құтқарсам деп арпалысқан өресі биік, ортасынан оза туған дана қыз осылайша қаза болады. «Сөз қаңтаруда» «Адамзат ойының нашар дамығаны сонша – олар тек болған соғыстардың ғана тарихын жазады, ал, болмай қалған соғыстар қаншама? Олар туралы біз білмейміз» делінген жолдардың өзі поэма арқалаған жүктің қаншалықты салмақты екенін аңғартады. Оқиға соңында не болғанын жыршы рөлін атқарып отырған ақын:

*Осылай жетіп піскен толғағына,
Сол соғыс болды ма, жоқ, болмады ма,*

*Ел мен жер не күн кешті, Қаған қайтті?
Қайтадан мамыр заман орнады ма?*

*Не болды «қара нәпсі» зобалаңы?
Айтпайды хисса бірақ одан әрі... -
деп толғайды.*

Поэманы философиялық-психологиялық мәні терең, мифтік сарында жазылған деп айта алсақ та, жалаң тарихи тақырыптағы туындылар санатына қоспаймыз. Адамзатты аман сақтауға ұмтылған Ғайша, түркі Қағанатының даңқы мен еркіндігін сақтау үшін арпалысқан Қаған – тарихи сипаттан гөрі символикалық мәнге ие бейнелер. Белгілі бір тарихи кезең оқиғасы назарға алынғанымен, ақын адамзат қоғамына тән мәселелерді арқау етеді. Поэма оқиғасына үңіле қарағанда, өзіміз өмір сүріп отырған қоғамға тән әрекеттерді де аңдағандай боламыз. Осы тұрғыдан туындының философиялық астарының бір қырын ұғуға болады. Жалпы, поэмадағы кейіпкерлерді тізбелесек, олар – орталық кейіпкер Ғайша, Қаған, Ғайшаның ақын досы Мәстекбай, інісі Алмас, сондай-ақ бұрын-соңды көркем жазба шығармалардың кейіпкерлері ретінде көріне қоймаған Күлтегін мен Мұхаммед Пайғамбар. Бұл аталған кейіпкерлер поэмада өзіндік орын алған. Қағанмен тілдесетін Күлтегін – ұлттық рухтың ишарасы болса, Ғайшамен жауаптасатын Мұхаммед пайғамбар күллі адамзаттық рухани құндылықтың бейнесіндей. Ақындар бейнесінің өзі екі кейіпкер арқылы екі түрлі дәрежеде танылады. Ғайша – ортасынан озық туған, танымы дара, жоғары саналы жан. Оның ақындық дарыны адамзаттық ұлы мұраттармен сабақтасып жатыр. Екінші ақын Мәстекбай – өресі өз ортасынан аса қоймаған, өлең мен ақындықтың мәні мен қадірін түсіне қоярлықтай түсінік аясы жоқ жан. Автор Мәстекбай арқылы тайыз танымымен мақтау мен дарақылыққа елтіген жандардың айналасындағы дарыны кем шығармашылық иелерін танытады. Оның жырлары жалпы жұртқа түсінікті, солар керек еткен дәріптеуді қарабайыр түрде түсініктеріне сай жырлап бере алады. Ал, Ғайша өз ортасына түсініксіз. Себебі, даурыққан, дарақылыққа бой алдырған, елдің ертеңін есінен мүлде шығарған көпшілік оны қабылдай алмайды. Ғайшаның жан-жүрегін ауыртқан мәселелер олардың санасына кірмейді

де. Түркі жұрты үшін өмір сүріп жүрмін деген Қағанның өзі Ғайшаның дәрежесінде емес.

Астары терең, салмақты көркем де бейнелі тіркестермен, төгілген кестелі тілмен түзілген жыр жолдарының қара сөзбен аралас келуі, автордың жыршы міндетін атқарып отырғандай көрінуі, қосымша беріліп отыратын түсініктемелер, бір-біріне мән үстеп, мағына қосып отыратын шумақтар, сөздің саздылығы мен ырғағы, үйлесімді қайталаулар мен сөз термелеу поэманың көркемдік маңызын арттыра түседі. Халық жадындағы аңызды негізге алғанымен, оны мүлде басқа арнада дамытқан ақынның ұлттық және адамзаттық мұраттарды биік көркемдік деңгейде жырлай білуінің өзі ақындық қарымның қаншалықты кемелге келгенін дәлелдейді. Әрине, түрлі тақырыпты қамтыған поэмалар ХХ ғасыр әдебиетінде көптеп жазылды. Солардың ішінде шоқтығы биік тұрған «Ғайша биби» поэмасы екенін де айтпай өте алмаймыз.

Ойымызды тұжырымдай келе, күллі поэманың мәні мен мағынасын танытатын ақынның мына шумағын тілге тиек етеміз:

*Аулақңыз атасы арзан болжамдардан,
Жұртында әр ғасырдың олжаң қалған.
Жамғат, біздің тарих – алтын шынжыр,
Әр жерден жиі үзіліп, көп жалғанған.*

Е. Раушановтың алмағайып заманның қасіретті шындығын арқау еткен поэмаларының бірі – «**Аспанға көшіп кеткен ел**» поэмасы. «Ақ қашып, қызыл қуған» дүрбелең заманның бір оқиғасын арқау еткен бұл туындының мазмұны мифтік-аңыздық сипатта. Ақын кешегі күннің шындығы мен аңыздық оқиғаны қабыстырады. Бұл көркемдік тәсіл, асылы, халықтың рухани бітім- болмысын замана аясында тұтас сипатымен таныту мақсатынан туған ізденіс нәтижесі болар. Ұйқасы мен мазмұнының қиюласуында мін жоқ қара өлеңнің төгілген ырғағымен баяндалған нәм суреттелген оқиға халық қасіретін көз алдымызға әкеледі. Қазаққа бұйдаланып, бұл күнге боздап жеткен қара бура – қара өлеңге мұң шаққан ақынның өзі де халықпен бірге жасасып келе жатқан рухани бір тұлғаға айналған:

*Қара өлең, сен де кәрі, мен де кәрі,
Мағлұм-дүр сырымыздың елге бәрі.
Дарига ай, не басталмақ, мен білмеймін,
Екеуіміз опат болған жерден әрі.*

*Қара өлең, сен де ескірдің, мен де ескірдім,
Ескіріп, кебін кидік өлмес құлдың.
Бұл, бәлкім соңғы дастан біз жазатын
Бұл дәурен, енді айналып келмес құрбым.*

Дастан жырлардың дәстүрлі бастамасы тыңдарманға қарата сөз бастау болса, бұл поэма қара өлеңмен сырласудан басталған. Қара өлең – ұлттың жаны мен жүрегі, рухы. Лирикалық қаһарман бұл жерде ақын болмысының шеңберінен шығып, тұтастай ұлттық бейнеге айналған. «Мен де кәрі, сен де кәрі», «мен де ескірдім, сен де ескірдің» деген толғаныстар осыны айғақтайды. «Басынан неше түмен бұлт айналған заманның» зарын төге келе, ертегі айтып бермекке ниет еткен лирикалық қаһарманның әңгімесінің шешімі тосын.

*Сонымен, бұл ертегі, яки хикая не туралы?
...Ысқырып, жылан орап керегені,
У тамып шаңырақтан төбедегі.
Көшті ауыл көтеріліп түн ішінде
Ақ орда адыра қап дөдегелі.*

*Желіде құлын қалды сона талап,
Желінбей сұр ет қалды шара табақ.
Деген бар иесіз үй – киесіз үй,
Ақ төбет сұғынды-ай бір ала тамақ.*

Бейбіт тіршілігі астан кестен болып, ауылдың көтеріле көшкені осындай суреттермен берілген. Заманның зобалаңы «жыланның керегені орағаны», «шаңырақтан удың тамғаны» түрінде бейнеленген. Ауылды аяқ астынан дүрліктірген – қызыл әскер бері жүрді деген хабар. Ауылдың қызыл әскерден шошынуы да жайдан жай емес:

*Өткен жаз бас көтерере абаданды
Сол қызыл қойша иіріп сабаган-ды.
Көктемде шошақ мылтық ақтар шауып,
Қарайған қара орманын талап алды.*

Құдайға, Еділ анаға сыйынған ауыл құмға сіңіп жоғалған. Атты әскер ауылдың орнын сипап қалған. Иесіз қалған ауылды тінткен қызыл әскер «әруақтай ағараңдаған бір кемпірді» алып шыққан. Әруақ кемпірдің сипаты бөлекше:

*Бұрмады әруақ-кемпір бетін бері,
Ақ тастан қашап қойған секілді өңі.*

*Ел қайда? Кімсің өзі? Неге қалдың?
Бастықтың етпеді әсер жекіргені*

*Паң кемпір, бекзат кемпір кереметтей,
Ол емес, қалбаң қағар ебелектей.
Ақ мая әсем басып келді міне,
Басқа ұрған дыр қамшыға елең етпей.*

Оқиғаның ертегілік баяны осы жерден бастау алған. Кемпірдің басын шаппақ болған қылыш мойынға өтпей қалады. Орыс Иванның қылышы кеспеген мойынды нән қазақтың қылышы кескен. Осы жерде тағы бір ғажап көрініс болады:

*«Ал, балам, шөліңді бас, қанымды ішіп», –
Құлады жансыз дене шағыл құшып.
Сол мезет кесілген бас орынынан
Аппақ боп, сүт атылды, кәдімгі сүт!*

Ананың сүті киелі. Киеге қол көтергенді әруақ атады делінетін түсінік бар. Бұл оқыс ғажап қызыл әскерді де шошытады. Шошынған әскер ауылды тастай қашқан:

*Қан емес, сүт атылды арда бұлақ,
...Айғыр топ қашып шықты жалға бір-ақ.
Сүт қуып бара жатты соңдарынан
Қырға өрлеп, өрге шауып, жарға құлап.*

Поэmanın бірінші бөлімі осы оқиғамен аяқталады. Екінші бөлімде қызыл әскер кеткен соң ауылға қайтып оралған адамдар төрт түлігі аман, шаңырақтары ойрандалмай орнында тұрғанын көріп бір таңданса, бассыз жатқан өлі денені көріп екі таңданады. Бітім-болмысы бөлек, ақ көйлекті кірпияз жан өлерінде қос қолымен төсін жауып, етегін қымтап алыпты. Оқиғаға тосыннан араласқан әруақ-кемпір үлкен идеялық жүк арқалаған символдық бейне. Сондықтан да автор оны ерекше қалыппен суреттеген. Басына қылыштың өтпеуі, қазақ қолындағы қылыштан ғана басы кесілгенде қан орнына сүттің ағуы, елірген қызылдарды сол сүттің қуалауы, өліп жатқанда да төсін жауып, етегін қымтап алуы, ел жиылып, қабір қазып, жерлемек болғанда тіпті отыз кез лақатқа сыймауы ертегі оқиғасына ұқсас болғанымен, поэма ертегі емес. Кемпірге қатысты әрбір ғажайып оқиғаның өзіндік астары бар. Кемпірмен бірге аталатын ақ мая да осындай символдық мәнге ие. Кемпір мен үдере қашқан ауыл адамдары сыйынатын Еділ ананың арасында тығыз байланыс бар.

Сонымен, кемпірдің мүрдесі отыз кез лақатқа сыймай, елді таң қалған үстіне тандандырып тұрғанда ақтардың келе жатқан хабарынан ауыл қайта дүркірей қашады. Ақтар кеткен соң ауылға оралған адамдар мүрдені де таба алмай қалады.

Ақ қашып, қызыл қуған заманның зобалаңына ұшыраған Қарой ауылының көрген қасіретін паш еткен поэтикалық оралымдар мен бейнелеулер поэманың көркемдік мазмұнын тереңдете түскен. Зобалаңы көп заманның «некесіз көрде туған сұм ғасыр» болып суреттелуі, қап-қара құмның қан жұтуы халық кешкен қасіретті сезіндіре түсер жолдар. Ақ пен қызылдың ортасында қалған Еділ аулының кейуанасын ақтың оғы жалмаса, шалды қызылдың қылышы турайды. Сол сәтте ғайыптан пайда болғандай ақ маялы кемпір алға түсіп, аман қалған қазақтар сол кемпірге ілесіп, сытылып шыға береді. Ақ маяны көздеген қызыл әскердің аты үркіп, құлап өледі. Халық санасына сіңген киелі ұғымдардың ақ мая, ақ кемпір, ақ сүт, ақ қара бас аққу, топ қаз түрінде көркем символдық детальдар болып қызмет атқаруы бұл поэмаға мифопоэтикалық сипат дарытқан. Кие, қасиет – халық рухын сақтаушылар һәм қорғаушылар. Бұл ұғымның өзі жаратылыстың тылсым сырымен, Жаратушының құдіретімен сабақтасады.

Қызыл әскердің оқыстан ажал табуынан да сескенбеген «айғыр топтың» көз алдында ақ мая тұра қалып сілкінгенде ақ қара бас қуға айналып сала береді. Кереметке ұласқан қанды түнде топ қазақ топ қазға айналып, аққуға ілесіп, шашырап, жаңа шығып келе жатқан күн астына қарай ұшып бара жатады... Мұндай мифтік құбылушылық желісі қазақ ертегілері мен аңыздарында көптеп ұшырасады. Дәстүрлі желі десе де болады. Аруаққа сыйынып, одан медеу сұраған ауылды сол аруақтар әлемінен келген ана құтқарып, аспан әлеміне көшіріп әкеткен. Бү дүниеден о дүниеге өту де мифтік құбылыс түрінде түсіндірілетін көне аңыздар бар. Мұның өзі рухтың мәңгіліктігі туралы сенімді аңғартады. Құтылу мақсатында жүзеге асатынына «Қырық қыз» мифі мысал Мифтік құбылушылықтың кей жағдайларда адамның қауіп-қатерден құтылуы мақсатында жүзеге асатын түрі бар. Осындай дәстүрлі мифологиялық әңгімелердің поэтикалық суреттеулерге ұласып, көркемдік-идеялық жүк арқалауы көне дүниетаным туындатқан мифологиялық ойлаудың көркемдік

ойлауға сабақтасып, пішіндік өзгерістермен рухани игілікке қызмет етуінің көрінісі.

Аққу мен қаз – байырғы қалыптасқан наным-сенім бойынша киелі құстар санатында. Қазақ мифологиясында бұлар тотемдік құстар. Зұлмат кезеңге тап болған Қарой ауылының адамдарының қазға айналып ақ қара бас қуға ілесіп ұшып кетуінің тұспалы рухтың қандай қысылтаянда құтқарылып, ғұмырын жалғастыратынының мысалы. Аспанға ұшу түп негізге оралу, аманат жанның өз тұрағына келуі. Ақ қара бас құдың өзі ерекше киелі, қасиетті құс сипатында ишараланады. Діни аңыздарда Алланың шерісі Әзірет Әлі бақилық болғанда оны ақ түйеге мінген жұмбақ адам келіп алып кетеді. Бұл поэмада ақ мая мінген Еділ ана рухы ауыл адамдарын аспанға қарай бастап кеткен. Өлімді рухтың тәнді тастап шығуы деп түсіндіретін діни таным «аспанға көшу» сюжетіне астар болған. Сәттік алдамшы фәниден мәңгілік ақиқат бақиға қарай құс болып ұшып кету көркемдік ұғымда Қарой ауылы шеңберіне жинақталған ұлттық болмыстың жасампаздығының тұспалы. Ақынның айтпақ ойы, ұстанымы осы сюжеттік шешіммен нақты көрінген.

Қазіргі поэмаларда әуелден бар «дайын сюжетті» пайдалану – теоретиктердің көрсетуінше «синкертизм дәуіріне» тән. «Бұл дәуірде екі оқиғалық архетип – көркемдік дамудың кезекті дәрежесі ретінде дайын сюжетті тілдің берілуінің кумулятивті және циклды түрі көрінді». Эйдетикалық (дәстүрлі) поэтикада «сюжет шығармашылығы тоқтап, енді оны пайдалану басталды» дейді О. М. Фрейденберг. Бұл зерттеушінің кумулятивті және циклды схеманы біріктіріп, «мифологиялық сюжет» ұғымында қарастырғаны белгілі.

Сонымен, «дайын сюжеттің» мағынасын төмендегідей белгілер анықтайды: а) оның архетипі «мифологиялық сюжетте» беріліп қойған; ә) кумулятивті және циклды сюжет дайын. Сюжеттік типтің жаңа құрылымы туындамайды; б) сюжет тек берілген архетиптік негізде ғана емес, дайын блоктар мен мотивтер негізінде құрылады; в) сюжет авторға тән емес. Оның жеке туындысы болып саналмайды, өйткені оған дәстүрден келген.

Көрсетілген сипаттарға назар аудара отырып, И. Оразбаевтың «Қорқыттың көрі» поэмасы мен Е. Раушановтың «Қызық емес

оқиғасы» балладасын дайын сюжет негізінде туған шығармалар дейміз. «Дайын сюжетті» пайдаланғанда автор өз вариациясын ұсынуы немесе өңдеуі мүмкін екенін ескерсек, ақынның кең таралған мифологиялық сюжетті пайдалануындағы көркемдік мақсат пен авторлық ұстанымын басты нысан етеміз.

«Дайын» мифологиялық сюжеттерді пайдалану ұлы Абай дәстүрінде бар. Ақынның «Ескендір», «Масғұт» поэмалары шығыстық мифтік сюжеттерге құрылған. Мағжанның «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Ертегі» поэмаларына да «дайын» сюжеттер негіз болған.

Өзіндік үнімен, өлендегі дара бітім, бөлек мінезбен танымал көрнекті ақын Иран-Ғайыптың “Қорқыттың көрі” атты дастаны ел аузында кең таралып, халық жадында көне дәуірлерден жатталып келе жатқан мифтік сюжетке негізделе жазылған.

Ақынның өлендерінде мәңгілік өмірді аңсау сарыны басым. Бірсыпыра өлендер топтамасынан тірліктің жалғандығына налыған, өзін тек өмір сүруге тиісті тұлға ретінде санаған асқақ үнін естиміз. Ақын ойынша, ерекше Ақыл-Ойға ие Адам баласы өлуге тиіс емес.

*Мен - Өмірдің теңімін,
Өлім маған тең емес, -*

деген сөзді тек рухы биік жан айта алса керек. Ақынның осы өмірді сүю, Мәңгілікке талпыну идеясы “Қорқыттың көрі” дастанының негізгі өзегіне айналған.

“Қасиет-нама” тараушасына енген өлендер топтамасындағы Иассауиге арналған өлендерден имандылық пен тазалықты пір тұтқан жүректің бұлқынысы аңғарылады. Иран-Ғайып тілінің өзгеше өрнегі мен кестесі аталмыш өлендерден де ерекше көрінеді.

*Текке жария етпедім,
Көкірегімде нұр барын,
Жайнамазым- Дәптерім,
Намаз – жазған жырларым, -*

деген тебіреністі жолдар ақындық болмыстың ақиқат сырын танытады.

Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші ғалым А. Қыраубайқызы: «Өмір мен өлім тақырыбы адамзат мәдениетінің ең көне құнды деректерін берген «Гильгамеш» пен «Авеста» жазбаларында да бар», «Гильгамеш те Қорқыт ата сияқты өлімнен құтылу

үшін арпалысады», «Қорқыт аңызындағы өлімнен қашу идеясы «Қорқыт ата кітабындағы» ержүрек Темірұл (Домрул) туралы жырдан көрініс тапқан», - деп жазады. Ел аузындағы Қорқыттың өлімнен қашуы туралы желіні «Қорқыт ата кітабындағы» «Домрулдың қызыл қанатты Әзірейілмен айқасауы» жырымен қабыстыра отырып, осы «дайын» сюжеттер» негізінде Иран Гайып «Қорқыттың көрі» дастанын дүниеге келтірген.

“Қорқыттың көрі” аңыз-дастаны – барынша буырқанған ақындық шабытты айғақ еткен бірегей туынды. Бұл драмалық поэманың кейіпкерлері – күллі түркі дүниесінің қасиетті абызы, пірі Қорқыт ата мен Жаналғыш-қызыл Қанат Әзірейіл, Қорқыттың әкесі – Қарақожа-Оғыз ата, анасы-Қамқа-Қыпшақ ана, билеуші-бек – Қаһан, Қорқыттың жары - Сарын ару, досы Рәпіл, көңілдесі – Нике. Бұлардан басқа дастан оқиғасына әр түрлі Дауыстар және Қырық қыз қатыстырылған. Оқиғаның өтетін уақыты – «Расул (Мұхаммед) Пайғамбар заманына жақын тұс (VII-VIII ғасыр), өтетін жері – «Баят (Сырдария өзені) бойы» (Дастанның кіріспесінде көрсетілген мәлімет осындай)

Аңыз-дастан мазмұнына көз жүгірткенде ең алдымен аңғарарымыз – оқиға мазмұнына өзімізге таныс, халық жадында сақталып келген аңыздар желісінің алынғандығы. Иран-Гайып аңыз оқиғасын шығарма өзегіне ала отырып, өзінің суреткерлік қиялына сай, поэтикалық бояуы қалың көркемдік шешім жасаған. Қорқыт ата туралы аңыз-эпсаналардың ішінде ең әйгілісі – абыз-бабаның ажалдан қашуы, сондай-ақ қобыз аспабын жасап, одан мұңлы да ғажап әуенді күй төгілгені.

Аңыз дастанның бірінші бөлімінің бірінші көрінісінде заманына налыған Қорқыт көктегі ие - Тәңіріне мұң шағады. Бұл көрініс «Аспан асты... Жер үсті... Ұлы дала... Табиғат» аясында өтеді. Тәңірмен тілдеспекке көкке қарай ұмсынған Қорқыт күңіренісінде күллі адамзаттың ұлы мұңы жатқандай.

*... Кем түйсініп, Аз ұғам:
Мүмкін сенің базынаң...
Бейне нахақ наласындай Ғаламның
Жатырында
Үш жыл жаттым Анамның!
Әуел баста-ақ
Маған қимадың*

*Тоғыз ай
Тоғыз күншілік
Шарана-Ғұмырын Адамның, -*

деп тебіренген Қорқыт толғанысының өзегі, оның ана құрсағында үш жыл жатқандығы туралы аңыздан бастау алады. Ел аузындағы:

*Қорқыт туар кезінде
Қара аспанды бу алған,
Қара жерді су алған,
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған,-*

деген жыр жолдары Иран-Ғайып дастанында былайша өңденеді:

*Мен келерде-
Ай менен күн шағылысып,
Аруана-тіршілік
Күйісінен жаңылысып,
Ауа қозданып-
Қара аспанды бу алды
Топырақ базданып-
Қара жерді су алды.
Екі аяқты жұмыр бастының-
Зәре-құтын ұшырып,
Салып тудым лаңды...*

Бірінші көріністегі Қорқыт монологы - ортасына сыймай аласұрған, тек табиғатты медеу тұтып, соған бас ұрған, Жаратушы Иемен тілдесіп, жаратылыстың құпиясын білмекке ұмтылған ерекше болмысты адамның жан толғанысы мен жүрек шері.

*Жаратушы Иеге:
Қорқыттың кім екенін
Жаратушы өзің болмасаң,
О,Тәңір,
Түсінбейді бұл тобыр,-*

деп наз айтып, налыған Қорқыт:

*Көк төрінде-
Сен жалғыз,
Жер бетінде-
Мен жалғыз, -*

деген күңіренісін күрсініспен айтады. Қорқыт болып күңіреніп, Қорқыт болып налыған ақын Жаратушы Иеге деген шексіз сенімін осы жолдармен білдіріп тұрғандай. Жердегі тірлікке көңілі толмаған Қорқыт:

*Мен де ұмытам Сені!
Бұдан былай-
Өзіме-өзім-Құдай,-*

деген сәтте Күн тұтылып, Жер - қозғалғандай болады да, кәрі жартас құлап түседі. Жартас-Дауыс Қорқытқа «Құдай болмағың құр қаңқу» дейді. Оны да тыңдамаған соң, Жартас басындағы Шырғай ағашқа жай түсіп құлайды. Енді Шырғай дауыс:

*Құдай бола алмайсың,
Қорқыт!
Мен тәрізді!
Омақаса жығылып,
Сен де бір күн-
Тынасың,-*

дейді. Қорқыт шырғай-ағашқа балта сілтеген кезде, одан таңғажайып үн шығады. Сол сәтте Дауыстар сөйлеп, Тәңірге тіл тигізбей, райынан қайтуын өтінеді:

*-Сен де-өлесің ,
Қорқыт!
Көресіңді көресің-
Қорқыт.
-Өлесің,-*

десіп жамырайды. Шырғай-Ағашқа балта сілтеген сайын Таңғажайып үн әуелеп, күллі дүниені ұйытады.

Қорқыт туралы аңыздың бірі - оның қобызды дүниеге әкелуі болса, осы желі Иран-Ғайыптың дастанында мәні тереңдеп, тартыспен беріледі. Қорқыттың өлімнен қашуы - өліммен арпалыс, оған қарсы күрес болып көрсетіледі.

Екінші көріністе - оң қолына аса, сол қолына шырғай ағаштан жасалған қобыз ұстаған Қорқытты жанды-жансыз табиғатпен тілдесіп келе жатқан сәтінде кездестіреміз. Аққу-дауыстар:

*Қобыз үніне
Зармыз...
Қорқыт,-*

деп назданады. Тырна дауыстар Қорқытты күткен сұлу да сұңғыла жар бар екенін жеткізеді. Сол сәтте Қорқыт қобзын шалады. Күй соңы елеске ұласады. Елес ішінде - Қорқыт күйінің талып естілген үніне елтіп, қырық қызды қасына ертіп, Қорқытқа жетпек болып жолға шыққан Сарын-ару. Таңғажайып үнге елітіп,

күн-түн сапарда келе жатқан қырық қыз шөлге ұрынады. Ақыры қырық қыз да мерт болып, Сарын-Ару табаны ойылғандықтан ақсаңдай басып жетіп, Қорқыттың қарасын көргенде ес-түссіз құлайды. Қорқытқа қатысты аңыздардың тағы бірі - қырық қыз бен ақсақ қыз туралы. Аңыз айтады: қырыққыз бірдей Қорқытқа жетеміз деп сапарға шыққанымен, жолда ажал тауып, іштерінде жалғыз бір ақсақ қыз ғана жеткен екен дейді. Енді бір аңыз айтады-Қорқыт күйіне өлердей ынтық болған ақсақ қыз абыз-атамыздың жары екен дейді. Ал, Иран-Ғайып қыздың ақсау себебі - жол азабы, есімі Сарын-ару дейді. Ақын аңыз әлемін кезе жүріп, жаңа бояу, тың желі мен соны оқиға тудырады.

Екінші бөлімдегі оқиға оғыз-қыпшақ елінің билеуші-бек қананы қайтыс болып, оны жұрттың азалауы сәтінен басталады. Дауыстар бектің тірліктегі бектігін, жақсылығын айтып, жоқтайды. Осы сәтте «күн-тұтылып, жер қозғалғандай» болады. Алыстан әуелі сарын жетіп, сонан соң Қорқыт келеді. Өлген бектің жанын қайта кіргізбекші болып, қоңыраулы асасын қолға алып, бақсылығына басып, жындарын шақырады. Алайда әл-дәрмені жетпейді:

*Қуат-қайратым-
Тұла бойымды тастап,
Қашқан сыңайлы.
Ақыл-санамның да Айбатын-
Құдіретті бір күш жасқап,
Басқан сыңайлы...
Билеуші бектеріңнің
Жанын алған кім еді?!
Дауыстар:
- Тәңірінің түнегі...
- Сұмырай Ажал
Қызыл қанат әзірейіл...*

Поэманың алдыңғы бөлімінде Сарын-Арумен кездесіп тұрған сәтінде күңіренген Ажал-дауыс:

*...Бұ дүниеде-үлесің:
Сен-жер бетінде
Қырық жыл ғана өмір сүресің,
Қорқыт,-*

деген болатын. Сол Ажал-дауыс енді көр түбінен бұрынғыны қайталай айтып:

*Пәлі?!
Бүгін-тура қырықтасың
Яки, мендік ырықтасың
Қорқыт,-*

деп мазақтай күледі. Жер астынан шыққан Өзірейіл-Ажал аузынан айтылатын поэтикалық толғау-дастанның мазмұнын тереңдетіп, оқиғаны ширықтыра түсетін жолдар. Көркемдік нақышы мен ырғақ мақамы арқылы да Ажалдың адам атаулыны үрейлендіретін сұсты қалпы аңғарылып тұрғандай.

Ажалмен тайталасқан сәттегі Қорқыт тұлғасы тіптен күрделене түседі. Өз құдіретін дәлелдемек болған Ажал - Өзірейіл Билеуші – Бекке қайтадан жан кіргізеді. Қайтадан тағына мінген бек қобыз кімдікі екенін, көр кімдікі екенін сұрайды. Дауыстар қобыздың да, көрдің де Қорқыткі екенін айтады.

*Бар пәле-кімде,
Қорқыт?!
Айтшы,
Қобызда ма,
Сенде ме?!-
деп сұраған билеуші бекке Қорқыт:
-Тек!
Пәле өзің тақылеттес
Ақыл-есі кемде,
Билеуші-Бек-
дейді. Ызаланған бек қалың топқа:
Қорқытты
Тірі күйінде
қобызымен қоса көміңдер-
қайтып шықпастай қып Көріне!-*

деп бұйырады. «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген ел аузындағы мәтел өзіне қазылған көрден қашып, шартарапты кезіп кеткен Қорқыт атамызға байланысты туса, ақын бұл желіні мүлде басқа арнаға бұрып, тың оқиға тудырған. Яғни, Қорқыт өзіне емес, Билеуші-Бекке арнап қазылған көрге түсуі керек. Ендігі оқиға ежелгі жазба мұра - «Қорқыт ата кітабындағы» «Доқақожаұлы ер Домрул» атты жырмен үндеседі. Ақын ондағы оқиғаны желі етіп алғанымен, өзгеше өрнекпен құрған. Өзірейіл-Ажалдан жан беріп, жан алушы - Тәңірдің өзі екенін естіген соң, Қорқыт оның құдіретіне

құлшылық етеді. Пендесінің өзін шәк келтірмей танығанына риза болған Тәңір-дауыс: «Өз жанының орнына басқа біреудің жанын тауып берсін», - дейді. Қорқыт ет жақындары - әкесі Қарақожаны, анасы Қамқаны, досы Рәпілді, көңілдесі Никені атайды. Бұлардың бәрі ажал алдында дәрменсіз. Тіпті әкесі Қарақожа:

*Қайдан білем мен байғұс,
Кім екенін әкесі-
Көр иесі Қорқыттың?!
Шешесінен сұрап көр-
Сол біледі анығын...-*

дегенге дейін барады. Анасы болса:

*Менің берер
Артық-ауыс жаным жоқ-
деп, бір-ақ қайырады. Әкесі Қарақожа:
Қаратауымды алсын-
Жайлауы болады.
Ақ отауымды алсын-
Ойнағы болады.
Үйір-үйір жылқымды алсын-
Мінері болады.
Ақтылы қойларымды алсын-
Шідері болады.
Алтын, күмісімді алсын
Жинаған
Жанымды өзіме қи,
Балам,-*

деп Қорқыттың аяғын құшып жалбарынады. Досы Рәпіл:

*Егер сен-
Гайыптан күсіп,
Ақ мұнарлы қамалға түсіп-
Гәуірлерге тұтқын болсаң
Ғұмыр бойына теріп,
Тірнектеп жизған барымды беріп,
Ыстығыңа күйіп,
Суығыңа-тоңар ем...
Құтқарар Мықтың болар ем!
...Жан беруге –Осалмын-*

деп ағынан жарылып, шынын айтады. Көңілдесі - Нике де жанын беруден бас тартады. Осындай қиын сәтте Қорқытты құтқарған – жары Сарын-Ару. Ол Әзірейілге Қорқыт үшін өз Жанын алуды өтініш етеді. Енді Сарын-Арудың алдында Ажал дәрменсіз халге

түседі. Аяғы ауыр арудың жанын алуға батылы бармайды. Әрі оған шексіз риза болады. Келесі сәтте Қорқыт өз жанын алуға ризашылық білдіреді. Соңғы сәтте қобызбен күй тартып, өмірмен бақұлдасуға мұрсат сұрайды. Күй тартылғанда көр ішіндегі әзірейіл-Ажал ізім-қайым жоқ болып кетеді. Қобыз шалса қалың топ сілтідей тынып, күй токтаса «Қорқыттың көрі», - деп шуласып қоя береді. Қорқыт болса Сарын-Аруды ертіп, топтан сытылып шығып кетеді.

Төртінші көріністе Қорқыт-Абыз Желмаясының терісінен жасалған киелі кілемін төсеп, Сырдарияның үстінде күй тартып отырады. Ақын бұл жерде Қорқыттың сәбиіне арналған «Әу-пай» күйін шалуын тілге тиек етеді. Бір сәт қалғып кетіп, ажал жылан болып келіп, шағып алады. Қорқыттың соңғы аманаты – өзін Қазалыға жерлеу және қобызды ұлына тапсыру.

Ақынның оқиғаның ерекше ширыққан тұстарын «күн тұтылып, жер қозғалғандай болады» деген жолдармен ажарлауы дастанның көркемдік шырайын, мифтік қатпарын аша түседі. Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» аңыз дастаны – аңызды өзінің көркемдік-идеялық мақсаттарына сай өңдендіре, өзгерте драмалық тартысқа құрған, Қорқыт-Абыздың күрделі де тылсым болмысын танытқан мифопоэтикалық астары терең туынды.

Е. Раушановтың «Қызық емес оқиға» атты шағын поэмасына (ақынның өзі баллада деп атайды) арқау болған – Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылу оқиғасы. Бұл өте кең тараған діни-мифологиялық сюжет.

Балладаның лирикаға тән жанр екені белгілі. Сондай-ақ лиро-эпикаға да қатысты. Яғни, бұрыннан белгілі оқиға желісі лирикалық-психологиялық шеңберде суреттеледі. Қазіргі ұғымда ауыр, өзгеше сюжеттің өлең түрінде баяндалуы болып саналатын лириканың бұл түрі романтизм дәуірінде ерекше дамыды. «Көптеген балладалар аңыздармен байланысты болса, енді біреулері ғажайып құпия уақиғалармен байланысты болып келеді. Романтикалық балладаларда әлем мистикалық, жоғарғы күштердің патшалығы түрінде көрініп, оқиға құпия шеңберде өрістейді, әрекет етуші бейнелер аруақтар, өлілер болып келеді. XX ғасырда, романтикалық дүниетанымның тоқырап, реализмнің белең алған кезінде баллада біртіндеп мистикалық сипаттан арыла

бастады, дегенмен оған деген қызығушылығын мүлде жоғалтқан жоқ», – деп жазады Э. Я. Фесенко. Еуропалық әдебиеттегі баллада тарихына көз жіберсек, архетиптік балладалық сюжеттерге ерекше назар ауады. Балладалардың фольклормен терең тамырлас болып, көнелік сипат иеленуі синкретті лироэпикалық жырлармен байланыстырылады. Қазіргі ұлттық әдебиетімізді бұл жанрдың дамуы тақырыптық, мазмұндық, көркемдік тұрғыда сан салалы.

Біз талдауға алып отырған туынды архетиптік сипаттағы дайын сюжетті арқау еткендіктен, сөзімізді осы бағытта өрбітпекпіз.

Баллада жанрының даму тарихында «дайын сюжетті» пайдалану көркемдік мақсатта жүзеге асып, сол сюжет желісі трансформацияға ұшырайды. Аталмыш баллада оқиғасы Адам ата мен Хауа ананың жұмақтың есігін жауып шыққанынан басталады:

*Әлқисса, тарс жабылды зілмән есік,
Дір етті алма ағашы тұрған өсіп.
Хауа ана, Адам ата сыртқа шықты,
Тікен-мұң жүректерін тырнап, осып.*

Қасиетті Құран кітаптың 7-Ағраф сүресіне назар аударайық: **«Әй, Адам! Сен және жұбайың жаннатқа оралас. Екеуің қалағандарыңша жеңдер. Алайда осы ағашқа жоламаңдар. Онда залымдардан боласыңдар (19-аят)»**. Бұл ескертуді Адам ата мен Хауа ана Ібілістің азғыруымен естен шығарады. Тыйым салынған ағаштың жемісінен дәм татады. Сөйтіп жұмақтан қуылады. **«(Адам ата мен Хауа ана): «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мәрхамет етпесең, әлбетте зиян етушілерден боламыз» деді. (23-аят) (Алла): «(Жаннаттан) бір-біріңе дұшпан боп түсіңдер. Сендерге бір мерзімге дейін тұрақ және пайдалану бар» деді»(24-аят)**. Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылу оқиғасы әлемдік діни мифологияда да кеңінен таралған. Оқиғаны дайын сюжеттің осы тұсынан – шарықтау шегінен бастаған ақын екі «мұңлықтың» халін өсіп тұрған алма ағашының дір етуімен, жүректерін мұнның тікендей осуымен аңдатып өтеді. Әзәзілдің азғыруымен тыйым салынған ағаштың жемісін татып қойған екеуінің жұмақтан қуылғаннан кейінгі халін баяндауда ақын оқиғаны басқа арнада дамытады.

*Қос мұңлық қайтып кері беттемеді,
Бүгінде ескі сөз зой, жоқ дерегі.*

*Мезгіл күз, жеміс жидек піскен уақ,
– Жо-жо-жоқ, – дейді біреу, – көктем еді.*

«Есте жоқ ескі заманда» немесе «бағзы бір заманда» болған уақиғаның уақыт белгісіздігі де айтылып өткен:

*Жаз екен гүл жайнаған сала мынау,
Қыс екен дейді біреу дала қырау.
Жұмақтан шыққан кезде кімге болсын,
Ұнауы қай кездің де нәмәлім-ау.*

Фольклорлық балладаға тән сипаттың бірі – әңгімелеу болса, ақын да осы сипатты басты көркемдік тәсіл етіп алған. Яғни, бұл туынды жаңа сипатты баллада емес, фольклорлық сипаттағы балладаға жақын келеді. Баллада құрылымындағы үш бөлімнің де «әлқиссамен» басталуы осы пікірімізді бекіте түседі. Балладағы кейіпкерлер мен лирикалық қаһарманның арасындағы эмоциональды байланыс көрінбейді, яғни лирикалық қаһарман толыққанды әрекет етуші тұлға емес. Басты кейіпкерлер – Адам ата мен Хауа ананың халін, жұмақтан қуылған сәттегі көңіл күйлерін танытуда күллі табиғат құбылыстарымен қатар періштелердің де әрекетін айтып өтеді. Бұл жерде көп назар Адам атаға түседі. Жұмақтан қуылған сәттегі ай мен күннің бір көрініп, сөнуі, Ысрафил періштенің дауылды оңды-солды құтыртуы, Жебірейіл періштенің кенеттен тас саңырау бола қалуы, Мәкәйілдің, Әзірейілдің тым-тырыс қалуы – осының бәрі Адам атаны түңілдіре түседі. Әртүрлі ойдың қайшыласуында оңашада Хауа ананы іштей кінәлаған Адам ата амалсыз жұмақтағы мекеннен және достарынан күдер үзеді:

*Шығарып асты-үстіне тұнық көкті,
Қара түн ішін тартты ұлып кекті.
– Ұрдым мен достығыңды бәріңнің де! –
Соны айтып Адам атаң жүріп кетті.*

Көктегі мекеннен мүлде алыстаған Адам ата мен Хауа ананың бір-біріне деген жылылық сезімінен туындаған Мейірім туралы лирикалық толғаныс бұл балладаның мәнін аша түскен:

*...Адамнан ең бірінші Мейірім туды,
Сондықтан оның бізге орны бөлек.
Ол деген ең бірінші өмір еді,
Білсеңіз өмір де одан жеңіледі.
Іздейді ел еміреніп қай кезде де,
Ең тұңғыш перзентіндей көріп оны.*

*Қорқа ма, Жер мен Аспан сескене ме,
Қарайды үркексоқтап қос денеге.
Ортада Мейірімі бар екеуінің,
Қауіп емес енді оларға ештеңе де.*

Осылайша оқиғаны бір түйіндеген ақын ары қарайғы желіні басқаша бағытта өрбітеді.

Сонымен Адам ата мен Хауа ана өздеріне жат мекенде Мейірімді пана етіп, жапанды кезеді. Аспаннан аласталып, жерден тұрақ тапқан бұл жұптың тағдырында алма ағашының алар ерекше орны бар. Бұл ағаш – мейірім мен зұлымдықты тану ағашы, яғни екінші сипатта айтсақ, білім ағашы. «Адам ата мен Хауа анаға мейірім мен зұлымдықты тану ағашынан жеміс татып көруге тыйым салынған. Әйтсе де олар бұл тыйымды бұзбай қоя алмайды, әйтпесе, адамзаттық жобада өмір болмас еді. Сондықтан да, олар тиым салынған жемісті жейді. Бұл жайт, әлбетте, нәтижесінде адам абсолютті дәлдікпен мейірімді зұлымдықтан айыруға қабілетті немесе ол жаңсақтықпен өзін өзі Құдай деп санай алады дегенді тіптен, білдірмесе керек. Десе де, біз берісі, тұңғыш рет көзімізді аштық, қандай қиын болмасын өмір жолына түстік» деп жазады Дороти Норман. Осы ой ақын балладасында тереңдей танылған. Ежелгі дәуірлерден жеткен мифтік әңгімелерде адамның санаға ие болуы, сөйтіп адамзаттық өткінші өмірдің жобасын салуы қалыптасқан құдай заңын бұзумен байланыстырады.

Діни киелі кітаптарда, ескі замандардан жеткен әңгімелерде Адам ата мен Хауа ананың құдай заңын бұзуына себепкер алма ағашының өзіндік маңызды орны бар болса, біз сөз етіп отырған туындының мазмұнында ол орталық символға айналған. Жұмақтан қуылуға себеп болған ағаш екі мұңлыққа «күні қысқа, түні келте» мекенде тағы да кез болады:

*Жұтумен көздің жасын бұлар ащы,
Жақындап келді дағы тұра қашты.
Қос мұңлық көрген еді анадайдан
Теңселіп жапырақ жайған бір ағашты.*

*Көргенде жапырақ жайған бір ағашты,
Екеуі екі жаққа жылап асты.
Бір ағаш еске салып еркелеп тұр,
Жұмақтан қуып шыққан құмар асты.*

Тыйым салынған жемісті татып, сол үшін құдайдың қаңарына ұшыраған, жұмақтан қуылған екі пенде (күнә жасаумен олар пендеге айналды, құдай заңын бұзу – күнәарлыққа бастар жол) ағаштан аулақ қашпақ болады, бірақ, қашып құтыла алмайды. «Қарғыс атқыр ағаштан безе қашқандарымен» айналып сол ағашқа тұсалады. Екі кейіпкердің жан дүниесіндегі құбылмалы хал, басқаша айтқанда тартыс, қайшылық ақынның суреттеуінде екеуінің ағашты көрген сәтте жұмақтағы ағашты және қаңарланған құдайды еске алуларымен, самал желдің айналшықтап жүруімен, әлдеқайдан сайтанның сақылдап күлуімен (бұл – пенделік ниеттің бас көтеруінің тұспалы), екеуінің жүректің сабырға шақырғандай болуымен танылады. Жүрек – сайтан бұзып кіре алмайтын берік қамал. Алайда, жоғарыда айтылғандай, адами өмірдің бастауында кателікке жол беріп, заңды бұзу әрекеті тұр.

Алма ағашы, Адам ата мен Хауа ана – оқиға өзегінде осы үшеуінің ерекше орны бар. Ақын екі пендені пенделік жолға толығымен бұрған ағашты, одан аңқыған жұпар иісті алдыңғы орынға шығара отырып, түс көру оқиғасына жол береді. Түстерінде мұрнын жарған жұпар иіспен өндерінде жолыққан олар өздерін одан алып қашпақ әрекетте:

*Тұра сап бірін бірі аластады,
Құрысын жұмағы да, ағаш тағы.
Әйтсе де, сезімге бой алдырғандары жалған емес:
Хауа ана таңдайының суын жұтты,
Неге дүр Адам ата жақ ашпады.*

Бұл тұста Адам ата мен Хауа ананың әлсіздігіне түс оқиғасы себеп сияқты. Жұпар иіс аңқыған жұмақтағы мекенде қол ұстасып жүрген түстің (қиялдың) оянған сәттегі өңмен (шындықпен) қайшылығы екеуін құдай жолынан басқа тарапқа жетелейді. Бұл тарап – қызығы мен азабы мол адамзаттық өмір жолы. Құдырет қаламмен Лаухқа (тағдыр тақтасына) жазылған жазмыш осы. Түс пен өңді байланыстырып тұрған – ағаштан аңқыған жұпар иіс. Бұл жұпар иіс нәпсіні оятушы. Нәпсінің қажетін тыю – пенделіктен алшақ болу. Екінші бөлімде Адам ата мен Хауа ана осы пенделіктен аулаққа қашпақ боп әуреленеді. Әйтсе де, ағаштың сырын білмекке ауған ниет жеңіп тынады. «Әуес ой» Хауа ананы күннен күнге жүдетсе, Адам атаға ұйқы бермейді.

Ақын оқиғаны дамыту барысында екі кейіпкерін күнәһар ретінде көрсетпейді. Ұлы өмірді бастау жолында тұрған архетиптік тұлға дәрежесінде таныту жағында. Оқиғаның әсерін арттыру, оны шынайылықпен таныту мақсатында табиғаттағы түн мезгіліне айрықша мән берілген: түнгі ұйқыда түс көру және тағы бір түнде нағыз күнаға бату. Күндіз сол күнаға барар жолдың «алғы шарттары» «пісіп жетілген»:

Ағаш тұр, кәдімгі ағаш, алма ағашы,

Тимеген жемісіне жан баласы.

Балқытқан тұла бойды жұпар иіс

Хауаның құмар асы, арман асы.

«Сап, сап» деп, қайтып кетті бұрылды да,

Дүние қандай ғажап бүгін мына.

Екеуі ұзап барып қайта оралды,

Әуес ой ұйықтатпасын ұғынды да.

Айналып Адам ата көрді ағашты,

...Сол күні бір шаруасы оңға басты.

Сықсыңдап бұлт ішінде жұлдыз біткен,

Нарттай боп ұялған ай жоннан асты.

Балладаның екінші бөлімін тәмамдап тұрған бұл жолдардың көркемдік-эстетикалық мәні тым терең. Адам ата мен Хауа ана арасындағы құпия қатынасты анайы түрде әйгілей көрсету туындының көркемдік қуатын әлсіретер еді. Ақын осыны суреткерлік сезімталдықпен түйсініп, «жұлдыздың бұлтқа жасырынып, айдың нарттай боп ұялуы» арқылы бейнелеген. Сондықтан да нақты әрекеттегі екеуі назардан «тыс қалып», жұлдыз бен ай көзге ілінеді. Сөйтіп, пенделік нәпсі салтанат құрады.

Келесі бөлім Адам ата мен Хауа ананың кәдімгі тіршілігін суреттеуден басталған. Жерді мекендеп, алма ағашын паналап, өмірге ең бірінші сәби келгенде оның бұтағын бесік еткен екі пенденің ендігі ықылас-назары сол алма ағашына ауған. Ұят пен иманды түйсінген күні ағаштың жапырақтарымен абыройларын жабады. Періште достарына өкпелерін ұмытып, Құдайға разылық ниеттерін білдірген. Алайда, сәби дүниеге келгенде Хауа ана Құдайдың «құтты болсын» айтпағанына назаланса, Адам ата періштелерді сыбайды. Хауа ананың ендігі аңсары ағаштың жасын білмекке ауған. Осы ағаштың жұпар аңқыған жемісі бір кезде «құмар асы», «арман асы» болса, енді ол ағаштың жасын

білу үшін мазасызданады. Адам атаны тыйым салынған жемісті жеуге мәжбүрлеген де Хауа ана екенін еске алсақ, оның пенделік тіршіліктегі жетекшілік рөлін аңғарамыз. Балладада Хауа ананың мұндай мінез болмысын сипаттайтын жолдар да жеткілікті:

– Апыр-ай, нешеде екен?

– Кім біледі?

Хауа ана бір қызықса сұмдық еді.

Ұйықтатпай түніменен осы сауал

Әуес ой аз жүректі тілгіледі.

«Әуес ойдың» екеуін ағашқа әкелгені, оның жемісін таттырғаны белгілі. Ол әлі тыным таппаған. Хауа ананы еліктірген үстіне еліктіріп, ақыры Адам атаға ағашты кестіріп тынады. Бұл желі, яғни ағаштың кесілуі – ақынның әріден бастау алған архетиптік сюжетті астарлы оймен толықтыра отырып, трансформациялауының мысалы.

Адам ата мен Хауа ана ағашты кесіп, оның жасын анықтады. Осымен олардың әңгімесі аяқталған сияқты еді. Бірақ аяқталмаған екен. Олардың бүгінгі ұрпағы – біздің бас қатырып жүргеніміз «түлкінің бозға салған жымы сынды» түбін қусаң жеткізбейтін дау. «Қызық емес оқиғаның» нағыз «қызығы» да осы:

Соңы бар ұйықтатпаған ұлысымды,

Сол гәптен аңғарасыз ұлы сырды.

Біздің дау – түбін қуса жеткізбейтін

Түлкінің бозға салған жымы сынды.

Жиылған жер бетінің күллі заңы,

Біздің дау бара бара дін бұзады.

Балтамен кесті ме оны, ара мен бе?

Осыған жауап таппай жүрміз әлі.

Ақынның айтпақ ойы, туындының негізгі астарлы мазмұны осы екі шумақта тұр. Адам баласының пешенесіне жазылған тіршіліктің күрделілігі мен қайшылығы белгілі ұғымдармен көрсетіледі. Романтикалық бастаудан реалистік арнаға ауысқан оқиға желісі астарлы мағынамен өріліп, жалпы тіршілік ағымындағы ақиқатты аңғартады. Ақын қалыптасқан алғашқы танымдық бастаудағы қағидаттарды ішінара бұза отырып (Адам атаның Құдаймен, періштелермен өзінше «араздасуы») көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі ой-сананың даму деңгейін (Адам ата-Хауа ана

ағашты, оның жасын білуге құмартса, біздің дауымыздың «жеткен биігі» – олардың ағашты немен кескендігіне бас қатыру), нақтылай айтқанда пенделік ниеттің өрши түсуін, ұсақталуымызды сөз етеді.

«Қызық емес оқиға» атауын иеленген Адам ата-Хауа ана хикаясы – ақынның эпикалық поэзия жанрына қосқан елеулі жаңалығы. Дайын сюжетті нысанға алып, оны терең мағыналы поэтикалық қалыпта жаңаша сипатымен жаңғырта танытқан бұл туынды тілі мен көркемдік-бейнелілік мазмұны тұрғысынан Гетенің «Орман патшасы», Брюгердің «Ленор», Пушкиннің «Жындар» туындыларымен бір қатардағы дүние.

«Дайын» сюжеттер XIX-XX ғасырларда дүниеге келген дас-тандар мен жырларда, поэмаларда, балладаларда кеңінен пайдаланылып, адамзаттық мәңгі мәселелерді танытуда көркемдік-эстетикалық, философиялық-гуманистік бағытта елеулі маңызға ие болды. «Қорқыттың көрі» поэмасы мен «Қызық емес оқиға» балладасы солардың бірлі-екілі мысалдары.

Қазіргі поэмалардағы өткен мен бүгіннің байланысы. Поэтикалық бейнелеулердің жаңғыруы. Ұлттық поэзиямызда поэтикалық символдарға айналған бейнелеулер баршылық. Солардың бірі өлеңді көк ала үйрек образында таныту. Көк ала үйрек әйгілі Кемпірбай ақынның қоштасу жыры арқылы мифопоэтикалық болмысымен ерекшеленіп, ерекше тұрпатты көркем бейне болып қалыптасты. Осы желіден поэтикалық ой өрбіткен белгілі ақын Н. Айтұлының «Көк ала үйрек» атты поэмасында өлең, рух, ұлттық рухани әлем кеңінен жырланады.

Поэмаңыз:

*Астана, Алматыға алаңдамай,
Ат басын, бұрдым, Семей, саған қарай.
Қайдасың Көк ала үйрек – сөз киесі,
Өзіңді бұл жалғаннан табам қалай?*

*Кім білсін, көктесің бе, жердесің бе,
Сәулең жүр ақындардың зердесінде.
Бұлбұлдай ұзақ таңға сайраушы едің,
Бір кезде Кемпірбайдың кеудесінде, –*

деген жолдармен басталатын кіріспесінде сөз киесі деп таныған Көк ала үйректі шарқ ұрып іздеген лирикалық кейіпкер халі көрсетілген (поэмада Көк ала үйрек бас әріпен берілгендіктен біз де

солай алып отырмыз). Мифтік танымда көк – нұрдың бір тұлғасы, символдық сипаты жағынан нұрдың бейнеленуі десек, ақын көк ала үйректің «сәулесі» (нұрдың синонимі, немесе сол нұрды сипаттайтын тезаурус) ақындардың зердесінде екендігін көркем тілде өрнектейді. Және бұл киелі құсты «бұлбұлдай сайратады».

*Елестің адам қалай түсін білсін,
Сусылдап, сағым болып ұшып жүрсің.
Өзіме өзім жұмбақ көрінгенде
Кім сенің тағдырыңды түсіндірсін?*

*Сен ашсаң, құпияңды мен де ашайын,
Сезімнің тұнығынан шөл басайын.
Аққудай бауыр төсеп жүзем десең,
Өлеңнен айдын шалқар көл жасайын, –*

деген жолдардан бұл құстың тылсым сырлы киелі сипаты барынша көрінеді. «Сағым болып сусылдап ұшу», «аққудай бауыр төсеп жүзу» бейнелеулері көк ала үйректің поэтикалық ерекше болмысын көз алдымызға әкеледі. Бұлбұлдай әнші, аққудай көркем құстың сипатын көк ала үйрекке тели отырып, ақын өлеңнің күрделі поэтикалық бейнесін түзеді. Жоғарыда айтылып кеткен су әлемімен байланыс өлеңнен көк ала үйректі аққудай жүздіретін айдын шалқар көл жасау бейнелеуінен көрінеді. Мифтік танымнан бастау алып, көркемдік санада орныққан су құстарын рухани болмыспен тығыз байланыстыру дәстүрі Н. Айтұлының сюжетсіз лирикалық-психологиялық поэмасының бір тініне айналған. Рухани болмыстың аспандық және жерлік сипаты осылай нақтылана түседі. Жерге қонбай шарқ ұрған бұл құс үш әлемге (көк, жер, су) ортақ. Түркілік мифтерде жорыққа су толтырылған күміс хауыздағы үйректер мен қаздарды алып жүретін қағандар туралы сюжеттер кездеседі. Қаған солардың сүңгуіне, жүзуіне қарап алдағы тағдырын, немесе соғыстың жағдайын болжайды. Су толтырылған хауызды ғаламның микро-поэтикалық бейнеленуі түрінде қабылдасақ, үйрек-қаздың жүзіп жүруінің символдық мәні үйлесімді де бейбіт қалыпты аңғартады. Н. Айтұлы поэмасында көк ала үйрек лирикалық қаһарман түйсігіндегі аспан кеңістігінде, белгісіз бір ғайыпта. Яғни, жаратылыс үйлесімділігі бұзылған. Ақын пайымындағы «әлемнің алты бірдей құрлығында жалғыз жаратылған» көк ала

үйрек өзіне тиесілі үш әлеммен (аспан әлемі, жер әлемі және су әлемі) бірлікте емес, бәрімен бірдей жарасым таппаған. Сол жарасымдылықты жаңғырту үшін де ақын өлеңнен көл жасап, қондырғысы келеді.

Поэманың бірінші бөлімі ақынның көк ала үйрекпен, дәлірек айтсақ, өлең рухымен сырласуы тәріздес.

*Аспанға шығып кетсең, түсіі бері,
Жанымның жарқылдасын күш-жігері.
Дегуші еді алмағайып тылсым сырын
Адамнан бұрын, сірә, құс біледі.*

Құстың ғарышпен тылсым байланысы мифтік таныммен осылайша берілсе, бұдан әрі көк ала үйрек туралы поэтикалық толғаныс:

*Сен бірақ құс емессің шындығында,
Түйінсің шешілмейтін бұл ғұмырда...
...Мүмкін, сен дәл қасымда күрсінесің,
Үкілі домбыраның кейпіне еніп, –*

түрінде өрбіп, жұмбақ сыры, киелі болмысы күрделене түседі. Өлеңді кие тұтқан халықтық таным осылай бір бой көрсетіп өтіп, ары қарай ақын :

*Жайыңды, асыл құсым, мен түсінем,
Шықпайсың сағынғанның сен түсінен.
Маған да анда-санда аян беріп,
Алланың құр қалдырма еншісінен.
...Бар еді менің де бір **бозторғайым**,
Кезіксең қанаттыға қақтырмашы –*

деп, көк ала үйрекке арзу айтады. Өлеңнің концептуалдық бейнесінің аясына ақын «бозторғай» тезаурусын енгізгенін айта кеткен жөн.

Поэмада жыл мезгілі де мифопоэтикалық аңғарыммен назарға алынған. Құстың көлге қонып, судан суға шүйгуіне жайлы мезгіл жаз болса, осы мезгілге тән табиғат құбылыстарының өзі («Жаз келсе гүл көйлегін дала кимек, Құбылтып кемпіркосақ садақ имек») екінші, астарлы мағынамен жырланып, көк ала үйректің рухани әлемін бейнелеген. Рухтың жаратылыспен жарасымын, болмыспен үйлесімін қалаған лирикалық қаһарман толғанысы:

*Шүйгіші көлден көлге, судан суға,
Көзіме бір көрініп, **Көк ала үйрек**, –
деген тілекпен түйінделеді.*

Көк ала үйректің шарқ ұрып, жерге қона алмау себебін ақын поэманың екінші бөлімінде түсіндіреді. «Семейден топырағым болар білем» деп арыздасқан Кемпірбай сөзі қалың қазаққа мәлім. Сол Семейден топырақ бұйырған Кемпірбайдың моласы қасапхананың астында қалған. Кеңес өкіметі салтанат құрып тұрған бір жылдары молалар тапталып, қасапхана салынған. Бұл қасіретті ақын:

*Аруақтың көрден шығып қаңқа басы,
Бақидың басталыпты жанталасы.
Жалғасып келе жатыр содан бері
Өлі мен тірілердің жанталасы.*

*Тажалдың күні шықса шалқып алдан,
Жұқ болмас жұмырына жарты жалған.
Беттері тірілердің бүлк етпейті,
Тұрағын өлілердің тартып алған, –*

деп жырлайды. Жаратушыны мойындамайтын атеистік сана үстемдік еткен қоғам рухани дүние игіліктерін мүлде керек етпейді. Моланы таптау, өлілерге маза бермеу – өткенді жоюдың, ата-бабадан мұра болып қалған рухани байлықты құртудың бір көрінісі. Ақын бұл әрекетті фәни мен бақидың, тірі мен өлінің тартысы түрінде мифопоэтикалық аяда алып бейнелейді. Бақидың мәңгілік тұрғындары аруақтар қауымы болса, фәни тұрғындарының пиғылы оларды мазасыздандырады:

*Аруақтар аласұрып тыншымайды,
Обалын шіркіндердің кім сұрайды?
Моласын мұңдасының қайта таппай,
Жалғыз-ақ Көк ала үйрек шырқырайды.*

Көк ала үйрек болмысты өлең, яғни ақындық рух өзінің қажетін, тегі мен негізін іздеп аласұрады.

Бір кездері қан сасыған, қасіреттің қазанын қайнатқан қасапхана қаңырап қалған. Ақын поэманың үшінші бөлімін қасапхананың бүгінгі осы халін тілге тиек етіп бастайды. Кемпірбайдың моласын шыр айналған көк ала үйрек бір кездері қан сасыған бұл маңайдан шошып, ұшып кеткен. Үрей шашқан қасапханаға қарап тұрып, лирикалық қаһарман арыстарды қойдай тізіп айдаған, ажал

құштырған замана зобалаңына да налиды. Сүйектің сұраусыз кетуі ұлттық салт, ғұрыптағы үлкен қасірет. Поэтикалық толғаныс аясындағы көк ала үйрек, жер астында шуылдаған аруақтар, бұлардың ортасында солармен тілдесіп тұрған лирикалық қаһарман поэманың мифтік сарынын күшейте түскен. «Естілер аруақ үні тыңдағанға», «ғайыптан қасіретті үн келеді» деген жолдар осыған дәлел. Тылсым әлемге қарай тартылған лирикалық кейіпкерге бұл дауыс Кемпірбайдың тілімен үн қатқан қапалы көк ала үйрек болып сезіледі. Аруақты құрмет тұтып, қастерлеген қазақы сенім мен ғұрып ақын ойының өзегіне алынған:

*Алдайды жалған дүние бүгін жолдас,
Аруағын зарлатқан ел түбінде оңбас.
Ей, қазақ, бүйте берсең, аз ұрпағың
Торғайдай тозып бітер, түгің қалмас.*

*Көтеріп қорлығын да, мазағын да,
Қиналдық қасіреттің азабында.
Аруақтар аза тұтып жатқаннан соң
Болмайды енді ешқашан маза мұнда!*

*...Мазарын мазақ етсе, мыңқ етпейтін,
Намысы сөнген халық – өлген халық.*

Аруақ үні болып жеткен бұл сөздерге лирикалық қаһарман мұң шаға жауап қатады. Аруақ пен лирикалық қаһарманның диалогы поэманың көркемдік мұратын, эстетикалық әсерін арттырған. Тылсымнан, ғайыптан естілген аруақ үні қайта ғайып болғанда аспан жақтан қанатын жайып келген Көк ала үйректің болмысы мүлде ерекше:

*Дауысы Кемпірбайдың болды ғайып,
Орнымда қала бердім мен мұңайып.
Сол кезде аспан жақтан **Көк ала үйрек**
Қанатын көбелектей келді жайып.*

*Төбемде айналады шыркөбелек,
Білмеймін, бұл гажанқа кім не демек?
Үйректің кейінде деп ойлаушы едім,
Құс емес, ұсқыны да мүлде бөлек.*

Мистикалық қалыптағы өлең бейнесі ақын суреттеуінде осылайша көрінген. Жоғарыда айтып өткен нұр, сәуле желісі де ақын санасынан тыс қалмаған:

*Торғындай қанаттары дірілдейді,
Сусылдап ұшқаны да білінбейді.
Төгіліп сүйкімді бір нәзік сәуле
Толқытып жүрегімді күлімдейді.*

Дәстүрлі таныммен сабақтасқан бейнелеу – нәзік сәулені төгілуі – нұрдан жаратылған рух мәңгіліктігінің бір сәттік нышаны. Көк ала үйректің көрінуі мен сәуленің төгілуін сәтті үйлестірген ақын мифтік кеңістікке барынша тереңдейді. Кемпірбайдың кеудесінде сайраған еркін күнін армандаған Көк ала үйрек жерге қонбайды.

Поэmanın төртінші бөлімінде Көк ала үйрек туралы трагедиялық Һәм лирикалық толғаныста өзекті тарихи әрі рухани мәселелер қозғалған. Кемпірбайдың кіндік қаны тамған Дегелең мен Мыржықтағы атажұрты зұлматтың ошағында күлге айналғаны, ұлттық рухтың шерлі қалпы Көк ала үйрек айналасына жинақталған.

*Сиқырлы Көк ала үйрек құлағына,
Шалынбай аруақ үні тұрады ма?
Келеді қайдан болсын салып ұрып,
Баяғы бауыр басқан тұрағына.*

Кемпірбайдың моласына келгенімен, таба алмай шыр айналған Көк ала үйрек заман желінің екпінімен қаңғып жүргендей.

*Қонбаса Көк ала үйрек қайта жерге,
Қалады не қасиет байтақ елде? –*

деген аруақ үні – Кемпірбай мұңын ақын поэма финалында дамытқан:

*Халықтық қасиеттен жүрдай болсаң,
Қайрылып Көк ала үйрек қонсын қалай?*

«Қым-қуыт, түпсіз терең кең әлемді шарлай ұшқан» Көк ала үйрек тек өлеңнің ғана емес, ұлттық рухтың тұлғасына айналып, барынша дараланады. Кемпірбайдай ақынның кеудесіне қонған өлең бойына күллі қасиет пен кие сіңірілген. Кеудесінде зор қайғы бар шерлі құс жауыздық атаулыны қарғап, ажалсыз болған соң көк аспанды мәңгі шарламақ. Ақынның айтпағы, поэтикалық емеуріні рухты қастерлеуге, өткенді құрмет тұтып, оған тағзым етуге саяды. Кемпірбай толғап айтқан Алланың аманаты кеудедегі шыбын жан ғана емес, жаратушы сыйлаған ақындық, рух әлемінің бір жаратылысы өлең, яғни, Көк ала үйрек. Ол түбі қонар айдынын іздеп, тағы бір мекені – көк төсінде мәңгі қалықтай бермек. Сондықтан да ақын поэмасын:

*Бар оның қанатында ғаламат күй,
Дамылсыз жер мен көкті аралатқыш.
Адамнан қайыр күтіп қапаланбас
Алланың бір өзіне аманат құс! –
деп түйіндейді.*

«Көк ала үйрек» поэмасында Кемпірбайдың қоштасу өлеңіндегі бір деталь тұтастай тақырыпқа, рухани болмыс тұлғасына айналып, мифопоэтикалық тәсілмен барынша күрделенген. Лирикалық қаһарман «Ат басын бұрдым, Семей, саған қарай» деген жолдан бастап-ақ мифтік кеңістікке қарай қадам басқан. Сол кеңістікте Кемпірбай аруағымен, Көк ала үйрекпен жолығып, олардың мұңдарына өз мұңын қосқан. Ұлттың қасіреті мен қайғысын толғап, иесі мен киесіне сұрау салған. Осы **Көк ала үйрек – өлең** мифопоэтикалық жұбы қазақ поэзиясының дәстүрлі көркемдік желісіне айнала бастағанына қазіргі поэзиядан көптеп мысалдар келтіруге болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазіргі поэмалардың қамтыған тақырыптары қандай? Заман шындығы қалай бейнеленді?
2. Поэмалардағы аңыздық сюжеттердің жаңғыруы туралы не айтасындар? Аңыз оқиғасына негізделген қандай поэмаларды оқыдыңдар?
3. Поэмалардағы лирикалық-философиялық, психологиялық сарын қандай жағдаяттарды анықтауға көмектеседі?
4. Е. Раушановтың «Ғайша-Бибі» поэмасы мен ел аузындағы Айша-бибі оқиғасы арасында қандай байланыстар бар?
5. Не себепті ақын «Жыландар оқиғасын» поэма сюжетіне енгізген?
6. Поэмадағы ақындар бейнесіне тоқтал. Ғайша-Бибі мен Мәстекбайды салыстыр.
7. Қаған қандай адам? Оның ой-ниеті, ішкі қиналысы қалай бейнеленген?
8. Поэмадағы «Жыландар жыры» бөліміне назар аудар. Талдау жаса.
9. «Дайын сюжет» дегенді қалай түсінесің? Не себепті ақындар бұл сюжеттерге сүйенеді?
10. Иран-ғайыптың «Қорқыттың көрі» поэмасының сюжеттік негіздеріне тоқталып, талдау жаса.
11. Н. Айтұлының «Көк ала үйрек» поэмасында ақын нені айтпақ болған! Поэманың идеясын түсіндір.

Көркем шығармалар

1. *Мырза Әлі Қ.* 15 томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2009
2. *Шаханов М.* Дара талғам қасіреті. Алматы, 2007.
3. *Айтұлы Н.* Тоғыз тарау. Поэмалар жинағы, 2008.
4. *Иран-Файып.* Қорқыттың көрі. Алматы, 2003.
5. *Раушанов Е.* Бозаңға біткен боз жусан. Алматы, 2006.

Әдебиет

1. *Қирабаев С.* Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті. Алматы, 2011.
2. *Нарымбетов Ә.* Ғасыр сыры. Алматы, 2008.
3. Қазақ әдебиеті. 10 томдық. 10-том. Алматы, 2005.
4. ХХІ ғасыр әдебиеті. Алматы, 2010.

IV т а р а у

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ драмасының дамуы. Тақырыптар жүйесі, тартыс табиғаты. Драмалық шығармалардағы тарихи тақырыптардың жаңғыра көтерілуі. Драмадағы тарихи тұлғалар бейнесі.

Тәуелсіздік кезеңі тарихи тақырыптар сілеміне тыңнан жол ашқаны мәлім. Бұл кезеңде әдебиеттің барша жанрында тарихи тақырыптардың жаңғыра белсенді көтерілуі байқалды. Бұл драма жанрына да тән болды.

Көркем прозасымен қазақ әдебиетінің қорын байытқан Шерхан Мұртаза драматургия жанрының да дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ театр сахнасының тұрақты репертуарына айналған «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғыз үйлік зілзала», «Есек саудасы», «Домалақ ана», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесалары драматургтің суреткерлік шеберлігін тағы бір қырынан танытты. Белгілі драматург Қалтай Мұхамеджанов «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» драмаларын «халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драма-диалогия» деп бағалаған болатын.

Өзінің сүйікті кейіпкері Тұрар Рысқұловты сахнаға әкеліп, тартысты заманның шындығын тереңдей таныту драматургтің жеткен жаңа жетістігі еді. Голощекин саясатының қазақ даласына апат әкелгенін Сталинге хат түрінде жазған Тұрар әрекеті, ұлттың үлкен қасіретін жанымен түйсініп, оған жүрегімен қиналғаны «Сталинге хат» драмасынан барынша көрініс тапқан. «Қыл көпір» романының соңғы тарауларындағы Сталин мен Рысқұлов арасындағы сөз қағысулар сахнаға әкелініп, романда тоқталмаған жайттарға қаламгер пьесада орын берген. Ашаршылық жылдарындағы ел ішіндегі жағдайлар терең ашылған. Рысқұлов хатта жазғандарын Сталинге санамалап көрсетіп, Қазақстанға не керек екенін айтады. Соларды талап етеді.

Сталин мен Тұрар арасындағы диалог астарлы ойлар қақ-

тығысына құрылған. Пьесаның соңғы шешіміндегі сахнаның екі бұрышындағы екі қара киінген адам Тұрарды 1937 жылғы зұлматтың құрбаны күтіп тұрғанын меңзейтін символдық кейіпкерлер.

Осы ашаршылық кезеңінің ащы шындығы «Бесеудің хаты» пьесасының да басты оқиғасы. Тарихтан белгілі, қазақ даласындағы қасіретті жағдайға ашынған бес қазақ жігіті Голощекин саясатының қателігін, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» науқанын әшкерелеп, өлкелік комитетке хат жазған. Бұл өрімдей бес жігіттің халыққа араша сұрап, өз бастарын қатерге тіккені Х. Есенжановтың «Жүнісовтер трагедиясы» романының оқиғасына да енген. Ғатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Мүсірепов сияқты бес азамат қол қойған бұл хаттың халық тағдыры үшін мәні зор еді. Көрнекті қазақ қаламгері, қазақ әдебиетіндегі алыптар тобының өкілі, суреткер Ғабит Мүсіреповтің азаматтық тұлғасын толықтырап оқиға пьесадағы тартыстың өзегіне алынған.

Қаламгер Ш. Мұртаза қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірін зерттеу барысында мынадай түйінді ой айтады: «Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысына көп ізденіп, көп материалдар жинадым. Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол талант иесі айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұлан-ғайыр қызметінің бәрін жеткізіп айту да қиын. Ал соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы неде? деген сұраққа мен: миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім.

Біріншісі – 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болды. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан аман алып қалуға барын салды. Екіншісі – тағы да аштық. 1932-1933 жылдары жаппай ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда өрескіл бұрмалаушылық орын алды. Осының салдарынан халық көпекөрнеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап болды», - деп жазады (Ш. Мұртаза. Тұрар Рысқұлов, мақала, 498 б. Алты томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. Повестер, пьесалар, эсселер. Алматы, 2002).

«Сталинге хат» екі бөлімді тарихи диалогі Тұрар Рысқұловтың халықты аштық тырнағынан құтқару жолындағы қайраткерлігіне арналады. Бірінші бөлімнен-ақ Тұрардың Кремльдегі Сталин кабинетіне жасқанбай еніп, халықтың қал-ахуалын, елдің зобалаң тырнағына ілінген жағдайын жеткізе айтуынан басталады. Тұрардың мемлекет басшысымен тіл қатысуында өткірлік, ойының нақтылығы аңғарылып тұрады. Сталин кабинетіне үнемі әлдеқайдан қаһарлы әрі зарлы әуен естіліп тұрады. Ол кейде Тұрармен ере кіргендей болады. Халықтың да әбден тығырыққа тірелгені ауылдан Тұрардың қарындасы Түйметайдың балаларын ертіп, Мәскеуге, Тұрарға келуінен байқалады. Молшылық пен дарқандықтың мекені - қазақ даласының да күйі кеткендігі көрінеді. Елі мен жерінің тағдырын ойлап шырыққан Тұрар Сталинге жазған хатынан жауап күтеді. Ондағы жауап миллиондаған халықтың тағдырын шешпек. Рысқұлов пен Сталин арасындағы диалог тартысты жағдайда өтеді. Екеуінің сөзі де ұтқыр, дәл, бір-бірін сынай, бағалай жасалатын тіл қатысулар. Мысалы:

Рысқұлов: *«... Бізде бір ақын:*

Әурелікке аралған фани адам,

Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам, - деген екен.

Сталин: Қалай-қалай? Бақ пен сордың арасы бір-ақ қадам. Мұны, сірә, ол ақын Наполеоннан бұрын айтқан болар. Наполеон императорлықтан түскенде: «От великого до смешного один шаг» дегенін білесің ғой?

Рысқұлов: *Оқығанмын.*

Сталин: Сонымен «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Айта бер.

Рысқұлов: Айтсам, Одақта жолдас Сталинсіз күрделі бір мәселе де шешілмейді ғой. Ол шындық. Ал, Қазақстан үшін Голощекин де солай. Басқалар оның бетіне қарсы келе алмайды.

Сталин: (Ары-бері теңселіп, түнеріп жүріп алады). Сонда демократияның аузы буылып, аяғы кісенделгені ғой. Сол ма айтпағың?

Рысқұлов: Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады деген бар. Көлгірсіме деген өзіңіз».

Драмадағы көрініс сайын беріліп отыратын қазақтың адуынды, шымыр күйлері заман күйін, драмадағы психологиялық

тартыс сипатын тереңдете түседі. Сталинді осы бір құдіретті әуен сескендіргендей. Ол Тұрарды «Түркістанның Шығыс ханы» атап, негізді, дәл тілек-талаптарын орындайды.

Қаламгердің келесі «Бесеудің хаты» драмасы 1932 жылғы ашаршылық зардаптарының шындығын көрсетуге құрылған. Сол кезеңдегі асыра сілтеудің нақақ құрбаны болған халықтың жағдайын көрсетуге құрылған екі бөлімді тарихи драма бірден шиеленіскен оқиғадан басталады. Қазақстандағы жағдайдың барысын баяндаған бесеудің хатын талқылаған бюро мүшелері түн ішінде шұғыл мәжіліске жиналады. Голощекин «Бесеудің хатына» ызалы. Жантоқов, Құрамысов, Исаев, Иванов, Елеусіздер әр қилы пікірлер айтып, хат авторларына қатысты мәселелерді талқылауда. Оларды жеке-жеке шақырып, айыптауда. Бесеу: Мүсірепов, Гатауллин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетғалиев ел ішіндегі ауыр жағдайды жеткізгені үшін жазалы болады. Голощекин ызғарынан ықпаған Мүсірепов хатта жазылғанды көзбен көруді ұсынады. Келесі көріністе Қорқыт күйі зарлаған, шибөрілер шулаған сұрқай далаға, өлі ауылға Нұрхан ақын мен Мүсірепов келеді. Жиыазы бұзылмаған иесіз үйлер, аштық құрбандары, бесіктегі жансыз сәби, талықсыған ана. Осы көріністі қара дию мен ібілістер тіпті де қоюлата түседі. Осы көрініс аясында Нұрхан ақынның жыр-реквиемі естіледі:

*Жалғыздап қадақ ел қалған,
Есіктері ашылып,
Сирағы сидам сырықтай,
Білегі күйген шыбықтай,
Саусағы салған сүліктей,
Табаны қара сүріктей
Тырнағы темір күректей,
Мас болғандай маужсырап,
Сүйектері саудырап,
Қыбырлаған неткен жан.*

Пьесаның әр суретінде қазақтың бір күйі («Көкіл», «Ақсақ құлан», «Заман-ай») беріліп, пьеса өзегіндегі тартыстың мәнін аша түседі. Қазақтың зауал шақтағы тұрмыс-күйі, жазықсыз шеккен жаза, іштен тынған нала терең ашылады. Осы зауал шақтың суреті тамұқпен пара-пар суреттеліп, халықтың көз жасына қалғандарды тіпті тамұқ та қабылдас деген үкім

айтылады. Шығарма эпилогi тiптi де адамның сезiм-күйiне терең әсер бередi. Өрден шыға келген екi елес Рысқұлов пен Мүсiрепов арғы беттегi әрекеттерге таңқала қарайды.

Мүсiрепов: *От iшiнде ойнақ салған әлденелер... Олар кiмдер, Тұрар аға?*

Рысқұлов (көтерiңкi): *Жарық дүниеде жазықсыздарға жапа шеккiзген озбырлар. Қиянатшыл бәлеқор-жалақорлар. Әдiлет тағынан тайғандар. Пейiлi жаман пенделер. Одан әрi Голощекин, Сталин... табанынан бүрi кетiп, тозақтың мейманына айналғандар.*

Драматург халық ұғымындағы қарғыс, зауал, қатер деген ұғымдардың мәніне мән үстеп, халық қаңарының күшін танытады. Тағдырдың өзi кiмнiң кiм екенiне баға берiп, асып кеткендi құрықтап, жетпегендi жеткiзедi. Бұл өмiрдiң заңы. Автор осылайша түйiн түйiп, тарих тегершiгiне түскен тағдырлардың анықтап бередi. Пьесадағы қоғам мен заман, әдiлдiк пен әдiлетсiздiк, күштi мен әлсiздiң тайталасы көрiнедi. Заман зары, халық қайғысы алма-кезек ауысқан тартысты оқиғалар аясында шынайы ашылады. «Бесеудiң хаты» халық тағдырына ара түседi.

«XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы жиырма жылдық кезең Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтiк, тұрмыстық қарым-қатынастарында көптеген өзгерiстер болуымен ерекшеленедi. Бiрнеше ғасыр бойы басқа дiндi жатжұрттың отарлық құрсауында болған қазақ халқының әлеуметтiк жағдайында, адамдардың қарым-қатынастар жүйесiнде өзгерiстер, құбылыстар орын алды. Хакiм Абай шығармаларында өткiр сыншыл тiлмен сыналған халық ортасындағы жағымсыз қасиеттер, дағдылар қазiргi заманның қайраткер қаламгерлер тарапынан да өткiр сыналды», - дегендей (Т. Тебегенов), қаламгер заман көрiнiсiн өткiр көрсетедi.

Ш. Мұртазаның «Жалғызүйлiк зiлзала» пьесасы қоғамның ащы шындығын суреттейдi. Екi бөлiмдi драмада қоғамның бас ауруына айналған мансап, бюрократизм, әлеуметтiк проблема, қарапайым халықтың күнкөресi, тұрмысы мен тойып секiргендердiң көлеңкелi iстерi көрiнiс бередi.

Пьесадағы жайт қазiрде таңсық болмай қалғаны соншалық, баспанасыздық, отбасылық кикiлжiң, тастанды сәби, халықтың

топ болып құратын наразылығы үйреншікті құбылысқа айналды. Ал, автор осы жайттардың финалдық өресін жеткізеді. Адамның құны ақшамен, мансаппен өлшенген заманның шындығы ақын пьесасының өзегіне айналған. Жұмысы мен баспанасы жоқ Сандуғаш, үй-жайы, дәулеті мен мансабы жетерлік болғанымен, сәби сүюдің қызығынан құр қалған Малқар мен Мүнира, тұрмыстың тауқыметін көп тартып, енді соңғы әрекетке барған Салбырақ-Қорған, оның отбасы, туған анасы тастап кеткен Арман, осы жайттардан өздерінше тон пішкен албасты мен періштелер адам болмысындағы бір-бірінен итжығыс түсіп жатқан әрекеттердің оң-терісін салмақтамақ болуы - осының бәрі жер бетіндегі адамзат проблемасын шешудің күрделілігін танытады. Бір-бірімен тартысқан қоғам жағдайында қарапайым халықтың көкпарға айналуы көрінеді. Бұл да дерт, қоғамның бойына біткен сүйел. Осы жайттардың ащы шындығын алақанға салғандай жайып көрсететін автор құрбан болған тағдырлар арқылы адам жарасын, проблемасын жоюды көздейді.

Театр – ерекше әлем, көркемдік модель, ол көркем дүниені екіжақты бейнелейді. Кейіпкерлер әлемімен алғанда (сахна) онымен оқырман-көрермен тығыз бірлікте көрінсе де, басқа кеңістікте болады. Бұл тек кеңістіктік-көру түрінде ғана емес, уақыт жағынан алғанда да еріксіз (мәжбүрлік) қатынас деуге болады. Мәселен, роман оқуды шегере тұруға болады, лирикалық шығарма қысқа уақытта бітеді. Ал драма қабылдаудың үздіксіздігін талап етеді. Себебі, сахнадағы қойылым оқырманның көз алдында «осы шақта» өтеді де, оны аяқтағанша, көрермен үздіксіз көруі, қатысуы тиіс. Мұнда уақыт қашықтығы болмайды да, көрермен түгелдей сахналық туындының әсерінде болады, оқиға оның көз алдында, бір мезетте, осы шақта өтіп жатады.

Ш. Мұртазаның «Домалақ-Ана» екі бөлімді драмасы да адам әрекетінің түрлі қырларын саралауға құрылған. Жаугершілік заман, Бәйдібек сардар, шөл қысқан сарбаздар, шегенделген құдыққа құлаған Үрмәт қызы Нұрила, оның Бәйдібекке жар болуы пьеса оқиғасының алғышарты. Бәйдібектің екі әйелі – бәйбішесі Марау мен тоқалы Зереп Нұриләні екі түрлі қарсы алады. Қинала толғатып жатқан Нұриләнің сәбиінің басын жарған Мараудың қаскөйлігін көрген Зереп тез арада жәрдем шақырады.

Нұрила айналасына жақсылық орнатып, жаманнан сақтандырып отырады. Оның айтқан болжамдары адамды сақтап, игіліктің жаршысына айналады. Өзінің жасаған істерінің ауыр күнәсін сезген Марау тозаққа салса да пейіл екенін білдіреді. Оны да бұл азаптан құтқарған Нұрила-Домалақ ана болады. *Ана деген ұғымның өзі оның көптеген күнәсіне араша болады. Алты ұлы келіп, тамұқ отынан арашалап тұрғанын көрудің өзін бақыт деп зарлаған Марауға Нұрила «Ана біткеннің бәрі өз өзегін жарып шыққан перзентіне осыншама пәруана берілсе, Жер беті былғаныштан тазарар еді. Тозақ оты бәсеңсір еді. Ей, күнәһар да бейкүнә ұрпақ! Біз кешкен қасірет теңізін сен кешпе»,*- дейді. Осылайша ұрпақ амандығын тілеп өткен Нұриләнің тілегі барша ананың тілегі болмақ.

Әбіш Кекілбаев драматургия жанрына үлкен үлес қосқан қаламгер. Әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін қазақ тіліне аударумен бірге өзі де осы жанрда төл туындыларын дүниеге әкелді. Тарихи-өмірбаяндық «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған кезде жазылды. 1998 жылы М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылды. Жазушының прозасында көтерілген ғасырлар бойы халық аңсаған тәуелсіздік, азаттық идеясы осы драмалық туынды арқылы сахнаға шықты.

Пьеса үш көріністен тұрады. Бірінші көріністе тарихи аңыздардан мәлім, Абылайдың Сабалақ атанған жас күні суреттелген. Ұрыс даласында қалмақтың батыры Шарышты өлтіріп, батырлығымен көзге түскен сабалақтан Көмей әулие кім екенін сұрайды. Сөйтіп Абылайдың тегі анықталады. Оның азан шақырып қойған аты – Әбілмансұр. Жауға атасы Абылайдың атымен ұрандап шабады.

Әдебиеттануда эпос болмысты белгілі бір ауқымда, көлемде, уақыт пен кеңістік аясында және оқиғалар шеңберінде, сюжеттік желі негізінде қамтыса, лирика жеке адамның ішкі дүниесін сезімнің қалыптасып, өзгеруімен, мұң-қиялымен, көңіл ауанымен, қайғы-қуанышымен ашып көрсетеді. Ал, драма, сөздік әрекеттерді эмоционалды ерікті ұмтылысымен, элеуметтік-психологиялық сипатымен, ішкі еркіндігімен және сыртқы шектеулілігімен, қысқасы екі жақты экспрессивті-сюжеттік қатынастарымен та-

нытатындығы айтылады. Сол арқылы әдебиеттің бұл тегі өз бойында лирика мен эпостың сипаттарын ұштастырады. Драма - адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

Пьесаның екінші бөлімінде аң аулап жүріп, қапыда қалмақтардың тұтқынына түседі. Абылайдың жан арпалысы арқылы мінез бітімі ашылған. Ерекше қаһарман туған жас Қалданды да ойға қалдырған. Тұтқынға көңілі кетіп, көмекке келетін Күлпаш сұлу, олардан туған Әмір Сана оқиғалары пьесадағы тартысты күшейте түседі. Абылай зынданнан шешендігімен, тапқырлығымен құтылады. Драматург бұл тұста сөз құдыретіне ерекше мән береді. Әйгілі жыраулардың Абылай ханға қарата айтатын «үш ауыз сөзбен құтылдың» дегенінің мәнісін ашады. Сондағы үш ауыз сөз Әбіш Кекілбаев туындысында былайша беріледі:

«Қалдан: Тауда тарлан ойнай ма, бағлан ойнай ма?

Әбілмансұр: Тарлан ойнаса – жәріместігінен ойнайды,

Бағлан ойнаса білместігінен – ойнайды.

Қалдан: Тар жерде теке тіресе ме?

Әбілмансұр: Теке тіреспейді, текешік тіреседі.

Қалдан: Тірессе не болады?

Әбілмансұр: Екеуі де бөріге бұйырады».

Қалданның астарлы сұрағына Абылай осылайша шешендікпен жауап береді. Абылайдың айбатынан сескенген Қалдан басына азаттық беріп, іргем тыныш болар деген оймен қызы Топышты қосып, еліне аттандырады.

Үшінші көріністе тартыс күшейіп, оқиға ширыға түседі. Ел ішіндегі лаң, бітпес дау суреттеледі. Қазақ шонжарлары қалмақ шапқыншылығынан қорқып, Әмір Сананы қайтаруды талап етеді. Хан баласын Ресейге өткізіп жіберуге мәжбүр болады. Бір жағынан орыс, бір жағынан қалмақ, бір жағынан қытай қысқанда, оған ел ішіндегі дау қосылып, Абылай сан сауалға жауап іздеп аласұрады. Абылайдың мұндай кезде кеңесшісі, ақылшысы Көмей әулие – тарихтағы Бұқар жыраудың бейнесі. Ханға өктем сөйлеп, кеңес беріп, керек жерінде түзетіп отырған данышпан қарт жалпы қазақ даналығының жиынтық бейнесіндей. Күлпаш пен Топыш, кейуана мен дуана бейнелері бас қаһарманның мінезін танытуда өзіндік роль атқарған.

Пьесада ұлттық мінез бен болмыс айқын танылады. Жалқаулық пен кертартпалық, аяқтан шалу сияқты қазақи мінездерді драматург кейіпкерлердің әрекеттері мен пиғылдары арқылы көрсеткен.

Ә. Кекілбаевтің драмасындағы оқиға тізбектері көп жылдарды қамтып, хроникалық тұрғыда беріледі. Абылай хан (1711-1781) - өз уақытының ірі мемлекеттік қайраткері, реформатор, Ресей мен Қытай ортасында жатқан қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау үшін үлкен еңбек сіңірген, басқару ісінде жаңа ұстанымдарға сүйенген тұлға. Пьесаға негіз болған Абылайдың алғаш таққа отыруы мен оны паналап келген Әмірсана тағдыры. Осы оқиғаның төңірегінде хан тұқымдарының билікке таласы, хан өмірі мен оның саяси жолы, арман-мақсаты, өкініш-наласы бейнеленген. Бір жағынан Ресей қыспағы, екінші жағынан Қытай империясының қазақ еліне көз алартуы, енді ғана тұйықталған Жоңғар жорығы, осылардан сақтану, елді бірлікте ұстау, ағайынның дау-дамайын басу осының бәрі Абылай үшін ауыр жылдар еді.

Ханның алғаш аты шыққан кезі пьесаның прологі сияқты да, қалған екі бөлімі оның тұтқынға түскен, одан таққа отырған кезеңдері, осы екі желіде Абылайдың саяси мұраттастары мен қарсыластарының бет-бейнесі айқындалады. Екі бөлім - екі кезең. Соның астарында қазақтың іргелі ел болудағы ежелгі арманы жатыр. Абылай өз халқы үшін зор еңбек атқарды, үлгермей, тиянақтай алмай қалғандарын болашаққа аманаттады. Драмдағы тартыс осыны меңзейді. Ә. Кекілбаевтің «Абылай хан» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінін меңзейтін туындысы. Әйгілі прозашының драматургия жанрын еркін игергеніне осы пьеса мысал бола алады.

Ә. Кекілбаевтің осы идеялары операға да өзек болды. Композитор Е. Рахмадиевтың “Абылай хан” атты операсының либреттосын жазған да қаламгер Ә.Кекілбаев еді.

Драматург М. Байсеркеновтың «Абылай ханның ақырғы күндері» пьесасында айналасы үш күннің ішінде өтетін оқиғада сол замандағы аласапыран қоғамдық қайшылықтардың тарихи болмысы ашылып, талай дүбірлі күндерді басынан кешірген Абылай сырқатының сыр беруі үлкен толғанысқа, ішкі күйзеліске әкелгендігі шебер өрілген. Автор хан өмірінің осы бір көңіл-күйі арқылы оның бүкіл ғұмырын, қазақ халқының тұтас бір кезеңін

қамтитын әлеуметтік өмірін, келер ұрпаққа арнаған аманатын жеткізіп тұр. Оны алаңдататын – төніп келген ажал емес, артында қалып бара жатқан жалпақ елінің тағдыры, соның бүгіні мен ертеңі.

Пьесадағы әрекет барлық оқиға мен ішкі тартыс желісі Абылай мен Бұқар жырау арасында кейде монолог, кейде диалог арқылы өрілген.

Жиырма жасында тәж киіп, бар ғұмырын билікпен өткізген Абылайдың да төрт құбыласы тең емес екен. Ет пен сүйектен жаралған пендеге тән арман мен мұң, сүйініш пен күйініш, іштей мазалайтын көңіл-күй арпалысы оған да жат емес. Абылайды алаңдататын меңдеген сырқат пен тақап қалған ажал емес, артында қалып бара жатқан жалпақ елінің тағдыры, соның бүгіні мен ертеңі. *«Алты алаштың айбыны мен айбары... Алда-жалда туы қисайып, шаңырағы шалқия қалар күн туса, бұл халыққа кім ие?.. Айдынынан, Абылайынан айрылған күні не болмақ?»* деген сұрақ-жауаптармен берілетін диалогтар мен монологтар қазақтың кешегі мен бүгінгі тірлігінің жанды суретіндей көз алдыңнан елестеп тізбектеліп өте береді.

Ханның биік парасаты, өр мінезі *«Қазақ хандығының есігін теуіп кіруге құқығымыз бар»* деп екіленген орыс пен қытайдың елшілері әдеттен озып, тым еркінсіп кететін хабарды жеткізгендегі Абылайдың сөзі мен қимылы егеменді елдің басшысына тән, оқырман қауымның бұл көріністі асқан ілтипатпен қабылдауы содан. *«Мұнда орыстың әмірі де, қытайдың жарлығы да жүрмейді! Бұл – қазақтың жері. Ханы – Абылай!»*.

Бұл – елінің егемендігіне, қазағының бірлігіне, өзінің сара саясатына сүйенген Абылай сияқты кеменгердің аузынан ғана шығатын қасиетті сөз.

М. Байсеркеновтың “Абылайдың ақырғы күндері” драмасында сырқат Абылай аласапыран да тас түйін күйде, психологиялық тұрғыда ауыр жағдайды бастан кешеді. Пьесадағы Абылайдың өлімі туралы болжамдардың бірі сюжетке негіз ретінде алынады да, хан өмірінің соңғы үш күнін бейнелейді. Осы күндер ішінде хан өз өміріне жүргізген саясатының жетістік-кемшін тұстарын, қателігін, өкінішін, қол жеткізе алмай қалған арман-аңсарын зерделеп, көз алдынан өткізеді. Хан өмірі, оның саяси жолы, ондағы жақтастары мен қарсыластары, жорықтары “сана ағыны” тәсілімен де, Бұқар

жыраумен диалогтарында айшықты бейнеленеді. Пьесадағы кейіпкерлер саны үшеу: Абылай, Бұқар жырау, Сейіс. Бұқар - ойшыл, ханның кеңесшісі, жырау; Сейіс - Абылайдың күзет басшысы, ханға көзсіз берілген адам. Сахнада өтетін оқиғалар бір-бірімен жалғас екі уақыттық өлшеммен беріледі. Алдымен ел-жұртының көз алдында Абылай мен халықтың тағдыры сығымдалып, жинақталып беріледі, екіншісі өткен тарих бүгінгі күнмен салыстырыла көрінеді. Абылай ұлы хан болғанымен, Уақыт пен Тарих алдында кәдімгі жан, пенде. Яғни, пьесаның соңында барлығын таразылайтын, барлығына төрелік ететін - Уақыт деген түйін беріледі. Киносценарий мен драмалық дастандардың басынан соңына дейін үзілмеген желі – қазақ халқының бостандық тілеген тілеуі, соның бойында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген елді жаудан қорғаудың сан жағдайы, сол ұрпақтар ішінде Абылай ханның тұсындағы күрес, көреген қолбасшының өмір сүрген заманы, сол замандағы ақиқат пен шындық.

Ал негізі, кез-келген өнер туындысының мақсаты – өз кейіпкерлерінің болмысын, жан дүниесін ашып көрсете білу, сол арқылы адамдардың сезіміне әсер ету болса керек. Бұл тұрғыдан қарағанда, Маман Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері» – қазақ драматургиясында өзіндік орны бар пьеса. Жалпы, тарихи-өмірбаяндық пьесалардың ішінде Ә. Кекілбаевтің “Абылай хан” мен М. Байсеркеновтың “Абылайдың ақырғы күндері” драмалары Абылай ханның бейнесін жасауда жарыса қалам тартқан екі автордың да айтар ойларының айқындығын көрсетеді. Ұлы тұлғаның сахналық кескінін еске ұстай отырып, жалпы әдеби драматургиялық нұсқаның ішкі қақтығысқа толы күрескерлік, қаһармандық рухын сақтаған. Бұрын әдебиеттің қай жанрында да дәріптелмей келген Абылай сынды тұлғаның жеке өміріне, тағдырына байланысты деректердің тапшы болғанын ескерсек, бұл драмалардың ұрпақ үшін тарихи маңызы зор.

Еділ мен Жайықтың аралығында еркіндік пен азаттық жолында болған күрестерге тарихта ұлт-азаттық қозғалыстар деген сипаттама берілген. Сол қозғалыстардың ішінде Сырым батыр бастаған көтерілістің орны да мәні мен маңызы да ерекше. Өйткені, ол ұзақ жылдар бойы тек орыс отаршылдарымен ғана күресіп қоймай, башқұрттармен де, қалмақтармен де шайқасты.

Бұған қоса Сырым Датұлы сол кезде Нұралы ханмен де ұстасты. Батырдың осындай қым-қиғаш әрі шым-шытырық кезеңі өзек болып табылатын өмірінің соңғы он жылы Рахымжан Отарбаевтың «Сырым батыр» тарихи драмасынан көрініс тапқан.

Сырым Датұлын тарихта өзіндік сөйлеу мектебін қалыптастырған шешен, бір ауыз төрелігімен дүйім елді бітістірген би, алыс-жақын шет елдермен келісім жасасқан тұңғыш елші, он төрт жыл бойы орыс патшасының езгісіне қарсы күрескен алғашқы батыр, ардақты тұлға ретінде білеміз.

Ал драматург өз шығармасында Сырымның орыс патшайымының жарлығымен бас старшын болып сайланған сәтін бейнелейді. Пьесаның басты кейіпкері оған бұл атақ зымиян, арам оймен беріліп отырғандығын бірден аңғарып, одан әрі іштей серпіліп, шириға түседі.

Ел, халық мүддесі, отаршыл саясат салдарынан орын алған озбырлықтар батырдың жанын жай таптырмайды. Сөйтіп, өзіне берілген шенді елдікті қорғап, ауызбіршілікті нығайтуда, ел намысын қорғауда ұтымды пайдалана біледі. Ең бастысы, қандай қиын жағдай болса да халық қамын ойлау – оның басты мұраты екендігі тарихи драмада нанымды суреттелген. Осылайша, туындының авторы Сырымды тарихи дара тұлға ретінде бейнелейді.

Жалпы жазушы-драматургтер С. Жүнісов, Ә. Кекілбаев, М. Байсеркенов және Р. Отарбаев Абылай хан мен Сырым батырдың атынан заман шындығын, хан мен батырлардың айбарын, көрегенділіктері мен тапқырлықтарын көрсетіп сөйлете алған. Бұл шығармалар халық сүйсінетіндей, табынатындай көркем туынды болып, қазақ әдебиетінің алтын қорына қомақты үлес әкелді деп айта аламыз.

Ш. Құсайыновтың “Томирис” пьесасы да тарихи тақырыпқа жазылған сәтті туынды. Біздің дәуірімізге дейінгі 530-шы жылдар шамасында өмір сүрген сақтар патшайымы Томирис өз жері, туған даласы үшін аянбай күрескен. Оның даңқы кейінгіге Геродот жазбалары арқылы жеткен. Бүкіл Азияны билеген парсы патшасы Кир сақ даласына да көз алартады. Өзі билік құрып тұрған жердегі байлыққа көңілі толмай, Томирисі жар етіп, сақ даласына үстемдік етсем деген ой мазасын алады. Осы ойын Томириске жеткізеді. Ол Кир патшаның қызыққаны сақ

даласының кеңдігі мен асып-тасқан байлығы екенін түсініп, парсы патшасының бұл ойы жүзеге аспайды деп жауап береді.

Парсы әскерлеріне қарсы алғашқы айқаста Томирисің баласы Спаргапис қаза табады. Ұлынан айырылып ашынған ана бүкіл сақ жұртын атқа қондырады. Тарихшы Геродоттың айтуынша бұрын-соңды болмаған сұрапыл шайқас болады. Жеңіліс тауып көрмеген Кир патшасы сақтардың жауына қатал, жорыққа берік халық екенін білсе де, жеңуді мақсат етеді. Сырдарияның бер жағында өткен алапат шайқаста сақтар өздерінің жауынгер халық екенін дәлелдеп, парсыларды қырып салады. Міне, біздің бүгінгі жерімізді ұлы бабаларымыз осылай қорғап қалған. Пьесада биік отаншылдық рух танылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік жылдары туған қазақ драматургиясының тақырыптық-идеялық жаңалығы
2. “Сталинге хат”, “Бесеудің хаты» драмаларындағы тартыс сипаты
3. Драмалық туындылардағы кейіпкерлер жүйесі, басты қақтығыс пен шешім ерекшелігі
4. Пьесалардағы ұлттық сипат, қаһармандар психологиясы
5. Қазақ тарихындағы кезенді оқиғалардың драма арқауына айналуы туралы шолу

Көркем шығармалар:

1. *Мұртаза Ш.* Алты томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. («Сталинге хат» «Бесеудің хаты», «Жалғызүйлік зілзала», «Домалақ-Ана») А., 2002
2. *Кекілбаев Ә.* Абылай хан.
3. *Байсеркенов М.* Абылай ханның ақырғы күндері. Әдебиеттер
1. *Кәкішев Т.* Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994
2. *Нұрғали Р.* Драма өнері. Алматы, 2001
3. *Хализев В.* Теория литературы. М., 2000.
4. *Нұрғалиев Р.* Арқау. Екі томдық шығармалар. Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі. Монография. 1 том. А., 1991.
5. Тәуелсіздік мұраттарын қалыптастырудағы қазіргі қазақ драматургиясының эстетикалық-элеуметтік функциясы. Астана, 2011
6. Айқап (Құрастырушылар *Ү.Сүбханбердина, С.Дәуітов*). А., 1995.
7. *Құндақбаев Б.* Мұхтар Әуезов және театр. А., 1997.

V т а р а у

ҚАЗАҚ САТИРАСЫ

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ сатирасының дамуы, тақырыптық жүйесі, жаңашылдығы. Комедиядағы кейіпкерлер сипаты мен тартыс жүйесі

Комедия («көңілді топ») жанры өз бастауын көне грек әдебиетінен алады. «Жанрдың туу, қалыптасу тарихында «комедияның атасы» (Энгельс) атанған Аристофаннан бастап, Еуропа әдебиетінде Лопе де Вега, Гоголь, Грибоедов, Чехов шығармаларының үлесі аса қомақты. Комедияның мақсаты адам бойындағы мінді өмірдегі сиықсыздықты, қайшылықты жайларды жұртшылық жиренетіндей күлкілі, сатиралық тұрғыда бейнелей отырып, оларды айыптау, айыптай отырып мұндай жағымсыз, кеселді құбылыстар мен ұғымдардың өмірде болмауы үшін күресу, қоғамның мұндай сорақы дерттерден арылуын байыптау» (С. Мақпырұлы).

Комедиялық туынды - қоғамдағы келеңсіз, адам өміріндегі кереғар, жағымсыз әрекеттерді сынап, көрсету үшін және келешек ұрпақты осы қылықтардан сабақ ала отырып сақтау үшін күлкілі, әрі адамзатқа салмақ салар жағы бар көркем шығарма. Комедияның бірнеше тәсілмен дамитыны белгілі. Комедиялық шығарманың әр элементі күлкі тудыратындай болуы шарт. Нағыз комедия кейіпкерлерінің тіліне күлесіз, киген киіміне, қимылына, сөйлеген сөзіне, жауабына күлесіз.

Ал, қазақ ұлттық драматургиясында комедия ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, Ж. Шаниннің, т.б. күлкі жанрына арналған шығармаларында көрініс тапты. Керісінше, «кеңес» дәуірінде комедия жанры баяулау дамыды. А. Байтұрсынұлы «арамгер, яки әурешілік» (комедия) деп атаған бұл жанр түрі кейде трагедияның да, кейде драманың да элементтерін қамтып отырды».

Комедия жанрының шарттарына жауап беретін алғашқы туындыларда көбіне халық ұғымына сіңген, таралған әзіл-оспақ, күлкілі жайттар өңделіп көрініс беріп жатса, тәуелсіздіктен

кейін де белсенді дами түскен комедияда өткір тіл, салмақты ой белең алды. Адамға тек күлкі тудыратын жеңіл сюжеттер емес, ойланып, толғануға шақыратын оқиғалар, бірізді, әзіл-қалжың емес өткір тартысты драмалық жайттар, терең астарлы әзіл-сықақ орын алды.

Комедия жанрында өзіндік стильмен келген С. Жүнісов әлеуметтік, қоғамдық ортадағы жайттардың өзектісін арқау етеді. Адам болмысында, тұрмыстық жағдайында жанама жайттар болмайды. Адам баласы кейде өз ортасындағы келеңсіз мәселелерге көндігіп, үйреніп кетеді. Бұл ең жағымсыз жайт. Онымен күресіп, болдырмаудың шаралары керек. Өйтпейінше, адам айналасындағы өмірге селқос болып кетеді. Драматургтің «Кроссворд немесе әзіл маскарад» деп аталатын екі бөлімнен тұратын комедиясында аллегориялық тәсіл басым. Кейіпкерлері өздерінің болмысына сай әр түрлі хайуанаттардың (қоян, түлкі, борсық) бетпердесін (маска) киіп, өздерінің болмысын өздеріне ашқызады.

Пьесаның бірінші көрінісіндегі оқиға бір қалалық мекеме бөлімнің бастығы Орынбасар Амировичтің есігіне бірнеше күн қатарынан кіре алмай отырған қарапайым /мұғалім, музыкант, дәрігер/ адамдар өкілдері.

Драматург мақсаты - өмірдің бұралаң жолын, ішіп-жеу, халық үстінен күн көру, жағыну, арандату, басыну т.б. қаракеттердің бетін ашу, алдын алу. Пьесаның өміршеңдік негізгі мәні де осы.

Айықтырғышқа келіп түскен «клиенттерге» табиғатына сәйкес бір-бір маска кигізеді: Бақай – «қоян», Симулянский – «түлкі», Ашот – «борсық», Бөрібай – «қасқыр», Фарид – «есек», Олег Николаевич – «мысық», Мұрат – «маймыл» .

Жаңа жыл алдында «қызу жұмысты» тексеріп шықпақшы болған Орынбасар Амировичтің де масханаға тап болуы - тосын жағдай. Үстінде қызмет киімі болғанымен қалтасында еш құжаты жоқ, милиционерге өзін мойындата алмай (себебі, ешқашанда қызмет бабымен жұмыс орнын араламайтын, кабинетіне ешкімді қабылдамайтын тоң мойын) алдыңғылардың соңын алып, «арыстан» бетпердесіне ие болып, қатарға қосылады.

С. Жүнісов комедиялық шығармасының оқиғасын күлкілі, ащы мысқыл тартысқа құрып, жаңа жыл қарсаңында «маскарад» ұйымдастырып, көрерменінің, қалың қауымның жүрегіне жылы

жол тауып, оқиға тартысын, персонаждар әрекеттерін қоюлатып, бүкпесіз шындықты, өмірдегі шын келбеттерінен хабар бергізу үшін, «бет перделерін» жауып бір-біріне өз аттарынан сырларын айтқызатын тың амал ойлап тапқан.

Драмашы Сәкен Жүнісов кеңес заманында халықтың атынан ішіп-жеушілердің, әлеуметтік теңсіздік, қызметін жеке басына пайдаланушылардың шын портретін сахналаған.

«Кроссворд немесе әзіл маскара» атты екі бөлімді сатиралық комедияның көтерген мәселесі – бүгінгі өмірдегі шындық. Пьеса авторы көптеген жағдайлардан шетпұшпақтап, ишара тастап, «ойлан, ұрпақ» ұранын да қатар көтеріп отырады.

Көрнекті жазушы Ә. Таразидің «Тыныш көшедегі көгілдір үй», «Лайнер» комедиялары да көпшілікке жақсы таныс. «Тыныш көшедегі көгілдір үйді» күлмейтін комедия деп атаған автор қоғамдағы келеңсіздік көріністерін отбасындағы тоғышарлық, даракылық, мансапқорлық пен туғандардың бір-бірінен жат болып, алшақтап кетуі арқылы береді. Сахна ашылысымен көгілдір үйдің иесі Асан мен әйелі Райдың бір-бірін өбектеп, шақырылатын қонақтардың қамымен тоғышарлық тірліктің жетегіндегі әрекеттері беріледі. Келесіде бір-бірін қолпаштаған тост айтып, дабырлап отырған дастарқан басы көрінеді. Үлкендердің арзан, мағынасыз даурықпалары көрініс сайын беріліп, сол органың тайыз тірлігінен хабар береді. Отбасының сәні бала мәселесі мынадай диалог арқылы аңғартылады:

Руфь: Біздің балалардың тынышсыз екенін білесіздер, бірдемені қиратпай тұрғанда тезірек жетпесек болмас.

Батиха: Ой, бала дегенді айта көрмеңіз! Азап қой!

Руфь: Дұрыс айтасың!

Батиха: Сіздің балаларыңыз, қайта, қалада өскен, тәртіпті ғой. Біздің балаларды ауылдағы кемпір-шал әбден қағындырып жіберген де, осы күні бүкіл ауланы қан қақсатады.

Бұл бала тақырыбындағы өрескел ой анасын хабарсыз, қараусыз қалдырған Сәнжан мен анасы арасындағы диалог арқылы жалғасады.

Сәнжан: Мен Сәнжанмын! Балаңмын ғой!

Ана дауысы: Мен қу баста бала бар ма еді?! Жоқ... Бала жоқ!.. Аулақ!.. Аулақ жүр әрі!...

Сәнжан (абыржып): Апырым-ай, мама. Не болған сізге. Мен Сәнжанмын ғой. Көңіліңіз қатты-ау, мама! Есікті ашыңызшы. Бәрін түсіндіріп айтайын.

Ана дауысы: Он жыл бойы керегім болмап еді! Енді керек болдым ба?

Сәнжан: О не дегенің, мама! (Бәсең дауыспен). Сіз де... Кезінде... Мен кет десеңіз де кетпеймін! Сіз маған ғұмыр-бақи керексіз.

Ана дауысы: Өзеуреме! Өтірік айтпа! Оған сенің ожданың жетпейді! Сенің берген антың не, құмға сіңген тамшы не.

Сәнжан: Сізге не болған, мама!.. Соңғы екі жыл келе алмағаным рас. Уақыт болмады. Қол тимеді. Бірақ хат салып, ай сайын ақша жіберіп тұрдым ғой.

Ана дауысы: Он екі айда жолдаған екі хатыңды бұлдайын дедің бе?

Осындай қазіргі қоғамның дертіне айналған құбылыстар пьесаның әр көрінісінде беріліп отырады. Автор адамдар арасындағы арзандап бара жатқан қарым-қатынас, жалған көлгірсу, адамшылық қасиеттердің төмендеуін көрсете отырып, адамды ойлануға шақырады. Келесі «Лайнер» трагикомедиясында сахнада тарихи тұлғалар көрінеді. Мерген әркімге бір жалбақтап, бірін екіншісіне жамандап, сыртынан сатып күн көретін адам. Оны әйелі Зәуре: Бәрі сенің арам пиғылыңның кесірі! Сен мансап үшін арынды сатқан сайын мен бір перзентімнен айырыла беріппін», - деуімен білдіреді. Мерген Қонаев, Юсупов, Колбин, Назарбаев секілді басшылардың тұсында өлермендікпен, сатқындықпен өмір сүріп, мансапқа қол жеткізеді. Тіпті осы жолда отбасын құрбандыққа салады.

Бұл пьесада эзіл, юмор элементтері аз. Оның орнына Мерген секілді адамдардың бейнесін жинақтай беру арқылы, қоғамның ащы шындығын беру, кесек мысқыл, уытты ыза байқалады. Бұл Мерген секілділер қазіргі заманның трагедиясын тудырушылар арқылы беріледі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Комедия жанрының басты шарттары
2. Тәуелсіздік кезеңіндегі комедияның тақырыптық аясы, идеялық-стильдік ерекшелігі

3. Комедиядағы кейіпкерлер болмысы, характері, тілі
4. Трагикомедияға тән жанрлық сипат

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Р. Рүстембекова.* Қазақ совет комедиясы. А. 1978.
2. *Байтұрсынов А.* Ақ жол /Құраст. Р.Нұрғалиев/. А, 1991.
3. *Әбілов Ж.* Қазақ комедиясы. А., 2000.
4. *Наровчатов С.* Необычное литературоведение. М: Дет.лит.1981.
5. *Шапауов Ә.* Драмадағы дәстүр. П. 2004.

VI т а р а у

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Шетелдегі қазақ әдебиеті. Тарихи тақырыптағы романдардың өрістеуі. Х. Оралтай, Қ. Шабданұлы шығармашылығы. Роман жанрының құрылымдық-стильдік ерекшелігі. Тарихи тұлға мен кейіпкер мәселесі.

Еліміздің өз дербестігін қолына алуы, рухани тәуелсіздікке де серпін берді. Ел еңсесін тіктеп, тарихын саралап, өзінің рухани құндылықтарының іздеушісіне айналды. Шет елде жүрген ағайындар да бір жағадан бас құрап, туған жері-киелі шаңырағына оралуға мүмкіндік алды. Олар әр қиырда жүріп-ақ, туған елін дәріптеп, тілекші болды. Қытайдағы қазақтардың тарихи романдарына келсек, қазақ тілінде шығатын төрт баспада 1970 жылдың соңынан 1996 жылдың ақырына дейін басылған романдардың бары қырықты көрсетсе, 2001 жылға жеткенде мұның ұзын-ырғасы алпыстың үстіне шыққан. Бұл «қайыс ноқталы» елдегі қарға тамырлы қандастарымыз үшін аз көрсеткіш емес. Берісі Абай, Шәкәрім, Шоқан, арысы шығыс пен еуропа классиктерінен сусындап, тоятын алыстан іздеп қорғасын баспасы кенелеп марқайса да барлық рухани жауһарын киелі кеудесіне сақтап, көзінің қарашығындай қорғап, келер ұрпаққа аманаттап жеткізіп жатқан осынау салқар көштің басы, әрине, жанкешті қормал ағалар еді. Ойға алған айдарымыздың ауқымына қарай, қара сөздің кемесінен бір қаншасының атын атап түсін түстейін, тірілерінің нұры тасып, марқұмдарының аруағы аунасын. Қажығұмар Шабданұлы «Қылмыс» (көп томдық роман), «Пана», Жақып Мырзанұлы «Арман асуында», «Таңқурай», Жұмабай Біләлұлы «Жондағы жорық», «Дала торғайлары», Оразбек Әбділұлы «Ұстаз», Оразхан Ахметұлы «Өзгерген өңір», «Көк белес», Ғалым Қанапияұлы «Бұрқасын», «Кер талғар», Тұрсынәлі Ырыскелдиев «Тасқын» (көп томдық), Шәміш Құмарұлы «Бөке батыр», «Ер Жәнібек», «Көз жасы сарқылмайды», Тұғырыл хан», «Ертіс кілкіп ағады», Батырхан

Құсбегин «Зұқа батыр», «Жан» (көп томдық) Омарғазы Айтанұлы «Аң шадырын оқтабар», «Таразы», «Зейнолла Сәнікұлы «Басбай», «Сергелден», Сұлтан Жанболатов «Елжау Күнби», «Саншора Күнби», «Күнгей Мұқажанұлы «Өр Алтай», Ахметолла Қалиұлы «Арда Алтай», Мағаз Разданұлы «Алтай ақиықтары», Ғаппар Біләлұлы «Жүректің жарлығымен», «Ғасырлық қуғын», Әбденбай Бажайұлы «Сүрлеу», Шайсұлтан Қызырұлы «Дабыл», «Бұлаң дүние», Әскер Тойғанбекұлы «Арманда кеткен арыстар», «Болат Кәрібаев «Қыраулы қыркалар», Әуелхан Нұрқожаұлы «Соңғы қар», «Абдрахман Байболатұлы «Тау қырандары», Мұхтархан Самажанұлы «Бейсенбі би», «Серік Қауымбайұлы «Жәке би» т.б. Сонымен бірге, көмей әулиелердің соңы, қарт жырау Асқар Татанайұлының «Бір ғасыры» мен Нығмет Мыңжанұлының «Қарлығаш» атты өлеңмен жазылған романдары... осы аталған қаламгерлердің қатарын бертінде Қазақстанға келген Жақсылық Сәмитұлының «Сергелден», Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» сынды туындыларымен толықтыру артық болмас» (285-286 б.).

Х. Оралтай. “Елім-айлап өткен өмір” романы. Еліміздің өз дербестігін қолына алуы, рухани тәуелсіздікке де серпін берді. Ел еңсесін тіктеп, тарихын саралап, өзінің рухани құндылықтарының іздеушісіне айналды. Шет елде жүрген ағайындар да бір жағадан бас құрап, туған жері - киелі шаңырағына оралуға мүмкіндік алды. Олар әр қиырда жүріп-ақ, туған елін дәріптеп, тілекші болды. Сондай азаматтың бірі – жарты ғасырдан астам өмірін шетелде өткізіп келе жатқан, алайда жүрегі «елім-айлап соққан» қайраткер, журналист, зерттеуші Хасен Оралтай. Туған жерден жырақта жүрген Хасен Оралтайдың да бар арман-аңсары қазақ жұртын таныту, жоғын жоқтау болды. Жат елдің талай қиындығы ұлт жанды азаматтың сағын сындырмады. Жиырма жасқа енді келген өндіредей жас тіршілік қамымен Салихлыдан Ізмірге келіп, әр түрлі жұмыстар істейді. Оның ағылшынша-түрікше жетік сөйлеуі, жұмысқа ынтасы мен тындырымдылығы тез көзге түседі. Ол Түркияға келген кезде өзінен ”қытай, жапон иә кәріссің бе” деп сұрайтындығы қатты қынжылтатын. Сол кезден бастап, ұлттық намыс, мүдде сезімдері мазалайтын, өзінің қазақ жұртынан екенін таныту ойы туындайтын. Осы арманын

ол жазу ісінде жүзеге асыра бастайды. Бұл туралы Х. Оралтай: “...Түркия жұртшылығына қазақты таныстыру мақсатымен бір кітап жазу ісіне кірістім. 1961 жылы көктемде “Еркіндік жолында Шығыс Түркістан қазақ түріктері” деген тұңғыш кітабымды жарияладым”, - дейді. Жат жердің аласапыран күресі мен тартыс-таласын бала кезден басынан өткерген Хасен ес білгеннен бастап, туған ел-жерінің тілегін, ынтымағын тілеп өткен. Журналист, тарихшы, қоғам қайраткері ретінде алашшыл бағыттан жаңылмаған тұлға.

Хасен Оралтайдың Түркия мен батыс елдеріне Қалибек Хакім атанған әкесі Қалибек Райымбекұлы шетқақпай тірлік кешкен ағайынның басын қосып, тұрақтап қалатын мекен іздеуде көпшілікті бастай білген. Ұзақ сарсылған сапардан соң, Түркия жерімен қауышады. Салихлы қаласына орналасып, мал өсіріп, теріден киім тігіп кәсіп жасаған Қалибек ел-жерді ойлап, өздерінің қазақ жұрты екенін таныту мақсатында айналасынан хабар алып, бастарын біріктірудің әрекеттерін жасап бағады. Қалибек елді азаттық көтеріліске бастап, Қытай елінің қысымына қарсылық көрсете білген. “Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиісті емес. Олар: жер; жер асты мен үстіндегі барлық игілік; толықтай экономикалық тәуелсіздік; ұлттық тіл, дін, діл үстемігі; ұлттық-демократиялық мемлекет құру. Шығыс Түркістандағы ұлт-азаттық күресі де осы бес мақсатты жүзеге асыруға ұмтылған халықтық қозғалыс. Қалибек Хакім де осы бес мақсат үшін күресті. “Етегімен су ішті, етігімен су кешті”. Азаттық аңсаған көштің атойшысы болды. Алаш идеясын бойтұмар ғып тағып, ар-иманымен қоса жүрегіне ұялатқан арыстарымен бірге қазақ халқының бостандығының рухы болып Еуразияны шарлап жүрді. Олардың бұл аңсары Дәлелхан Жаналтай, Халифа Алтай, Хасен Оралтай, Қамза Ұшар, Құсайын Тәйжі сияқты ұрпағы арқылы ауа толқындарымен туған еліне жетіп жатты. Солардың талып жеткен дауыстары біздің жүрегіміздегі алаш идеясының қоламтасын қоздатты”.

Атамекенінен амалсыз қара үзген ұрпақ өкілі Х.Оралтайдың қоғамдық, қайраткерлік қызметі бірнеше салада өрбиді. Соның бірі - өмірінің отызға жуық жылын арнаған “Азаттық” радиосындағы еңбегі. Германияның Мюнхен қаласындағы “Азат-

тық” радиосы 1953 жылы жұмысын бастайды. Бұл қызметке аса жауапкершілікпен кіріскен Х. Оралтай радио хабарларына кірістірілетін ақпараттардың мазмұн-мәнін зер сала сараптап, негізді материалдарды беруге мұқият қарайды. Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғанын естігенде, сүйінші хабар дайындап, бұл қуанышты хабарды жеткізу бақытына ие болғанын тебірене жазады.

Х. Оралтай өз ұлтының тәуелсіздігіне шаттанып, әдебиеті мен тарихының шынайылығының жақтаушысы қатарында, айғақты мәліметтерді толассыз, мақсатты түрде ұйымдастырып отырады. Соның бір дәлелі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты сараптауы мол, шынайы хабарларды жеткізіп отыруы еді. Осыған байланысты желтоқсан айында әр жылы “Азаттық” радиосының қазақ бөлімі арнайы хабарлар ұйымдастырып, сұхбаттар жүргізуді үрдіс етеді. “Түркістан Мұхтарияты” үкіметінің құрылған күнгі мүшелеріне арнап, М. Тынышбайұлын, М. Шоқайұлын еске алу хабарларын өткізеді. Өз қоғамының даму өресін басқадан бұрын байқап, халқының есесін түгендеп, ұлттық қасиетін тереңдетіп отыру ұлтжанды азаматтарға тән болса, қайраткер Х. Оралтай сондай тұлға.

Заман өзгерісін терең таныған зиялылар халқының ұлттық санасының оянуына қажетті мәселелерді дұрыс барлап, әрі қарайғы өрлеуіне ықпал етті. Ұлтының тәуелсіздігін аңсап, рухының биік болуын қолдаған қайраткерлердің бұл жолдағы мұрат-мақсаттары да ортақ еді.

Ұлттың ұйытқысы болатын зиялы қауым, ел бағына туған тұлғалар қай жерде де өз туған ел жерінің тұрмыс-тынысын аңдап, ата жұрт, туған халқының жанашыры бола білген. Олар алдыңғы сапта жүріп, жол, жөн көрсетумен қатар, өздерінің тағылымды өмірлерін ұрпағына ұлағаттай білген.

Хасен Оралтайдың “Елім-айлап өткен өмір” естелік-романының оқиға желісі ғұмырнамалық шығарма сипатына сай отбасы, әулет мәселесін баяндаудан басталады. Ата-тегі мен өскен ортасын тарату үстінде автор атасы Райымбек пен Қалибектің дүниеге келген өңірінен бастап, жаз жайлауы мен қыс қыстауы болған қоныстарын тәптіштей баяндайды. Есті ұрпаққа ой салатын естеліктің иесі Хасен Оралтай “Елім-айлап өткен өмір” еңбегінде сырт өмірдегі ғұмырды сипаттайды.

Автордың өзі кітаптың жазылуы туралы былайша баяндайды: *“Бірінші басылымы 1999 жылы Ыстанбұлда жарияланған естелігімде:”...Елім-айлап өткен өмір” менің естелігімнің аты. Естігендерім мен көргендерімнің есте қалған жиынтығы. Өмірімнің алпыстан асып, жетпіске таяған кезінде қағаз бетіне түсіргендерім. Басқаларына ұнап-ұнамайтынына қарамастан, есте қалғандарды болғанындай күйінде жаздым. Бұл көркем әдебиет түріндегі бір еңбек емес. Дерлік елу жылдан бері шет елдерде өмір сүрген бір қазақтың қиырда жүріп жазып, сыртта бастырған зұмырнамасы...”* деп қысқаша таныстырғанмын. Ал енді, қазіргі (көктем, 2005) жетпістен сексенге қарай өрлеген кезеңде де айтарым сол”.

Автордың шығармасы өмірбаяндық толымды материалдарды кең қамти отыра, тарихи қоғамдық мағлұматтарды, Шығыс Түркістан қазақтарының өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бергі кезеңді саяси-элеуметтік жағдайларынан барынша хабардар етеді. Бұл жөнінде академик Р. Нұрғали: *“Шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, журналист, қаламгер Хасен Оралтайдың “Елім-айлап өткен өмір” шығармасын жанр жағынан алғанда, өмірбаяндық роман деуге болады. 1999 жылы Стамбул қаласында жарық көрген сегіз жүз бетке жуық туынды С. Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу”, С. Мұқановтың “Өмір мектебі” романдары сияқты автордың басынан кешкен өмір жолынан мол мағлұматтар береді. Мұндай романдар қазіргі әдебиетімізде де бар”,* -дейді.

Романның өзегінде ұлт-азаттық идеясы өріледі. Алғашқы тарауда-ақ, 1936 жылы Қызыл өзенде Жүніс Қожаның басшылығымен Ұлтты қорғау ұйымы құрылып, ол ұйымдағы Жүніс Қожаның орынбасары болып, Қалибек Райымбекұлының белгіленгені баяндалады. Олар Үндістанға көшуге дайындық жасай бастағанда, осы құпия әзірлікті Қытай үкіметі біліп қойып, айып салады. Одан соң, қолда бар қару-жарақты сыпырып алып, қысым жасайды. 1939 жылдың аяғында Шығыс Түркістанның қазақтарынан Үрімжідегі Құрылтайға шақырылғандар сол жақтан қайтпай қалады. Мұндай зорлыққа шыдай алмағандар бас көтерулер жасап, қарсылықтар көрсетеді. Әрине, бірден ұйымдасқан қарулы көтеріліс жасау мүмкін емес еді. Сөйтсе

де, еркіндікті көкसेген бас көтерер азаматтар Қытайдан құтылу шараларын ойлай жүреді. Жер-жерде қарсылықтар, бас көтерулер болыпты дегенге құлақ түріп, жұдырықтай жұмылуды көксейді. Шалғайдағы жат елдің былай да қатерлі өміріне қуғын, анду, жала жабу, жазалау сияқты әрекеттер одан сайын үрей шақырып, сақтануға, қандай жағдайға да дайын болуға үйретеді. Қытай өкіметі елді жазалау мен жасқандырудың талай айла-шарғысын көрсетеді. Осыған байланысты автор мынадай дерек келтіреді: *“1945 жылдың көкек айының бас шенінде Қорқыс өзенінің батыс жағында Нұрпай батырға жасалған жауыздық нақтылы айғақ. Өзінен басқаның бәрін жау санаған қытайлар Нұрпай батырды шайіт еткеннен кейін, екіқабат әйелі Биганишаның қарнын жарып, төрт жасар ұлы Әбдірахманның жүрегін суырып алып, сүйегін 50 километр қашықтықтағы Бортынке қалашығына дейін сүйреп апарған. Өліні қорлау, жансыз денені көрсетіп, жұртшылықты жасқандыру Қытай әкімшілігінің баяғыдан келе жатқан саясаты. Мәселен, сонау 1880 жылдың соңында Алтайда “Асылбектің басын алу”, 1920 жылы “Қылаңның басын алу”, олардың денесін сол кездегі Сарсүмбе, қазіргі Дөңбазардың шығыс жақ дарбазасына ілу секілділер жауыздықтың бір мысалы”.*

Әдеби шығармаларда әрекет белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтеді. Оның қысқалығы немесе созыңқылығы шығарма сюжетіне, көлеміне байланысты. Сюжет баяндау құрылымы ретінде эпизодтарға, оқиғаларға жіктеледі. Шығармадағы оқиғалар тізбегі кейде кең салалы, кейде эпизодтық (үзік көрініс) түрде алмаса баяндалады. Соның ішінде тарихи-ресми деректерге осы эпизодтық сипат тән. Деректер автордың ойын нақтылап, дәйектеуде үлкен рөл атқарып тұр. Жат жердің аласапыран күресі мен тартыс-таласын көру пешенесіне жазылған Қалибек, елді ұйытып, бір жерге топтай білді. Айтса ақылға, істесе әрекетке берік жанның ой-арманы аз ғана халқын аман сақтау еді. Автор көтеріліс қимылдарын, оған ұйымдасуды баяндау үстінде қатысушылардың көңіл-күйін ғана емес, көпшіліктің жағдайын қоса береді. Әрине, көп болған жерде пікір қайшылығы мен алауыздықтың туындайтыны анық. Оны автор мынадай үзінділерде беріп, оқиғаның даму үстіндегі қайшылықтарын қоса қамтиды:

“– Қалибек мылтықты бұзақылардың қолына берді, олар

ертең құйыршық болып кетсе қайтеміз? – Мылтық бізге неге берілмейді, оның өз ойы дұрыс емес. – Тиісті орынға мәлімдеу керек мұны, - деген сөздерді екінің бірі айта бастағанын сездім. Осы көтеріліс қимылдарының барысын түйіндеуде Х. Оралтай басылым беттеріндегі ресми деректерді алға тартады. Ол “Қытай деректері”, “Американ деректері” тақырыпшаларымен берілген. Сөйтіп, “... *Шыңжаң тарихына көз жібергенде дәл осы кезде халық тағдырына жан-тәнімен күйініп, халықтың болашағын ойлап, өздерінің басын бәйгеге тізуге батылдықты еткен қазақ жұртынан екі-ақ адам болды. Оның бірі әйгілі Оспан батыр, енді бірі Қалибек Райымбекұлы*” немесе “1948 жылдың қыркүйек айында Шығыс Түркістанда Оспан батырға барып жолыққан американдық оқымысты проф. Др. Doak Barnett “China on the eve of communist takeover” деген кітабының 255 бетінде Оспан батыр мен Қалибекті де тілге тиек еткен, “ол кезде Оспанның жанында қазақ болды... Оспан, Қалибек, Дәлелхан Сүгірбай Шығыс Түркістан республикасы құрушыларынан саналады», - деген тарихи деректерді келтіріп, тарихи оқиға барысын бекіте түседі әрі сюжет барысына кең дәлел, толыққанды түсінік береді.

“Елім-айлап өткен өмір” шығармасындағы тұтастық оның әр бөлім, тараушаларында баяндалатын ішкі тақырыптық бірліктен туындайды. Романға арқау болған оқиғалар автордың “көзбен көріп, есінде қалғандары”. Сондықтан да өмірлік, өмірбаяндық деректерді көркемдік, нақты талдаулармен дәйектей отырып, қазіргі күн тұрғысынан өткен тарихтың күрделі болмысын берген.

Екі жүз үйден астам ел малдарын жетелеп, Такламакан шөліне бет түзейді. Осы “Қалибектің елі” бет түзеп, жүріп өткен жолы кейіннен “Қалибек Өткен” деп аталып кетеді. Белгісіз бағдар, көңілдегі түйіткіл, бөтен жердің қаупі адамды әр түрі ойларға бастап, көптеген ырымдарды медеу етуге бастайды. Әрбір жол-асудан асқан сайын алланы ауызға алып, тәубамен келе жатқан жұрт апталап көшеді. Сол тұста автор: “Лоп-Нор өзенін жағалап дәл қанша күн көшкеніміз белгісіз. Кейін Гималай тауында апам, Нұркамал деген баласы өлгенде, сол қарындасымның түйіншектерін шешіп отырып, соның бір кішкене дорбасынан жиырма сегіз тас шығарып: “Мыналарды Лоп-Норды жағалап көшкенде Нұркамалым “әр қонған жердің белгісі” деп алып,

осы дорбасына салушы еді. Айналайынымның осы тастардың санындай да өмірі болмады зой” деп егіле жылағаны есімде дейді. Автор бұл жерде нақты айғақты, оның жиынын (жиырма сегіз тас) көрсете отырып, сол кезеңдегі көп ұшырасқан трагедиялық халді (жол азабы, адам шығыны, қайғы) ашады. Шығарма тіліндегі осындай жинақтай баяндау жеке бас тірлігінен қоғамдық сипаттағы оқиғаларға дейін жетіп отырады. Мәселен, “Қытай қол астындағы Шығыс Түркістан қазақтары жиі қоныстанып және 1950 жылға дейін тұрғындарының көпшілігін қазақтар құрап келген Алтай, Тарбағатай, Іле-Құлжа және Баркөл-Құмыл мен Еренқабырға бөктерінде сол 1950 жылдарға дейін оқу-ағарту ісі дамымады. Тек Шығыс Түркістан жұмхүриетінен кейінгі кезеңде ғана оқу-ағарту ісі қолға алынды” деген мәлімет келтіріледі. Осы жалпы сипатты деректерден кейін өз өлкесіндегі жағдайдан хабар береді. Онда кейінгі қарулы көтерілістен соң ол мектептің жабылып қалғанын, одан кейін қытайларға шабуылдап олардың үйін өртегенде, мектептің де өртеніп кеткенін айтып, мәліметті тиянақтай көрсетеді. Жалпы шығармада автор оқиға, деректерді жалпылай және жинақтай, талдай және түйіндей беріп отырады. Осы тұста пікір, тұжырым айтуда өз көзқарасын кейде субъектілі түрде, кейде объективті тұрғыда ұсынады.

X. Оралтай роман желісіне пайдаланған деректердің бастауын айқын көрсетеді. Мәселен, “Қытай деректері”, “Американ деректері” деген атаулармен беріліп, ондағы мәліметтердің оң-терісін саралайды. Қызылөзен көтерілісіне байланысты бұр-малаушылықты көрсетіп, дұрыс мәліметтерді кейінгі тәуелсіз Қазақстанға қоныс аударған, қытайша жақсы білетін қазақ жазушыларының шынайы деректердің бетін ашқанын айтады. Яғни автор өзінің есінде қалған иә көзі көрген мәліметтерді салыстырып, жаңадан белгілі болғандарын жариялап, дәйектеп отырады. Мәселен, “*Әлі есімде, бір күні әкем ауылымыздың имамы (молласы) Нұрмұхаммет Атамбайұлына картадан жол көрсетіп және баратын жер туралы ұзақ түсінік бергеннен кейін: “Молла! Ағаң Нұрнай батыр марқұм осы жағдайды көптен байқап толық аңғарған кісілердің бірі болатын. Бірақ Қызылөзен мен Ұлужан жақтан ол кезде осылай шығып кету қиын-ды. Міне, біз ел шетіне келіп қалдық”* дегеннен кейін, карта жөнінде “әкемнің

карта жөнінде жақсы мәліметі бар-ды. Оның үстіне белгілерді және ондағы ұзақтық қашықтықты дәл өлшей алатын-ды. Әкемнің бірнеше әскери картасы және араб таңбасымен кітап түрінде Түркияда басылған бір картасы да бар еді”. Бұл үзіндіден роман кейіпкерінің айтуымен берілген деректерді әрі қарай нақтылап, өзіне белгілі жайттармен еселей түседі.

Осы ретте романның деректік материалдарының нақтылығын, тарихи сипаттарының тереңдігін, сол кезеңде өткен оқиғаларды танып-білуде бағдар беретін дүние екендігін мына пікір де дәлелдей түседі: “Түркиядағы қазақ қауымдастығының алғашқы онжылдықтағы өмір тарихын алғанда, алдымен Халифа Алтай, Хасен Оралтай және Хызырбек Ғаритұлы мемуарларын, Түркияға қазақтардың бірінші және екінші қоныстануын зерттеген неміс және түрік зерттеушілерінің еңбектерін ұқыптылықпен саралай отырып жазған И. Сванбергтің “Қазахские беженцы в Турции” (Svanberg, I. Kazak Refugees in Turkey. Uppsala, 1989) назар аударған жөн”, деп ой түйеді. Романдағы деректер автордың, кейіпкерлердің көзқарас, пікірлерін білдіріп, кейбір толықтырулар, түсіндірулер жасалып отырады. Мәселен, романға өзек болған Шығыс Түркістан қазақтарының шет жұрттағы өмірі, ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырылуы суреттелгенде тарихта болған адамдардың әрекеті, аты-жөні, атқарған істері көрсетіліп, қайсыбіріне автор қосалқы түсініктеме береді.

Жалпы, тарихи шығарманың табиғаты жөнінде әдебиетте даулы пікірлер көп болған. 1945 жылы ҚСРО Жазушылар одағының тарих секциясы “Көркем-тарихи шығармалардағы шындық пен ойдан шығару” тақырыбындағы арнайы шығармашылық дискуссия ұйымдастырады. Тарихи романдардың пайда болуы кезінде авторлар нақты тарихи шындықтың фактілеріне, құбылыстарына, оқиғаларына жүгініп, көркем шығармашылықтың негізіне тарихи тұлғаларды алды. В. Г. Белинский тарихи жанрдың синтездік сипатын еске ала отырып, онда көркемдік ойдан шығарудың болуы керектігін айтып, оның шегін белгілеп берді: жанама детальдардың түрін өзгертуге болады, алайда негізгі оқиғалар мен тарихи тұлғалардың суреттегенде қатаң нақтылықты сақтау керек. Н. Добролюбов болса Белинскийдің ойын нақтылай отырып, өзінің “Орыс тарихи романы хақында” (“О русском

историческом романе”) деп аталатын мақаласында тарихи роман мен қазіргі кезең туралы роман арасындағы айырманы көрсетеді: “тарихи романның авторы өз еркінше идеясын жақсы айындайтын мәселелерді енгізе алмайды, ол болуға тиістіні емес, шын мәнінде болған дүниелерге әбден сенімді болуы керек”. Бұл жерде сыншы суреткерді тарихи құжатты сол күйінде айтып беруден сақтандырады.

Негізінен, өмірбаян, өмірбаяндық материалдар көне әдеби жанр ретінде, өзінің мәні жағынан тарихи деректік тізбенің (историография) бір тармағына енеді. Оның үш түрлі қасиеті белгілі. Алдымен, өмірбаян көркем шығарманы тудырады; екіншіден, көркем шығармадағы ойды, орталық идеяны адамның-кейіпкердің айналасына шоғырландырады; үшіншіден, көркем шығармашылық психологияны қалыптастырады. “Өмірбаяндық дерек тарихпен үндес. Ол әр түрлі қоғамдық-саяси жағдайларды, құжаттарды, хаттар мен естеліктердің шынайылығын дәлелдейді, сұрыптап, деректік реттілігін анықтайды. Бұл әрине, әдебиеттің төл міндеті емес, алайда, оған әдеби жанр ретінде біршама көңіл бөлінеді”. Романда өмірбаяндық та, тарихи нақтылы уақыт та көрінеді. Автор өзінің балаң шағынан басталатын оқиғалар тізбегін уақыт жағынан өрістетіп отырады. Мәселен, *“Ес білгеннен бері көргенім – жазда әкем Қалибектің сол Дөңжасайлаудағы үйі..., менің өмірімнің алғашқы он төрт жылы аталған жерлерде өтті”*. Уақыт пен кеңістіктің рөлі әдеби шығармада түрліше көрініс береді. Ол лирикада мотив, лейтмотив түрінде символдық мәнге ие болса, прозалық шығармада сюжеттің негізін құрайды.

Шындығында, “эпикалық жанрдың тектік, жанрлық ерекшеліктері сөз жоқ, өзіндік ерек сипаттарымен қалыптасатын эпикалық уақытты талап етеді. Эпикалық қарым тұтас дәуірде, оның даму жолдарын зерттеуге әкеледі. Яғни, мазмұнның эпикалық құрамы көп қабатты уақыт мезеттерін тоғыстыратын эпикалық уақытты анықтайды. Оларды романның жанрлық ерекшеліктеріне қарай екшеп орналастыру шығарманың поэтикалық аса күрделі құрылымын жасайды”.

“Елім-айлап өткен өмір” романында ел басына зауал төнген шақта, ел-жұртын азаттық күреске бастай білген азаматтардың

тұлғасы мен әрекеттері шығарманың өне бойында көрініс беріп, сюжеттің сабақтаса өрбуіне жол ашады. Сөйтіп, шығарма оқиғасындағы адастырмай отыратын желі – азаттықты аңсау, халық тағдырына ара түсу идеясын тереңдетеді.

Романда нақты суреттелетін тарихи оқиғаларға көркемдік астар беріліп, оның әсерлілігі күшейе түседі. Мәселен, *“Шолғыншылардың “жау келе жатыр!” деп аттан салуы естілуімен, апам марқұм сыртқа тұра жүгірді. Біз балалар да үрейлене қоса жүгірдік. Әкем үйде жоқ-ты. Біз сыртқа шыққанда апам: “Әне, қалың шаңды көрдіңдер ме? Келе жатқан жаудың шаңы. Алла дін мұсылманды, Алаш азаматтарын сақта деп тілек тілеңдер”, - деді бізге”* деген қысыл-таяң шақта тілек айтып ел қорғаны – батыр-азаматтардың амандығын тілеу сияқты ырымды еске салады. Тарихи-деректік сипаты мен көркемдік бояуы қатар өрбіп жатқан роман өзінің сюжеттік желісінің белгілі бір реттілігімен, дәйектілігімен ерекшеленеді.

Халық басына қиыншылық туғанда, өзінің ақылдылығымен, пәрменділігімен елге ұйытқы болып, ой салатын тұлғалар болған. Тұлғаны алмастай етіп қырлап, заманы шындайды. Ал, алмас қатты нәрсені жарады, жұмсақты тіледі (М. Әуезов). Сондай азаматтар заманалар бойы елінің рухын төмендетпей, жігерін жанып отырған.

Автордың қоғамдық-саяси саладағы әрекет-қадамдары алпысыншы жылдары айқын көріне бастайды. “Еркіндік жолында Шығыс Түркістан қазақ түріктері” деген тұңғыш кітабының кіріспесінде автор: “Әр күн қорқу мен үрейлену және мың бір түрлі қауіп-қатер ішінде өмір сүрудің қиыншылығын тек басынан өткізгендер ғана біледі... Сол азап пен ауыртпашылықтарға душарласып, оған шыдап-төзбеуіміздің себебін сұраудың қажеті бар ма? Міне, кітабымның негізгі тақырыбы сол жөнінде. Бұл сауалға бір-ақ ауыз сөзбен жауап беруге де болады: “түркі тектес болуымыз, ерікті адам болып өмір сүруді көксеуіміз”. Х. Оралтайдың бұл тырнақалды кітабы Түркияда қазақ атымен шыққан, әрі қазақ жазған тұңғыш кітап болуымен де ерекшеленеді. Бұл кітап толықтырылып, жаңа түсініктер кірістіріліп, Ыстамбұлда екінші рет жарық көреді. Ғұмырбаяндық шығармалардың негізгі ерекшелігі өткенді еске түсіруден, өткенге жүгінуден тұрады.

Ғұмырнамалық сипаттағы бұл шығармада хроникалы сюжетпен баяндау тәсіліне орын берілген. Х. Оралтайдың сөзі де мұны дәлелдей түседі: *“1933 жылы дүниеге келген, 1945 жылдың көктемінен кейінгі өмірі “әне, жау кеп қалды” деген ылғи үрқу-қашумен басталып, 1947 жылы кеңестік сұғанақтық шабуылдардың салдарынан ата қоныс Қызыл өзеннен шығысқа қарай қашқан, 1949 жылдың аяғында да Сталин мен Мао Зедұң басқарған орыс-қытай коммунизмі зұлымынан жан сауғалап, туған ел Шығыс Түркістаннан шет елдерге босқан, Такламакан шөлінен өтіп, Гималай тауынан асқан, жолда жеті рет Қытай әскерінің шабуылына душарласып, ішерге асы, киерге киімі және жатар орны жоқ қаңғырған бишара халық ретінде, бірауыз тілін білмейтін мүлдем жат ел Кәшмір Үндістанға 1951 жылы барып паналаған. 1954 жылдың жазында Түркияға жетіп, жан бағу үшін мүлдем жаңа өмір салтына орай арпалысқан қазақтарды сонда бастап барған Қалибек Хакімнің ұлы ретінде мен талайды көрдім. Көп кеңестер өткіздім. Түркияда басталған өмір арпалыстарымды кейін Германияда жалғастырдым. Бірнеше шет елдерге бардым. Күнделік бағдарламасын ЕЛІМ-АЙЛАП зарлаган сағыныш мұңмен бастайтын “Азаттық” радиосында 28 жыл бойы сөйледім. Солардан есте қалған жиынтығының үзінділерін ықшамдап кітап етіп жарияладым”.*

“Елім-айлап өткен өмір» еңбегі әсерлі суреттеулерді мол камтыған. Негізінен, баяндау сипатындағы шығарма желісіне түрлі оқиғалар, құжатты деректер тән. Он бір бөлімнен тұратын кітаптың алғашқы бөлімінде шағын шежіре таратудан кейін, ата қоныс, оның табиғаты суреттеледі: *“1935 жылы атамыз Райымбектің ауылы, яғни арғы атамыз Қожалақтың алты ұлының бесіншісі Райымбектің үш ұлы Әділбек пен Қалибек, Ілиястар Тарбағатайдан Еренқабырғаға қарай көшеді. Қазір Манас Сауан аталатын ол кездегі Манас ауданындағы, Манас өзенінің батыс жағындағы Қызыл өзенге, оның батыс жақ қабағына жақын, кейін “Қалибектің дөңжайлауы” немесе “Қалибектің дөңжұрты” аталған жерге барып қоныстанған”* деп қоныс жөнін егжей-тегжей айтып өтсе, келесі кезекте осы өлкенің табиғатын бейнелейді: *“Бұл 1945 жылдың ақпан айының аяқ кезі мен наурыз айының бас кезі. Қар ери бастаған-*

ды. Жауқазын қылтиып, бұта-бүргендердің басы да бөртiп бүрiшiктеген болатын. Ауа райы ашық. Бұта-бүрген мен өзен жағасындағы терек-қарағаштар басында жыл құстары да көрiне бастаған кезi. Бәбiсек деп атайтын көкек құсты тамашалай ешкiнiң артынан мен де жеттiм”. Яғни, қоныс-жер жағдайы мен оның табиғат суретi деректiк мағлұматтармен үндес берiлген. Шығармадағы сандаған жер-су, елдi мекен атауларына қосымша түсiнiктеме берiп отыру, шығарманың деректiлiгiн нақтылай түседi. Мәселен, “Қызыл өзеннiң шығысы қытайша Датаң деп аталады. Жергiлiктi халық оны Жүнiс қажының Саршоқысы немесе Жантас-Барқылардың жайлауы деп атайды”. Жаратылыспен етене тiршiлiк еткен халық, өзiн қоршаған табиғатпен үндесiп, оның мiнез-қасиеттерiн бойына сiңiретiнi ақиқат. Осы дала перзентi табиғатпен бiрге сандаған қиыншылықтарды бастан кешiп, табиғатпен бiрге зардап шегедi. Сол себептен қалыпты дала мiнезi мен құбылысы халықтың да мiнез-құлқына әсер етедi. Ендеше, халық ежелден өз тiлегiн ғана емес, өзiн қоршаған жаратылыстың да амандығын тiлейдi. X. Оралтай шығармасында қоныс мәселесi оның халық тұрмыс-тiрлiгiне қолайлы болуына көп орын берiлген. Әрбiр мекеннiң табиғат көрiнiсi, жер жағдайы, атау-дерегi соншалық дәйектiлiкпен баяндалады. Бұл заңды да. Алдымен, бұл ғұмыр-намалық шығарманың жанрлық ерекшелiгiнен туындаса, екiншiден, жайлы қоныс арманға айналған шалғайдағы үркердей топтың жерге деген, туған елге деген құрметiн көрсетедi.

Туындыда суреттелетiн оқиғалар мен кейiпкерлердiң бiр-шамасы қаламгер Д. Жаналтайдың “Қилы заман-қиын күндерде” кездесетiн үзiндiлерде нақтылана түседi. Еңбектiң алғысөзiнде: “Жасым сексенге жақындап қалды. Басымнан қилы-қилы заман өткiзген кiсiмiн. Жақсыны да көрдiк, жаманды да көрдiк. Осының бәрiн жинақтай келгенде, әсiресе, ұлтымыз үшiн тарихи маңызы орасан талай айтулы оқиғалар көз алдыңнан тiзбектелiп өте бередi екен”. Осындағы көш жайын суреттеген көрiнiстер әдепкi қазақтың сан-салтанаты келiскен көшi емес, алмағайып кезеңнiң қилы күндерiн беретiн үркiншiлiк кез едi: “Адам баласының шыдамайтыны болмайды. Осындай машақатқа сабыр қылып, аш-жалаңаш күн кешiрiп, аңның етiн жеп бақтық. Тибет

жонында құлан, жорға, таутеке, арқар және тағы басқа аңдар толып жатыр. Соларды азық еттік. Ошақтыға үш күн қалғанда Қалибек пен Хамзаның ауылына кездестік. Ауылдар бір-біріне қосыла алмай, бет-бетімен көшіп кеткен қалай болса да мал, жан аман. Шығын жоқ. Дұспанмен атысып отырып құтылыпты”. Бұл “Елім-айлап өткен өмір” шығармасындағы аттың жалы, түйенің қомында күй кешкен, адамдардың бірде кәдімгі көшпелі тірлікті, бірде атыс-шабыс пен жауынгерлікті қатар ұстай отырып, елдің басын қосуды мақсат еткен аңсарлы жандарды танытады.

Сондай қырқыншы жылдардың аласапыран кезеңінің шет-қақпай тірлігін баяндаған Х. Оралтайдың “Елім-айлап өткен өмір” ғұмырнамасы да шет елдегі бірқатар шынайылықтың бетін ашады. Өз кезегінде іздеп жүріп оқитын еңбекке айналған бұл естелік кітаптағы қоғам мен адам болмысы, адамның жеріне, тілі мен дініне аса құрметпен қараған терең сезімі, мейірімі кімді болса да тебірентеді. Оған осы кітаптың кіріспесінде берілген хаттардың үзінділері куә. Мәселен, “... “Елім-айлап өткен өмір” өз өмірімде оқыған қыруар кітаптар ішінде ең алда тұратын, мен және мен секілді көптеген құрбыларыма ауыр да азат ой жүктейтін, отбасы, ошақ қасынан ұзай алмай үйкүшік өмірге көнген біздерге зор арман, үлкен уайым салатын оқулық” десе, енді бір хатта “Елім-айлап өткен өмірді” қызығып, сүйініп, оқиғаларын қуалап тұрып оқыдым. Өмірбаян, босқындық, шеттегі шерменде тіршілік бірін-бірі тебірентеді. Шындықты бұлтартпай жазғансыз. Сіздің туыңыз ұлтышылдық, тұтас түркішілдік, Түркістан идеясы зой” делінеді. Әдеби туындының әрбір мәнді элементі оның тұтас көркем дүние болып қалыптасуына ықпал етеді. Егер шығарма мазмұнының бас-аяғы жинақы болса, бұл үйлесімділікті бірден байқайсыз.

Шығарманың идеялық айқындылығы, кейіпкер бейнесінің кеңдігі, дәуір келбеті бірігіп, шығарманың шынайы келбетін жасайды. Кейіпкердің әу бастағы ерекшелігі, айналасынан озған даралығы оның болмысын ірілендіре түседі. Әдебиеттің міндеті - адам болмысын, іс-әрекеті мен мінез-сипатын ашу. “Елім-айлап өткен өмір” оқиғасының баяндалуында жер-су аттарын, адамдардың аты-жөнін, жағдайын тәптіштей түсіндіру басым.

Әрі сюжетке арқау болған оқиғалар бөлек тақырыптармен айқындалып отырған да, бұл сюжетке нақтылық, ықшамдылық берген. Шығармадағы этнографиялық суреттеулердің мәні ерекше. Мұның өзі шет жұрттың шетқақпай тірлігін бастан кешіп жатқан адамның туған халқының төл дәстүріне деген аңсарын аңдатса керек. Мәселен, мұнда көрініс беретін қыстауға көшу, төрт түлік малдың бағымы, намаз оқу, құрбандық шалу тағы басқа салт-дәстүрлер туындының мазмұнын ажарласа, монолог, диалог, суреттеу, көркемдеу құралдарының молдығы шығарма тілін әрлей түскен. Мәселен, бала Хасан мен үш кісінің арасындағы тілқату (диалог) былайша берілген:

- Ауылың қайда?

- Мына сайдың басында.

- Кімнің баласысың?

- Қалибектің баласымын.

- Әкең қайда?

- Манасқа кеткен.

- Қашан кетті?

- Он күндей болды.

- Не қылып жатыр онда? Неге кетіп еді?

- Жиналысқа кеткен.

Бұл сөзім оларды елең еткізді.

- Әкең не істеуші еді?

- *Осы Қорқыс пен Манас өзені арасындағы қазақтардың бастығы.*

Осы тілқату бала Хасанның мән-жайға қанық, айтар ойы анық екендігінен хабар береді. Бұл туынды құрылымында орын алған амал-тәсілдер шығарманың мол арналы, көп салалы сипатын анықтайды.

Автор шығармасында шалғай өмірде өткен өмірдің ыстық-суығын, қауіп-қатерін, сенім-тілегін саралап, салмақтап, ойтанымынан өткізіп отырады. Жалпы, шығармадағы деректер екі сипатта беріледі. Біріншісі, алыс өткен күн деректері ел аузындағы ескілікті әңгіме, аңыз түрінде беріледі; екіншісі өзі бала кезден бастан кешкен, куә болған деректер автордың аузымен, көзқарас-пайымымен баяндалады. *Мысалы, “біздің бабаларымыз алғашқысында Алтай жақты мекендеп, кейін 1870 жылдар*

шамасында Тарбағатайға қоныс аударған. Арғы аталарымыздан (төртінші атамыз) Хаташтың Ертіс өзені бойында өмір сүрген кезінде кей істері “шарапатты кісі екен” делініп, аңызға айналдырылған, қариялар әлі де “үлкендер айтушы еді” деп әңгіме қылатын ел арасындағы деректерден саналады”-деуі, өткен күннің, ел аузындағы деректердің жаңғыруы. Ғұмырнама тілінде аз сөзге көп ой сыйғызып айту, сөзді мәнерлеп, тұспалдап беру, әр оқиға астарында мәнді, салмақты ой түйіндеудің кездесуі оған тереңдік, бейнелілік үстей түскен.

Халқымыздың дәстүрінде естірту, көңіл айту немесе бата оқудың өзіндік орны бар. Соның ішінде бата сөз, бата берудің қайтыс болған адамның мұрагерлеріне беру, қарт адамның жасқа, ұзатылған қызға беретін түрлері бар. Халық ежелден сөздің магиялық күшіне сеніп, жақсы сөзге көңіл демдеген, жұбанған. “Тегінде бата беру, ақ тілеу айтып, алғыс білдіру ежелгі ата-бабалар дәуірінен келе жатқан түркі халықтарының ескілікті дәстүрі екені ақиқат” дегенді айта келе, ғалым Б. Уахатов ақ тілеу айтып, бата беру қазақтан басқа қарашай, татар, алтайлықтарда бар екенін, сөз саптау, сыртқы айтылу формасы жағынан қазақ өлеңдерінен еш айырмасы болмайтындығын тұжырымдайды. Ғұмырнамалық шығарма тілінде баталы сөздің жалпыға қарата айтылған: “Алаштың азаматына Алла жар болсын” деген түрі кездесіп, ел азаматына көпшіліктің атынан ілтипат білдіру берілген. Сол сияқты ел басқарған азаматқа арнап: “Жылағанның маңдайынан сипап, жылатқанға қамшы соқ” деп берілген бата, тілек кездеседі. Шығармада тек кітаптың алғашқы бөлімдерінде кездесетін «байтал түгіл бас қайғы», «қорыққанға қос көрінеді», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кез», «суға кеткен тал қармайды», «қарусыз қолда жазық жоқ», «бел байлау», «қазақ байыса, қатын алады, сарт байыса, там салады», «жүрегім жібімеді», «көкірекке құса байланды», «қияметтің қыл көпірі» тіркестері кездесіп, айтылмақ ойдың салмағын еселеп, ұлттық танымды байқатып, экспрессивтік-эмоционалдық әсерді тереңдете түскен.

Прозалық шығарма тілінде қайталанып келетін ырғақты жолдар болады. Әрине, ырғақ сөзінің поэзиялық шығармаға тән екені белгілі. Алайда, ырғақтың прозаға да бөтен емес екендігін

20-жылдары зерттеуші Л. И. Тимофеев дәлелдеген еді. Проза ырғағының көптүрлілігі тілдің табиғи ырғағын жасап, оның ырғақты-бейнелі қозғалысын тудырып, көркем мәтін тілінің мәнерлілігін тереңдетеді. Көркем туындының ырғақты келуі әрбір қаламгердің шығармашылық ерекшелігіне байланысты. Х.Оралтай шығармасында «Қарашәрі аймағын басып, Гималай тауын асып», «кек қайнап, намыс кернеп», «көкірегінде – иман, кеудесінде – жан барда» деген тіркестің құлаққа әуезді естілуі сыртқы ұйқасында ғана емес, ішкі үйлесімінен де туындап тұр. Бұл ұйқасымды-үйлесімді тіркестер ойды анық, дәл, жеріне жеткізе беруде үлкен роль атқарып тұр. Міне, мұндай тіркестер шығарма тіліне өзгеше шырай берген.

Біз «Елім-айлап өткен өмір» шығармасынан уақыт жағынан бір-бірінен өрбіте баяндалған мол оқиға желісін, алуан түрлі тағдырларды, тұрмыстық көріністерді, сол арқылы көрінетін қаламгердің ой-толғамын, дүниетанымын байқаймыз. Автор шығармасындағы көркемдік бейнелеу құралдары, оны қолданудағы автордың өзіндік ерекшелігі туындының табиғатын аша түскен.

Әдеби шығармада сюжет оқиғалардың тізбегінен, яғни кеңістік-уақыт қатынасындағы кейіпкерлердің өмірінен, бір-бірімен алмасып отыратын әрекет-жағдайлардан тұратыны белгілі. Роман оқиғасы өткен шақта баяндалып отырғанымен, кей жағдайда кейінде болған оқиғалар ілгеріге шығып, автордың нақтылауымен, толықтыруымен жалғасады. Мәселен, *“Біз бір шешеден сегіз туыс едік. Інiм Бiлiл (Bilal Hakim) 1989 жылы Германияда қайтыс болып, Түркияда қойылды. Ең кенжемiз Гүлжауһар 1946 жылы атақоныста шетiнедi. Қалғандарының трагедиялық өлiмi жөнiнде кезегiмен алда айтылады”* немесе *“1935 жылы атамыз Райымбектің ауылы, яғни арғы атамыз Қожалақтың алты ұлының бесіншісі Райымбектің үш ұлы Әділбек пен Қалибек, Ілиястар Тарбағатайдан Еренқабырғаға көшеді. Қазір Манас – Сауан аталатын ол кедегі Манас ауданындағы, Манас өзенінің батыс жағындағы Қызыл өзенге, кейін “Қалибектің дөңжайлауы” немесе “Қалибектің дөңжұрты” деп аталатын жерге барып қоныстанған”* дей отырып, *“1984 жылы арада 37 жыл өткеннен кейін, Германиядан сол атақонысқа тұңғыш рет айтып барғанымда, Дөңжайлау немесе*

Дөңжұрттың Қалибектің атымен аталмайтынын, коммунистік зұлым-зомбылықтың қысым-зардабынан халықтың Қалибектің атын атаудан қорқатынын көрдім”, - деп түйіндейді.

Сюжетті құрайтын оқиғалардың өзара қатынасы түрліше болады. Көлемді шығармаларда оқиғалары бір мезгілде қатар, бірнеше желімен дамиды, көптеген кейіпкерлердің араласуымен жүретін көпсалалы сюжет болады. “Елім-айлап өткен өмір” шығармасы хроникалы, көпсалалы сюжетті камтиды. Жартығасырлық ғұмырдың есте қалған елеулі тұстарын тараулар мен тақырыптарға жіктей отырып, автор баяндайтын оқиғаға салмақ үстеп, ой қосатын жерлерін уақыт жағынан оза түсінік беріп кетіп отырады.

Әдеби шығарманың құрылымында сюжеттің мәні ерекше. Біріншіден, ол оқиғалар тізбегін жүйелеп, бір арнада шашау шығармай бейнеленуін жүзеге асырса, екіншіден, көркем шығармадағы кейіпкерлердің жасалуына, мінез-сипатының анықталуына әсерін тигізеді. Яғни, “мәтіндегі сөйлеу, оларға қатысты әлеуметтік, мәдени нормаларды, қоғамдық ортадағы мәтіннің түсінілу деңгейін нысана ететін” дискурстің үдерістігі байқалып отырады. Бұл оқиғаның белгілі бір дәрежеде кейіпкерлер үшін “әрекет өрісі” болып, оқырмандар алдында барша қырынан ашылуына мүмкіндік береді. “Елім-айлап өткен өмір” романындағы оқиғалар да, кейіпкерлер де белгілі бір ретпен баяндалады. Автор көрген, естіген және басынан кешкен оқиғаларды баяндап, тиісті кейіпкерлерді түстеп, сипаттап отырады. Мінездеу сипатының тәсілдері түрліше. Кейде кейіпкердің сырт кескіні, кейде мінез-құлқы көрінеді. Бұл тәсілдер шығарманың көлеміне қарай кеңіп, дамып отырады.

Романда кейіпкердің портреті, оның сырт бейнесі суреттеледі. Оған кейіпкердің жасы, дене бітімі, бет пішіні, киім киісі, дене қозғалысы кіреді. Мәселен, “олардың ішінде бір жуан, көк көзді сары бар-ды”, “шошқаның еті емес, балықтың еті, же”, - деп ымдады.... Апам алдымен: “Неге кеш қалдың? Қайда жүрдің?” - деп ұрысқысы келіп адырая бетіме қарады да: “Өзіңе не болған, ауырып тұрсың ба? Бетің неге аппақ?” - деді. Мұнда кейіпкердің бет пішіні, көңіл-күйі байқалады.

Әдеби портрет тікелей адамға бағыттала отырып, сөз арқылы

автордың идеясын, ұстанымын ашады. Көркем шығармада портрет кейіпкер бейнесін жете тануға жол салады, сондықтан ол біржақты тәсіл болудан аулақтап, кейіпкерді әлеуметтік-өмірбаяндық және психологиялық жағынан толықтырады. Басқаша айтқанда, портрет-мінездеме портрет-өмірбаянға, одан портрет-тағдырға айналады. Мәселен, Қалибектің портретіне назар аударайық: “Қырын тұрған Қалибек сұңғақ бойлы, ат жақты, қыр мұрын, кара сақал, кара мұрт, ақсұр, орта жастағы адам, көз алдынан лек-лек салтанатты маршпен өтіп жатқан әскерден оттай жанған екі көзін алмай, қабағын түйе қарап тұр. Қалибек бір ауыр ойда сияқты. Сұр құлынның терісінен тысталған құлақшыны оның үстіндегі қаптал шапаны мен аяғындағы саптама етігіне қоныңқырама да, алып денесі, қақпақтай кең жауырыны оның батыр тұлғасы бар салмақты адам екенін елестетті”. Мұндағы портрет кейіпкерді түгелдей - сырт пішінін, киім киісін, мінез-сипатын толық ашып тұр.

Ұлтын сүю мен ұлтшыл болу – ара жігі ажырамайтын ұғымдар. Өз қоғамының даму өресін басқадан бұрын байқап-танып, туған халқына қызмет жасап, жоғын түгендеп, ұлттық қадір-қасиетін тереңдету – ұлтжанды елшіл азамттарға тән. Халқына адал қызметін арнаған Х. Оралтайдың ғұмырнамалық сипатағы “Елім-айлап өткен өмір” кітабы - азаматтық пен қайраткерлікті, әрекет пен күрес-жігерді, ең бастысы, ұлттық рух пен танымды көркемдік-деректілік сипатта танытатын тағылымы терең туынды.

Қ. Шабданұлы «Қылмыс» романы. Көркем әдебиет - өнердің бір түрі. Ал, өнерге шығармашылық қасиет тән. Кез келген суреткер шығармашылық иесі ретінде өзінің көркемдік танымы мен шеберлігін, дарын қуатын жұмсау арқылы бейнелі, тың дүниелер жасауға тырысады. Ондай туындылардың халық жадында қалатыны ақиқат.

Жазушы Қ. Жұмаділов: “Шыңжаңдағы қазақ әдебиетінің өзгеге ұқсамайтын бір ерекшелігі, онда “түрмеде туған әдебиет” деп атауға болатын шығармалардың тұтас бір шоғыры бар. Шыңжаңда “түрме туындыларының” негізін қалаған - Таңжарық ақын. Жеті жыл (1940-1946) Үрімжі түрмесінде азап шеккен Т. Жолдыұлы шығармаларының жетпіс пайызын түрмеде отырып жазған. Арада жарты ғасыр өткенде оның жолын Қ. Шабданұлы

жалғастырды. Өлеңнің жолы жеңіл, камерада бірге жатқандар жаттап алып, халыққа жеткізіп отырған. Ал қарасөзден тұратын романдар циклін тілдей қағаздарға ұсақтап жазып, біртіндеп сыртқа шығаруды құдай басқа салмай-ақ қойсын” (5-б), деп бұл шығармашылықтың ерекшелігін аша түседі Шындығында да түрмеде өткен қанша ғұмыр өлеңмен, әнмен, хат немесе күнделікпен, көлемді туындылармен суреттелді. Бұл шығармалардың көркемдігі, шынайылығы терең болды. Түрме жағдайының өзі адамның шығармашылық мүмкіндігін кеңейтіп те отырғандай еді. Себебі, шығармашылық бағдар, алдын ала құрылатын жоспар жасаудан тыс, бақылап-байлаулы тірліктің жазалауға бейім жағдайында бар мүмкіндікті пайдалана отырып, болғанды сол күйінше қағазға түсіріп алудың өзі үлкен олжа еді. Сондай өзгеше ортада туған шығарма - “Қылмыс” романы.

Зерттеуші Т. Жұртбай “Тағдырлы туынды” деген аңдатуында: “Тумысы бөлек, тағдыры оқшау, күрделі көркем ойлау жүйесі тосын әрі байырғы классикалық баяндау мәнерінде жазылған “Қылмыс” романы - қазақ сөз өнеріндегі құбылысты шығарма. Мұнда қадымнан тартылған көшпелілер әлемінен бастап ХХ ғасырдағы тағдырмен тістесе күрескен қазақ ұлтының тауқыметті тіршілігі психологиялық ішкі тартыс арқылы шынайы бейнеленген. Шығарманың көркем мәйегі түрмеде ұйығандықтан да, жазушының тістескен тағдырларды тістене отырып жазғаны әр сөйлемнің ширатылысынан анық танылады. Көркем кеңістік пен тарихи уақыттың ара-жігіне желі тартқан өмір шындығы мен көркем шындық, туындының болмысындағы табиғи шынайылық пен астарлы емеурін, эпикалық тыныс пен ызалы мысқыл, қалыптасқан сөз тіркестері мен тосын тіркестер, қазақы қара тілден қорытылған күрделі ойлау жүйесі бапсыз таланттың тағдырымен жағаласқан қайсар рухының көркем тұжырымы екені даусыз” (7-б). Міне, осындай сипаттағы туынды авторының тағдыры да оқшау, өзгеше. Ол: “Бір ұлттың әдебиеті деңгейімен өлшесек те, әлемдік әдебиеттің өре-өлшемі тұрғысынан қарастырсақ та, аса зор суреткер. Ірі жазушы. Әдебиет сыншысы, аса білімді азамат. Мұрат Әуезовтің Альбер Камюмен салыстыруы да тегін емес” (5-б).

Жазушының “Қылмыс” романы суреткердің көркем өмірбаяны ғана емес, халықтың өмірбаяны. Қазақтың ғұмырбаяны: қазақтың

мінезі, қадір-қасиеті, көз жасы, кемшілігі, ерекшелігі, бағы, соры, елдігі, алабөтен сезімталдығы, сонымен бірге, сенімпаздығы, айырықша кірпияздығы, сонымен бірге көнімпаздығы... Бәрінен бұрын “Қылмыстың” әдеби формасын айтсаңызшы! Бұл жөнінде Қ. Жұмаділов: “ Жазушы және түрме. Қалам мен қапас. Әдетте сыйыспайтын-ақ ұғымдар. Екінші жағынан қарасаң, таңданатын да ештеңе жоқ сияқты. Империяға күні қараған кіріптар, бодан елдің өз ұлтын сүйген, азаткер зиялысы абақтыда отырмағанда қайтушы еді. Ресей империясында барар жерің итжеккен, Сібірдің ақырған аязы, ит тұмсығы өтпес тайга орманы... Ал Қытай қағанатында ондай суық Сібір жоқ. Оның есесіне Тарым бойлаған Такламакан шөлі бар. Саясыз, панасыз, жалаңаш шөл. Алпыс градус аптапта ұшқан құстың қанаты күйеді. Сібірде азап болса, Тарымда тозақ. Жазушы Шабданұлы жаза мерзімінің аттай жиырма жылын (1958-1978) осы Тарым лагерінде өткізді (3-б). Жұмаділов Қ. “Тас түрмені жарып шыққан тарлан сөз” (беташар)\ (Шабданұлы Қ. Қылмыс. Көп томды роман. 1 том. - 2009.-416 б.) Қ. Жұмаділов тағдыры да, шығармашылығы да өзгеше, уақыт пен жағдайдың ырқына бағынбай ғұмыр кешкен қаламгердің болмысын аша отырып: “Ең ғажабы Қажығұмар өз шығармасына осынша ұзақ уақыт, сан алуан оқиғалар сыйып кетерліктей форма тапқан. Бұл да Батыстың емес, автордың өзі жақсы білетін Шығысының шарапаты. Жол нұсқаған сол баяғы “Мың бір түн”. Ежелгі араб ертегісінде “Ей, ұлы бақытты патшам!” деп басталатын Шаһаризаданың бірінен бірі өткен хикаялары болмаушы ма еді. Мұнда да сол сияқты. Әр тараудың басында автор “Ей, менің тергеушім!” деп қайталап отырады”, - деп шығармасының құрылымдық-стильдік өзгешелігін ерекшелей кетеді (5-б). Автордың ұзақ жылдарға созылған қамаудағы ғұмыры романның өзегіне айналған. Соншалықты пешенесіне түрменің азабы жазылатындай бұл адамның қылмысы не еді? Адамның бір басына тән жазықты болудың өлшеулі уақыты бар емес пе? Автор романы арқылы адам баласының тағдыр-талайына жазылған ғұмыр жайлы толғанады, баға береді. Мұның бәрі жеке адамның - автордың басынан өткен өмірі арқылы ашылады.

“Өзіме таныс темір қақпақ пен шойын құлып шарық-шұрық ете түсті. Қап-қараңғы, терең ұрада жатқан мен

елеңдеп басымды көтеріп алдым. Жүрегім де әлдебір шойын темірге соғылып, шақылдап кеткендей болды. Тұла бойымды түршіктірген қатер мен күдіктің мұздай суық желі сумаң қақты.

Заңды түрмеде жатқан адамдар мұндай тосын іске кезіккенде елеңдесе де, жүрегіне мұз ине шанышылғандай болмай, үмітпен елеңдеп, кейде жылы самал тигендей бір сезімге келетін. “Босатып жіберер ме екен” дегендей жақсылық күтетін. Менде мұндай үміт сезімі мүлде жоқ еді. Өйткені, жатқан ұрам - Хұңуибеңнің зындан деп аталған “абақтысы”. Ал өзім ғой, тісті қақпандай тырп еткізбес талай алыпсоқ жаламен қамалған ең қатерлі әрі “тергеуі” бітпеген, біткенді қойып “қылмысы” үсті-үстіне жамалып жатқан “қылмыстымын” (7-б). Романның басындағы осы бір аңдатуды оқығанда қылмысын мойындап, өзін қаралап отырған адамның болмысына таңқаласыз. Тек әрі қарай оқу үстінде ғана сіз кейіпкер баяндауындағы астарлы ойды, кереғар мағынаны ұғасыз. Бір адам жеке-дара тұтас қоғамға қауіп тудырмайды. Кез келген қылмыстының тергеуден соң айыбы мойнына қойылып, жазасы кесілмейтін бе еді? Ал, мұндағы үсті-үстіне жамала беретін неткен қылмыс? Сөйтсе, бұл кәдімгі заң жүзінде дәлелдеп, кесіп-піше салатын қылмыстан да терең екен.

Романның алғашқы екі кітабы түрмеде жазылған. Бұл дүние-жүзі тарихында бұрын-соңды болмаған құбылыс. Жазушының теңдесі жоқ ерлігі. Роман жанры жағынан мемуарға жатады. Алайда шығарма жеке адамның өмірімен шектелмейді. Шыңжаң қазағының жартығасырлық тарихын қамтиды. Бүгінгі ұрпақ ұлттық езгінің не екенін, отаршылдық зорлықтың небір түрін осы романның білетін болады” делінген романның түсіндірмесінде. Романды оқу барысында кейіпкердің “қылмыс” деген ұғымның аясындағы баяндап отырған дүниелері қалыпты мағынадан мүлдем аулақ екенін ұғасыз. Сөйтсе, адамның пешенесіне жазылатын тағдырдың өзі, оның қандай болмағы, сенің бақ иә сорға кездесетін өміріңнің өзі “қылмыс” екен. “Әділетті “тергеушім”, ақ-нақақты адамзатта сіз ғана айырар деп сенемін. Осы үлкен шешемнің өзі құрсағынан шыққан балаларын зар қақсатып, ләм демей рақымсыз ызғарлы күйінде кетуін қарашы, не деген тас бауыр еді! Кішкелелерін есіркемей, тым болмаса, маңдайынан ақтық рет бір сипамай, бір жібімей, тас болып қатып, панасыз, иен

құмға тастап кетуін қарашы!.. Неткен рақымсыз қылмыс!” (14-б).

Өзінің ауыр жағдайын түрмеге теңеген автор: “Құрметті “тергеушім”, мен кішкентай кезімнен-ақ түрмеде-кебежеде өскен қылмыстымын. Зор қылмысты болмасам сол кезден-ақ қамалар ма едім? Қазіргі қылмысымның түп тамыры менде әзелден-ақ бар екен. Шешемнің емшек сүтімен бітіп, бұлшық еттерімнің талшықтарына айналып кетіпті. Бұл қылмыс сол кездің өзінде-ақ мені жақсы киімнен, жорға тайдан жұрдай етіп, әкемнің жырттық тоны мен кебеже түрмесіне қуып тығыпты ғой!” (50-б), деп әу бастан-ақ өмірдің ауыртпалығында, жоқшылықтың тұтқынында өскенін айтады. Бұған тағы да мәтіннен дәлел келтірейік: “Үй дегеніміз қуыс үңгір болып қаңырап қалғандай сезілді. Ойнауға зауқымыз болмай, бүрісіп-бүрісіп отырып қалдық. Күн бата кәрі әжеміз үнсіз жылап, бәріміздің бетімізден сүйді. Қош, әжетайым! Кешіре гөр! Өлер шағыңызда қасыңызда болу қолымыздан келмеді. Бақыл бол, әже!” Бір отбасының тіршілігі екіге жарылып, көзі тірісінде бақұлдасып, қоштасу да тағдырдың бір сыны еді. “Дүниеге адам алғаш келгенде күле келеді, Қылмысты да, қылмыссыз да күле келеді. Одан кейін ақырындап қорқу мен қорқыту сатысына көтеріле бастайды” (42-б). Адам тағдыры әрқалай өріледі. Кейде зауалға ұшыраған адамды сол ортаның өзі жұбатады. Адам қалыпты, бостан тірлікті аңсай отырып, оның тым алыста екенін сезеді. Сондықтан да өзі тап болған мехнаттан пана табуға, соны қорғаныш етуге ұмтылады.

Екінші кітаптың бірінші бөлімінде (“Ала бүлік”): “Абай, Шәкәрім шығармаларын былай қойғанда өзіміздің ақын ағаларымыздың өлеңдері де түрмеден ұрлана шығып, бізге шырқала жырлай, жылай жетіп жатты. Үрімжі түрмесіне 1940 жылы келген Таңжарық пен Әбдікерім ақынның өлеңдері осы кезде өзімізді көп жылатты:

*Дарига, тағдыр қысты, қиналды жан,
Өтпейді өңешімнен су менен нан.
Қайғымның қаншасына сен куә бол,
Төгіліп жүрегімнен қып-қызыл қан!*

*Дарига, мен қайғырдым кімдер үшін,
Оларға көрсетіп тұр кімдер күшін?!*
Жаралап көкірегімді улы қанжар,

*Қан құстым жүрегімді тілгені үшін!
Қайғырдым назаланған елім үшін,
Ақ бұркеп азыланған жерім үшін.
Ішінде қан майданның қаза таппай,
Жазықсыз жазаланған ерім үшін!*

Қатарлас камераларда жататындар бірінің халін бірі дер кезінде біліп тұрады екен. Бірін бірі демеп, бірінің жарасын бірі емдеп, қайрат-қажырға, үміткерлік пен жігерге шақырысқан жауынгер жырлар көп туындапты. Тергеу қинауынан күйреп шығып, сүйретіліп өтіп бара жатқандарды есік саңылауларынан көріп тұрған осы ақындардың қолма-қол айтып қалған, кереметтей шипалы өлендері сырттағы бізге де дәл сондай әсерімен жетіп, ем айтады:

*Қажыма, тұр орныңнан болат жүрек,
Дұшпандар салса қанжар, найза тіреп!
Жер жүзін тітіретіп басса зұлмат,
Найзағай атылса да күн күркіреп”*

(56-57-б).

Трагедиялық жағдайдың салдары бір-бірімен ұласып отырады. Адам мұндай шиеленісті жағдайда қалыпты ой арқауынан ажырап та қалады.

Ж. Сәмитұлы “Сергелдең” романы. Жазушы Ж. Сәмитұлының “Сергелдең” романында өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында Алтайдың күнгеіінде тіршілік еткен қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, өмір үшін күресі суреттеледі. Халқы үшін қан кешкен Оспан батырдың қиын кезеңдегі батыл қимылдары, қаһармандық тұлғасы көркем бейнеленеді. Романда байырғы халықтың дүниетанымы үнемі байқалып отырады (“*Жаратушы құдірет қандай күшті. Бағана өзін қамаған жыртқыш көкжалдар жетеу еді. Енді мұны құтқарған тағы да жеті қарақшы. Ой, алла, аспанда да әне, жетіқарақшы тұр. Анау бір жарық жұлдызға қара. Оны темір қазық деп атайды. Ал оның қасындағы екеуін ақ сары ат пен көк сары ат дейді. Солардың мына жағындағы шөміш бастысы - жеті қарақшы. Темір қазыққа арқандалған ақ сары ат пен көк сары атты аңдыған жеті қарақшы темір қазыққа енді таяған кезде таң атып кетеді екен. Қалай сонда? Жыртқыштардың бәрі жетіден болғаны ма? Жоқ, аспандағы жұлдыздар жыртқыш емес шығар. Яки мыналар да қарақшы емес болар. Сонда қалай? Қазақ баласы жеті санын ерекше белгі*

санайды. Көп нәрсені жетімен атайды. Бәлкім, арман, бақыт, несібе құганның бәрі жетіден басталды ма екен? Жаратушы алланың құдіреті күшті. Мұны бір құдай өзі білмесе оның сырына күнәлі пендесі қайдан жетсін...” (15-б).

Кейіпкердің ойы ежелден тұрақталған ұғымдарға қайшылықта алынған. Қазақ қашаннан жеті санының астарынан күдік іздеген еді? Керісінше, жеті санына көптеген ұнамды, қасиетті ырымдарды теліген жоқ па еді? Жексеннің өзі жасынан ұйыған, құлағына сіңірген дәстүрлі ұғымның ар жағынан қосалқы бір астарға, мағынаға баруға итермелеген сол мезеттегі көңіл-ауаны еді. Егер үміт пен күдіктің қатар келуі шарасыз етпесе мұндай бөгде ойға барар ма еді? Кейіпкердің әдепкі танымнан бөлек бөгде, қайшылықты ойы әрі қарай да жалғасып отырады: “Иә, бақыт деген де опасыз. Бір мезет ойда жоқта анау аспандағы күндей күлімдеп, жүрегінді нұр сәулеге орап, қуанышқа бөлейді де, сонан соң қас-қағым сәттің арасында көзін жұмып ала қояды. Боз мұнар, бұлыңғыр бір түнекке орап, басқа бір жат өлкеге, буалдыр кеңістікке қарай жетелейді. Алғашқыңды тұтас ұмыттырып, аздырып, адастырып әкетуге қам жасайды” (59-б).

Адам баласының танымына әр қилы қайшылықты ойлардың үстемеленіп, кейде солардың дұрыстығына көздері жетіп, жетегіне ілесіп кете беру де жат болмаса керек. Өйткені, мұндай қарама-қайшылықты ой-танымдардан туындайтын әрекеттер қаншама қақтығыс пен соғысқа бастаған жоқ па? Бұл ойымызды романдағы мына бір үзінді тағы да дәлелдей түседі: “Бейбіт тірліктен суынып, күдер үзген оған енді аласапыран тартыс, алыс-жұлыс керек тәрізді еді. Жер бетінде қазір де зұлымдар көп. Шәмсия сияқты ақ көгершін, пәк перизат, кіршіксіз аяулы періштелерді жылататын, қорлайтын қара жүректердің құтырынып алған шағы. Тыныштық болмаған жерде адам соғыстан ғана ләззат алатын секілді. Бак таласынан есе теңдік ала алмаған әр жігіт енді өзін айқасқа арнауы керек” (60-б).

Діни ойға адам баласы бұл дүниенің болмысы қиындап, күрделенген сәтте беріледі. Осыған дейін қалыпты деп қабылдаған ұғымдары өзіне қайшылықты пікір, әсер туындатқан кезде, адам өзі де терең түсініп болмаған өзге дүниеге, жаратылысқа жүгінеді. Жоғарыда талданған прозалық шығармаларындағы діни-фило-

софиялық проблема адам баласын үнемі толғандыратын мәселе еді. Қай кезеңде де адамзат жаратылыстың да, өздерінің ішкі дүниесінің де жұмбағын шешуге ұмтылып отырған. Ал, автор жер бетінің тірлігі мен метафизикалық құбылыстың арасын жалғастырғысы келді. Сондықтан да қаламгердің шығармаларының ортақ проблемасы қайырымдылық пен зұлымдықты таңдаудағы еркіндік болды. Бұл концепцияларда утопизм болса да, тұтастай алғанда адам баласын ұнамдылықты жақсылық пен еркіндікті идеал етуге шақырады. Діни сана белгілі бір дәрежеде адам баласының гуманистік таным, түйсігіне ықпал жасады.

“Сергелден” романының кейіпкерлері өз мінез-сипаттарының кемшін тұстарын өздері айтып ақталып отырады: “Сол күнәм үшін қандай жаза тартып, қандай ауыр күнә жазылса да әзірмін. Сонда да алдын ала арылып айтып алайын. Төрінен көрі жуық тұста кәрі Көкенбай неден жаңылды дейсіңдер ғой. Адам жасы ұлғайып, өлер шағына таянғанын сезген сайын қалтырап, жаны тәтті болып кететін көрінеді. Бірақ, күнәнің үлкен себебі әріде. Ол мынау: біз, қазақ баласы, атадан ұл боп тусақ та, көп заманнан бері көрінбей көрінгенге құл боп үйренген халіміз бар” (61-б).

“Сергелден” романында Ырысқан бір сәтте екі күйді басынан қатар кешеді: *“Ол осы күнге дейін мылтығы, қаруы бар өкімет әскерін қойып, сойыл, шоқпармен тап беретін қазақ бүлігіне де араласып көрген жан емес. Ойлап отырса осы жасқа келгенше тұқы етіне тиген қамшы дәмін әлі татып көрмеген екен. Азап, бейнет, өлім деген сияқтыларды тіпті есіне де алып бақпаған пенде. Қазір мына қалың әскерді өз көзімен көргенде жүрегі аузына тығылып тынысы буылып, дем ала алмай қалды”* (109-б). Осыдан туындаған үрей әрі қарайғы ұзаққа созылған трагедияға апарды: “бұлар көзі жасты, көңілі күпті жандар. Кешегі қырғында бірінен-бірі көз жазып қалып, оның не өлі, не тірі екенінің байыбына бара алмай қан жұтып келе жатқан көңілі қаяу сорлылар” (174-б). Романдағы кейіпкерлер қоршаған ортаға философиялық қашықтықтан қарайды, ал, алысы - өткен дәуір, көркемдік стильдер, философиялық идеялар – тұрмыстық ұстаным тұрғысынан алыс болып келеді. *“Ең ақырында оның көз алдына тағы әлгі қызыл жұлдыз келе қалды. Қан түстес қызыл еді ғой. Таңертең өзі көрген мейірімсіз түсі суық адамдардың*

бәрінің маңдайы қып-қызыл болатын. Маңдайына жазған деген сол болғаны да” (181-б). “Заман да заман, заман болар, қарағай басын шортан шалар” деген бар. Бұл да бір дүние ғой. Сен тым болмаса шешеңнің сүйегін тапқан екенсің. Көзің көріп, көңілің суыды. Оған да “шүкір” де, балам” (184-б).

Кез келген көркем туынды болмасын, ол тарихи шындық пен көркемдік шешім тәрізді әдеби процестер арақатынасының өрбуі мен біте қайнасуынан туындайтындығы баршаға мәлім заңды құбылыс. Сондықтан жазушының көркем шығармасынан тарихи өмірдің сәулелі сәттерінің сан қилы құбылыстарын көреміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде шет елде жарық көрген тарихи шығармалар, олардың идеялық-көркемдік сипатына шолу жасандар.

2. Қайраткер тұлға Хасен Оралтайдың өмірі мен шығармашылығы туралы не білесіңдер?

3. Қ. Шабданұлының «Қылмыс» романының идеялық-құрылымдық ерекшелігі туралы баяндаңдар.

4. «Елім-айлап өткен өмір», «Сергелден», «Көк бөрілердің көз жасы» романдарына тән идеялық-сюжеттік ерекшелік пен кейіпкерлер жүйесіне қатысты талдау беріңдер.

5. Кезең тарихи шығармаларына тән деректілік пен көркемдік шешімдерді атаңдар.

Көркем шығармалар:

1. *Оралтай Х.* Елім-айлап өткен өмір А., 1999, 2005
2. *Шабданұлы Қ.* Қылмыс. А., Көп томдық роман. 1 том. -2009.
3. *Сәмитұлы Ж.* Сергелден. Роман.
4. *Зәкенұлы Т.* Көк бөрілердің көз жасы. Роман.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. “Алаш” қозғалысы. Құраст. *Е. Тілешев, Д. Қамзабекұлы, И.Нұрахмет.* Алматы: “Сардар” баспа үйі, 2008.

2.Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. Ресей тарихи ойы. Он томдық. 5 том. Астана: Фолиант, 2005.

3. *Жұртбай Т.* Біртұтас Алаш идеясы және Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы \ \ Қалибек Хакім туралы естеліктер (Азаттықты аңсап, Гималай асқан көш). Құраст. Ә.Ілиясұлы. Алматы: Білім, 2009.

4. *Қамзабекұлы Д.* Алаш және әдебиет. Астана: Фолиант, 2002.

2. *Оралтай Х.* Елім-айлап өткен өмір. - Алматы: Білім, 2005.
5. *Сәмитұлы Ж.* Қытайдағы қазақтар. - Алматы, 2000.
6. *Мұхаметханұлы Н.* XX ғасырдағы Қытайдың тарихи үрдісіндегі қазақтардың әлеуметтік дамуы: Оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2006.
7. *Мұқаметханұлы Н.* Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). Алматы: Қазақпарат, 2007.
8. Дін және қоғам қайраткері Халифа Алтай: Елдік іс пен имани құндылықтар. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. А., 2008.
9. «Тарихи туынды тағылымы». \\Көкейкесті әдебиеттану. Астана, 2006.

VII т а р а у

ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТЫҢ ДАМУЫ

Қазақ әдеби-мәдени байланыстардың халықаралық деңгейде дамуы. Қазақ әдеби туындыларының аударылуы. Көркем аударма.

Адамзат, оның жаратылысы жөнінде қилы көзқарас, алуан ой-пікірлер бар. Аспан әлемін, қоршаған ортаны, табиғат тамашаларын алға тартқан қисындар да көп-ақ. Марксизм-ленинизм ілімі маймылдың маңына апарып, оны еңбек көрегінде қыздырып, мадақ сезіміне бөлеп, толғаныс-тебіреніске түсіріп, әспеттеп-ақ көрсетті...

Ақиқатында, еселі де ерен еңбек, әр алуан әрекет-қимылдар, бәрі баршасы – Сөзге келіп саяды. Сөзбен басталып, жүйелі жалғасып, межелі мақсат-мұраттарға жетіп отырған. Адам мұраты, өмірі мен еңбегі, арман-аңсарлары - Сөз арқылы жүзеге асқан. Қоғамда, өмір-тұрмыста мұның дерек, мысалдары мол. Айталық, Сөзде - тарих, таным, тағылым бар.

Сөзде - ақыл-парасат, көркемдік мұрат, ой жүйесі басым болады.

Сөзде - кие де, ие де бар...

Алыс - жақын елдердің танымал тұлғаларының туындылары, атап айтқанда: А. Дюма - 250 роман жазса, Бальзак- 150, Гете -143, Л. Толстой - 90 том шығармалар жинағымен әлемдік қазыналар қорына мол олжа салды.

Ұлттық әдебиетте – М. Әуезов - 50, С. Мұқанов - 16, И. Есенберлин – 10, Ә. Нұршайықов - 10, Қ. Мырза Әлі - 20, Ә. Кекілбаев - 15, М. Мағауин - 13, Д. Досжан - 13 томдық туындыларын қалың көпке тарту етті.

Бір шығарманы әлденеше рет көшіріп, әр түрлі нұсқа-үлгісін жасағандар саны да жетерлік...

Қысқасы, бұның бәрі-баршасы қалың көпке – Сөз арқылы жетті.

Бұдан шығатын түйін: Сөз - ақыл-парасат жемісі, ойлар мен толғаныстар нәтижесі, жан-жүректің нұрлы да сәулелі сәттері, тарих пен танымның көркем шежіресі, руханият қайнарының мәңгілік мұрасы болып табылады.

Сөз сарасы мен ой жүйесі-көне кезеңнен бермен қарай ақыл-парасаттың, көркемдік танымның, сыр-сезімнің, ізденіс пен ізгіліктің мейірім шуағындай әсер етеді. «Аталар сөзі - ақылдың көзі» екенін өмір шындыққа шығарды. Даналық пен даралықтың үлгісін Дулат ақын: «Сөз - жібек жіп, жыр - кесте» десе, Абай әлемінен: «Өнер алды - қызыл тіл», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп жүйелі дамытқаны айқын аңғарылады. Білікті ғалым С. Е. Маловтың: «Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, бейнелі тіл-қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты», - деген сөзінде зор шындық, тәлімді тағылым бар. Қазақ қаламгері М. Мағауиннің «Ешқашан ескірмес, мәңгілік - Сөз ғана. Өмірші зұлым, ақылман - Тұлғаның соңғы сөзі. Ақынның барлық сөзі. Барлық сөздің ішіндегі мәйегі. Перғауин пирамидаларынан да жоғары, тынымсыз бұрқасын да, ұйытқыған жел де, жылдар тізбегі, ғасырлар керуені де тоздыра алмас, бакилық мұра» деп жазуынан // Соңғы сөз. - «Алтын тамыр», 2009, №6. - 60 бет // кеше-бүгін байланысы, дәстүр мен сабақтастық сырлары, мол өмір тәжірибесі танылады.

Халық әдебиетінен нәр алған - асыл сөз әлем халықтары тілдеріне аударылып, арналы ағыс құрап, кең өріс алды. Бұған да мән беріп, маңызды тұстарына назар аударған жөн. Өйткені, алыс-жақын елдердің – қазақ тарихына, оның сөз өнеріне ден қоюы қазіргі кезеңде, тәуелсіздік тұсында аса мәнді факторлардың бірі.

Өткен тарих пен бүгінгі танымымызды таразылар болсақ, еліміздің даму бел-белестері өмірдің өзіндей күрделі, әрі «тар жол, тайғақ кешу» мол болған. Тарих жылнамаларына ден қойсақ, Орта Азия мен Қазақстан халықтары мен жері, рухани қазыналары алыс-жақын шетелдіктердің назарын ерте аударған. Ғылыми коммунизмнің негізін салушы, ойшыл Ф. Энгельс «Россияның Орта Азияға қарай жылжуы» деген мақаласында қазақтардың Ресей құрамына енуінің кейбір тұстарын, прогрестік мәнін сөз етсе, Бірінші Петр: «Қырғыз-қайсақ даласы азиялық бүкіл елдер мен жерлердің кілтін ашып кірер қақпа» деп атады. Бұл бағыт қызыл империя тұсында «жаңа сатыға» көтеріліп, шығыстанушы неміс Б. Шпуллер айтқандай, «Орыстың терезесінен» қарауға, сол тілде сөйлеп, ойлауға үйретті. Бұл «дерттен» әлі де арыла алмай келе жатқанымыз жасырын сыр емес...

Ақиқатында, сайын далаға әскери-ғылыми экспедициялар, азаттықты аңсап айдауда болғандар, басқа да түрлі мақсат иелері тарихшы-ғалымдардың көптеп келуі-қазақ елі, жері, дәстүрі-өнегелері хақында мол материал, дерек көздерін жинап, жариялау ісіне үлкен мүмкіндіктер ашты. Айталық, Бүкіл Россиялық империя атласын жасаушылардың бірі, Орынбор өлкесін зерттеуші орыс ғалымы, әрі мемлекет қайраткері П. И. Кириллов (1689-1737) өзінің «Қырғыз-қайсақ және қарақалпақ ордалары» деген еңбегінде қазақ елі мен даласы, табиғаты туралы мол мағлұмат берсе, тарихшы-этнограф П. И. Рычковтың (1712-1777) «Орынбор қаласының сипаттамасы», «Татарлар туралы қысқаша мәлімет» секілді еңбектерінде орыс-қазақ өмірі, кәсіп-тұрмыстары т.т. кең көлемде сөз етіледі. Сондай-ақ, қазақ елінің өткен тарихы, әскери өнері, жер-су, кісі аттары мен халық әдебиетінің қазына үлгілері де шетелдік саясатшы ғалымдар арнайы экспедицияда болған зиялы қауымның еңбек-жазбаларынан көрініс тауып отырады. Мысалы, ұлты неміс жиһанкез-ғалым П. С. Палас (1741-1811) түркі халықтары өмірінен «Россия империясының әр түрлі бөліктеріне саяхат» деген көп томдық еңбек жазып (СПб., 1779) онда қазақ өмірі мен тұрмысына бақсы-балгерлер табиғатына ден қойылса, итальян саяхатшысы Марко Поло (1254-1324) Қытай мен Орта Азия, Қазақстан халықтарының әлеуметтік өмірін, мәдени-рухани тұрмыс, дәстүрі туралы маңызды дерек көздерін қалдырды. Ал, венгерлік зиялылардың бірі А. Вамберидің «Орта Азияға саяхат» (СПб., 1865), «Орта Азия очерктері» (М., 1868) деген еңбектерінде қазақ тақырыбы, атап айтқанда көшпенділер тұрмысы мен өмір салты, ырым-наным дәстүрі кеңінен көрініс табады. Сондай-ақ, бір топ шетел зиялылары - Э. С. Вульфсон, Г. Ю. Клапорт, К. Рихард, И. Шильтбергер т.б. қазақ өмірі мен тарихын, тұрмыс-тірліктері мен тәлім-тәрбиесін, жер жағдайын, тіл ерекшеліктерін, т.т. әр қырынан қарастырып, қызғылықты дерек, мән-маңызы жоғары материалдарды алға тартады (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. - Алматы, 1994. - 219-246 бб.).

«Қазақтар туралы» алғашқы монографиялық еңбектердің авторы А. П. Левшин (1799-1879) «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты күрделі де көлемді еңбегінде орыс-қазақ қатынасымен қатар қазақ сөз өнері, сәу-

лет мұрасы, халық әдебиетінің өзіндік белгі - ерекшеліктері туралы толғамды ой айтады. Қазақтардың ақындық әлеміне, импровизация иіріміне енеді. (Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.СПб., 1832).

Бөлекше айтар бір жәйт, бұл ғалымдар (П. С. Палас, А. И. Левшин т.б.) «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» кешенін алғаш зерттеушілер әрі халық арасында осы тақырып төңірегіндегі аңыз-әңгімелерді жазып, жариялаушылардың бірі болды (Ә. Марғұлан. «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» кешені. - Алматы,1994.76.).

Қазақ халқы әдебиетін жинап, зерттеп, жариялау ісінде өзіндік орны бар түрколог ғалымдардың бірі - В. В. Радлов (1837-1918). Іргелі ғалым Алтай, Қазақстан, Сібір халықтарының мәдениеті мен таным баспалдақтарын, тарихи тағлымдарын «Солтүстік түркі елдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі», «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» еңбектерінде тереңнен қозғаса, Тұран әлемін - «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты көп томдық еңбегімен (үшінші кітабы қазақтарға арналған) толықтырады. Аталмыш еңбектің 3-томына қазақ елінің қалыптасуы мен дамуы, түп-тегі, әлеуметтік өмірі, тұрмыс-салты, сөз өнерінің үлгі өрнектері кең көлемде қарастырылады. Атап айтсақ, ақын-жыраулар шығармашылығынан - Бұхар, Шортанбай мұралары, айтыстардан - Жанақ пен Түбек, Шортанбай мен Орынбайдың және жұмбақ айтысы, дастандардан - Бозжігіт, Сақыпжамал, халық өлеңдерінен бата мен бақсы сөздері, өтірік өлең, батырлық жырлардан - Ер Көкше, Сайын батыр, аңыз бен тарихи жырлардан - Абылай хан, қазақтың түбі, Кенесарының өлеңі, Қойкелді, т.т. ғылыми мәні жоғары, рухани әрі тәлім-тәрбиелік әсер, ықпалы мол материалдар болып табылады. Осылардың ішінде ғалым ел әдебиеті үлгілерін - өлең және жыр ертегілері-батырлық, жәй деп бөліп, әрбірінің өзіндік белгілерін тап басып таниды. Өткен тарихты ойға алсақ, В. В. Радлов Қазақстанға жасаған алғашқы сапарында (1862) Шығыс Қазақстаннан бастап Іле өңіріне, Ыстықкөлге дейін жолы түскен. Ал, 1868 жылы Сырдария өлкесін араласа 1869 жылы Қапал, Алтынемел арқылы Жетісу жерінде болады. Нәтижесінде қазақ, қырғыз халықтарының ел әдебиетіне, тарихы мен этнографиясына қатысты мол мате-

риалдар жинайды. (В. В. Радлов. Алтын сандық. - Алматы, 1993. - 5-15 бб.). Жалпы, ғалымның қазақ фольклоры мен оның түрі, тілі, эпостық жырлары жөнінде жазып-жариялап, зерттеп-таратуы (насихаттауы) әдебиеттану ғылымы үшін де зор маңызы бар.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын танып, таныстыруда Г. Н. Потаниннің (1835-1920) үлес салмағы зор. Оның мол мұраларының («Солтүстік Монғолия очерктері»), «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері», «Қазақтардың соңғы ханзадасының үйінде», т.т. едәуір бөлігі қазақ халқы мен оның фольклорына арналған. Әсіресе, Абылай, Алдар Көсе, Алаша хан, Әз Жәнібек, Жиренше шешен секілді жекелеген тұлғалар мен «Ер Төстік», «Ер көкше», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларын жазып, өзге елдердегі осы сарындас туындылармен салыстырулары, ондағы тақырыптық-идеялық ерекшеліктері мен көркемдік-тілдік тұрғыдағы белгі-бедерлерін танып-таразылауы аса мәнді. Әсіресе, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» мұнарасын, оның сюжет құрылысын қызыға зерттеуі фольклортануда айрықша маңызға ие (Ә. Марғұлан. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» кешені. - Алматы, 1994.- 11б.).

Г. Н. Потаниннің естелік пен мақала, хаттарының едәуір бөлігі қазақтың ағартушысы - демократ ғалымы Ш. Уәлихановқа арналған. Өзінің қазақ елі мен рухани мұрасы жөніндегі мәліметтер жинауға Шоқан Уәлихановтың берген ақыл-кеңесі, әсер-ықпалы мол болғанын, сол арқылы П. П. Семенов-Тяньшанский, С. Ф. Дуров т.б орыс зиялыларымен тығыз қарым-қатынасты орнатуға мол септігі тигенін жазады.

Қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов пен Сібір мен түркі тілдес халықтар тарихын зерттеуші Н. М. Ядринцев (1842-1894), қоғам қайраткері, жиыанкез П. П. Семенов-Тяньшанский (1827-1914), жазушылар Н. И. Наумов, Ф. М. Достоевский (1821-1881) т.б достық қарым-қатынаста болумен бірге азаматтық, білімдарлық қасиеттерін, өмір мен ғылымдағы орнын, үлесін кеңінен көрсетеді.

Қазақ елінің қымбат қазыналарының бірі - халық әдебиеті туралы мол материалдар қалдырып, іргелі еңбек, бағалы пікірлер айтқандардың бірі - А. Е. Алекторов. Халық ағарту саласында көп жылдар еңбек еткен А. Е. Алекторов қазақ өмірі мен тұрмысы, ел әдебиеті жөнінде маңызды дерек көздерін табумен

қоса елеулі еңбектер де жазып қалдырды. Атап айтқанда, ол еңбектерде («Қырғыз есімдері», «Қырғыздар өмірінің бейнесі», «Қырғыздардың жер бөлісулері», «Қырғыз халық әдебиеті», «Қырғыздар туралы кітаптар», журналдар мен газеттердегі мақалалар мен хабарлардың көрсеткіші», т.т.), шығыстық сюжетті негіз еткен - «Бозжігіт», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат» дастан-қиссалар мен «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» жырлары жөнінде әдеби-мәдени материалдар ғылым, руханият үшін құнды деректер береді.

Сонымен қатар қазақ халқының өткен өмірі мен мәдениет тарихына, жекелеген тұлғаларға (Шоқан, Ыбырай т.б. достық қатынас хаттары т.б.) шынайы көзқарас, қамқорлықпен қараған П. Н. Березин, В. В. Вильяминов-Зернов, А. В. Васильев, М. В. Готовицкий, В. В. Григорьев, Н. И. Ильминский, Я. Я. Лютш, Н. Ф. Катанов, И. А. Кастанье, Н. Ф. Костылецкий, Р. А. Колпаковский, Ф. Р. Остен-Сакен, А. П. Харузин т.б ел әдебиеті мен тарихына, этнографиясына ерекше назар аударды. Насихатталуы мен таралуына да көптен-көп көңіл бөлді.

Қазақ елінің өмір-тұрмысы, мақсат-мұраттары бірқатар көркем туындылар арқылы да таныс болды. Мысалы, В. А. Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ» (повесть), В. И. Дальдың «Бөкей мен Мәулен», «Майна», «Түн ортасы» (әңгімелер), «Орал қазақтары» (очерк), «Дүр батыр» (қисса), Д. Н. Мамин-Сибиряктің «Ақбозат», «Баймаған», «Көшімнің қазынасы», «Патша әйелдің көз жасы» (аңыз-әңгіме) т.т. туындыларынан қазақ даласы, халықтың тұрмыс-дәстүрлерімен бірге қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар мен шындықтар, адами-имандылық мәселелер, өнер-білімге құштарлық қасиеттер т.т көркем, келісті көрінеді.

Қазақстанның шөл даласында он жыл айдауда болған Т. Г. Шевченконың «Бақытсыз», «Варнак», «Егіз» повестері мен күнделік-хаттарынан қазақ халқының әлеуметтік өмірі, дала сыры мен тынысы жан-жақты танылса, М. Пришвиннің қазақ даласы, табиғат құбылыстары мен елдің мән-жайын аңғартар күнделік, жазбаларында маңызды материал, суреттемелер көп. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының мазмұнына қызығып, осының негізінде жаңа туынды жазу мақсатының болғаны - қазақ-орыс байланысының терең тамырынан мол сыр аңғартады.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің әлемдік деңгейде танылуына «пролетариат өнерінің ірі өкілі» (В. И. Ленин) А. М. Горькийдің ерекше үлесі бар. Қазақстан тарихы туралы Г. Н. Потанин, Н. М. Ядринцев, Г. Д. Гребенщиков, А. Е. Новоселов т.б еңбектері мен баспасөз материалдары арқылы таныс А. М. Горький «Қазақ халқының мың әні» (А. В. Затаевич) атты жинақ арқылы музыкалық, фольклорлық мұраға ден қойған. С. Мұқанов, Н. Анов т.б кездесіп, шығармашылық байланыста болған. С. Мұқанов қаламгермен кездескеннен кейін «Тау тұлғалы жазушы» деп таниды, бірнеше мақала («Адамдығы зор адам», «Ұлы ұстазымызға ескерткіш») мен еңбектерінен //«Менің мектептерім», «Өсу жолдарымыз»// М. Горький дәстүрінің тағылымдары танылады.

Қазақ қаламгерлері арасында М. Горький мұрасын игеру, насихаттау ісіне Ж. Жабаев, Ғ. Мүсірепов, М. Қаратаев, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Ғ. Қайырбеков т.б белсене қатысты.

18 ғасырдың алғашқы ширегінен бастап қазақ даласына орыс, батыс саяхатшыларының көптеп келуі - ел өмірін, тұрмыс тарихын танып, таныстыруда елеулі мәні болды. 1735-1737 жылдары Орынбор экспедициясының құрамында болған ағылшын суретшісі Джон Кэстль «Саяхаттар күнделігін» өмірге әкелді. «Күнделікте 18 ғасырдың 30 жылдарындағы орыс-қазақ, башқұрт қатынастары, Қазақстанның Ресейге қослуының алғашқы сәттеріндегі Кіші жүздегі саяси ахуал, бұл оқиғаға түрлі әлеуметтік топтардың көзқарастары, қазақ халқының қолөнері, киім-кешегі, тұрмыс-салты, шаруашылығы, Орта Азия халықтарымен сауда жүргізуі материалдық және рухани мәдениеті жөнінде әр алуан мәліметтер, құнды деректер жинақтаған» (К. Есмағамбетов: «Қазақтар шетел әдебиетінде». - Алматы, 1994, 86).

Сондай-ақ, «Күнделікте» қазақтардың көші-қоны, кәсіп-тірлігімен бірге Әбілқайыр хан, Ералы сұлтан, Ботай ханым, т.б. суреттері де орын алған.

Ағылшын көпестері П. Ганвей, Дж. Томпсон, Р. Хоуг пен ғалымдар А. Жарри де Манси, Генрих-Юлий Клапорт қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін айрықша атайды.

Американдық Ю. Скайлер мен Я. Мак-Гахан, Дж. Кеннанның қазақ өмірі мен тұрмысы жайлы дерек, жазбаларында ұлттық ерекшеліктер мен рухани мәдениеттің алуан үлгілері кездеседі.

Сондай-ақ, ағылшын Г. Ландселл, неміс Р. Карутц, А. Бастиан, шведтік С. Гедин мен Г. Мозер, француз М. Уйфальви, т.б.қазақ халқына құрметпен қараумен қоса дала сырына, қала мен камалдарға, онда тұрған тұрғындар тұрмысына, тарихы мен тағдырларына да назар аударған. Мұның мысалына қазақтар туралы шетел әдебиетінде зерттеулер мен жазбалар қалдырған ағылшындар - А. Боджер, Дж. Уорделл, АҚШ-тық - О. Кэроу, М. Б. Олколтт, француздар - А. Москович, Б. Коэн, т.б. еңбек, ізденістеріндегі дерек көздерінің мәні зор.

Қазақ халқының рухани өмірінің алыс-жақын шетел оқырмандарына насихатталып, таралуына қазақ даласына жер аударылған демократияшыл көзқарастағы зиялы топтың әсері, ықпалы мол болды. Айталық, революциялық қызметтері үшін қуғын көрген Т. Зан, Б. Залесский, Г. Зеленский, А. Сузин, Л. Турно, А. Янушкевич, т.б. қазақ жерінде болып, ел өмірімен, тұрмыс-тіршіліктерімен танысады. Әр алуан сипаттағы әлеуметтік қайшылықтарды, отаршылдық саясат салқынын, сайын даланың сұлу табиғатын, адамдар қарым-қатынасы мен қасиеттерін, т.т. көріп-сезіп, түсінеді. Поляк-қазақ мәдени байланыстарын нығайту ісіне бұл есімдердің еңбек-мұраларының алар орны айрықша.

Польшадағы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысып, қазақ жерінде, Аякөз, Балхаш, Жетісу мен Есіл, Тобыл өзендері бойындағы қазақ ауылында айдауда болған Г. Зелинский (1809-1881) қыр өмірін, тұрмыс-дәстүрлерін жақсы білген. Оның қазақ елі, өмірі мен тұрмысынан алынып жазылған «Қазақ», «Дала» поэмаларының стилі мен сюжетінде романтикалық сипат бар. Мазмұны қызық, пейзаждық элементтері мол әрі әсерлілігімен ерекшеленеді.

«Қазақ» поэмасында әлеуметтік әділетсіздік сырлары, зұлымдық пен махаббат күресі терең ашылады. Қос ғашық - жігіт пен Жәмиланың өрт құшағында жан тапсырулары - үстем тапқа қарсылық, өмірге сүйіспеншілік сезімді аңғартады.

Поэма еуропа елдерінің көптеген тілдеріне аударылды. Қазақ тілінде де басылды (Аударғандар - Ә. Ахметов пен Т. Жароков, 1964).

«Дала» поэмасы құрылымы жағынан төрт бөлімнен («Дала», «Таулар», «Бәйге», «Жыр») тұрады. Өлең-толғау түрінде өріс алатын поэма қазақ халқына тән жалпы қасиеттермен бірге елдік

пен ерлік үлгілері, жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары, құмды дала мен таулы аймақ суреттері, т.т. бедерлі өрнек құрған.

Қысқасы, қазақ тақырыбы аталған екі туындыда да айқын аңғарылады әрі тақырыптық-көркемдік сипаттары жоғары.

Еуропа елдерінде қазақ халқының рухани әлемін таныстыруда А. Янушкевич (1803-1857) айтулы орын алады. Ол Польшадағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, өз елінің егемендігі жолында қилы қасіреттерді басынан кешті. Әскери сот шешімімен ұзақ жылға жер аударылды (Сібір, Тобольск, Ишим, Омбы). Қазақ даласына жіберілген экспедиция құрамымен көп жерлерді (Аякөз, Жетісу, Қапал, Семей, Балқаш, Тарбағатай) аралайды, Өзі көріп-білген, естіп-сезген жәйларды күнделік, хат үлгісінде жазған. А. Янушкевич оларды елдегі анасына, дос-жарандарына жолдап отырған.

Араға ғасырдан да ұзақ уақыт салып «Қазақ даласына саяхат кезіндегі күнделіктер мен хаттар» деген атпен Ф. Стеклованың аудармасы (орыс тілінде) жетті (1966). Бұл еңбекті төл тілімізде «Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар» деген атпен М. Сәрсекеев сөйлетті («Жалын», 1979).

«Күнделіктер мен хаттар» жазбаларында-қазақ жері, өзен-көлі, тау-тасы, орман-тоғайынан өзге әлеуметтік, саяси, рухани мұра- олжалар да мол, қыр елінің тұрмысы мен әдеп-ғұрыптары, ақындық-шешендік өнер хақында қызғылықты мәлімет- деректер, суреттемелер көп. Жекелеген тұлғалар - Абылай, Шыңғыс хан, Барақ батыр, Бейбіт би, Құнанбай қажы, Жанақ, Орынбай, т.б. ақындар мен Тобықты, Тарақты елдері, адам есімі мен лақап аттар, әйел-еркек орны, уақыт өлшемдері, т.т. нақты дерек, қарапайым мысалдармен беріледі.

«Саяхаттар» кітабына енген бір хатта: «...қазақ тілін, қазақтардың жөн-жоба, салт-сана, әдеп-ғұрпын үйренбесем болатын емес» десе, енді бірде: «Қазақтардың ойлау қабілеттерінің кереметтігіне менің барған сайын көзім жетті. Сөзге дегенге ағып тұр. Әрбір қазақ шаруасын түбін түсіре түсіндіреді, ал қарсы жақтың сылтауын тіпті бет қаратпай табан астында жоққа шығарады. Тіпті балаларының ақылы да ерте жетіледі» - дейді («Күнделіктер мен хаттар». - Алматы, 1979.216 б.).

Демек, А. Янушкевич есімі мен еңбегі өткен ғасырдағы қазақ елінің өмір-тұрмысын, әлеуметтік-рухани саладағы жетістік-көріністерін қаз-қалпында баяндауымен бағалы. Мұның өзі егемендігін нығайтуға, тәуелсіздік талаптарын баянды ету жолындағы халқымыздың рухани өмірінде алар орны алабөтен.

Ой түйінін поляк ұлттық-мәдени орталығының төрағасы М.Славецкий пікірімен тиянақтасақ, көп жәйге қанығамыз. «Тарих беттерін ақтара қалсақ» - деп жазады ол, - 1870-1980 жылдары Қазақстанға жер аударылған поляк ғалымдары қазақ халқы туралы шындықты Еуропаға жеткізген шежіре көпір сияқты. Алғаш Абайдың кім екенін де батысқа танытқан поляк ғалымдары. Ғалым, саяхатшы А. Янушкевичтің қазақ халқы туралы пікірінің өзі озық ойлы жанның арман мүддесі еді ғой. Қазақ халқының болашағын болжай білген батыстың кемеңгер пікір айтқан алғашқы ғалымдарының бірі еді...» («Қазақ әдебиеті», 1995 жыл, 2 мамыр).

Біздің бұған қосарымыз француз халқының рухани әлемін 1950 жылдардан кейінгі кезеңде М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы, Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясы, Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» мен М. Симашконың «Маздақ» романдары, О. Сүлейменовтың «Қыш кітабы», «Оттың құбылуы» т.т. өлең-поэмалардан тұратын кітаптары жан- жақты байытты. Ол еңбектер туралы Луи Арагон, Андре Вюрмсер, Пьер Филибер, Тристан Рено, Ален Боксе т.б. жазушы, сыншылар ой- пікірлері ден қоярлық (М. Маданова. Қазақстан - Франция. 1993. С.4-10).

Сондай-ақ, Парижде басылған «Орынбордан Бұқарға саяхат» атты еңбекте (Г. Мейендорф) қазақ өмірі мен өнері, әдеп-ғұрыптары, әр алуан суреттемелерге кең орын берілген. Аталмыш кітаптың құндылығы мен әсері Италия ақыны Д. Леопордидің (1798-1837) «Азиядағы көшпелі бақташының түнгі жыры» атты лирикалық туындысын өмірге әкелді (Ш. Сәтбаева. Достық дастандары. - Алматы, 1983. 69б.).

Бұлардан басқа, атап айтқанда француз жазушысы Дюма (әкесі) Ресеймен бірге қазақ жеріне де жолы түскен. «Парижден Астраханьға» деген очеркінде қазақ даласын суретімен қоса, той-думанда болғаны, сый-сыяпат көргені хақында тартымды суреттер, дереккөздері бар.

Сол секілді Орта Азия халықтары өмірінен көркем шығарма жазған Ж. Верн «Клодиус Бомбарнак», «Михаил Строгов» сынды туындыларында қазақ халқының өзіндік ерекшелігін айқындайтын маңызды мәлімет, ұнамды ойлар мен көзқарастар көптеп кездеседі.

Француз ғалымдары Капю мен Бонваланың «Қырғыз трубадуры» мақаласында қазақ өлеңі мен ән өнері, ондағы мазмұн, түр, басқа да ұлттық аспаптар мен оның әсер, ықпалы Ыдырысқұл есіміне байланысты айтылады.

Қазақ өмірі, ондағы этнографиялық көрініс-суреттер Т. Аткинсон мен Р. Каруцтің «Орта Азия мен Батыс Сібір», «Маңғыстаудағы қырғыздар мен түрікмендер арасында» секілді кітаптарында едәуір орын алған. Қазақ сөз өнерінің терең иірімдері, ұлттық ою-өрнектер сыры әдебиет, мәдениет тарихына қатысты қарастырылады.

Демек, қазақ халқының рухани өмірі шетелдік зиялы қауым өкілдерінің еңбек, мұраларынан тиісінше орын алып, әр кезеңде сөз етілуі - оңды құбылыс, үлгілі үрдіс деп білеміз. Мәдени-рухани қарым-қатынас, ағысты арна да алады, тамырын тереңге тартады.

Бүгінгі күннің бір шындығы, сыры осы.

Асылы, қазақ халқы өмірі, тұрмысы мен тарихы, сөз өнерінің қадір-қасиеті әр кез-ақ көңілді тербеп, жүрекке жылы ұялаған. Бұған бір дәлел - қазақ халқы, оның дәстүрі мен салты көне дәуірлерден тамыр тартқаны дер едік және ондағы «айналысы жұп-жұмыр» ой мен сөздің одағы хақында жүректен қозғаған ой-пікірлерінен жиі кездестіреміз. Мәселен, бұған дейін орыс ойшылдары, атап айтсақ, В. В. Радлов: «Қазақтардың тілі жатық та, шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақ пен жауап беруге келгенде таң қаларлықтай оралымды сөйлейді. Кезкелгені, тіпті, сауатсыздарының өзі ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесіне сөйлей біледі» десе, П. М. Мелиоранский: «Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі де бірауыздан қазақ тілі түрік тілдерінің ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл деп куәландырып отыр» деп ақиқатын айтады. Осындай ойлы пікір, атап айтсақ француз А. Жарри да Мансидің аузынан төмендегінше естіледі: «Қазақ тілі түрік тілдері ішіндегі ең бір таза тілдердің бірі», ал чех ғалымы Лудек Гржебичек: «Сіздердің

(қазақтардың) тілдеріңіз синонимге өте бай ғой» деп бүкпесіз мойындайды («Ана тілі», 1992 жыл, 4 маусым).

Қазақ зиялылары ұлттық тілдің, ой мен сөздің құдіретін, мүмкіндігін терең танып, оған үлкен мән бергені белгілі. Айталық, Абай: «Тіл өнері дертпен тең» немесе «Өнер алды - қызыл тіл» деп әрі қысқа, әрі нұскалы үлгіде білдірген. Сондай-ақ, Х. Досмұхамедұлы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек» десе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, әулиелік те те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы болып өтті» немесе Мағжан Жұмабаев: «Тіл - адам жанының тілмашы... Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт-тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағынын көрсетеді. Ұлт тілінде қазақтың сары даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр» деп ағынан жарылады (Бұл да сонда).

Қазақ қаламгерлерінің еңбек, мұралары алыс-жақын шет тілдеріне үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінен кейін кеңінен насихатталып, достық дәнекері-аударма өнері арқылы жүзеге асырылып, тарай бастады. Мысалы, Ш. Уәлиханов мұраларының кейбірі - Берлин, Лондондағы ғылыми жинақтарға енген. Қоғам қайраткері, социолог Э. Рекло 19 томдық зерттеуінде Ш. Уәлиханов еңбектері де аталады (Ш. Сәтбаева. Достық дастандары. - Алматы, 1983. 96б.)

Абай әлемі жер жүзі халықтарына тарағаны анық. Ақын өлеңдерін төңкеріске дейін орыс тіліне аударғандардың бірі - С. Сабатаев екендігі кейінгі кезде анықталды («Қазақ әдебиеті», 1994 жыл, 4 наурыз).

Ақын мұраларының мәңгілігі туғаныны 150 жыл толған тұста жарқырай көрінді. Мерейтой қарсаңында (1995) Қазақстанда және әлем елдерінде 70-тен астам жаңа кітап-жалпы тиражы 1,5 млн данамен тараған («Егемен Қазақстан»,

1995 жыл, 9 тамыз). Олардың арасында «Абай» энциклопедиясы - 100 мың дана таралыммен, 120 баспа табақ көлемде жарық көрді. Мұнда ақын өмірі мен шығармашылығы, түрлі дерек-құжаттар, суреттер бар.

Сондай-ақ, ақынның академиялық екі томдық жинағы да қалың көптің қолына тиді. Алғашқы кітапқа - 1895-1896 жылдары жазылған өлең, аудармалары еңсе, келесі кітапқа - 1896 жылдан өмірінің соңына дейінгі аралықтағы өлең, аударма, поэмалары, қара сөздері орын алған.

Сол секілді қазақ Пен клубы шығарған «Абай» атты кітапта ақынның өлеңдері - қазақ және орыс тілдерінде берілген. Осы еңбекке ақын әндері нотасымен де енген.

«Абай елі» фотоальбомы да өзіндік бедер, бояуымен руханият әлеміне жылы ағыстай болып қосылғаны анық.

Абай мұрасына байланысты байқау қорытындысында Ғ. Мұқанов - ақынның 45 қара сөзін, «Ескендір», «Масғұт» дастандарын француз тіліне аударғаны үшін (алғы сөзін де жазған) жеңімпаз деп танылды («Рауан», 1994. 2000 дана).

Пікір орайында, «Абайдың таңдамалы шығармалары» атты жинақты айырықша айту да орынды. Жинақтың бірнеше ерекшелігі бар деп білеміз. Солардың ең бастысы ақын мұрасының түрік тілінде тұңғыш жарық көруі (Анкара, 1995). Тағы да бір өзгешелік - ақын өлеңдері мен қара сөздері - түрік тілінде, қазақшасы - латын және орыс графикасымен берілген.

Абайдың өзі де ақындар - Пушкин, Лермонтов, Крылов, Гете, Байрон, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писарев, ойшылдар - Спиноза, Дервин, Дрепер, т.б. оқып-танумен бірге аударма өнерімен де айналысқан. Айталық, неміс ақыны И. В. Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» өлеңін М. Лермонтов аудармасы негізінде көркем сөйлетті. Бұдан басқа М. Лермонтовтан - «Кең жайлау - жалғыз бесік жас балаға» («Дитя в люке»), «Әм жабықтым, әм жалықтым» («И скушно, и грустно»), А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» өлең – романын - «Онегин сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», И. А. Крыловтан «Емен мен шілік» («Дуб и трость»), «Жарлы бай» («Бедный богач»), «Есек пен бұлбұл» («Осел и соловей»), «Қарға мен бүркіт» («Вороненок»),

«Әншілер» («Музыкант»), «Піл мен қанден» («Слон и моська») т.т. туындыларының мағына-мазмұнын сақтай отырып көркем де әсерлі аударды. Сонымен бірге А. Құнанбайұлы шығармалары әлемнің (ағылшын, қытай, араб, монғол, армян, француз, чех, т.т.), ТМД елдерінде өзбек, орыс, түрікмен, қарақалпақ, украин т.т. тілдеріне аударылғанын аңғарамыз. Ал ақын өмірбаяны хақындағы деректер - Лейпциг қаласында (1972, неміс тілінде) жарық көрген.

Бұл ретте жазушы Қ. Исабаевтың Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін мәрмәр тасқа қашатып, Гетенің ГДР-дегі Габелбах мұражайына жеткізіп, ақын өлеңінің магнитофонға жазылған таспасын тапсыруы әдеби қауым үшін ғана емес, қазақ-неміс халықтарының рухани байланысының жарқын көріністерінің бірі болды (Советтік Қазақстан жазушылары/ Био- библиографиялық анықтамалық.- Алматы, 1987. 285 б.).

Сол секілді «Жұлдызды сәт» («Звездный час») атты жинаққа ақындар: Т. Әбдірахманова, Ж. Әбдірәшев, т.б. таңдаулы өлеңдері енген (Венгрия, 1980).

«Совет поэзиясы антологиясы» атты қос томдыққа (Венгрия) көптеген елдердің ақындарымен бірге қазақ қаламгерлері Ж. Жабаев, Ғ. Орманов, Қ. Бекхожин, Ә. Сәрсенбаев, Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, Қ. Мырзалиев, О. Сүлейменов, т.б. таңдаулы өлеңдері енген.

Ақын-жазушылар Қ. Әбдіқадыров («Қажымұқан», монғол: «Трактор»(монғол), Д. Әбілев («Өлеңдер», монғол, өзбек, неміс), К. Әзірбаев («Өлеңдер», болғар) және М. Айтқожина мен Е. Әукебаев, т.б. таңдамалы туындылары «Дала әуендері» атты жинақта басылған (1976, неміс тілінде). Қ. Аманжоловтың «Өзім туралы» (ағылшын), «Дариға» (ағылшын) өлеңдер жинағы жеке жарық көрді (1964, 1973).

Сондай-ақ көптеген ақын-жазушылар, атап айтқанда Ы. Алтынсарин (венгер, монғол, орыс), М. Әлімбаев (болғар, монғол, қырғыз, орыс, неміс, түрікмен), К. Ахметова (башқұрт, неміс, латыш, қырғыз, орыс, якут), С. Бақбергенов (армян, башқұрт, грузин, қырғыз, орыс, украин, эстон), Қ. Баянбаев (өзбек, латыш, қырғыз, орыс, түрікмен), Қ. Бекхожин (ағылшын, венгер, орыс, неміс), С. Ғаббасов (ағылшын, орыс, қырғыз, неміс, француз), Жамбыл (албан, чех, ағылшын, француз), С. Дөнентаев (венгер), М. Дүйсенов

(өзбек), Ә. Дүйсенбиев (болғар, қырғыз), А. Елшібеков (монғол), Ұ. Есдәулетов (ағылшын, орыс, болғар), М. Етекбаев (неміс, украин), Х. Есенжанов (неміс), Т. Жароков (ағылшын, неміс), С. Жиенбаев (неміс), Т. Жұртбаев (қырғыз, украин), М. Зверев (болғар, монғол, неміс), Ғ. Қайырбеков (венгер, орыс, неміс), С. Қалиев (венгер, өзбек, орыс, неміс, француз), Т. Молдағалиев (ағылшын, орыс, неміс, француз), Ғ. Орманов (ағылшын, венгер, неміс), Н. Оразалин (молдаван, қырғыз, украин), Ж. Саин (венгер, неміс), С. Санбаев (венгер, неміс, орыс, поляк), Ә. Сәрсенбаев (болғар, венгер, неміс, тәжік, түркімен, орыс, эстон), С. Сейфуллин (ағылшын, монғол), А. Сейдімбеков (венгер, неміс, өзбек, орыс, қырғыз), С. Сматаев (орыс, словак), О. Сүлейменов (венгер, неміс, ағылшын, араб, болғар, испан, вьетнам, монғол, түрік, француз), Ә. Тәжібаев (венгер, неміс, орыс, ағылшын), Қ. Тұрсынқұлов (армян, башқұрт, өзбек, орыс, түрік, украин, чех, якут), М.Өтемісов (венгер, монғол), М. Хакімжанова (армян, ағылшын, қарақалпақ, орыс, қырғыз, неміс), С. Шәймерденов (башқұрт, өзбек, неміс, татар, тәжік, якут), И. Шухов (неміс, қытай, орыс, румын), т.б. туындылары әлем халықтары тілдеріне аударылған.

Халықаралық Дж. Неру атындағы сыйлық иегері, жазушы Ә. Әлімжанов еңбектері Азия-Еуропа елдерінің бірнеше тіліне аударылған. Атап айтқанда, «Жәмшит тостағаны» (үнді), «Отырардан жеткен сый» Мәскеуде (ағылшын, испан, 1972), Тәшкенде (хинди, 1980) басылған. «Махамбеттің жебесі» неміс (1971), монғол (1975), тәжік (1983), орыс тілдеріне аударылған.

Абай өмірі мен қаламгерлік қызметі М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы арқылы әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Қазақ халқының даму бел-белестері хақында мол дерек көзі болып табылатын бұл еңбек «Дон Кихот» (Сервантес), «Робинзон Крузо» (Дефо) т.т. кітаптарымен қатар алынып, қазақтың «Иллиадасы» ретінде бағаланды. Сонымен бірге ТМД елдерінде (қырғыз, татар- 1957), түрікмен - 1958, украин - 1959, өзбек, эстон - 1960, латыш- 1963, қырғыз - 1965, башқұрт - 1972; шетелдерде- венгер- 1956, грек - 1959, румын - 1961, монғол - 1981 т.т. аударылса, «Жас Абай» (2 том) - вьетнам, 1965; «Көксерек» - поляк, 1961; монғол, 1983; голландия, 1986; т.т. тілдерде сөйлеп, қазақ елінің

өткен тарихы мен тұрмысын, дәстүр-ғұрпын, адам әлемінің мың сан иірімдерін, т.т. кеңінен көрсетеді.

Жазушы Т. Ахтановтың «Боран» романы орыс, түрік, түрікмен тілдерінде басылса, «Дала сыры» мен «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін» шығармалары немісше, түрікменше аударылып қалың көпті (оқырманды) қазақ халқы басынан кешірген қиын да күрделі сәттермен рухани жүздестіреді.

Б. Бегалиннің таңдамалы әңгімелері неміс (1979), монғол (1956) тілдерінде, сондай-ақ, «Сәтжан» (орыс – 1958, украин – 1958, өзбек – 1959), «Жас аңшы» (азербайжан – 1959), «Кішкене Сейіттің түйесі» (поляк – 1951) т.т. тілдеріне аударылған.

Д. Досжановтың әңгіме, повесть, романдары жекелеген жинақтардан өзге 20-дан астам әңгіме, повесть, романдары алыс-жақын шет тілдеріне аударылған. Оның қаламынан – 11 роман, 23 хикаят, 100-ден астам әңгімелер туды. Олар: «Жусан мен гүлдер», орыс – 1971; неміс – 1975; «Табалдырығыңа табын», орыс – 1975; «Жөкей», ағылшын – 1979; «Құм жұтқан қалалар», испан – 1979; «Қымыз», венгер – 1980; «Жібек жолы», орыс – 1980; венгер – 1982; неміс – 1987; украин – 1988; монғол – 1989; «Дала әңгімелері», жапон – 1982; «Келіншектаудағы тас түйелер», орыс-1987; «Абақты», француз - 1993 т.т.

Ал, И. Жақановтың «Қайта оралған ән» (повесть) - қырғыз, 1973; «Кертолғау» (роман) - қырғыз, 1989; І. Жансүгіровтің бір топ өлеңдері, «Россия» - ағылшын, 1973; «Домбыра», ағылшын, неміс - 1964; Т. Жароковтың «Дала туралы ән» (өлеңдер) - тәжік, 1963; өзбек - 1961, т.т. тақырыптық-көркемдік қырларымен ерекшеленіп, әлденеше рет аударылып, кеңінен тарайды.

Қазақ қаламгерлерінің енді бір тобы әлем және ТМД халықтары тілдеріне ел өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік-қоғамдық жайттарды, адам мен оның еңбегін, т.т. көркем де келісті, шындық сипатында суреттеулерімен назар аудартып, бірнеше тілде сөйлейді. Олар: І. Есенберлиннің («Алтын орда», армян - 1989), «Ғашықтар», өзбек - 1977; армян - 1984; «Көшпенділер», поляк - 1982; «Қатерлі өткел», украин - 1985, литва - 1987. Д. Исабековтың «Шойынқұлақ» (венгер), «Гауһартас» (неміс). М. Қабанбаева «Арыстан, мен және виолончель», орыс -1980; молдаван - 1984; неміс - 1984; латыш - 1986;

«Жаңғырық», украин - 1984. Ә. Кекілбаевтың «Ханшадария хикаясы» (болгар, неміс), «Дала балладалары» (неміс, эстон). А. Лекеровтың «Ақ қайың туралы ән» (повесть)- өзбек, 1966; Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», ағылшын - 1964; неміс - 1979; «Түнгі күзетші» (әңгімелер), ағылшын - 1973. М. Мағауин «Көк мұнар», латыш-1981. Б.Момышұлының «Артымызда Москва», болгар - 1965, венгер - 1980, орыс тіліне бірнеше рет аударылған. Ж. Молдағалиевтың «Ән туралы ән», татар - 1959; «Батырлар туралы поэма», өзбек - 1962; «Ән өлмейді», тәжік - 1963 және әлемнің бірнеше тіліне (ағылшын, арб, монғол, неміс, орыс, словак), С. Мұқановтың «Алтын аймақ», француз, «Балуан Шолақ», ағылшын, поляк, неміс - 1964; «Ботакөз», монғол, түрік, поляк, чех; «Менің мектептерім», болгар, қытай, румын; «Өмір мектебі», чех; «Бақташының баласы», қарақалпақ - 1961; С. Мұратбековтың әңгімелері - ағылшын, венгер, орыс, неміс, испан; «Жусан иісі», өзбек - 1987; Ш. Мұртазаның «Мылтықсыз майдан», молдаван - 1976; Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» - болгар, венгер, испан, монғол, орыс, чех; «Этнографиялық әңгімелер» - болгар, венгер; «Оянған өлке», украин - 1961; қырғыз - 1962; «Кездеспей кеткен бір бейне», армян - 1980. Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды» - ағылшын, румын; «Дауылдан кейін», тәжік - 1965, 1987; «Шығанақ», өзбек - 1962; «Миллионер» - болгар, қытай, поляк, орыс, неміс. Қ. Мұхаметжановтың «Көктөбедегі кездесу» (пьеса) – ағылшын, болгар, неміс, поляк. Қ. Мырзалиевтың «Күміс қоңырау»- өзбек-1975. Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» - ағылшын, араб, неміс, түрік, орыс, француз, чех; Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» - украин, чех, өзге туындылары - қырғыз; «Жезкиік» - өзбек; М. Симашконың «Маздақ» - ағылшын, болгар, венгер, неміс, орыс, поляк, француз; С. Санбаевтың «Ақ аруана» - венгер, неміс, түрікмен, орыс, поляк; О. Сүлейменовтың «Январьдан апрельге дейін», «Оттың құбылуы» - француз; «Айналайын» - өзбек, «Әр күн - арайлы таң» - якут; Б. Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа» - болгар, орыс, өзбек, латыш; Ә. Шәріповтың «Партизан қызы» - қырғыз, өзбек; С. Омаровтың «Батыл достар» - тәжік, түрікмен; Ф. Оңғарсынованың «Шілде» - эстон; Е. Өтетілеуовтың «Ең күшті адам» - қарақалпақ, өзге шығармалары - азербайжан,

армян, болгар, грузин, татар, орыс, украин; т.б. түрлі жанрдағы туындылары көркемдік-идеялық байлықтарымен, тілдік- стильдік ерекшеліктерімен дараланып, оқырмандарына қымбат рухани нәр сыйлайды.

Осы орайда, шығармашылық жолы 1962 жылдан басталған, үш тілде (неміс, орыс, қазақ) жазатын, Президенттің бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының иегері Г. Бельгер орыс тіліне 200-ге жуық қазақ, неміс прозаиктерін аударған. Олардың арасында қазақ қаламгерлері - Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, Х. Есенжанов, Ә. Тәжібаев, А. Жұбанов, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Қ. Мұхаметжанов, З. Қабдолов, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Д. Досжанов т.б. туындыларын түпнұсқа дәлдігін сақтап, көркемдік талаптарға сай аударған. Сондай-ақ, А. Брагин, А. Жовтис, И. Изимов, Л.Кривошеков, Б. Канапиянов, Л. Макеев, В. Мироглов, Ю. Плашевский, С. Санбаев, З. Сәмеди, М. Симашко, С. Скальковский, Д. Снегин, т.б. қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын орыс тілді оқырмандарға аударып жеткізуде ерекше еңбек етті.

Көптеген қазақ ақындары, атап айтқанда Ж. Әбдірәшев, Ш. Сариев т.б. ТМД елдері шеңберінде өткен жас ақындардың Бүкілодақтық V-VII фестивальдарына барып, (Ереван - 1970, Ташкент - 1972, Душанбе - 1974) әріптестерімен бірге өлең сөздің қыр-сыры жөнінде өзара пікір алысса, сыншы қаламгерлер А. Егеубаев, Ұ. Есдәулетов, Т. Оразбаева, т.б. Мәскеуде өткен жас ақын-жазушылардың Кеңесіне қатысып (1979-1984), туысқан халықтардың әдеби-мәдени өміріндегі жақсылық-жетістіктер туралы тәжірибе алмасты, ортақ мақсат-мұраттар хақында кеңінен ой бөлісті.

Қысқасы, қазақ әдебиетінің әлемдік арнада көрініп, таралуы кең өріс алып келеді. Мұның өзі егемен елдің тәуелсіздік тұғырын рухани салалар арқылы да нығайтып, шеңбер-аясын жаңа тақырып, мазмұнмен, соны түр, өлшем-өрнектермен көркем де келісті бедерлей түскеннің бір белгісі болса керек.

Қазақ әдебиетінің әлем халықтары тіліне аударылып, таралуы мен насихатталу жәйін сөз еткенде арнаулы кітаптардың (жинақ, сериялық еңбектер, т.т.), халықтар арасындағы достықты нығайтуға байланысты түрлі ұйым, мекемелердің, т.т. белгілі дәрежеде

мән-маңызы болғанын да атап кету ләзім. Бұл ретте КСРО-ның «Художественная литература» баспасынан жарық көрген «Әлем әдебиеті» кітапханасын айналып өту мүмкін емес. Аталмыш серияға дүниежүзі халықтары әдебиетінің таңдаулы үлгілері енген (3235 ақын-жазушы еңбектері, 23.800 шығарма бар).

Үш серияға топтастырылған «Әлем әдебиетінің» алғашқы кітаптары 64 том құраған. Осы серияның эпостық жырлар арасында «Қобыланды батыр» бар. Қазақ поэзиясының үлкен өкілі Бұхар жырау Қалқаманұлының толғаулары мен ақын, әнші, өнерпаздар - Ш. Қаржаубайұлы, С. Аронұлы, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Б. Қожағұлұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, С. Торайғыров, Балуан Шолақ, Сара, т.б. өлең, мұралары енген.

«Совет поэзиясы» атты екі томдыққа - Ж. Жабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Қ. Аманжолов т.б. поэтикалық шығармалары енсе, «Совет әңгімелері» атты екі томдыққа - М. Әуезовтың «Көксерек», Ғ. Мүсіреповтың «Этнографиялық әңгімелері» топталған.

Классикалық күрделі еңбектер қатарынан М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы орын алса, «Кітапхана» көркемдігі мен безендіру ісіне Ә. Қастеев, Е. Сидоркин, С. Айтбаев секілді қылқалам шеберлері қатысып, әрбір еңбектің тақырып-мазмұнына сай, образдар ерекшеліктеріне орай ұлттық бояу мен түрлі нақыштарды өз орындарында қолданды, нәтижесінде әрбір көрініс-құбылыстар айқын да бедерлі сипаттармен табиғи әрі көркемдік келісім құрайды.

Ал ТМД халықтары шеңберінде жарық көрген арнаулы жинақтардан мәдени-рухани алмасу мен жетістіктер, көркемдік иірімдері айқын аңғарылады.

Олар: «Қазақ мақалдары» (Құраст.: Ә. Диваев. Ташкент, 1927). «Қазақ ақындары» - қарақалпақ, 1961. «Қазақ ақындары» - армян, 1968; татар, 1968. «Қазақ әңгімелері» - армян, 1968. «Алтын дала» (қазақ ақындарының өлеңдері) - башқұрт, 1977. «Қазақ ертегілері» - молдаван, 1970; эстон, 1975. «Абай жері» (қазақ әңгімелері) - башқұрт, 1977. «Қазақстан ақындары»/ Құраст.: М. Мағауин. Л., 1978; «Аруана» (қазақ әңгімелері) - 1979. «Сарыарқа» (қазақ ақындарының өлеңдері) - қырғыз, 1988, т.т.

Осы орайда, Қазақстан егемендігін алғаш мойындаған Түркия мемлекетіне қатысты және бір игілікті істі еске алу артық емес. Халықаралық ұйым - «ТүріксоЙ» (Түрік мәдениеті мен көркем өнерін бірге басқару бас мекемесі) түркі тілдес мемлекеттердің мәдениет министрлігінің Стамбул, Баку және Алматыда өткен жиналыста (1993, 12 шілде) құрылды. «ТүріксоЙ» мақсаты - түркі мәдениетін, көркем өнерін, тарихы мен басқа да рухани байлықтарын жариялау, насихаттау.

Түркістанда өткен түрік әдебиеті өкілдерінің халықаралық кеңесі (1993), онда қабылданған Декларация негізінде екі елде (Қазақстан, Түркия) поэзия фестивалі дәстүрлі өтіп келеді. Алғашқы фестиваль Түркияның Кония, Бурса қалаларында болды (1994). Мағжан, Абай күндері табысты өтті.

Ойды ой қозғайды демекші, Түркияның Измер қаласындағы Егей университеті әдебиет факультетінің түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің доценті Иауыз Ақпынар мырзаның хабарына қарағанда, Ататүрік елінің зиялылары Тұран халықтарының көне дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі әдебиет тарихының көптомдығын жазып, бастырып шығармақшы екен. Көптомдық еңбектің құрылымы, жалпы сипаты туралы И. Ақпынар былай дейді: - Жұмыс төрт бағытта жүргізіледі. Бірінші бағыттағы 13 том тек әдебиет тарихына арналады. Бұл томдарда мүмкіндігінше ауыз әдебиетінің барлық жанрлары, орта ғасырдағы және XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет, сондай-ақ қазіргі кезең әдебиеті толық қамтылады. XVIII-XIX ғасырларға дейінгі әдебиет бүкіл түрік дүниесіне ортақ екені белгілі. Бір есім, бір шығарма атауы ескерусіз қалмауға тиіс. Сол 13 томның соңғы бес томы жаңа кезеңдердегі Түркиядан тыс республикалардағы жекелеген түрік әдебиеттеріне арналады. Бірақ қай-қай елдің әдебиетіне де тұтас бір том арнау мүмкін емес. Сондықтан жекелеген әдебиетіне арналған материалдар үлкенді-кішілі очерк түрінде болады. Бұл 13 томда ақын-жазушылардың өмірбаяны аса көп сөз етілмейді, тек шығармалары әңгімеленеді. Өйткені, Түрік әлемінің бүкіл ақын-жазушыларының жыршы-жырауларының, әдебиеттанушы ғалымдарының өмірбаяны екінші бағыттағы томдарда баяндалатын болады. Мұндай томдарда да жалпы саны 8- 10 болуы мүмкін.

Жұмыстың үшінші тармағы бойынша барлық түрік қауымдары

әдебиеттерінің тәуір үлгілерінен тұратын антология немесе хрестоматиялар іспетті тағы да он шақты том дайындалады. Ал, төртінші сала - түрік халықтары әдеби терминдерінің салыстырмалы түсіндірмелі сөздігі. Бұл да бірнеше томдық еңбек болатын сияқты. Мысалы, «дастан», «поэма» ұғымдарын алайық. Әзірбайжан тілінде дастан термині «поэма» мағынасында қолданылады. Түркия түріктерінде мұндай ұғым жоқ. Қазақтарда «поэма» кейінгі жазба әдебиетке ғана қатысты ұғым. Қысқасы, жұмыстың әр саласы, әр томы түрік дүниесінің арасындағы ынтымақты, бірлікті нығайтуға қызмет етуі тиіс.

Еңбектің барлық томы Түркия түріктерінің тілінде жарық көреді. Сондықтан жер-жерде, ел-елде дайындалған материалдың бәрі түрік тіліне аударылып отырады. Үшінші бағыттағы томдардың, яғни антологиялық томдардың материалдары да түгел аударылады. Әр томның көлемі 350-400 беттей. Демек, жұмыс өте үлкен...» («Қазақ әдебиеті», 1995 жыл, 5 қыркүйек).

Көңіл қуанатын және бір жәйт - көптомдық еңбек екі жылда аяқталып, оған жұмсалар барлық шығынды Түркия мемлекеті мойнына алған. Осы тұста еске алсақ, Анкарадан жарық көрген «Түркиядан тыс тұратын халықтар әдебиеті» сериясымен қазақ әдебиетінің – 2.700 жылдық антологиясы екі кітап түрінде жарық көрді // «Қазақ әдебиеті», 2006, 14 шілде //. Бұл да көңілді өсіреді. Жаңа ізденістерге бастайды.

Қазақ әдебиетінің шетел тілдеріне аударылып, насихатталу ісіне Қазақ мемлекеттік авторлық және сабақтас құқықтар агентігінің (ҚазМАСҚА) қосып келе жатқан елеулі үлесі бар. «... агенттікте барлығы 37 мыңнан астам автор тіркелген. Олардың ішінде Қазақстанның 1689 авторы, атап айтсақ, 241 драматург, 87 аудармашы, 436 сазгер, 448 эстрадалық текст авторы, 471 суретші бар» («Егемен Қазақстан», 1995 жыл, 5 қазан). Аталмыш агенттік дүниежүзілік интеллектуалдық ұйымның қамқорлығымен «Орталық Азия аймағында авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау» деген тақырыпта халықаралық семинар өткізіп (1995, 28-30 маусым), онда осы бағыттағы мүдделес мекеме, сала қызметкерлерін өркениетті елдер іс-тәжірибесімен таныстырып, авторлық-шығармашылық құқықтың қыр-сыры кеңінен сөз болды («Қазақ әдебиеті», 1995 жыл, 18 шілде). Ең

негізгісі, достық қатынас пен рухани байланыстарды нығайтуға оң қадамдар жасалды.

Көркемдік даму бағыты мен рухани байланыс арналарының бір саласы - шетелдердегі Қазақстан мен Орта Азияны зерттеу орталықтарының жұмысы болып табылады. Мысалы, Гарвард университетінде Қазақстан мен Орта Азиядағы түрік елдерінің азаматтық қозғалысымен, отаршылдық сипатын, ұлтаралық мәселелері бойынша арнайы топ (С. Зенковский, М. Риквин, Дж. Хаф, Н. Хир, т.б.) жұмыс істеген.

Колумбия университетінің орыс институтында Орта Азия мен Қазақстан халықтары тілдері мен мәдениеті факультеті бар. Ал, Калифорния университетінде осы елдердің тарихы мен әдебиетін оқып-үйренуге ерекше көңіл бөлінген.

Сондай-ақ, Германияда Орта Азия мен Қазақстанды зерттеу ісінде профессор Герхард фан Менден есімі құрметпен аталынады. Франциядағы Азия қоғамы, Түркиядағы түрік мәдениетін зерттеу институттары мен Африкада «Орыс Орта Азия қазақтарының фольклоры мен әдебиеті» (Т. Веннер), Польшада «Поляк әдебиетінің қазақ бұлақтары» (Ю. Гжеляк), «XIX ғасырдағы поляк әдебиет зерттеушілерінің қазақ фольклорымен шұғылдануы туралы жаңа еңбектер» (Ян. Рейхман), Швецияда «Түркия қазақтары» (М. Кришинер) секілді кітаптардың жарық көріп, онда қазақ халқының өмірімен бірге әдебиеті, мәдениетінің арнайы сөз етілуі маңызды факторларының бірі. Сондай-ақ, неміс ғалымы және аудармашысы Х. Ахмет Шмидт түрік әлемінің ортақ мұрасы «Қорқыт ата кітабын» неміс тіліне аударып, оны «Анадолы» баспасы «Деде Коркуртс бух» деген атпен жарыққа шығаруы («Ана тілі» апталығы, 1995 жыл, 5 қазан) да қазақ халқының рухани өміріне оң көзқарас, құштарлықтың белгісін танытса керек.

Бұған қоса, «Қазақ әдебиеті және оның интернациональдық байланыстары», «Қазақ әдебиеті шетел сынының бағалауында», «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ-еуропа байланыстары», «Шетелдік достар Қазақстан жайында», т.т. жекелеген еңбектерден қазақ халқымен қоса әдебиетіне, мәдениет тарихына қатысты көзқарас, достық ілтипат, сезімдер сезіледі. Бір ғана ГДР-да шыққан «Совет әдебиеті халықтарының

әдебиеттері» (Лейпциг, 1967), «Совет әдебиеті жөніндегі анықтама (1917-1972)» т.т. еңбектерде қазақ әдебиетіне қатысты бөлім, талдаулардың берілуінің өзі халықтар арасындағы достық қарым-қатынастың кең көлемде арна алғанын, әрі рухани-мәдени мұраға деген шынайы сезім-сүйіспеншілікті де терең танытады.

Сондай-ақ, «Достық кемесінде» (Р. Бердібаев (1976), «Взаимосвязи и взаимодействие национальных культур» (М., 1961). «Восток-Запад» (Исследования. Публикация. Переводы. М., 1982,1985,1988), «Сравнительное литературоведение: Восток и Запад».Л., 1979; «Казахские литературные связи». Алматы, 1968; «Межнациональные связи казахской литературы». Алматы, 1970; «Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века» (Сатпаева Ш. - Алматы, 1972), «Достық дастандары» (Сатпаева Ш. Алматы, 1983); «Казахская литература и Восток» (Сатпаева Ш. - Алматы, 1982), «Казахстан-Франция» (Маданова М. - Алматы, 1993), «Абай и его литературные наследники во Франции» (французские авторы о литературе Казахстана. Алматы, 1995); «Қазақтар шетел әдебиетінде» Есмағамбетов К. (Алматы, 1994), «Шетел қазақ әдебиеті» Сейітжанов З. (1995) секілді еңбектер мен бірқатар баспасөз материалдарынан, атап айтқанда Е. Ыдырысов пен В. Толмачевтің «Казахстан в зарубежной печати» («Агитатор Казахстана», № 12, Алматы, 1989). А. Нысалиннің «Альпі асқан Ақжүніс» («Қазақ әдебиеті», № 47.Алматы, 1987). Ш. Сәтбаеваның «К изучению взаимосвязей литератур» (Изв. АН КазССР. Серия филолог. № 4. 1974). «Сведения о казахском народе в многотомном исследовании французского писателя XVIII века» (Изв.АН КазССР. Серия филолог. №3. 1986). т.т. әдебиеттер байланысынан өзге қазақ халқының алыс-жақын шет елдермен мәдени-рухани, достық қарым- қатынастары, сондай-ақ осы ел жөнінде шетел ғалымдары, жазушылары мен жиыанкездерінің ой-пікір, көзқарастары, т.т. терең танылады. Осы орайда, Р. Бердібаевтың «Кәусар бұлақ» // 1989 //, Ш. Сәтбаеваның «Уақыт шуағы» //2000// т.т. еңбектерде қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары, ұлт руханиятының қайнар көздері, танымал тұлғалардың орын-үлестері кеңінен көрінеді.

Бұдан басқа, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көптомдықтағы

– «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» атты зерттеу мақала // А, 2006. 407-421 беттер //, «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» // жинақ //, «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары» // монография // т.т. еңбектер ұлттық сөз өнерінің өріс-өресін, жазылу мен жариялану, насихатталу мен таралу тарихын да терең таныта түседі.

Қазақстан ақын-жазушыларының өмірі мен қаламгерлік қызметтері хақында және алыс-жақын шет елдеріне аударылуын жүйелі ізге түсіріп, арнайы кітап (жинақ) үлгісінде жарық көруін игілікті іс, маңызды еңбек деп білеміз. Бұл бағыттағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Кітапханасы мен Кітап палатасының «Қазақстан қаламгерлерінің шығармалары әлем халықтары тілдерінде» (1934-1985 жылдары. Алматы, 1989) және «Қазақстан КСРО шетел баспасөзінде» (жыл сайын шығады), «Казхастаника» (1967 жылдан бастап тоқсан сайын жарық көріп келеді) секілді анықтамалық қызмет атқаратын кітаптардың (жинақтардың) берер дерегі де, көмегі де көп.

Тұтастай алғанда, Абай айтқандай: «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» болу борыш болса, Жамбылдан жеткен: «Ел менен ел достасқан, Ғасыры туды адамның» деуінде шындық бар. Тәуелсіздік талаптарын баянды ету жолындағы Қазақ елінің достық пен туысқандық, бауырмалдық бағытындағы жүргізіп отырған саясаты қолдауды да, құрметтеуді де қажетсінеді. Бұған қоса Қазақстан халықтарының ассамблеясы құрылып, жер-жерде ұлттық-мәдени орталықтарының жан-жақты жұмыстар жүргізуі - ел амандығы мен жердің бүтіндігін, халықтар достығын сақтаудан тұған кәделі істердің бірі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдеби байланысты қалай түсінесіңдер?
2. Аударма өнерінің маңызы неде?
3. Алыс-жақын елдер ғалымдарының қазақ халқы, руханияты туралы ой-пікірлерінің мәні қандай?
4. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің шетел тілдеріне аударылуының сыр-сипаттарын қалай бағалайсыңдар?
5. «Қазақ әдебиетінің тарихы» // 10 томдық // атты көптомдықтың қайта жазылуының мәні неде?

Тест тапсырмалары

1. Қазақ әдебиеті тарихының қазіргі кезеңі қалай аталады?

- А) Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті
- Б) Егемен елдің әдебиеті
- В) Қазіргі қазақ әдебиеті
- Г) Ұлттық сөз өнері
- Д) Ояну дәуіріндегі әдебиет

2. Қазіргі қазақ әдебиетінің басты мұраты не?

- А) Ұлт өмірінің рухани шежіресін жасау
- Б) Елге рухани қызмет ету
- В) Әдебиеттің көркемдік дәрежесін арттыру
- Г) Жаңа адам бейнесін сомдау
- Д) Сөз өнері арқылы адам әлемін ашу

3. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінің негізгі ерекшелігі неде?

- А) Азаттық пен теңдікті суреттеу
- Б) Жаңа уақыт өзгерістерін көркемдікпен жеткізу
- В) Еркін елдің ұлы мұраттарын асқақтату
- Г) Өмір шындығын қаз-қалпында көрсету
- Д) Адам бейнесін жан-жақты ашу

4. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мен зерделеу неден көрінеді?

- А) «Мәдени мұра» бағдарламасынан байқалады
- Б) Іргелі ізденіс пен монографиялық еңбектерден көрінеді
- В) Көркем ыәм тарихи туындылардан танылады
- Г) Әдебиет жанрларының дамуынан аңғарылады
- Д) Көпшілік-танымдық еңбектердің мазмұнынан көрініс береді

5. Тәуелсіздік пен руханият сабақтастығының негізгі өзегі неде?

- А) Ұлттық мұраттың басым бағыттарға ие болуы
- Б) Тарих пен танымның үндесуі
- В) Елдік мұрат-мүддені ту ету
- Г) Азаттық пен еркіндіктің көрінуі
- Д) Ізденіс пен көркемдіктің ұштасуы

6. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарына не жатады?

- А) Ұлттық тарихты зерделеу
- Б) Халық әдебиетін жинау
- В) Көркем ыәм ғылыми әдебиеттер шығару

- Г) Мәдени-сәулет ескерткіштерін саралау
- Д) Тарихи-мәдени мұраларды жинап-жариялау

7. «Бабалар сөзі» сериялық еңбегі қанша томға жоспарланған?

- А) 1501 том
- Б) 100 том
- В) 55 том
- Г) 77 том
- Д) 12 том

8. «Мәдени мұра» бағдарламасы қай жылдан бастап жүзеге асты?

- А) 2000 жыл
- Б) 2008 жыл
- В) 1990 жыл
- Г) 2004 жыл
- Д) 2007 жыл

9. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы қанша томды құрайды?

- А) 25 том
- Б) 77 том
- В) 10 том
- Г) 12 том
- Д) 33 том

10. «Әдебиет – кәсіп емес, өнер» деген сөзді кім айтқан?

- А) А. Байтұрсынұлы
- Б) Ж. Аймауытұлы
- В) М. Әуезов
- Г) С. Мұқанов
- Д) Ғ. Мүсірепов

11. «Қазақ әдебиетінің тарихы» қанша том болып жарық көрді?

- А) 50 том
- Б) 55 том
- В) 77 том
- Г) 10 том
- Д) 25 том

12. Аполог қандай туынды?

- А) Зерттеу еңбек
- Б) Библиографиялық көрсеткіш
- В) Қысқа көлемді еңбек
- Г) Астарлы туынды
- Д) Шағын жанр

13. Әдеби байланыс деген не?

- А) Дәстүр жалғастығы
- Б) Көркемдік сабақтастық
- В) Өнер туындысы
- Г) Руханият өрісі
- Д) Шығармашылық өнер

14. «Абай» энциклопедиясы қай жылы жарық көрді?

- А) 2000 жылы
- Б) 2008 жылы
- В) 1999 жылы
- Г) 1990 жылы
- Д) 1995 жылы

15. Поэтика деген не?

- А) Өнер туындысының атауы
- Б) Сөз өнерінің жанры
- В) Көркем туынды табиғаты
- Г) Шешендік өнер
- Д) Өмір шындығының көрінісі

16. Символ сипаты неде?

- А) Көркемдік көкжиегі
- Б) Өмірдегі өмір шындығы
- В) Оқиға желісі мен дамуы
- Г) Табиғат суреттері
- Д) Астарлы баяндалатын көрініс

17. «Әдеби өмір шежіресі» атты кітап қашан жарық көрді?

- А) 2008 жылы
- Б) 2000 жылы
- В) 1999 жылы
- Г) 2005 жылы
- Д) 2007 жылы

18. Экспромттың мағынасы неде?

- А) Көркемдік қайнары
- Б) Шабыт шалқары
- В) Шағын жанр
- Г) Шығарма идеясы
- Д) Стиль сипаты

19. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» қашан басылды?

- А) 1990 жылы
- Б) 2007 жылы

- В) 2005 жылы
- Г) 1993 жылы
- Д) 1990 жылы

20. «Әдебиет танытқыш» қандай еңбек?

- А) Мемуарлық шығарма
- Б) Өнер туындысы
- В) Мәдени мұра
- Г) Теориялық туынды
- Д) Поэтикалық кітап

21. Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің бір тобы қашан ақталды?

- А) 2000 жыл
- Б) 1992 жыл
- В) 1980 жыл
- Г) 1995 жыл
- Д) 1988 жыл

22. «Абайдың жұмбағы» қандай туынды?

- А) Тарихи туынды
- Б) Көркем хикаят
- В) Мемуар
- Г) Зерттеу
- Д) Роман-хамса

23. «Дарабоз» туындысының авторы кім?

- А) Әл-Фараби
- Б) Асан қайғы
- В) Бөлітірік шешен
- Г) М.Мағауин
- Д) Қ.Жұмаділов

24. Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алған Еңбек Ері кім?

- А) С. Қожамқұлов
- Б) Ғ.Мүсірепов
- В) Р. Нұрғазина
- Г) Ш. Мұртаза
- Д) Ә. Тарази

25. «Елтұтқа» қандай еңбек?

- А) Драмалық туынды
- Б) Әдеби мұра
- В) Поэтикалық шығарма

- Г) Зерттеу
- Д) Ұжымдық кітап

26. Ж. Аймауытұлының «Шығармалар» жинағын құрастырған кімдер?

- А) С. Қирабаев, Р. Тұрысбек
- Б) С. Қасқабасов, А.Ісімақова
- В) Қ. Найманбаев, Б.Наурызбаев
- Г) З. Ахметов, М.Базарбаев
- Д) М.Атымов, Қ.Керейкүлов

27. «Абайдың жұмбағы» қанша кітаптан тұрады?

- А) 12 кітап
- Б) 10 кітап
- В) 5 кітап
- Г) 17 кітап
- Д) 3 кітап

28. З. Қабдолдың «Менің Әуезовім» деген еңбегінің жанры қалай аталады?

- А) Роман-хамса
- Б) Роман-диалог
- В) Мемуар
- Г) Поэтикалық трактат
- Д) Роман-эссе

29. «Жазушының ең жақсы шығармасы – жазылмаған, яки жазатын шығармасы» деген сөздің авторы кім?

- А) Әл-Фараби
- Б) Абай
- В) М.Әуезов
- Г) Ә. Нұрпейісов
- Д) З.Қабдолов

30. Академик С. Қирабаевтың көп томдық шығармалар жинағы қай жылы жарық көрді?

- А) 2000 жылы
- Б) 2005 жылы
- В) 1990 жылы
- Г) 1997 жылы
- Д) 2007 жылы

31. «Қазақтың жүз романы» атты оқу құралын құрастырған кім?

- А) З. Ахметов

- Б) М. Базарбаев
- В) Р. Нұрғали
- Г) Ә. Нарымбетов
- Д) С. Дәуітов

32. Ж.Нәжімеденовтің үш томдық шығармалар жинағындағы «Темірқазық» атты алғы сөзді кім жазған?

- А) Д. Әбілев
- Б) М. Әлімбаев
- В) К. Ахметова
- Г) З. Серікқалиев
- Д) С. Жұмабек

33. Отан – жерім, Отан – суым,

Отан – қуат, нәр береді.

Отан – ұран, Отан – туым,

Отанды ер көгереді! – деген өлең жолдарының авторы кім?

- А) К. Әзірбаев
- Б) Х. Ерғалиев
- В) М. Айтхожина
- Г) К. Ахметова
- Д) М. Хақімжанова

34. С. Мәуленовтің «Мезгіл перзенті» деген алғы сөзі қандай ақынның «Таңдамалы» жинағына енген?

- А) Жамбыл
- Б) М. Айтхожина
- В) М. Хақімжанова
- Г) Ж. Нәжімеденов
- Д) Т. Молдағалиев

35. «Әуезовтің феномені – бітімінің бүтіндігі» деген сөзді кім айтқан?

- А) Ш. Айтматов
- Б) Ғ. Мүсрепов
- В) Р. Нұрғали
- Г) З. Ахметов
- Д) З. Қабдолов

36. Ә.Нұршайықовтың таңдамалы шығармаларының он томдығы қандай баспадан жарық көрді?

- А) «Жазушы»
- Б) «Жалын»

- В) «Мектеп»
- Г) «Қазығұрт»
- Д) «Ғылым»

**37. Даңқта дәм бар дейді,
Өзінше әркім гулейді.**

Аз татқандар: бал дейді,

Көп татқандар: у дейді, - деген өлең жолдарының авторы?

- А) М. Әлімбаев
- Б) Қ. Мырзаліев
- В) К. Ахметова
- Г) И. Ғайып
- Д) Ж. Нәжімеденов

**38. Т.Молдағалиевтің үш томдық шығармалар жинағына енген
«Ақындықтың құпия сыры» атты алғы сөзді кім жазған?**

- А) З. Ахметов
- Б) З. Қабдолов
- В) С. Қирабаев
- Г) Ә. Кекілбаев
- Д) М. Жолдасбеков

39. «Мерей» атты ғылыми-биографиялық еңбектің авторы кім?

- А) А. Байтұрсынұлы
- Б) Ж. Аймауытұлы
- В) М. Әуезов
- Г) З. Қабдолов
- Д) Т. Кәкішев

**40. «Абылай ханның қамқа тоны және Байдалы би» атты кітап
қандай баспадан жарық көрді?**

- А) «Арай»
- Б) «Жазушы»
- В) «Күлтегін»
- Г) «Мектеп»
- Д) «Жалын»

41. Қазіргі әдеби үдерістің басты белгілері неден көрінеді?

- А) Ар ісіне адалдықтан
- Б) Жанрға жауапкершіліктен
- В) Әдеби қозғалыстан
- Г) Ізденіс арналарынан
- Д) Сын сипатынан

42. Қазақ фантастикасына қандай белгілер тән?

- А) Ойдан шығару
- Б) Тылсым дүниеге ену
- В) Басқа планетаға саяхат
- Г) Роботтарды арқау ету
- Д) Қиял дүниесі

43. Қазақ сатирасын зерттеп, іргелі еңбектер жазған ұстаз-ғалым кім?

- А) С. Адамбеков
- Б) Т. Амандосов
- В) Т. Қожакеев
- Г) Ү. Уайдин
- Д) К. Әмірбек

44. М. Шаханов поэзиясының ерекшеліктері неде?

- А) Бүгінгі күнді жырлау
- Б) Тарихи тұлғаларды сомдау
- В) Кеше мен бүгінді сабақтастыру
- Г) Замандас бейнесін жасау
- Д) Өнерді әнмен әспеттеу

45. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығы қандай баспадан жарық көрді?

- А) «Елорда»
- Б) «Күлтегін»
- В) «Жазушы»
- Г) «Ғылым»
- Д) «Аруна»

46. Т. Медетбек өлеңдеріндегі басты белгілер қандай?

- А) Тарихилық сипат
- Б) Түркілік сарын
- В) Табиғатпен тілдесу
- Г) Адамды жырлау
- Д) Махабатты қорғау

47. Ұлт ұстазы нәм әдебиеттанудың көшбасшысына айналған танымал тұлға кім?

- А) Абай
- Б) Жамбыл
- В) Ә. Бөкейхан
- Г) А. Байтұрсынұлы
- Д) М. Шоқай

48. Қазақ әдебиеттануы мен сынының көрнекті өкілі кім?

- А) З. Ахметов
- Б) Т. Тебеген
- В) К. Ергөбек
- Г) С. Құлбарак
- Д) Ж. Смағұлов

49. «Бір махаббат баяны» атты хикаят және әңгімелер кітабының авторы кім?

- А) А. Әлім
- Б) Ж. Ерман
- В) К. Ахметова
- Г) Ш. Бейсенова
- Д) А. Жағанова

50. Тәуелсіздік тұсындағы сөз өнерінің белесті кезеңдеріне арналған көптомдық еңбек қалай аталады?

- А) «Қазақ халық әдебиеті»
- Б) «Бабалар сөзі»
- В) «Қазақ әдебиетінің тарихы»
- Г) «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы»
- Д) «Он ғасыр жырлайды»

51. «Қазақстанның мешіттері мен медреселері» атты еңбектің авторы кім?

- А) О. Өмірбек
- Б) Қ. Заңқоев
- В) Ж. Аманов
- Г) Ә. Дербісәлі
- Д) Н. Маханов

52. «Абай» энциклопедиясына «Алғы сөз» жазған кім?

- А) З. Ахметов
- Б) Р. Бердібай
- В) Р. Нұрғалиев
- Г) З. Қабдолов
- Д) М. Базарбаев

53. «Қазақ халқының ұлы ақыны» деген классикалық мақаланы кім жазды?

- А) Ж. Аймауытұлы
- Б) Ә. Бөкейхан
- В) З. Ахметов

- Г) Р. Нұрғали
- Д) М. Әуезов

54. «Шәкәрім» энциклопедиясының Бас редакторы кім?

- А) Ғ. Есім
- Б) С. Қирабаев
- В) М. Мағауин
- Г) Е. Сыдықов
- Д) С. Қасқабасов

55. «Шәкәрім тұлғасы» атты мақаланың авторы кім?

- А) Т. Кәкішұлы
- Б) А. Еспембетов
- В) Т. Шаңбай
- Г) Е. Сыдықов
- Д) Н. Қалиев

56. «Қазақтың күй өнері» атты зерттеу қандай баспадан жарық көрді?

- А) «Жазушы»
- Б) «Жалын»
- В) «Елорда»
- Г) «Күлтегін»
- Д) «Өлке»

57. «Қазақтың ауызша тарихы» атты шежірелік деректер кітабын жазған кім?

- А) Ә. Марғұлан
- Б) М. Әуезов
- В) Абай
- Г) М. Жолдасбеков
- Д) А. Сейдімбек

58. «Қазақстанның мешіттері мен медреселері» атты еңбек қанша бөлімнен тұрады?

- А) 12
- Б) 10
- В) 7
- Г) 15
- Д) 3

59. «Данышпан Шәкәрім» атты еңбекті кім жазды?

- А) А. Еспембетов
- Б) Е. Сыдықов

- В) А. Үсенова
- Г) Ғ. Есім
- Д) М. Мағауин

60. «Қазақтың күй өнері» атты еңбектің авторы кім?

- А) А. Жұбанов
- Б) Л. Хамиди
- В) Н. Тілендиев
- Г) Ә. Кекілбаев
- Д) А. Сейдімбек

61. «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбектің жанры қандай?

- А) хикаят
- Б) роман
- В) зерттеу
- Г) жыр
- Д) естелік

62. «Бітеу жара» кімнің шығармасы?

- А) М. Мағауин
- Б) С. Оспан
- В) Абай
- Г) С. Адай
- Д) Р. Тоқтаров

63. «Жетпіс жетінің жігіттері» атты кітапты кім жазды?

- А) Р. Ниязбек
- Б) К. Жүніс
- В) Қ. Әбіл
- Г) Ү. Уайдин
- Д) М. Қаназов

64. «Бітеу жара» кітабының жанры қандай?

- А) поэзия
- Б) драма
- В) сықақ
- Г) фантастика
- Д) роман

65. «Эпос» сөзі қандай мағына береді?

- А) хикаят
- Б) шежіре
- В) баяндау

- Г) жанр
- Д) фольклор

66. «Қазақтың күй өнері» атты зерттеуі қанша тараудан тұрады?

- А) 55
- Б) 75
- В) 33
- Г) 7
- Д) 12

67. «Шәкәрім» атты еңбектің жанры қандай?

- А) поэзия
- Б) хикаят
- В) сатира
- Г) очерк
- Д) ғұмырнама

68. Д. Досжанның «Абайдың рухы» қандай еңбек?

- А) эпопея
- Б) дастан
- В) ғұмырнама
- Г) роман
- Д) хикаят

69. Аристотельдің басты еңбегі қалай аталады?

- А) «Тарихи поэтика»
- Б) «Сөз өнері»
- В) «Поэзия туралы»
- Г) «Поэтикалық өнер»
- Д) «Поэтика»

70. М. Жолдасбековтың «Күндерімнің куәсі» атты еңбектің жанры қандай?

- А) роман
- Б) хикаят
- В) сатира
- Г) трагедия
- Д) күнделік

71. Қара сөз бен дарынды сөздің айырмашылығын кім көрсетті?

- А) Әл-Фараби
- Б) Асан қайғы

- В) А. Байтұрсынов
- Г) М. Әуезов
- Д) З. Ахметов

72. Қ. Ергөбектің «Отырар кітапханасы» сериясымен жарық көрген кітаптарының ортақ атауы қалай аталады?

- А) «Айқын»
- Б) «Айдын»
- В) «Жан жылуы»
- Г) «Арыстар мен ағыстар»
- Д) «С. Мұқанов»

73. «Поэтикалық өнер» кітабының авторы кім?

- А) Аристотель
- Б) Әл-Фараби
- В) Н. Буало
- Г) Платон
- Д) Р. Нұрғали

74. Ғ. Есімнің «Жар жағасы» атты еңбегіне қандай жанрдағы туындылар енген?

- А) әңгімелер
- Б) очерктер
- В) философиялық новеллалар
- Г) зерттеулер
- Д) естеліктер

75. «Қазақ балалар поэзиясы» атты зерттеуді кім жазды?

- А) Қ. Ергөбек
- Б) Б. Жақып
- В) А. Әлтай
- Г) Ж. Смақов
- Д) Б. Ыбырайым

76. «Мұстафа Шоқай» атты еңбектің авторы кім?

- А) Абай
- Б) Шәкәрім
- В) Ә. Тарази
- Г) Ғ. Есім
- Д) Д. Қыдырәлиев

77. Түркі дүниесіндегі филологиялық еңбектің авторы кім?

- А) Әл-Фараби

- Б) Ахмет Ясауи
- В) Махмұд Қашқари
- Г) Абай
- Д) Ахмет Байтұрсынов

78. «Әдебиет теориясы» атты нұсқалықтың авторы кім?

- А) Аристотель
- Б) Әл-Фараби
- В) З. Ахметов
- Г) З. Қабдолов
- Д) Р. Нұрғали

79. «Махаббат жыршысы» атты эпистолярлық хикаятты кім жазды?

- А) Б. Бұлқышев
- Б) С. Ерубасев
- В) Ә. Сарай
- Г) Қ. Әлім
- Д) Т. Әбдік

80. «Ұлттық әдебиеттану әлемі» қандай еңбек?

- А) аңыз
- Б) әңгіме
- В) хикаят
- Г) драма
- Д) зерттеу

81. Ақын Ғ. Қайырбековтың әдеби портреттерден тұратын кітабы қалай деп аталады?

- А) «Көкжиек»
- Б) «Қара шаңырақ»
- В) «Құлабыз»
- Г) «Алыс та жақын жағалаулар»
- Д) «Қалам мен заман»

82. «Байқоңыр» жинағының авторы кім?

- А) А. Егеубай
- Б) Ұ. Есдәулет
- В) Қ. Баянбай
- Г) Б. Беделханұлы
- Д) Ш. Әбдікәрімов

83. Т. Нұрмағанбетовтың «Айқай» повесінің тақырыбы қандай?

- А) грек-түрік соғысы
- Б) қазақ-жоңғар соғысы
- В) қазақ-орыс қарым-қатынасы
- Г) қазақ-қырғыз байланысы
- Д) қазақ-өзбек достығы

84. М. Қаназдың «Жанқожа» туындысының жанры қандай?

- А) роман
- Б) эпопея
- В) тарихи кинохикаят
- Г) поэма
- Д) эпос

85. З. Серікқалиұлының қазіргі көркемдік ой танымына арналған еңбегі қалай аталады?

- А) «Сын кітабы»
- Б) «Жылдар сазы»
- В) «Жұмбақ жан»
- Г) «Ақ жол»
- Д) «Алтын жамбы»

86. «Тобылғысай» туындысының авторы кім?

- А) Д. Рамазан
- Б) А. Кемелбаева
- В) Ә. Нәбиев
- Г) Р. Тоқтаров
- Д) А. Шаяхмет

87. «Сам жамыраған шақ» атты поэзиялық туындының авторы кім?

- А) А. Әлім
- Б) М. Қайыңбаев
- В) Қ. Бегман
- Г) Ұ. Есдәулет
- Д) Б. Серікбайұлы

88. «Ұраным-Алаш!...» еңбегінің авторы кім?

- А) М. Әуезов
- Б) М. Дулатов
- В) Т. Жұртбай
- Г) М. Тәтімов
- Д) Т. Омарбеков

89. С. Елубайдың «Ақ боз үй» туындысының жанры қандай?

- А) роман
- Б) хикаят
- В) аңыз
- Г) поэзия
- Д) трилогия

90. «Нұрлы таң» атты өлең-дастанының авторы кім?

- А) Абай
- Б) Шәкәрім
- В) Р. Ниязбек
- Г) Н. Оразалин
- Д) О. Асқар

91. Ә. Асқаровтың ел мен жер жайлы толғауы қалай деп аталады?

- А) «Күншуақ»
- Б) «Сағыныш»
- В) «Көкжал»
- Г) «Ұлы көш»
- Д) «Мұнар тауды, мұзарт шыңды аңсаймын»

92. «Дүние - имани құбылыс» атты әдеби сын, эсселер мен сұхбаттардан тұратын туынды авторы кім?

- А) С. Әшімбаев
- Б) Ә. Бөпежанова
- В) Т. Медетбек
- Г) Б. Омарұлы
- Д) Т. Шапай

93. З. Серікқалиұлы «Жыр жаны, сыншы жанары» атты алғы сөзді қандай еңбекке жазды?

- А) «Айқай»
- Б) «Ақ жауын»
- В) «Көзмоншақ»
- Г) «Көкжал»
- Д) «Аспан»

94. Қазақ табиғат лирикасының антологиясы қалай деп аталады?

- А) «Ұлы көш»
- Б) «Сағыныш»
- В) «Аспан»

- Г) «Қолтаңба»
- Д) «Өлең өлкесі»

95. «Жұлдыз» журналы «Әдебиетіміздің жас толқыны» атты топтама туындыларды қай жылы жариялады?

- А) 2000 жыл
- Б) 2005 жыл
- В) 2007 жыл
- Г) 1991 жыл
- Д) 2010 жыл

96. «Ақиқат айнасы» атты мақалалар мен зерттеулер кітабының авторы кім?

- А) Абай
- Б) Әл-Фараби
- В) Р. Тұрысбек
- Г) З. Ахметов
- Д) А. Ісімақова

97. Ел тарихының әйгілі тұлғалары қандай еңбекке арқау болған?

- А) «Толғам»
- Б) «Иірім»
- В) «Арна»
- Г) «Елтұтқа»
- Д) «Елібай»

98. Қазақ әдебиетінің 2700 жылдық антологиясы қай елде жарияланды?

- А) АҚШ
- Б) Қытай
- В) Жапония
- Г) Ташкент
- Д) Түркия

99. «Сұлулық салтанаты» атты сұхбат кім туралы?

- А) Абай
- Б) М. Әуезов
- В) Г. Исмайылова
- Г) А. Әшімов
- Д) М. Жолдасбеков

100. «Алтын тамыр» журналының алғашқы саны қай жылы жарық көрді?

- А) 2000 жыл
- Б) 2010 жыл
- В) 2007 жыл
- Г) 1991 жыл
- Д) 2009 жыл

101.Тарбағатайда, оның Сауан, Қызыл өзен өңірлерінде партизандар жасағын ұйымдастырған, Оспан батырмен пікірлес болған, Шынжандағы ұлт-азаттық күресінің қаһарманы

- А) Қалибек Райымбекұлы
- Ә) Райымжан Мәрсеков
- Б) Зият Шәкәрімұлы
- В) Ыбырайым Жайнақов

102. «Қажығұмар өз шығармасына («Қылмыс») осынша ұзақ уақыт, сан алуан оқиғалар сыйып кетерліктей форма тапқан. Бұл да Батыстың емес, автордың өзі жақсы білетін Шығысының шарапаты. Жол нұсқаған сол баяғы “Мың бір түн”. Ежелгі араб ертегісінде “Ей, ұлы бақытты патшам!” деп басталатын Шаһаризаданың бірінен бірі өткен хикаялары болмаушы ма еді. Мұнда да сол сияқты. Әр тараудың басында автор “Ей, менің тергеушім!” деп қайталап отырады”, - деген пікір айтқан қаламгер

- А) Хасен Оралтай
- Ә) Қабдеш Жұмаділов
- Б) Тұрсын Жұртбай
- В) Жақсылық Сәмитұлы

103. «Қазақ түріктерінің шежіресі», «Естеліктерім», «Ата жұрттан Анадолыға дейін» әдеби-көркем туындылардың авторы

- А) Хасен Оралтай
- Ә) Қабдеш Жұмаділов
- Б) Халифа Алтай
- В) Жақсылық Сәмитұлы

104. «1954 жылдың жазында Түркияға жетіп, жан бағу үшін мүлдем жаңа өмір салтына орай арпалысқан қазақтарды сонда бастап барған Қалибек Хакімнің ұлы ретінде мен талайды көрдім. Көп кеңестер өткіздім. Түркияда басталған өмір арпалыстарымды кейін Германияда жалғастырдым. Бірнеше шет елдерге бардым. Күнделік бағдарламасын ЕЛІМ-АЙЛАП зарлаған сағыныш мұңмен бастайтын “Азаттық” радиосында 28 жыл бойы сөйледім. Солардан есте қалған

жиынтығының үзінділерін ықшамдап кітап етіп жарияладым”, – деген пікірдің авторы

- А) Хасен Оралтай
- Ә) Қабдеш Жұмаділов
- Б) Халифа Алтай
- В) Жақсылық Сәмитұлы

105. “Шетелдегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, журналист, қаламгер Хасен Оралтайдың “Елім-айлап өткен өмір” шығармасын жанр жағынан алғанда, өмірбаяндық роман деуге болады. 1999 жылы Стамбул қаласында жарық көрген сегіз жүз бетке жуық туынды С. Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу”, С. Мұқановтың “Өмір мектебі” романдары сияқты автордың басынан кешкен өмір жолынан мол мағлұматтар береді. Мұндай романдар қазіргі әдебиетімізде де бар”, – деген пікір айтқан ғалым

- А) Рымғали Нұрғали
- Ә) Тұрсын Жұртбай
- Б) Қалижан Уәлихан
- В) Смағұл Елубай

106. “Жаратушы құдірет қандай күшті. Бағана өзін қамаған жыртқыш көкжалдар жетеу еді. Енді мұны құтқарған тағы да жеті қарақшы. Ой, алла, аспанда да әне, жетіқарақшы тұр. Анау бір жарық жұлдызға қара. Оны темір қазық деп атайды. Ал оның қасындағы екеуін ақ сары ат пен көк сары ат дейді. Солардың мына жағындағы шөміш бастысы - жеті қарақшы. Темір қазыққа арқандалған ақ сары ат пен көк сары атты аңдыған жеті қарақшы темір қазыққа енді таяған кезде таң атып кетеді екен. Қалай сонда? Жыртқыштардың бәрі жетіден болғаны ма? Жоқ, аспандағы жұлдыздар жыртқыш емес шығар. Яки мыналар да қарақшы емес болар. Сонда қалай? Қазақ баласы жеті санын ерекше белгі санайды. Көп нәрсені жетімен атайды. Бәлкім, арман, бақыт, несібе қуғанның бәрі жетіден басталды ма екен? Жаратушы алланың құдіреті күшті. Мұны бір құдай өзі білмесе оның сырына күнәлі пендесі қайдан жетсін...” деген үзінді қай романның алынған?

- А) «Елім-айлап өткен өмір»
- Ә) «Сергелдең»
- Б) «Естеліктер»
- В) «Таңғажайып дүние»

107. Аңыз оқиғалары Ш.Мұртазаның романдарында шығарма мазмұнына кіріп, кейіпкердің психологиялық ахуалы мен арман-

мұраттарын танытуда маңызды орын алады. Солардың бірі – «Шолпан кебіс» аңыз. Бұл аңыз қаламгердің қай романына кірген?

- А) «Қара маржан»
- Ә) «Тамұқ»
- Б) «Қызыл Жебе»
- В) «Жұлдыз көпір»
- Г) «Ай мен Айша»

108. Тұрар Рысқұлов тағдырын арқау еткен роман-хамсаның «Тамұқ» деп аталатын бесінші кітабында...

А) Сталиндік жаппай қудалау кезеңі, күллі қазақ зиялыларының басындағы трагедиялық жағдай бейнеленген

Ә) Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасының 1917-1920 жылдарындағы оқиғалар суреттелген

Б) Тұрардың Түркістан Республикасы атқару комитетінің төрағасы болып жүрген шағындағы саяси қақтығыстар баяндалады

В) Тұрардың Коминтерннің Шығыс бөлімі бастығының орынбасары, мемлекеттік жауапты басшылық қызметтерде жүрген кезінде қазақ даласындағы аштық пен апатты болдырмауға көмек көрсетпекке ұмтылған әрекеттері баяндалған

Г) Дауылбай сияқты жергілікті өктем күштердің озбырлығына төзе алмай, Ақсу-Жабағалы жерінен Жетісуға қоныс аударып, Талғар маңына көшіп келген аз үйлі кедей ауыл Сәлік – Шілмембет – Шымырдың, сол ауылдың бас көтерер азаматы Рысқұлдың тағдыры суреттеледі

109. «Ілтифат хат» деп аталатын кіріспесі, «Жұлдыз құрбандық», «Хақиқат мекені» тараулары бар қай роман?

- А) «Абай жолы»
- Ә) «Менің Әуезовім»
- Б) «Абайдың жұмбағы»
- В) «Абайдан соң»
- Г) «Тұйық»

110. Өзінің жалғызілікті тағдырына мойынұсынбай күрескен әйел бейнесін ағарту дәуірінде көтерген ағылшын жазушысының шығармасы?

- А) Д. Дефо «Роксана»
- Ә) Еврипид «Медея»
- Б) Софокл «Антигона»
- В) Гомер «Одиссея»

111. «Дарабоз» роман-дилогиясындағы бас кейіпкер батыр:

- А) Бөгембай
- Ә) Қабанбай
- Б) Баян батыр
- В) Ер Жәнібек

112. Тәуелсіздік кезінде жарық көрген тарихи романдардың басты ерекшелігі:

- А) бұрын белгісіз болған жайттарды суреттеу
- Ә) елдің бүтіндігін көкसेген батыр, билердің, хандардың тағдырын көрсету

Б) халық тарихының көмескі тұстарын айқындап, шындығын ашу, ел, ой-сана тәуелсіздігін көтеру

- В) ел мен жердің өткен тарихын суреттеу

113. «Бесудің хаты» тарихи драмасындағы өлкелік комитетке хат жолдағандар:

- А) Ғатауллин, Қуанышев, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Мүсірепов;
- Ә) Садуақасов, Досмұхамедов, Сейфуллин, Төрекұлов, Мүсірепов;
- Б) Бөкейханов, Байтұрсынов, Төрекұлов, Тынышбаев, Рысқұлов;
- В) Жансүгіров, Жұмабаев, Сейфуллин, Дулатов, Аймауытов;
- Г) Мүсірепов, Майлин, Рысқұлов, Садуақасов, Қарашев.

114. Ақ өлең үлгісінде жазылып, драмалық дастан түрінде танылған драмалық туынды:

- А) М. Байсеркенов «Абылай ханның ақырғы күндері»
- Ә) С. Жүнісов «Абылай хан»
- Б) Ә. Кекілбаев «Абылай хан»
- В) Иран-Ғайып «Қорқыттың көрі»
- Г) Ш. Құсайынов «Томирис»

115. «Омыртқанды опырып, жамбасынды жапырып, шоңқайтқалы кеп тұрмын» деген Шарыш бастаған жоңғар қолы мен Әбімәмбет хан басқарған қазақ сарбаздарының шайқасы сипатталатын пьеса.

- А) М.Байсеркенов «Абылай ханның ақырғы күндері»
- Ә) С.Жүнісов «Абылай хан»
- Б) Ә.Кекілбаев «Абылай хан»
- В) Иран-Ғайып «Қорқыттың көрі»
- Г) Ш.Құсайынов «Томирис»

116. Прологі «Ақтабан шұбырынды» заманы көрінісімен басталатын, бас кейіпкері Абылай хан суреттелетін пьеса кімдікі?

- А) І. Жансүгіров «Исатай-Махамбет»

- Ә) Қ.Бекхожин «Ұлан асу»
- Б) М.Әуезов «Еңлік-Кебек»
- В) М.Жұмабаев «Оқжетпестің қиясында»
- Г) І.Есенберлин «Қаһар»

117. «Абылай хан» драмасын, сазгер Е. Рахмадиевтың “Абылай хан” атты операсының либреттосын жазған қаламгер кім?

- А) М. Байсеркенов
- Ә) С. Жүнісов
- Б) Ә. Кекілбаев
- В) Иран-Ғайып
- Г) Ш. Құсайынов

118. «Ана біткеннің бәрі өз өзегін жарып шыққан перзентіне осыншама пәруана берілсе, Жер беті былғаныштан тазарар еді. Тозақ оты бәсеңсір еді. Ей, күнәһар да бейкүнә ұрпақ! Біз кешкен қасірет теңізін сен кешпе», - дейтін кейіпкер кім, қай драмалық шығармада?

- А) Бопай, «Ант»
- Ә) Абылай, «Ұлан асу»
- Б) Төле би «Дарабоз»
- В) Нұрилә, «Домалақ-Ана»
- Г) Мүнира, «Жалғызүйлік зілзала»

119. Сатиралық жанр түрлері:

- А) пародия, эпиграмма
- Б) ода, новелла
- В) эссе, лирика
- С) арнау, толғау

120. Драматург Қ. Мұқамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті» пьесалары комедияның қай түріне жатады?

- А) сатиралық
- Б) юморлық
- В) аллегориялық
- С) гротескілік

121. Професионалдық театр терминдерінің қайсысы аталған?

- А) эпос
- Б) монокомедия
- В) полилог
- С) эпопея

122. «Ойланыңыз дейді. Шет елге дейді. Шет ел дегені жат ел ғой. Шеттетіп... Қолтығының астынан қуғаны ғой.. Түсінікті... Өзі тұлпар,

төңірегіне өңкей мәстек жинапты. Бойдың қораштығынан келер зиян жоқ шығар, ой қораштығы қоғамды ойсыратып жібермесе...Түсінікті. Жаңа заманның жас мәстектерінің қасында біз жіп есе алмай қаламыз ба деп қорқам... » деп ой арпалысына түсетін кейіпкер қай пьесада?

- А) «Тыныш көшедегі көгілдір үй»
- Б) «Жолы болғыш жігіт»
- В) «Лайнер»
- С) «Індет немесе жаңа адам жасаймыз»

123. Өзінің «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» мақаласында қазақ халық әндері мен оларды орындаушыларды қазақ музыкалық драма театрына шоғырлау мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерген зерттеуші

- А) А. Байтұрсынов
- Б) М. Әуезов
- В) Т. Қожекеев
- С) Р. Нұрғали

124. 1917 жылы Ойқұдықтағы Әйгерімнің үйінде М. Әуезовтің қай пьесасынан билер айтысы көрсетілді?

- А) «Біржан-Сара»
- Б) «Еңлік-Кебек
- В) «Қыз Жібек»
- С) «Айтыс»

125. Кеңестік саясат зобалаңын бейнелеген Е. Раушанов поэмасы:

- А) «Аспанға көшіп кеткен ел»
- Ә) «Ғайша-бибі»
- Б) «Сарыөзен»
- В) «Қызық емес оқиға»

126. Сарын ару, Рәпіл қай туындының кейіпкерлері?

- А) Иран-Ғайып: «Қорқыттың көрі»
- Ә) Н. Айтұлы: «Көк ала үйрек»
- Б) М. Шаханов: «Өркениеттің адасауы»
- В) Қ. Мырза Әлі: «Заман-ай»

127. 1997 жылы «үздік роман» аталған шығарма қандай?

- А) Ш. Мұртаза «Ай мен Айша
- Ә) Т. Әбдік «Парасат майданы»
- Б) Қ. Жұмаділов «Дарабоз»
- В) М. Мағауин «Жармақ»

128. Сөз өнерін алғашқылардың бірі болып текке, жанрға бөліп, талдау жасаған көне дәуір ғұламасы

- А) Буало
- Ә) Демокрит
- Б) Аристотель
- В) Конфуций

129. Көркемдік әдістерді, бағыт-ағымдарды, әдеби мектептерді әдебиеттану ғылымының қай саласы қарастырады?

- А) Әдебиет тарихы
- Ә) Әдебиет теориясы
- Б) Мәтінтану
- В) Әдебиет сыны

130. Ғылыми айналымға «лирикалық кейіпкер» терминін кіргізген ғалым.

- А) Веселовский
- Ә) Хализев
- Б) Бахтин
- В) Тынянов

131. Қазақ әдеби сынының жанрлық ерекшеліктерін зерттеген ғалым.

- А) Б. Кенжебаев
- Ә) Д. Ысқақұлы
- Б) С. Қирабаев
- В) З. Серікқалиев

132. Лирикалық проза үлгілерін «аралас жанрға» жатқызуға болады деген пікірді айтқан ғалым:

- А) З. Қабдолов
- Ә) Т. Кәкішев
- Б) С. Мақпырұлы
- В) С. Қирабаев

133. Қазіргі прозада жан-жануарлар бейнесін нысан етуде кейіпкердің жартылай адам, жартылай хайуан бейнесінде берілуі қандай шығармаларда көрінеді?

- А) А. Алтай «Кентавр», А. Кемелбаева «Қонырқаз»
- Ә) Т. Ахметжан «Сұлу мен суретші», «Айсәуле»
- Б) М. Мағауин «Мен», «Жармақ»
- В) Ш. Мұртаза «Ай мен Айша», Т. Әбдік «Парасат майданы»

134. Жазушының шығармасында суреттеп отырған өмір құбылыстары мен кейіпкерлер тағдыры туралы айтпақ ойы

- А) Шығарманың тақырыбы
- Ә) Шығарманың композициясы
- Б) Шығарманың тілі
- В) Шығарманың идеясы

135. «Полилог» дегеніміз не?

- А) Табиғат көрінісін суреттеу
- Ә) Көріністе көптеген кейіпкерлердің сөйлесуі
- Б) үнсіздік сценасы
- В) екі кейіпкердің әңгімелесуі

136. Ішкі монолог суреттеу тәсілі туралы зерттеу еңбек жазған әдебиетші ғалым:

- А) З. Қабдолов
- Ә) Г. Пірәлиева
- Б) С. Мақпырұлы
- В) С. Қирабаев

137. Белгілі бір әлеуметтік топтың көзқарасын, мінезін танытатын бейне.

- А) типтік бейне
- Ә) қосалқы кейіпкерлер
- Б) эпизодтық кейіпкер
- В) автор идеясына қатыссыз кейіпкер

138. Көркем шығармада автордың өмірбаяндық жайларының алынатын орны:

- А) тек мемуарлық туындыларда
- Ә) жекелеген кейіпкерлердің кей іс-әрекеттерінде
- Б) автордың қалауынша, бірақ белгілі бір дәрежеде қолданылуы мүмкін
- В) оқиға орнын суреттеуде

139. Психологиялық талдау тәсілдердің бірі:

- А) табиғат көріністерін суреттеу
- Ә) ішкі монолог
- Б) мінездеу
- В) кейіпкерлер диалогы

140. Көркем шығармада баяндалған оқиғалар мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың, тартыстың аяқталуы.

- А) шешімі

- Ә) шарықтау шегі
- Б) эпилог
- В) шиеленісу

141. Оқиғалардың суреттеліп, баяндалуы уақыт жағынан жалғасып, бірізділік танытатын сюжет түрі.

- А) хроникалды сюжет
- Ә) мифтік сюжет
- Б) эпикалық сюжет
- В) ертегілік сюжет

142. Әдебиетті эпикалық, лирикалық, драмалық деп үш текке жіктеу себебі неге байланысты?

- А) тақырыпқа
- Ә) идеяға
- Б) шындықтың бейнелену тәсілінің ерекшелігіне
- В) автордың көзқарасына

143. Қазақ әдебиетіндегі мысал жанрының көрнекті өкілі:

- А) М. Дулатов
- Ә) М. Әлімбаев
- Б) А. Тоқмағамбетов
- В) Ж. Әбдіраш

144. А. Байтұрсынұлы романды қалай атады?

- А) хикаят
- Ә) әуез
- Б) ұзақ әңгіме
- В) ұлы әңгіме

145. Аралас жанр үлгісінде жазылған шығарма.

- А) хикаят
- Ә) новелла
- Б) баллада
- В) поэма

146. Эпикалық бейнелеу – суреттеу тәсілімен жазылған шығарма:

- А) хикаят
- Ә) комедия
- Б) толғау
- В) элегия

147. Өлеңмен жазылған романды атаңыз.

- А) «Кездеспей кеткен бір бейне»

- Ә) «Кім жазықты?»
- Б) «Қамар сұлу
- В) «Ақбілек»

148. Төл әдебиетіміздегі алғашқы психологиялық романды атаңыз

- А) «Ақбілек»
- Ә) «Бақытсыз Жамал»
- Б) «Абай жолы»
- В) «Қартқожа»

149. Ш. Мұрзаның «Ай мен Айша» романындағы бас кейіпкер кім?

- А) Барсхан
- Ә) Шерхан
- Б) Мұртаза
- В) Сүлеймен

150. Үзінді қай шығармадан алынған: «Батыстан Жабағылы тұсында қан қызыл Күн ұясына батып бара жатқанда Шығыстан құп-қу болып, өңі қашып тұрған Ай көрінді».

- А) «Сұлу мен суретші»
- Ә) «Ай мен Айша»
- Б) «Сүзгенің соңғы күндері»
- В) «Парасат майданы»

КІРІСПЕ	3
<i>I т а р а у.</i>	
Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи романдар.....	14
Тарихи роман. Тақырыптық-идеялық, стильдік-құрылымдық ерекшеліктері. Тарихи шығармадағы кейіпкерлер жүйесі. Тарихи шындық пен көркемдік шешім. Тарихи романдардағы ұлттық мұрат	
<i>II т а р а у.</i>	
Қазіргі прозаның даму арналары	31
Проза жанрының жаңа бағыттары және көркемдік ізденістер. Прозаның ішкі жанрларының дамуы. Мемуарлық шығармалар. Лирикалық проза. Сипаты, зерттелуі, жанрлық ерекшеліктері. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның даму ерекшеліктері. Сюжет пен композиция. Лирикалық прозадағы психологизм	
<i>III т а р а у.</i>	
Қазіргі қазақ поэмалары	68
Қазіргі қазақ поэмаларының тақырыптық сипаты және көркемдік-философиялық мәні. Қазіргі поэмалардағы өткен мен бүгіннің байланысы. Поэтикалық бейнелеулердің жаңғыруы	
<i>IV т а р а у.</i>	
Қазіргі қазақ драматургиясы	118
Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ драмасының дамуы. Тақырыптар жүйесі, тартыс табиғаты. Драмалық шығармалардағы тарихи тақырыптардың жаңғыра көтерілуі. Драмадағы тарихи тұлғалар бейнесі	
<i>V т а р а у.</i>	
Қазақ сатирасы	131
Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ сатирасының дамуы, тақырыптық жүйесі, жаңашылдығы. Комедиядағы кейіпкерлер сипаты мен тартыс жүйесі	
<i>VI т а р а у</i>	
Шетелдегі қазақ әдебиеті	136
Шетелдегі қазақ әдебиеті. Тарихи тақырыптағы романдардың өрістеуі. Х.Оралтай, Қ.Шабданұлы шығармашылығы. Роман жанрының құрылымдық-стильдік ерекшелігі. Тарихи тұлға мен кейіпкер мәселесі	
<i>VII т а р а у</i>	
Әдеби байланыстың дамуы	164
Қазақ әдеби-мәдени байланыстардың халықаралық деңгейде дамуы. Қазақ әдеби туындыларының аударылуы. Көркем аударма	
Тест тапсырмалары.....	188

**Б. Ердeмбеков, Ж. Аймұхамбет, Р. Тұрысбек,
Қ. Байтанасова, С. Айтуғанова.**

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқулық

Басуға 28.09.2012 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times».
Пішіні 60х90/13. Офсеттік басылым. Баспа табағы 13,5.
Таралымы 1200 дана. Тапсырыс № 1036.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-daur81@mail.ru